# №29

08.2024

# ЖАРҚЫН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ - ТӘРБИЕЛІК ЖУРНАЛЫ



# ЖАРҚЫН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-ТӘРБИЕЛІК ЖУРНАЛЫ

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, Ақпарат комитеті, Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17200-Ж куәлігі берілген.

№29 (08), 2024

“31 Салтанат” бөбекжай- бақшасы
Тәрбиешісі

**АБДИКАДИРОВА МАРЖАН СЫДЫҚҚЫЗЫ**

## «Ойын ойға жетелейді»

Осы арада ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсыновтың «Бала тәрбиесінде қолданылатын әдістердің жаңасы не ескісі, жақсы не жаманы болмайды, тек тиімдісі немесе тиімсізі болады» деген сөзі еріксіз ойға оралады.Оқу іс-әрекетін түрлендіріп, тиімді тәсілдерді қолдануға өте мұқият болуымыз қажет.Әсіресе ойын түрлерін қолдануда, балаға ой салатындай, бағыт-бағдар ұсынатындай болғаны абзал.Кішкентай балалар тез еліктегіш жан -жағына алданғыш келеді.Сөзді мәнерлеп айтуда болсын, балалар тәрбиешіге, үлкендерге еліктейді.Тіл дамыту, көркем әдебиет оқу-іс әрекеттерін ойын арқылы өткізу адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етеді.Мәселен, қарапайым сәлемдесуге баулу, достыққа, ұйымшылдыққа шақырудың өзі бүлдіршінді үлкен жауапкершілікке, мәдениетке бейімдейді.Балалардың ақыл-ой тәрбиесінің маңызды құралы қоршаған ортадан басталады.Олар адамдармен қарым-қатынас, заттар, табиғат, қоғамдық құбылыс болып табылады.Айналадағы дүниемен араласу арқылы баланың көз қарасы кеңейеді, оның танымдық процестері дамиды.Сондықтан да ойын ақыл-ой тәрбиесінің басты құралы болып есептеледі.Ойын балаларға тән іс-әрекет, ойын үстінде бала қоршаған болмысты бейнелеп, өз білімін анықтайды, оны жолдастарымен бөліседі.

Ойынның жекелеген түрлері балалар санасының жетілуіне әртүрлі әсер етеді. Мәселен, сюжетті-рөльді ойындар айналасындағылар жөніндегі түсініктерді кеңейтеді және тілдік қарым-қатынасты дамытуға көмектеседі:драмалау ойындары көркем әдебиет шығармаларын тереңірек түсінуге жағдай жасайды және тіл белсенділігін арттырады:құрылыс-құрастыру ойындары құрастыру қабілеттерін арттырады және геометриялық фигуралармен кеңістік қарым-қатынастары туралы білімін кеңейтеді.Тәрбиеші ойынның мазмұнын байытып, жаңартып ұйымдастырып отыруы біріншіден, баланың ақыл-ойын дамытуға зор әсерін тигізсе, екіншіден тәрбиеленушіні жалықтырмайды.Қайта жаңаға жанықұмар балада «білсем», «үйренсем», «тағы не болар екен?» деген ұмтылыс қызығушылық туындары сөзсіз.Сондай ақ, ойын үстінде балалар білім алмасып, ойынның әртүрлі жағдайдағы нұсқаларын ойлап табады.Ойынды бақылай отырып, тәрбиеші оның кейбір ұғымдарын нақтылап, жаңа рөльдерді ойын әрекеттерін, жағдайларын ұсынады, сөйтіп балалардың ой-өрісін кеңейтеді.Балалық бал дәурен шақты ойынсыз елестету мүмкін емес. Ал оны тәрбиелену ортасында жас ерекшелігіне қарай тиімді пайдаланып, тәрбие құралы ретінде қолдану үлкен шеберлікті әрі тәжірибені талап етеді.Ойын астарында үлкен ой жатқандығын да ұмытпайық.

**Шайқорық ауылы «Ақбота» бөбекжай-бақшасы**

**АБИЛОВА ГУЛЬНАРА ЕРИКОВНА**

**«Арайлы алтын күз»**

**Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы, білімдерін бекіту.Табиғат әсемділігін эстетикалық түрде сезіну.

Күз көрінісін ән, би, ойын арқылы сипаттау.Жұмбақ, өлең арқылы байланыстыра сөйлеу дағдыларын дамыту.

Табиғатқа сүйіспеншілігін тәрбиелеу, қорғау, аялау сезімдерін қалыптастыру.

**Залды безендіру:**Сахнаның ортасында жапырақтар тігілген түрлі түсті маталар, шарлар, залға ілінген күзгі жапырақтар.

**Көрнекіліктер:**Жемістер,көкөністер муляжы

**Кейіпкерлер:**Мики

**Жүргізуші:**Сары жібек көйлегін желбіретіп,

жапырағын ағаштың селдіретіп

Тойға бөлеп елімді күзім келді.

Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп.

Армысыздар құрметті әріптестер,балалар, асыға күткен күз мерекесі де келіп жетті, баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймыз! Құттықтай отырып бүгінгі біздің «Гүлдер» тобының «Арайлы алтын күз»атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Төңірек толы сары алтын

Күз келді туған жеріме

Шуағы нұрлы жайнаған

Алтын күз келді еліме

Мерекесі халықтың

Алтын күзді бастайық,

Алтын күзге арналған

Ертеңгілігімізді бастайық!

Әсем әуен сүйемелдеуімен балалар залға кіреді.

**Жүргізуші:** «Арайлы алтын күз» атты мерекемізді бастаймыз.

**(Әуен жүріп тұрады.)**

**Мики:**Сәлеметсіздер ме балалар!

Сәлеметсіздер ме қонақтар сіздерді көргеніме қуаныштымын.

Сіздердің бала бақшаларыңызға да күз келіпті.

Біз сіздерге сонау алыстан арнайы келдік,сіздермен бірге күз мерекесін

қарсы алып сендердің өнерлеріңді көргіміз келеді.

Маған өнерлеріңді көрсетесіңдер ма?

**Жүргізуші:**Сәлеметсің бе? Иә,Мики сен біздің «Арайлы алтын күз»

мерекемізге қош келдің! Төрлет.Біздің балалар әнде,тақпақта ,биде билей

алады.Біздің балалардың барлығы ақылды,өнерлі.

**Жүргізуші:**Ондай болса балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, ал Мики-

сен біздің балалармен бірге жұмбақтын шешуін бірге табуға

көмектес.

**Мики:**Жарайды,балалар қане жұмбақтын шешуін бірге шешуге

дайынбыз ба?

**Балалар:**Ия

**Жұмбақтар.**
1)Піспегенде сырты қара,өзі қатты.
Ал піскенде ерекше дәмі тәтті.**(картоп)**
2)Аспай піскен,қайнамай түскен.**(жеміс)**
3)Жерге қазық қақтым,басына айдар тақтым.**(сәбіз)**
4)Жеп көріп ем өзін мен,жас шығарды көзімнен.**(жуа)**
**Жүргізуші:**Дұрыс таптыңдар, жарайсыңдар балалар.

**Жүргізуші:**Мики сенің құрметіңе балаларымыздың басқа да өнерлері бар.

Ал,балалар өнерімізді көрсетіп, мерекені тойлайық.

**Жүргізуші:**Әсем әнсіз той бола ма?

Ән арнайық күзге жаңа!

Ендігі кезекті әсем әнге берейік: **«Алтын күз»** әні, «Гүлдер» тобының ерке қызы Шахназды қабыл алыңыздар.

**(«Алтын күз» әні орындалады)**

**Жүргізуші:**Мики саған біздің балалардың өнері ұнадыма?

**Мики:**Ия ұнады балалардың бәрі шетінен өнерлі екен.

Жарайсыңдар балалар, әндерің қандай тамаша,тағы да қандай өнерлерің бар?

**Жүргізуші:**Біздің балаларымыздың күз мезгілі жайында жаттаған тақпақтарын айтып береді.Қошеметпен қарсы алайық.

**Балалар тақпақтары:**

**Тамирис:**

Келді міне күз

Айнала сары түс

Керемет,тамаша,

Қандай әсем күз.

**Інкәр:**

Жапырақ ұшты,

Суықта та түсті,

Сонда да бізге,

Қызық көп күзде.

**Мики:**Рахмет,балалар,сендер күз туралы өте көп тақпақ біледі екенсіңдер,Алтын Күзіміз риза болып қалтын болды.

**Жүргізуші:**Ән салыңдар күліңдер

Жайнап гүлдей жүріңдер

Күздің тойын тойлайық

Би билейік,ойнайық.

**Жүргізуші:**Қане,балалар,осындай молшылық күз айында бір ойын ойнап жіберейік.

**Мики:**Балалар ойын ойнағыларың келе ме?

**Балалар:**Арине ойнағымыз келеді

**Жүргізуші:**Ойынның аты **«Сиқырлы орамал»** ойыны

Балалар көңілді музыкамен залда жүреді музыка біткенде, отырып қолдарымен көздерін жұмады.Мики бір баланы орамалмен жабады.

**(Ойын ойналады)**

**Мики:**Бір,екі,үш!

Орамалды көтереміз.

Кім бар астында көреміз

Көзіңді  аш,атыңды айт,кім орамалдың астында қалды?

Ойын үш рет ойнатылады,соңғы ретте Мики орамалмен алма толған себетті жабады.

**Жүргізуші:**Барльқ бала осында! Орамалдың астында кім қалды?

**Мики:**Орамалды  көтереміз, астында не бар көреміз! Бұл не,балалар?

Кәне, бәріміз бірге  айтайық.

**Балалар:**Алма жемісі

**Мики:**Дұрыс айтасыңдар балалар,

**Мики:**Өте көңілді ойын ойнадық,шапшан екендерінді көрсетіндер! сендермен тағы бір ойын ойнағым  келіп тұр.

**Жүргізуші:**Мики сендер тағы ойын ойнағыларын келсе онда біз ортаға «Бауырсақ» тобының кішкентай бүлдіршіндерін шақырып ойының тамашалап бірге ойнайық.

**(Ойын ойналады)**

**Мики:**Жарайсыңдар, балалар! Сендер өздерін кішкентай болсаңдарда шапшаң екенсіңдер.

**Жүргізуш:**Балалар сендер жақсы ойнадыңдар,енді орнымызға отырып биді тамашалаймыз. Біздің «Бауырсақ» тобының кішкентай бүлдіршіндерінің  билерін тамашалайық.

**Би: «Жаңбыр»**

**Мики:**Жарайсыңдар балалар,ойндыда биді де жақсы ойнайды екенсіңдер.

**Жүргізуш:**Мики  біздің балалардың өнерлері көп,қазір «Гүлдер»  тобының балалары би билеп береді.

**Би: «Осень пришла»**

**Жүргізуш:**Берекелі,мерекелі күздің сыйы әрбір отбасының  ақ дастарханынан арылмасын.Уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көптен көп рахмет!

**Мики:**Балалар,Балалар, бәрің өнерлі екенсіңдер. Өнерлеріңді тамашалап, тәнті болдым. Еліміздің елеулі, халқымыздың қалаулы азаматтары болыңдар. Арнайы сендерге әкелген мына күзгі жемістерден ауыз тиіңдер.

**Жүргізуші:**Күздің кереметі,байлығы өте көп. Күзде біздің дастарханымыз дәнді дақылдаға, көкеністерге, жеміс-жидектерге толы болады,бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету керек. Міне балалар осымен «Арайлы алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз мерекесімен құттықтаймын, әр отбасыға бақыт-береке тілеймін.

**Атырау облысы Мақат ауданындағы “Болашақ” бөбекжай балабақшасы**

**АЙНОВА КАМШАТ АМАНТАЙҚЫЗЫ**

## Ұлттық тәрбие – ұлағат көзі

**Баланың ерте жасында дамуы өте маңызды болып табылады, ол кезеңде баланың ақыл-ойы, ойлау, сөйлеу, қозғалу процестері құрылады және белсенді дамиды. Сондықтан, бұл кезеңдер баланың дамуына маңызды. Осы ретте, мектепалды ұйымдарының, бөбекжай-бақшалардың баланың дамып-жетілуінде маңызды рөл атқарады.**

Әрбір педагогтың алдына қойған мақсаты бүлдіршін бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерді оқу-тәрбие үрдісінде жан-жақты қалыптастыру арқылы болашақта ел тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелеу. Әр тәрбиеші ұлттық тәуелсіздікті нығайтуда, салауатты қоғам құруда, бірлік пен татулықты арттыруда жас ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріп, ұлттық құндылықты оқыту үрдісінде пайдалануы тиіс. Саналы, білімді, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрді құрметтейтін ұрпақ тәрбиесіне руханиятымызды, дәстүрімізді, мәдениетімізді, тілімізді, өнерімізді пайдалана отырып ұлттық тәрбие мен білім беруге аса мән беруіміз қажет. Өсіп келе жатқан бүлдіршіндерімізге тәлім-тәрбие, білім беруді жетілдірудің бағыттары осы педагогика ғылымында ұлттық құндылықты қалыптастыру болып табылады. Өркениетке қадам басқан еркін елдің өренін тәрбиелеу мына біздердің үлесімізге тиіп отыр.

Бала – біздің болашағымыз. Өсіп келе жатқан балаларға ұлттық тәлім-тәрбие беру үшін ең алдымен тілді меңгеру керек. Өзінің ана тілі жоқ халық ұлт болып қалыптаса алмайды. Біздің қазақ халқы рухани зор байлықтың мұрагері. Халқымыздың мәдени мұрасын таныту арқылы әлемдік мәдениетке жетеміз. Ұлт болашағы мен ұлт өкілінің тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты. XXI ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Бұл енжарлықты көтермейтін уақыт. Аманатқа қиянат жасамау халқымыздың ізгі ұлылық дәстүрі. Ата-бабамыздан сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы, ұлттық рух, намыс, тілі мен мәдениетін жас ұрпақ бойына сіңіру баршамыздың парызымыз. Баланың нағыз толыққанды тұлғаға айналуы үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

Ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде мектепке дейінгі мекемеде атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни, тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің бөбекжай-бақшада ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Бөбекжай-бақшаға ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет.

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: АДАЛ ҰРПАҚ, САПАЛЫ БІЛІМ, ТАБЫСТЫ ҰЛТ» тамыз конференциясы аясында келер ұрпақ тәрбиесіне ата-анамен қоса, педагогтардың,тәрбиешілердің еңбегі орасан зор екенін айқындап көрсеткендей. Қазақ

халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогикада жатыр. Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогика. Олар – ұят болады, обал болады, жаман болады. Ұят болադысы – кемел иманын, обал боладысы – мейірімін, жаман боладысы – ізгілікке бастар жол екенін сөзсіз түйсінесің, әрі сүйсінесің. Тәрбиенің тал бесігі – балабақша табалдырығынан бастау алып, ізгілік пен парасаттылыққа жол көрсетер іргелі орынның бала тәрбиесінде маңызды рөл атқаратынын есімізден шығармағанымыз абзал. Тағылымды тәрбиенің тәлімін бала бойына қалыптастыратын ұлтжандылық пен адамгершілік жүрегіне ұялататын тәрбие ошағының қазіргі таңда бәсекеге қабілетті жас ұрпақ тәрбиелеуде өзіндік орны мен үлесі зор.

«Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек», - дейді. Осы бір ұлағатты ой астарында отбасында - ата-анасынаң мектепке дейінгі ұйымда – тәрбиешіден талап етілетін тағылым жүгі жатыр. Жер бетінде мекен еткен адамзаттың бір бұтағы — бір халықтың қандай да дара қасиетке ие болып, қандай бет-бейнесімен көрінуі — сол халықтың мектебінің бет-бейнесіне, өзіндік ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Әрине, отбасында бала ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленіп келіп, ол тәрбие бөбекжай-бақшада жалғасын тауып жатса, бала өте құнарлы этномәдени білім мен тағылым алары анық. Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешінің, ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты, өйткені, бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы – отбасында, екіншіден, бөбекжай-бақшада болғандықтан, ата-ана мен бөбекжай-бақша болып бірігіп жұмыс атқару – бізге артылар басты міндет.

Қорыта келгенде, кез келген елдің бірлігі мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды сақтағанда ғана мқты болмақ. Сондықтан баланың бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сынды қасиеттерді сіңіріп, туымызды жықпай, ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын патриотты тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады. Жалпы бөбекжай-бақша тәрбиешілерінің педагогикалық күш-жігері Отанды, халқымызды, туған-туысты құрметтейтін шығармашыл және талантты ұрпақ тәрбиелеуге бағыталуы тиіс. Алдымызда осы құндылықты бойына сіңірген, Отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аябайтын, білімді иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармауымыз керек.

**Байзақ ауданы Сеңкібай ауылы Еңбек орта мектебі**

**АКИЛБЕКОВА РАУАН ТУРЫСБЕКОВНА**

# ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Жас ұрпақты әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Мұғалімнің бағыттауымен бала білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірде, кез келген уақытта өз іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білуі шарт.

Осыған орай информатиканы оқытудың негізгі мақсаты - әрбір оқушыға информатика ғылымы негіздерінің алғашқы фундаментальды білімін беру, оқушыларға осы білімді мектепте оқытылатын басқа ғылымдарының негіздерін түпкілікті және сапалы түрде меңгеруге қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Жаңаша білім беру мазмұнына көшу жағдайында оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану, жаңа технологияны қолдану, педагогикалық қарым-қатынас стильдерін қамтиды.

**Белсенді оқу** - шынайы өмірден алынған және ойдан шығарылған жағдайларды қолдана отырып оқушыларды ойланып, күрделі мәселелерді шешуге жетелейді. Білім беру бағдарламасының барлық салаларын барлық сатыларда белсенді оқу тәсілдерімен толықтырып, кеңейтуге болады. Белсенді оқу білім, дағды және көзқарас деп аталатын оқудың негізгі үш саласын қамтып, оқудың бұл таксономиясын «оқу үдерісінің мақсаты» деп санауға болады. Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Информатика сабағында топтық және жұптық жұмыстар, рөлдік ойындар қолданылады. Қызметтің мұндай түрлері оқушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын қолдануды талап етеді, басқаларды оқыту нәтижелері бойынша таныстырылымдарды, болашақта өз дағдыларын жақсарту мақсатында басқа нәтижелерді бақылауды және талдауды қажет етеді.

**Белсенді оқудағы мұғалімнің ролі - о**қушылардың жетістікке жету шамасына қарай оған енді мұндай аса қамқорлықпен қолдау көрсету қажет болмайды, олар енді өздігінен жұмыс істей алады. Осындай оқыту әдісін әрі қарай дамыту үшін мұғалімдер бастапқыда оқушыға жақсы қолдау көрсетіп, кейін оны біртіндеп азайтып отыруы керек. Мұғалім оқушылардың ойлау үдерісін ынталандыратын тапсырмалар мен сұрақтарды қолдана отырып, информатика пәнінде қарым-қатынас жасау үдерісіне тартуы қажет. Мұғалімнің сұрақтары алшақтатушы, жақындатушы, көрсетуші, референттік, болжаушы, тұжырымдамалық және әдістемелік сұрақтардың үйлесімінен тұрады. Осындай сұрақтарды тиімді қоюдың нәтижесінде оқушылар өздерінің және өзгенің ойын түсіне алатын, сонымен қатар дәл осы сәтте олардың не істей алатындықтарын білетін болады және тағы да қандай жетілдірулер қажеттігін байқай алатын ұжымдық талқылау да қолданылады. Белсенді оқыту оқушының оқу сауаттылығына қатысты ойлары мен дағдыларын дамытуды қолдайды. Мысалы: **Жұппен ойлаңыз**. Жұппен ойлау тапсырмасын орындау барысында олардың тақырып туралы ойлауға, ойларын жазуға және әріптестерімен талқылауға мүмкіндіктері пайда болады, қорытындысында олар талқылауға дайын болады. Мұғалім оқушылардың пікірлерінің дәлдігі мен орындылығына да назар аударуы тиіс, сонымен бірге оқушыларға өз ойларын еркін білдіру мүмкіндігін де беруі тиіс, ал берілген тапсырма бойынша ескертпелер жасауда мұғалімнің әрекеті айқын болмаса да жылдам әрі шапшаңдыққа қол жеткізуге бағытталған болуы тиіс.

Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын арқылы баланы ойлата білу. Информатика сабағында мынадай белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландырады. **Ойлан, жұптас, бөліс** – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3 – 4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады. **Кластерлер (жүзімнің шоқтары деген мағынада).** Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді. **Алдын – ала берілген атаулар** – мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4атау), оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша, жазбаша орындалуы ықтимал. Содан кейін мұғалімнің бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады. **«Джигсо»** әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын  дамытуды қамтамасыз ететіндігі.

Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөледі (әдетте, төрт адамнан). Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі.

Құрылған әр топқа дәстүрлі тапсырма беріледі. Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдің тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді. Сабақты бекітуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдістер: **Ыстық орындық** - Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады.

**Оңай және қиын сұрақтар кестесі.** Бұл кестені оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Кестенің сол жағына олар түсініктері боцынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Мысалы, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар сауалдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

**ББҮ кестесі** (Білемін /білгім келеді/ үйрендім) – сабақтың басынан аяғына дейін қолданылады, өйткені стратегия сабақтың барлық сатысын қамтиды. Сабақтың барысында оқушылар берілген тақырып бойынша не білетіндерін ойланады, содан соң сұрақтар құрастырады және осы сұрақтарға өздері жауап іздейді.

**Венн диаграммасы.** Оқушыларды синтез /анализ/ бағалау жоғары деңгейдегі ойлау қызметіне әкелетін салыстыра білу қабілетін дамытуда қолданылады. Сабақты бекіту үшін бұл стратегия тиімді болып есептелінеді, бірақ қызығушылығын ояту кезеңінде де пайдалануға болады. Бұл стратегияларды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады. Оқыту барысында оқушыларға егжей –тегжейлі мәтінді түсінуге, кейіпкерлердің рөлін сомдауға, дұрыс түсінуге және алған білімдерін тәжірибемен байланыстыра қолдана білуге, пәнаралық байланыстарды іске асырып отыруға мүмкіндік береді.

Сабақтың жаңа тақырыпты түсіну бөлімінде ***«Постерлер»*** әдісін пайдалану тиімді. Бұл тапсырманы оқушыларды топтарға бөлу арқылы орындалады, оқушылар ұжымдаса бірігіп жұмыс жасайды. Берілген жаңа оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді, бірілген ақпараттар бойынша нақтыламарды анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды.
Менің ойымша, оқушылар бүгінгі күні шығармашылық тапсырмаларды орындауды табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет. Метатәжірибе өз кезегінде басқа тәжірибелер қалыптастыратын дәйектерді, әрекеттер мен байланыстарды өзгертеді. Басқаша айтқанда, тәжірибені өзгерту - бұл істеп жатқан ісімізді өзгерту, түсінікті өзгерту - бұл біз қалай ойлайтынымызды өзгерту, жағдайды өзгерту- бір-бірімізге деген қарым-қатынасымызды өзгерту дегенді білдіреді.

XXI ғасыр - білім мен ғылымның, дамыған техниканың дәуірі. Кезінде Абылай ханның өзі: «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмейік», - деп болашақ ұрпақ үшін білім алудың маңызын ескеріп өткен. Шынымен де, қазіргі уақытта дамыған әлем елдері бір-бірімен күш таластырып емес, ғылыми жетістіктерімен бәсекеге түсуде. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің бір сөзінде: «Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек! Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты» - деп, жастарды білім жолына шақырады.

Бүгінгі таңда білім саласы қарқынды түрде дамып келеді. Заманауи технологиялардың дамуына сай мұғалімдер де өз біліктіліктерін арттырып, жаңашылдыққа бейімделуде. Ол үшін бүгінгі күні барлық мүмкіндіктер жасалған. Біздің тарапымыздан тек ізденім мен талап керек. Жалпы сабақ барысын түрлендірудің әдіс-тәсілдері өте көп. Және оларды әр сыныпқа бейімдеп қолдану мұғалім шеберлігіне тәуелді деп білемін.

Әдіс-тәсілдер дегеніміз не? Әдіс-тәсілдер – сабақтың мақсаты мен мазмұнына негізделген, оқушы мен мұғалімнің тақырыпты ашуға барар жолында қолданатын амалдары. Осы амалдар тиімді болса оқушының қызығушылығы арта түседі, ал егер тиімсіз болса құлшынысы жойылады. Бала ынтасын асыру үшін мен өз сабақтарымда қолданып жүрген тиімді тәсілдерім мен олардың жүзеге асырылу туралы айтып кеткім келеді.

Өз сабақтарыма жаңа әдіс-тәсілдерді түрлендіре отырып енгізудегі мақсатым:
· оқыту сапасын жоғарлатуға үлсімді қосу;
· оқушылардың білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру;
· балаларды жұпта да, топта да жұмыс жасауға бейімдей білу;
· информатика сабақтарында балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойын элементтерін жиі қолдану;
· балалардың қызығушылығын арттыру үшін сабақта қолданатын амалдарын түрлендіріп отыру;

Ендеше сабақтарда жиі қолданылатын әдіс-тәсілдер мен жаңа платформаларға жеке-жеке тоқталып өтейін.

Информатика сабақтарында «Парадокс» әдісі (мұғалім оқыған мәтіннен балалар қатені тауып, дұрыстайды: принтер – енгізу құрылғысы, модем – шығару құрылғысы), «Өрбіту» әдісі (сөздерді сиппаттау арқылы ой өрбіту: Enter, Shift, Tab, Ait батырмаларын айтқанда пернетақта екенін табу керек), «Суретке қарап детальдарды жазу» (баланың зейінін шоғырландырып,байқағыштыққа

баулиды,есте сақтау қабілетін анықтауға көмектеседі), «Жасап көрсет және әңгімеле» әдісі (пракиикалық жұмыс) «QUIZ LET» - әдісі.

Бұл әдісті жүргізудің 8 тәсілі бар:
1. Үлестірме
2. Оқылым.
3. Мәтіндік жазылым
4. Тыңдалым
5. Тест тапсырмалары
6. Сәйкестендіру
7. Кім жылдам?
8. Топтық

«QUIZIZZ» - әдісі. Бұл әдісті жүргізудің 3 тәсілі бар:

Тест тапсырмалары, Топтық жұмыс, Суреттерге қарап атауын белгілеусынды танымдық зияткерлік ойындарды өткізу арқылы оқушыларды информатика пәні бойынша алған білімдерін сынап қана қоймай, олардың пәнге деген сүйіспеншілігін, оны әрі қарай терең зерделеуге деген ынтасын арттыруға болады. Ал қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география және басқа да пәндермен сабақтастыра отыра кіріктірілген сабақтарды өткізу арқылы мұғалім оқушылардың ізденімпаздық әрекетін арттырады әрі өзінің кәсіби-шеберлігін шыңдайды.

Техниканың дамуы ілгері басқан бұл заманда оқушылардың өздері күнделікті өмірде смартфон, теледидар, планшет, ғаламторға қосылған компьютер сынды көптеген заманауи «гаджеттерді» емін-еркін пайдаланып үйренген. Сол себепті мұғалімдерге оқу үдерісі кезінде балаларға жай ғана ауызша түсіндіру, оқулықтағы ережелер мен жаттығуларды орындау, тақтада жұмыс жасату сияқты бұрынғыдай дәстүрлі жолдармен олардың назарын шоғырландырып оқыту қиынға соқты. Міне, осы кезде ақпараттық-коммуникативті технологиялар (АКТ) педагогтар үшін үлкен қолғабыс болады.

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиалық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген. Сол себепті білім беру саласында қызмет ететін барлық оқытушылар бүгінгі таңда АКТ технологиясына бет бұрып, оны оқу үдерісінде белсене пайдалану үстінде.

Сондай-ақ түрлі тақырыптарға пікірталас өткізу, дөңгелек үстел, «квест» сабағы, саяхат не ойын сабақтары кезінде оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым сынды төрт маңызды әрекетін белсендендіріп, тақырып бойынша тиісті арнаға «бұруға» болады. Мен әрдайым шығармашылық ізденісте боламын, отандық цифрлық онлайн-дамуүстінде. Мен шағын ұжымдар немесе тіпті жеке берілген адамдар жасаған жобаларға үлкен құрметпен қараймын. Әсіресе, бұл біздің мұғалімдерімізге пайдалы білім беру жобасы болса. Ал енді нағыз шебер ұстаз жан-жақты шет елдік цифрлық платформаларды да зерттеп, балаға жағымды, сабақ өтуде қызықты құралдарды пайдаланады.

Соның бірі Ресейлік Learnis білім беру платформасын ұсынғым келеді. Learnis білім беру платформасы, ең алдымен, көп функциялы болуымен ерекше. Оның көмегімен сіз жасай аласыз
§ білім беру квесттері
§ дидактикалық ойындар (ӨЗ ОЙЫНЫ)
§ терминологиялық сөздіктер (флэш-карталар)
§ интерактивті бейне.

Learnis-ті жасаушы - Екатеринбург мұғалімі Новиков Максим Юрьевич

Learnis.ru қызметі «бөлмеден шығу» жанрының квесттерін құруға мүмкіндік береді. Мұндай квесттерде ойыншыларға бөлмеден әр түрлі заттарды пайдаланып шығу, анықтамалар табу және логикалық есептерді шығару тапсырмасы беріледі. Білім беру квестін құру үшін іздеу квест оқиғасы арқылы алға жылжу үшін шешілуі керек міндеттерге жауап бола алады. Сонымен, оқытушы өзінің пәнінің мазмұнын қосып, ізденісті және қызықты етеді.

Алдағы уақытта балалардың білімін арттыру мақсатында жаңашыл технологияларды пайдаланып, заманға сай өзгеріп, жаңашыл ұстаз болу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймын деп ойлаймын.
Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайындағы белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану тиімді. Оқыту тәсілдері оқушылардың табысын арттырады.
Олай болса, XXI ғасыр - информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан - жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.
Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін.



**АЛМАТОВА АЙНИСА АМАНГЕЛДИ ҚИЗИ**

*Қарағанды облысы Шахтинск қаласы*

*“Еркетай” бөбекжайы*

*Қазақ тілі мұғалімі*

*Шахтинск қаласы*

## Бала сүю әр ата-ананың арманы. Балаға дұрыс тәрбие беру әр ата-ананың басты мақсаты

Бала табиғатын тану, оны түсіну, жөнімен еркелету, шынайы қарым-қатынас құру, оның бойындағы бар ерекшелікті көре біліп, қабілетін дамыту, бағдарлау, ынталандыру – ұрпағының ертеңі үшін алаңдайтын парасатты ата-ананың игілікті әрекеті. Өміріміздің ең мәнді өзегі – тұлғалық тұрғыда толық қалыптасқан парасатты перзент тәрбиелеу.

Бала болмысын қарым-қатынас өнімі ретінде қарастырсақ...

Қарым-қатынас – социумдық ұғым болғанымен, адам өмірінің ең маңызды әрі күн сайын жолығатын дүниесі. Тап қазір осы мақаланы оқып отырған Сіз осы уақытқа дейінгі сізбен болған бүкіл қарым-қатынастың өнімісіз. Демек, индивидаралық коммуникация белгілі бір тұлғаның бойындағы барлық қасиеттерді, түсінік-көзқарастары мен ұстанымдарын, талғам-қабілетін қалыптастыратын ең қымбат валюта. Ал оны дұрыс қалыптастыру мәселесі өз алдына бөлек дастан. Әсіресе, жас ата-ана мен бала арасы.

Тәрбие мәселесінің қаншалықты маңызды екенін Абдолла Аблонидің тәрбиеге байланысты айтқан: “Тәрбие – біз үшін не өмір, не өлім, не құтылу, не бақыт, не қайғы мәселесі”, — сөзінен белгілі. Қазіргі кезде тәрбие мәселесі өзінің өткірлігі жағынан еліміздегі Арал, Балқаш сияқты экологиялық проблемалардан кем емес, сондықтан тәрбие мәселесін экологиямен қатар қоюға тиіспіз деп ойлаймын. Ал бала тәрбиесінде — отбасы ең үлкен мықты тәрбие ошағы. Баланың адамдық қасиеттері мен әдептілігі, оның болашақта қандай адам болуы өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесі мен ондағы қарым-қатынасқа байланысты. Өйткені ата-ана — басты ұстаз. Баланың заманына лайық азамат болып өсуі – алдымен ананың ақ сүтімен, абзал тәрбиесінің жемісі. Отбасы – десе әр адам өзіне қатысы бар деп ойлайтыны анық жағдай. Отбасын ата – ана және бала құрайды. Оның кез – келген мүшесі бақытты да төрт құбыласы тең болуды қалайды. Бірақ сондай жағдайды жасауға біреу әрекет қылса, біреу құдай берер деп көктен күтумен уақыт оздырары белгілі жағдай. Мен осы мақаламды жаза отырып өзімнің осы азғантай өмірімнен алған тәжірибемді өзім секілді бір – бір отбасының ұйтқысы, мәні мен сәні болып отырған аналармен бөліспек ойым бар. Әрбір ананың ойлайтыны баласының бақыты екеніне менің күмәнім жоқ. Ал, бақытты бала қандай болуы керек? деген

сұрақтың жауабын кім – кім де болса іздейді. Мен өз өмірімде түрлі жағдайларды кездестіріп көрдім. Бір жағынан өзім ұстаз болғандықтан да болар. Қазір мынау егемен елімізде құдайға шүкір бейбіт өмір орнап тұр. Ал енді «Кемшілік хан қызында да болады» демей ме халықта, сол айтқандай бейбіт өмірде де қиындық жоқ деуге болмайды. Тек сол қиындықты басынан өткізу арқылы оның соңындағы қызықты да көре білген жөн. Басқа түскен әрбір күйзеліс кезеңінде өз – өзіне сенімді, белсенді адам ғана өмірдің сол қараңғы түнегінен жарықтың саңылауын көре біледі. Тірлік қылмай өмірге өкпелеп өтетін де адамдар жоқ емес. Отбасының ең басты тірегі ол — әке. «Әке» дегенде баланың көзіне үлкен қорған елестеуі керек, ал қазіргі нарық заманында сол қорған құлаудың аз – ақ алдында тұр десе болады. Осы жерде «Неге?» деген сұрақ үлкенді де кішіні де мазалайтыны анық. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы 7- 8 жыл халқымызға көптеген қиындықтар туғызғаны белгілі. Осы кезеңде ел арасын жұмыссыздық , ақша жоқтық сияқты жағдайлар жайлап, өмір сүруге қабілеті жоғары адамдар алға шығып, адал еңбек жолындағы азаматтар орта шенде қалып, ал тірлік қылуға құлықсыз адамдар қолда барын сатып бітіріп, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар қатарына қосылды. Сөйтіп осы 7-8 жыл халықты түрлі таптық жікке бөліп жіберді.Ешкім өмірге де, өз тағдырына да өкпелеуге тиіс емес деп ойлаймын. Адамды Алланың өзі жер бетіндегі барлық тіршілік атаулыдан құдіретті етіп жаратқан. Сондықтан әр адамзат сол құдіретін пайдаланып, өз өмірінің жақсы болуына мүмкіндік жасауы қажет. Жаңағы қорған бола алмай отырған әкелер өмірдің сынын көтере алмай отырған азаматтар десе болады. Енді «бақытты бала» деген әңгімеге қайта оралғым келіп отыр. Бала бақытты болу үшін оған барлық жағдай жасалуы керек деген ұғым бар халық арасында. «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді» деп ертеден – ақ адамдар арасындағы айырмашылық ажыратылып отырған. Баладағы тәрбиенің іргетасын қалайтын ол — отбасы. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген сөз бекер айтылмаса керек. Неліктен көп жағдайда бала ата – анадан асып кете алмайды? Осы сауал мені көптен мазалап жүрген сауалдардың бірі. Бала – періште. Шыр етіп дүниеге келгеннен бастап ол ана сүтін еміп, ананың әрбір шығарған демін сезініп өседі. Ең қарапайымы, баланы емізген ана қандай сезімде отырса, бала соны сезінеді, әр демнен ананың көңіл күйіндегі өзгерісті де баланың сезінетінін түсіндім. Бала есі кіре бастағаннан – ақ «Анам, менің анам. Анам бәрінен де күшті, ол бәрін біледі» деген оймен өседі. Сәбидің ойынша, өз ата – анасынан асқан білгір, данышпан, оған қорған болар адам жоқ. Осы бала санасындағы ойлар біртіндеп өз күшін жоя бастайды. Оған себепші біздер, яғни ата – аналар. Бала ата-анадан нендей себептермен асып кете алмайды деген сауалыма менің тапқан жауабым: «Балада әсіресе мектеп жасына жеткеннен кейін сұрақтар көбейетіні анық, сол сұрақтың бәріне бірдей біз жауап беріп жатуды өзімізге міндет санамаймыз. «Білмеймін» деген жауап қайтаруды жиілетеміз. Ал, күні бүгінге дейін ең білгір, ең ақылды адам деген ата – анасы білмеймін деп жауап бергенде, бала не ойлауы мүмкін. Әрине «олар білмегенді мен қайдан білемін» немесе «осыны білмеген менің ата –анамда ел қатарлы күн көріп жатыр ғой, маған да соны білудің қажеті бола қоймас» деп ойлайды. Осы «Білмейміннен» кейін баланың да даму қарқынына нүкте қойылары хақ. Бала тәрбиесі ол — үлкен бір ғылым. Бір отбасында жалғыз бала болса да, 6-7 бала болса да балаға берілген тәрбиеде кемшілік болып жатады. Дана халқымыз бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген, қазіргі уақытта ол күндердің әдебін көру көп жағдайда мүмкін болмай отыр. Ең әуелі олар баланың алдындағы өз міндетін біліп, сол міндетті жеткілікті дәрежеде орындауы тиіс. Ол дегеніміз, байлық пен барлық қана емес, балаға рухани байлық керек. Жақсы мен жаманды ажырата білгені жөн. Өмірдің мәні тек ақша

мен байлық деген ойдан баланы аулақ салу қажет. Адами қасиетті бала бойына дарыта білу кез – келгеніміздің қолымыздан келе бермейді.

Тіршілік қамымен жүріп балаға мүлдем көңіл бөлмейтін де, өз машақатымен айналысып балаға тәрбиенің керек екенін ұғынбайтын да, тәрбиеде ең бастысы тәртіп деп балаға тым қатал қарайтын да, қазіргі балаға қатты айтуға болмайды деп баланың ыңғайымен жүретін де, менің жиған – тергенім балама жетеді деп қалтаға сенетін де, басқа жұрт не десе о десін менің балам ең тәуір бала деп баланы жақтап отыратын ата – ана да жоқ емес. Мен өз өмірімдегі осындай жағдайларды ескере жүріп, балаға қойылатын талаптың да, оған берілетін еріктің де өз шегі болуы керек енеіне көз жеткіздім. Демек, бала мен ата – ана арасында өте тығыз байланыс жүру керек. «Баланы жастан» деген, бала тәрбиесі бесікте жатқаннан басталу керек. Бала жылады деп көп көтерсе ол соған дағдыланады. Мезгілсіз мекенсіз тамақ берсе соған да үйренеді. Бесікке байласа жылай береді деп бесіктен жиі босата берсе, нәресте бесіктен мүдем шығып алады. Осылайша бала бесіктен белі шықпай жатып өз дегенін жасатуға дағдыланады. Бала үшке толғанда «болады» мен «болмайдыны» білуі тиіс. Бала тәрбиесін бес жастан бастаймын дейтіндер де бар. Бес жастан қазір мектепке барады. Сонда мектепке келгенде бала өзіне рұқсат етілетін мен етілмейтінді ажырата алмаса одан не үміт, не қайыр. Мұғалім оған қалам ұстап жазуды үйрете ме, әлде болатын мен болмайтынды ажыратуды үйрете ме. «Қызым үйде, қылығы түзде» деп бекер айтылмаса керек. Бұл сөз тек қыздарға ғана қатысты деуге болмайды. Кез – келген бала өз отбасында, ата – ананың көз алдында жүріп көрсете алмайтын мінез — құлықтарын басқа қоғамда көрсетеді. Өзге біреуге әлім – жеттік көрсету, үлкенге қарсы келіп сөз қайтару сияқты үйде көрсетпейтін мінездерді далаға шыққанда көрсетіп жатады. Мұның бірін де ата – ана үйретеді деуге болмайды. Бірақ бұл да тәрбиеден кеткен қателік деуге болады. Ата – ана балабақшамен, мектеппен тығыз байланыста болуы керек. Бірақ сол нәрсеге уақыт тауып, менің балам басқа жерде қандай, оның сабағы қалай, өз тобында немесе сыныбында оның ролі қандай деп көңіл қоятын ата – ана жоқтың қасы. «Уақыт жоқ, мектептегі баланы қарасам үйдегі шаруам қалады немесе жұмыстан қолым тимейді» деген сияқты біздің тарапымыздан сылтау көп болып жатады. Сол сылтауларымыз сиресе, ата – ана үшін бала өзінің орнының бөлек екенін, оның болашағы олардың назарында жүргенін сезінер еді деп ойлаймын.

Бала тәрбиесі мәселелерін әрбір ана не әке өмірлік тәжірибеден көріп үйрену керек. Балаға жылы қабақ қандай мөлшерде болса, қатал көзқараста сондай мөлшерде болуы тиіс. Балаға ата – ана тарапынан талап үнемі қойылу керек және оның орындалуы қадағалануы тиіс. «Балаға жаның ашыса, оны аяма» деген де сөз бар. Сол айтылған сөздің мағынасына тоқтап кеткім келіп отыр. Әр балада тәуліктің 2-3 сағаты ғана бос уақытқа бөлінуі тиіс, одан басқасында бала сабақта, үй тапсырмасын орындауда немесе ата –анамен бірге үй шаруасында болуы керек. Бос уақыты көп бала түрлі жаман әдеттерге үйірсектенеді, ең қарапайымы теледидардан мүлдем карауға тұрмайтын жат нәрселерді қарап, өзіне қажет емес ақпараттарды алары анық жағдай. 12 жастан асқан бала отбасында ата – ананың оң қолы ретінде барлық шаруаға дерлік қабілетті болғаны жөн. Қазіргі уақытта ата – ана емес бала талап қоюға бейімделген. Ал, ата – ана сол мүмкіндікті балаға неге беретінін түсінбеймін. Ата – ана баланың алдындағы өз міндетін жоғары деңгейде атқарып отырса, әр нәрсені өз орнымен орындап, содан соң балаға талап қойса, ешбір бала қойылған талаптан бұлтармайды. Егер бала талап қояр болса, онда бұл талап тек баланың қажеттілігін қанағаттандыратын деңгейде ғана орындалуы тиіс. Бала талабын жеткілікті деңгейде орындау дұрыс емес. Есін білетін

баланың бәрі тұрмыс жағдайында адам баласына қажет болатын әрбір нәрсенің қайдан, қалай, қанша еңбектің, қаржының арқасында келіп жатқанын оның құнының өтелуі тиіс екенін ұғынып өсу керек. Үлкендер кішілерге, аяқ астында тегін жатқан нәрсенің жоқтығын, оның бәрі тек еңбек арқылы келетінін, бала санасына жеткізіп отыруға міндетті. «Ана» – ол өте терең ұғым. Ана болу ол тек дүниеге бала әкелу ғана емес, ол бала тауқыметін налымай көтеріп, балаға саналы тәрбие бере білу. Баланы дүниеге әкеліп, оны анасыз баладан да қиын өмір азабына салатын болса, ондай адамды ана деуге болмайды. Ол тек көп әйелдің бірі ғана. Әр баланың анадан күтері көп. Ең бірінші сәби анадан мейірім, жылылық күтсе, есейе келе ана тарапынан марапат, өмірде кездескен әр сұрағына жауап күтеді. Біз аналар баланың ойлағанынан да жоғары деңгейде ойлауға тырысуымыз керек. Сонда ғана бала қиялындағы ғажайып, данышпан ана бола аламыз. Бала тәрбиесіне көбірек назар аударайық құрметті ата – аналар! Бала – біздің болашағымыз, еліміздің ертеңі. Білімді, саналы, қабілетті ұрпақ тәрбиелеу ол біздің қолымызда. Бала бақыты ол — өміршең ата – ана. Баланы бақытқа бөлейтін ол — ана мейірі мен әкенің қатқыл қабағы.

Психоаналитик маман бала тәрбиесі жатырда емес, ата-анасының болашақ бала туралы ойланған сәтінен басталатынын айтады. Тіпті, жатырда жатқан сәбидің дүниеге көзқарасы анасы арқылы қалыптасады. Бірақ, бала тәрбиесі мұнымен аяқталмайды. Ата-ана балаға 5 жасқа дейін аса мұқият болып, психикасының дұрыс қалыптасуына жағдай жасауы қажет. Себебі, баланың болашағы осы кезеңмен тікелей байланысты. Мұнымен қатар, жасөспірімдік шақта да дұрыс бағыт-бағдар беріп, жол көрсетіп отыру маңызды.

**Мен сені жақсы көремін**

Кез келген бала үшін өзін біреудің, әсіресе ата-анасының жақсы көретінін сезіну маңызды. Мұнымен қатар, ата-ана тарапынан берілетін махаббаттың бала болашағы үшін орны ерекше. Себебі, махаббаттың не екенін сезініп, біліп өскен бала ғана өзгелерді осы сезімге бөлейді. Яғни болашақ жары мен балаларын бақытты ете алады. Назарын белгілі бір салаға бұрып, мықты маман болып шығады. Мықты маман болу арқылы адамзаттың игілігіне жарайтын істерді қолға алады. Осы сезімнің жетіспеушілігі баланы суицид жасауға әкеліп соқтыруы мүмкін. Өйткені, суицид жасау арқылы бала ата-анасын жазалайды.

Бала үшін бұл сөзді естігеннен артық бақыт жоқ шығар. Себебі, ата-анасы ұрысып қалса, ажырасып кетіп жатса, бала бірінші кезекте бұл жағдайға өзін кінәлайды. Тіпті, өзінің мүлдем қатысы жоқ болса да. Ал кінәні сезінген адам үшін жазаның да барын ұмытпауымыз керек. Бала өзін әртүрлі жолмен жазалауы мүмкін. Әрине, мұның барлығы бейсаналы деңгейде жүзеге асады. Осындай жағдайлардың алдын алғыңыз келсе, жоғарыдағы сөздерді балаңызға жиі айтып отырыңыз.

**Мен саған сенемін**

Бұл сөздер баланы жастайынан жауапкершілікті сезініп, жетістіктерге жетуіне жағдай жасайды. Балаңыз сіз осылай айтып тұрған кезде "сүрініп" жатса, оған қолдау көрсете білген жөн. Өйткені, ол "Маған үлкен сенім артып отыр" немесе "Мен ата-анамның үмітін ақтай алмадым" деген оймен күйзеліске түсіп кетуі де ғажап емес.

**Мен өзіңмен мақтанамын**

Қоғамда көп ата-ана баламды өзгелермен салыстыратын болсам, бәйгеден оза шауып келеді деп қате ойлайды. Керісінше перзентіңізді өзге балалармен мүлдем салыстырмауға кеңес беретін едім. Осы қате түсінік салдарынан кейін бала бүкіл өмірін өзгелерден асып түсуге арнап өтеді. Ол үшін "әр сәттен ләззат алу" және "шынайы сапа үшін жұмыс істеу" сынды

түсініктер жат болып қалады. Балаңыз балабақшада сахнаға шығып өнер көрсеткен болса да, бәтеңкесінің бауын байлап, әліппеден жаңа әріп үйреніп келген болса да, мақтай түсіңіз. Себебі, бұлардың барлығы ересек адам үшін болмашы дүниелер болғанымен, кішкене балапандар үшін үлкен жетістік. Мұнымен қатар, бала белгілі бір жетістікке жеткен кезде ғана назар аударудың салдары жаман болмақ. Осылай жасайтын болсаңыз, бала кез келген нәрсені сізге ұнау үшін жасайды. Ал біреуге ұнауды бірінші орынға қойып өсетін баланың өзіндік мені қалыптаса қоймайды.

**Кез келген сәтте өзіңмен біргемін**

Балалардың қиындықтары ересек адамдар үшін болмашы дүние болып көрінгенімен, бұл келеңсіздіктердің оларға қатты әсер ететінін ұмытпайық. Міне, осындай сәтте балаңыздың жанынан табылып, құшағыңызға басып, "Кез келген сәтте өзіңмен бірге боламын" деп айту маңызды. Сонда ғана бала ересек өмірде жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға қорықпайтын болады. Әрине, кейбір келеңсіз жағдайларда балалардың өздері кінәлі болып шығады. Мұндайда балаңызды кінәлауға асықпаңыз. Керісінше оның жақтасы болып, осы кінәсін өзінің түсінуіне мүмкіндік беріңіз.

**Ақылдым сол**

Балаңыздың бойында белгілі бір қасиеттің көбірек болғанын қаласаңыз, назарын соған бағыттаңыз. Кез келген ата-ана баласының мейірімді, махаббатқа толы әрі ақылды болып өскенін қалайды. Қазіргі таңда кей адамдар табысты, әлемге танымал тұлғаларға қарап, "Олар — жаратылысы ерекше жандар. Маған қарағанда әлдеқайда ақылды, мен олар секілді бола алмаймын" деп ойлайды. Бұл — қате. Есейген шақта балаңыздың осылай ойлаушылардың қатарынан болғанын қаламасаңыз, бүгіннен бастап ақылды екенін жиі айтыңыз. Ақылы мен ой-өрісін дамытуға арналған кітаптар сыйлап, ойындар ойнатыңыз.

**Рахмет!**

Балаңыз ойыншықтарын жинап, үй тазалауға немесе т.б. нәрселер жасауға көмектескен болса, бұл үшін міндетті түрде алғыс айтыңыз. Бастапқыда оның бұл жұмысты қаншалықты сапалы орындағаны маңызды емес. Кемшіліктерін кейін айтып үлгересіз. Бар болғаны осы сөзді есту арқылы бала сізге көмектескісі келіп тұратын болады. Мұнымен қатар, бала қарапайым сыпайылық ережелеріне үйренеді.

**Сені сағындым**

Бала үйде ата-анасымен қарым-қатынасы қандай екеніне қарамастан, жырақта жүргенде міндетті түрде оларды сағынады. Әсіресе, бұрын-соңды барып көрмеген жерде жүрсе. Осы орайда өзі ғана емес, өзін де сағынатын адамдардың бар екенін білу маңызды. Бұл сөздер балаға есейгенде екінші бір адаммен дұрыс қарым-қатынас орнатуына септігін тигізеді. Яғни ол біреумен танысқанда немесе сезімін білдіргенде, бетімді қайтарады деп қорықпайды. Ал қорқыныш жоқ жерде өзін қабылдай алатын адамдар жолығатыны сөзсіз.

**Мен өзіңмен ақылдасқым келеді**

Кейбір баланың белгілі бір салаға бейімділігі ерте жастан-ақ көріне бастайды. Мысалы, қызыңыз үйдегі қайшыны ашып, шүберек қырыққанды ұнатады делік. Мұндайда бетін қағып, бірден ұрысып кеткен жөн емес. Керісінше оған осы салаға жақындай түсуіне жағдай жасау қажет. Үйге перде сатып алғанда немесе қандай да бір киімді үйлестіріп киетін кезде қызыңыздан кеңес сұраңыз. Сол кезде бала өзінің пікірі маңызды екенін сезініп өседі.

Дәл осы сұрақты жасөспірімдік шаққа таяп қалған немесе жасөспірімдерге қоюға болады. Бұл жерде отбасыға қатысты ортақ мәселе талқыланатын болса. Мысалы, балалар бөлмесіндегі

жиһаздың орнын ауыстыру немесе үйге жаңа бір зат сатып алу. Ең бастысы, баланың өз көзқарасын дәлелдей білуіне жағдай жасау қажет.

**Шешіміңді құрметтеймін**

Баладан пікірін сұрау бар және пікіріне құлақ асу бар. Құлақ асу дегенді бірден пікірін орынды етіп шығарумен шатастырмау қажет. Бала қандай шешім қабылдаса да, таңдау жасаса да, оған құрмет білдіріңіз. Жоғарыда айтып өткендей, балаңыз неліктен мұндай шешім қабылдағанын түсіндіруі тиіс. Яғни шешімінің жағымды және жағымсыз тұстарына талдау жасауға көмектесіңіз. Бұл баланың сыни көзқарасының қалыптасуына септігін тигізеді. Балаңыздың жанында тәулігіне 24 сағат жүрмейтініңіз анық. Уақыт өткен сайын бірге өткізетін уақыт азая береді. Қандай да бір жаман ортаға кіріп кетпеуі үшін осылайша сыни көзқарасын қалыптастырған ұтымды.

**Өскенде сенің өз сүйіктің болады**

3 және 5 жас аралығында әкесі ұлына, анасы қызына "Өскен кезде сенің өз сүйіктің болады. Анаң — менің әйелім/ Әкең — менің күйеуім. Ал сен басқа біреумен біз секілді отбасын құрасың" дегендей айтса игі. Қазіргі қоғамымызда сүрбойдақтардың көбеюінің бірден-бір себебі осы. Психикалық дамудың бірнеше кезеңі болады. Соның бірі — осы 3-5 жас аралығындағы Эдипов комплексі. Егер осы кезеңде психика дұрыс дамымаса, бұл баланың толыққанды отбасын құруына кедергі жасайды. Яғни бұл сөздер баланың ертерек отбасын құрып, жұбайы/жарымен бақытты өмір сүруіне пайдасын тигізу

Бала үшін ғана емес, ересек адам үшін де күнінің қалай басталып, қалай аяқталатыны маңызды. Көзін ашып, төсегінен тұрып келе жатқан бала үшін өзіне "қайырлы таң" тілеген ата-анасын көруден асқан бақыт жоқ. Осы сөзбен бірге ата-анасы сыйлаған сезім оның бойындағы күш-қуатын арттыра түседі. Сондай-ақ, ұйықтар алдында да өзімізді барынша жайлы сезіну маңызды.

**Бәрібір сені жақтаймын**

Балаңыз балабақшада немесе мектепте біреуге ренжіп келген болса, оған осы сөздерді айтыңыз. Ренжітіп емес, ренжіп келген болса. Себебі, бұл екі ситуацияның арасы жер мен көктей. Мейлі балаңыздікі дұрыс емес болса да, оған осы кішігірім "шайқаста" жақтасы барын көрсетіңіз. Мұнымен қатар, адам баласы орынсыз ренжімейтіні сөзсіз. Жақтасы екеніңізді айтып қана қоймай, мұндай дөрекі қадамдарға ата-анасының жылуын сезінбеген балалар ғана баратынын түсіндіріңіз. Сол кезде бала мұндай құрдастарына іштей жанашырлық танытып, олармен болатын жанжалдың алдын алады.

**Сенің қателесуге құқығың бар**

Өзін қоярға жер таппай, жанын жегідей жеген бала үшін бұдан артық жылы сөз жоқ. Расымен де, кез келген адам қателусе құқылы. Маңыздысы қателеспеу немесе осы қателіктің алдын алу емес, керісінше одан сабақ алуды үйрену. Кейде ата-аналар "Болды жылама. Кез келгеннің адамның басында болады" деп жылдам жұбатуға тырысады. Бұл — қате. Жараны дер кезінде емдемесеңіз, балаға жылап алуға мүмкіндік бермесеңіз, уақыт өте келе қауіпті ауруға шалдығуы мүмкін.

**Бәрі де шаршайды**

Белгілі бір салаға бет бұрып үлгермегендіктен, балаға бәрі де қызық болып көрінеді. Бір мезетте барлығына үлгеруге тырысады. Кейде құрдастарымен жарысып, шаршамаған кейіп танытады. Мұны, тіпті, ата-анасына көрсеткісі келмейді. Балаңызға шаршағанын мойындау өте маңызды екенін айтыңыз. Себебі, жер бетінде мінсіз адам жоқ. Кейде, шыны керек,

аналардың туған балаларының тынымсыздығынан шаршап, жек көріп кететін кездері болады. Қазақта "Ауруын жасырған өледі" деген сөз бар. Қандай да бір жағымсыз сезімдерді жасыра беретін болсақ, ол әйтеуір бір күні денеміз арқылы көрініс табады. Егер балаңыздың дені сау болғанын қаласаңыз, осы сөздерді айтып, демалыстың қаншалықты маңызды екенін түсіндіруге тырысыңыз.

**Ботам сол…**

Қыз бала болсын, ұл бала болсын ата-анасына еркелегісі келеді. Әртүрлі қошемет сөз айтып, балаңызды жиі құшақтауды ұмытпаңыз. Осылайша айналадағылар үшін ересек адам болып, жауапкершілік алып жүрсе де, кез келген уақытта еркелеп алуға мүмкіндігі бар екенін еске алады.

**Келші құшақтайын…**

Баланы құшақтаудың маңызы әлдеқайда көп. Оның қаншалықты пайдалы екенін кемінде екі себеппен түсіндіруге болады. Біріншіден, бала өзін біреу құшақтаған кезде әрдайым қорғайтын адамның бар екенін сезінеді. Таудай болған қиындығы әп-сәтте кішірейіп шыға келеді. Екіншіден, адамның психикалық денсаулығы тактильді қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты. Адам өмір бойы осы қажеттілікті өтеуге ұмтылады. Тіпті, оны мысығымен немесе итімен құшақтасу арқылы өтеуі мүмкін. Дәлірек айтсақ, құшақтасқан кезде иммунитет жақсарып, қан құрамында гемоглобин деңгейі көтеріледі. Гипоталамус қанға окситоцин гормонын бөліп шығарады. Осы процесс әсерінен баланың сыртқы ортаға деген көзқарасы да жақсара түседі.

**Маған… ұнайды**

Жоғарыда айтып өткенімдей, баланың бойында белгілі бір қасиетті дамытқыңыз келсе, екпінді соған түсіріңіз. Барынша сол қасиетін немесе әрекетін мақтаңыз және бұл кез келген қасиет болуы мүмкін.

Бүгін мен сені ренжітіп алмадым ба?

Бұл сауалдың орны ерекше. Бір ситуацияны әр адам түрліше қабылдайды. Ата-анасы ренжітпедім деп ойласа да, белгілі бір жағдай бала үшін ауыр соққы болып тиюі мүмкін. Кейін осының барлығы жинала келе, бала кірпік шешеннің күйін кешетін болады. Жанына қадалған тікен уақыт өте келе көбейе береді. Көп тікенді алған кезде қалай ауыратынын айтпаса да түсінікті. Ал алмаса, жағдай мүлдем ушығып кетеді. Кейін мамандарға, ауруханаға қыруар қаржы жұмсамас үшін күнделікті осы сауалды қойып, жауабын міндетті түрде тыңдаңыз.

**Кешір мені**…

Жанға салынған жараны бірден бір емдейтін құрал — сөз. Бұл сөздерден кейін балаңыздың сізге деген реніші басылып қана қоймай, "кешір мені" деген тіркестің адамның жанын қаншалықты жылытатынын түсінеді. Есейгенде өзі ренжітіп алған жандардан кешірім сұрауға қорықпайтын болады. Кей жағдайда тәкаппарлық жібермеуі мүмкін.

**Осы кезде не сезіндің?**

Бұл сауалды бала біреуге деген ренішін айтып жатқан кезде қойған абзал. Бүгінгі қоғамда көп ересек адам бұл сауалға жауап беруге қиналады. Тіпті, сезім туралы сөз қозғау оларға күлкілі болып көрінуі мүмкін. Бұл — орынды. Тәуелсіздік алғанға дейін қиын-қыстау заманда өмір сүрдік. Ата-аналар бала-шағасын асырау үшін күн-түн демей жұмыс істеді. Бірақ оларға лайық мөлшерде махаббат бере алмады. Ал махаббатқа қанықпаған бала ертең өзгелерді бұл сезімге бөлей алмайтыны анық. Оның үстіне бала ата-анасының отбасын асырау үшін жұмыс істегенін ескермей, оларға қартайғанша ренжіп өтуі мүмкін. Яғни осы сауал арқылы сіз балаңызды сезім

туралы еркін сөз қозғауға үйретіп, кейін немерелеріңіздің әлдеқайда бақыттырақ тәрбиеленуіне жағдай жасайсыз.

**Менен кез келген нәрсе туралы сұрауыңа болады**

Көп ата-ана баласының сұрақтарына шынайы жауап бере бермейді. Кейде бала да тоқтамай сауалдарын қоя береді. Мұндайда логикаға жат емес мардымды жауап айтылса, бала ол туралы міндетті түрде ойланады. Зерттей бастайды. Бұдан кейін жасөспірімдерде етеккір мен жыныстық қатынасқа қатысты көптеген сұрақ туындайды. Отбасыңызда мұндай тақырыптарда ашық сөйлесу мәдениеті қалыптаспаған болса, балаңызды маманмен жолықтырыңыз.

**Сен бақыттысың ба?**Балаңызға бұл сауалды бірінші рет қоятын болсаңыз, оның бірден жауап бере алмайтынын байқайсыз. Дұрысы — бұл сауалды "Бүгін өзіңді қай кезде бақытты сезіндің?" деп кеңейту. Бұл сауал жиі қойылған сайын баланың назары бақытты сәттерге бағытталады. Тіпті, сіздің осы сауалды қоятыныңызды біліп, жақсы әсер қалдырған сәттерді көбірек есінде сақтайтын болады.

**Өткен күнде не өзгертетін едің?**

Бала үшін де, жасөспірім үшін де өзгерткісі келетін сәттердің аз болғаны жақсы. Өкінішке орай, толыққанды тұлға болып қалыптасқанша, өзгерткісі келетін дүниелері көп болады. Десе де, бала уақыт өте келе ертеңінде өкініп қалатындай іс-әрекет, таңдау жасамауға тырысады.

**Сен осы үйдің ханшайымы/ханзадасысың**

Жер бетіндегі жалғыз ханшайым/ханзада емес, осы үйдің деп айтуды ұмытпайық. Себебі, бала өзінен әлдеқайда алда келе жатқан құрдастарын көріп тосылып қалуы мүмкін. Кейін бар энергиясын өзге біреуден асып түсуге немесе өзін іштей жегідей жеуге жұмсайды. Кейде осындай қате тәрбие баланы өзімшіл, тәкаппар етіп шығарады. Сол үшін "осы үйдің" деп айтуды ұмытпаңыздар.

**Арманың қандай?**

Ұшқыштар А нүктесінен В нүктесіне бағыт алған ұшақтың тұмсығын минут сайын жетуі тиіс жерге бұрып отырады. Яғни ұшақ өздігінен ұшпайды. Сол секілді бала да арманына оны әйтеуір бір еске алу арқылы жетпейді. Күнделікті арманын еске салып отыратын болсаңыз, ол ертерек мақсатқа айналады. Кейін көп ұзамай жоспар да құрылады. Ересек адам бала күнгі арманын жүзеге асырған кезде ғана бақытты болатынын біліңіз. Тіпті, өзіне сай мамандықты да бала күнінде таңдап қояды.Саған көмегім қажет пе?

Әрине, баланың кез келген істі өз бетімен жасағаны жақсы. Десе де, барлығы бірден болып кетпейтіні сөзсіз. Осы сауал арқылы баланы ересек өмірде көмек қабылдай білуге үйретіп, қиын сәтте кеңес сұрайтын адамның бар екенін есіне саласыз.

**Сені ұрыссам да, жақсы көремін**

Кей ата-ананың туған баласын бір сәтке жек көріп кетуі заңдылық. Әсіресе, әйел адам баланың жанында көп уақыт өткізетіндіктен, кейде қатты сөздер айтып ұрысып жібереді. Осындай сәтте балаға біз оны жақсы көрмегендіктен емес, пайдасы тиер деген оймен ұрысқанымызды түсіндіру пайдалы. Қажет болса кешірім сұрағанның еш әбестігі жоқ. Бұл болашақта баланы объективті сынды қабылдай білуге үйретеді және байланыс үзілген сәтте тез татуласуға мүмкіндік жасайды.

**Жамбыл облысы Байзақ ауданы Диқан ауылы №2 орта мектебі**

**АЛТЫНХАНОВА МӘРИЯМГҮЛ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**

**Заманауи әдіс-тәсілдерді тарих сабағында қолданудың өзекті мәселелері**

Қазіргі әлем – электронды мәдениет әлемі. Мектеп оқушыларын тарихи біліммен таныстыру процесі әртүрлі ақпарат ағыны жағдайында жүреді. Бала мен мұғалім бір-бірін түсінуі үшін мұғалім заманауи білім беру технологияларын меңгеруі керек.

Заманауи мұғалім өз жұмысында, оқу үдерісінде оң мотивацияға қол жеткізу және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін тиімді әдістер мен инновациялық технологияларды пайдаланады. Білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметіндегі инновациялық үдеріс бір-бірімен тығыз байланысты.

Мектеп оқушыларының бойында негізгі құзыреттіліктерді, жалпы тәрбиелік дағдылар мен қасиеттерді, іс-әрекеттің әмбебап әдістерін қалыптастыру тарихи білім берудің басым бағыты болып табылады. Тарихты оқытудағы инновациялық технологиялар жіктеу, пайымдау, қорытынды жасау және түйіндеу, бақылау дағдыларын, қолда бар ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын, эксперимент жасау дағдыларын, танымдық қабілеттер мен қажеттіліктерді, шығармашылық жобалау және зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Тарихты оқытудың классикалық әдістемесі пәнді мектепте оқытудың негізін құрайды. Ол ғасырлар бойы қолданылып келеді және тиімділігін әлі де жоғалтпады. Дәстүрлі әдіс мыналарды қамтиды:

Вербальды әдіс – әңгіме, лекция, пікірталас және мұғалім мен оқушылар арасындағы ауызша қарым-қатынастың басқа да түрлері.

Баспа-сөздік әдіс – жазба дереккөзді зерттеу және оны ауызша талқылау, мысалы, оқулықтың, тарихи құжаттың абзацын оқу, одан кейін талдау, талқылау.

Көрнекілік әдісі – тарихи карталарды, кестелерді, диаграммаларды, сызбаларды талдау, тақтаны және экрандық құралдарды пайдалану. Бұл әдіс көбінесе сөздік әдісімен біріктіріледі. Оқушылар көрнекі материалмен танысады, содан кейін әңгімелесу, пікірталас және т.б. жасайды.

Практикалық әдіс – оқу объектілерімен әртүрлі әрекеттер. Тарих сабақтары үшін бұл көбінесе үлгілер мен макеттер жасауды, контурлық карталарды толтыруды, диаграммаларды салуды, кестелерді құрастыруды және т.б. қамтиды.

21 ғасыр технология ғасыры деп аталады, өйткені бүгінгі таңда адам өмірінің бірде-бір саласы жоғары технологиясыз өте алмайды. Бұл әсіресе білім беру саласына қатысты. Өз тәжірибеме негіздей отырып тарих сабағында қолданатын кейбір білім беру технологияларын қарастырайық.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. Дифференциация оқушыларға бірдей көлемдегі оқу материалын ұсына отырып, мұғалімнің оларды меңгеруге қойылатын талаптардың әртүрлі деңгейіне бағыттайтындығына байланысты жүзеге асырылады. Бұл жағдайда сараланған тәсіл сынып-сабақ жүйесі жағдайында барлық оқушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылармен жұмыс әртүрлі тапсырмалар үлестіру жолымен жүреді. Мысалы:

1) тарихи терминдерді білу бойынша диктант құрастыру;
2) жаңа материалды оқу кезінде тапсырмалар карталарын құрастыру;
3) сыныптағы жұмыстың жиынтық кестелерін құрастыру;
4) берілген тарихи тақырып бойынша шығарма немесе эссе;
5) қосымша әдебиеттермен жұмыс.

Оқуда қиындықтары бар оқушыларға орындалатын тапсырмалар беріледі. Осылайша, аса ауыр күйзеліске ұшырамай, олар оқудың негізгі деңгейіне жетеді.

Интерактивті әдіс - өзара әрекеттесу немесе сөйлесу режимінде болу, бір нәрсемен немесе адаммен диалог жасау мүмкіндігі. Бұл әдісте өмірлік және кәсіби жағдаяттарды модельдеуді, ізденіс, эмпатия, қарама-қайшылық, тәуекел, күмән тудыруға мүмкіндік беретін тәсілдерді, рөлдік ойындарды және әдістерді қолдана отырып, барлық оқушылар бір-бірімен және мұғаліммен белсенді әрекеттесетін қолайлы оқу жағдайларын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Ғалымдар мен практиктер интерактивті оқыту оқуға қызығушылықты оятудың және оқу-танымдық әрекетті ынталандырудың тиімді әдісі болып табылатынын дәлелдеді және жалпы мойындады. Бұл әдісті қолдану мыналарға ықпал етеді:

- оқу іс-әрекетінің кезеңдерін меңгеру;
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- өзіне деген сенімділік арттыру;
- тәуелсіздікті дамыту;
- позитивті өзін-өзі бағалауды қалыптастыру;
- шығармашылық қабілетін дамыту,
- ұйымдастырушылық және коммуникативті дағдыларды қалыптастыру;
- тиісті өмірлік және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру;
- оқу үлгерімінің өсуі.

С.Б. Ступинаның көзқарасы бойынша келесі интерактивті әдістерді бөліп көрсету керек:

-қолайлы атмосфера құру, қарым-қатынасты ұйымдастыру әдістері;
-қызмет алмасуды ұйымдастыру әдістері;
-психикалық әрекетті ұйымдастыру әдістері;
-мағына жасауды ұйымдастыру әдістері;
- рефлексияны ұйымдастыру әдістері;
- интеграциялық әдістер (интерактивті ойындар).

Мұндай классификацияны құра отырып, С.Б. Ступина педагогикалық өзара әрекеттесудегі интерактивті әдістердің басымдық функциялары позициясын қалдырады. Педагогикалық өзара әрекеттестіктің басында оның барлық қатысушыларын бірлескен іс-әрекетке жедел қосу, олардың өзін-өзі белсендіруіне жағдай жасау үшін қолайлы атмосфераны құру және қарым-қатынасты ұйымдастыру әдістері қолданылады.

Тарихты оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар да инновациялық технологиялар қатарына жатқызылады. Мұғалім сабағында презентациялар мен мультимедиялық сабақтарды пайдалана алады. Бұл жағдайда мектеп оқушылары да өз бетінше көмекші жазбаларды құрастыра алады және оларды презентация түрінде көрсете алады, бұл бір уақытта жоба қызметінің элементі болады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өз бетінше, зерттеушілік және шығармашылық жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, өзін-өзі

көрсетуге және тұлғаның дамуына ықпал етуге, оқудың көрнекілігі мен эмоционалдық құрамдас бөлігін арттыруға, мұражайларға виртуалды экскурсиялар өткізуге және т.б. мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жүйесі мұғалімге көптеген инновациялық әдістердің ішінен «өзінікін» таңдауға және өзінің жұмыс тәжірибесіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді. В.Г. Белинский былай деп жазды: «Жаңа нәрсеге құштарлықсыз өмір де, даму да, прогресс те болмайды». Бұл сөздер баяғыда айтылғанымен, бүгінде өзекті болып отыр. Бұл сөздер заман талабына сай, алға ұмтылатын, барлық жаңалықты, жаңашылдықты игеріп, оны өз ісінің тәжірибесінде сәтті қолдануға дайын ұстазға қатысты.

Сонымен, заманауи педагогикалық технологиялар заманауи ақпараттық технологиялармен ұштастыра отырып, оқу-тәрбие процесінің тиімділігін айтарлықтай арттырып, жан-жақты дамыған, шығармашылық тұрғыдан еркін жеке тұлғаны тәрбиелеудегі оқу орнының алдында тұрған міндеттерді шеше алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Теория и методика преподавания истории. Москва: Владос, 2003.
2. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. II деңгей. НЗМ ДББҰ, 2017. -139 б.
3. Әлімов А.Қ.Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану: Оқу құралы. Алматы, 2015. -180 б.
4. Кизатова Г.С. Тарихты оқыту әдістемесі: Жоғары оку орындарының тарихмамандығының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік оқу құралы/ құраст. Г. С. Кизатова. – Павлодар : Кереку, 2011. – 33 б.

Түркістан облысы,Шардара қаласы
Б. Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебі
информатика пәні мұғалімі

**АТАБАЕВА НАҒИМА БӨКЕНБАЙҚЫЗЫ**



| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:** | *«Компьютер мен желілердің техникалық сипаттамалары»* |
| **Педагогтің аты-жөні:** | **Атабаева Нағима Бөкенбайқызы** |
| **Пәні:** | Информатика |
| **Күні:** | |
| **Сыныбы:** | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Процессор және оның сипаттамалары** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:** | 8.1.1.1 қарапайым деңгейінде процессордың қызметін және оның негізгі сипаттамасын түсіндіру |
| **Сабақтың мақсаттары:** | Қосымша құрылғылар туралы біледі, қосымша құрылғылардың қызметін түсініп, драйвер туралы ұғым қалыптастырады. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/Уақыты** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | Ресурс |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**  | ***Ұйымдастыру кезеңі:*** Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Сыныпқа психологиялық ахуал орнату және оқушылардың сабаққа дайындау. ***«Ойтүрткі» әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді.*** Компьютердің негізгі құрылғыларын ата? Компьютердің миы деп қай құрылғыны атаймыз? Жүйелі блоктың қызметі қандай? Жаңа сабақты түсіндіру үшін (1) Компьютерде процессор деген не - YouTube видеосы қолданылады. **1 тапсырма** Flippity.net платформасы арқылы топқа бөлінеді. Топтық жұмыс «Галерея» әдісі. Берілген тақырыптар арқылы келесі топқа түсіндіреді. | Мұғаліммен амандасу. Оқу құралдарын сабаққа дайындайды. Сабаққа белсене қатысады. Сұрақтарға дұрыс жауап береді. Топ ережесін сақтай отырып, топта жұмыстанады. Қосымша интернеттен | Екі жұлдыз, бір ұсыныс арқылы екі топ | Презентация |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>1 топ: Процессор құрастырушы компаниялар.<br>2 топ: Процессор разрядтылығы.</td>
<td>мәліметтер іздей отырып, постер құрастырады, қорғайды.</td>
<td>бір-бірін бағалайды. Бағалау парағына балдарын қояды.</td>
<td>Оқулық, ғаламтор, постер</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br></td>
<td>2 тапсырма<br>Жұптық жұмыс.<br>Flippity.net платформасы арқылы жұпқа бөлінеді.<br>«Кесте толтыру» әдісі. Кестеде берілген құрылғылардың қызметін жазу.
<table>
<tr><th>Құрылғылардың атауы</th><th>Қызметі</th></tr>
<tr><td>Аналық тақша</td><td></td></tr>
<tr><td>Дыбыстық тақша</td><td></td></tr>
<tr><td>Диск жетектері</td><td></td></tr>
<tr><td>Жедел жады</td><td></td></tr>
<tr><td>Тұрақты жады</td><td></td></tr>
</table>
3 тапсырма.<br>Жеке жұмыс.<br>Сабақты бекіту үшін Части компьютера (learningapps.org) сілтемесі арқылы жүйелі блоктың құрылғыларын сәйкестендіреді.<br></td>
<td>Жұптарға бөлініп, тапсырманы дұрыс орындайды.<br><br>Learningapps.org платформасында сәйкестендіру тапсырмасын дұрыс орындайды.</td>
<td>Бағалау парағына дескрипторға сәйкес балдарын қояды.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>*Рефлексия*<br> | **Рефлексия**<br>Түсіндім, түсінбедім, сұрағым бар әдісі бойынша сабаққа кері байланыс орнатады.<br><br> | Сабаққа кері байланыс, рефлексия жазады. | **Бағалау**<br>Мұғалім оқушыларды ***«Отшашу»*** ***әдісі*** арқылы бағалайды. | |
|  | **Үй тапсырмасы**<br>1.2 Процессор және оның сипаттамалары тақырыбын оқу, мәліметтердің маңыздыларын талдап, дәптерге жазып алу. | | | |

**№19 Раушан бөбекжай бақшасы**

**Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені**

**АШИМОВА МЕРУЕРТ АСЫЛКАНОВНА**

**Мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын арқылы сөздік қорларын дамыту жолы.**

*Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты –*
*балаға сөзді бұзып сөйлемеу керек.*

Егеменді еліміздің талабына сай мемлекеттік тілді меңгеру, оқыту, қазіргі заманға сай білімді де, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу педагогтар еншісінде. Мектепке дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу, тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн. Сәбилердің дүниетануын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Балабақшада балалардың дұрыс сөйлей білу мәдениетіне айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен теңестіру арқылы жүзеге асыруға болады. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың қиялын шарықтатып, ойлау қабілетін ұштауға болады. Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі – тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептеледі. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
-жаңа сөздерді меңгерту;
-үйренген сөздерін тиянақтап,анықтап, әрі байытып отыру басты міндет болып саналады. Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішіндегі ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды.

Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойыннан өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы.

Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорын дамытады. Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды,

тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.Ойын ұйымдатыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуына жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады

Сонымен ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбылырымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады.

Сондықтан ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелерін ескерген жөн.

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да атын ата», «Қай ағаштың жапырағы?», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз?», т.б.. Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш?», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есіңде сақта»,т.б..

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйретеді. Мысалы. «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата»,т.б.. Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысында ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есіңде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін береді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады. Жалпы ойынды ұйымдастырып ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді.

**№19 Раушан бөбекжай бақшасы**
**Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені**

**АШИРОВА ҰЛЖАЛҒАС ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ**

## Біздің болашағымыз балалар

Бүгінгі күні жас ұрпақтың сана-сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастырамыз. Балабақша-бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да ибалы, үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие мекені. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы. Балалық шақ және жасөспірімдік кезең-адам өміріндегі сенім, мінез-құлық сияқты басты ұстанымдарды қалыптастыратын мезгіл. Бұл мезгілде тәрбиенің басы-отбасы. Отбасында ұрпақты тәрбиелеп шығаруда басты рөл ата-анаға жүктеледі. Өйткені өмірінің алғашқы кезеңінде нәресте қоршаған ортадан бұрын ең жақын жанашырлары-ата-анасына еркелейді. Солардан үйренеді, еліктейді. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген даналық сөздің түпкі байламы осы. Отбасы-тұлға шыңдалып, шынығып қалыптасатын орын. Отбасы жағдайында баланың тұлғалық қасиеттері бірте-бірте қаланады. Осы қаланған қасиеттер, әдетте, ешқандай өзгерістерге ұшырамайды да, мызғымас тұлғалық тұтастыққа айналады. Кейбір ата-аналар баласының жағымсыз қылықтары мен жүріс-тұрыстарын айтып шағынады, тіпті, осы тұрғыда психологтардан ақыл-кеңес сұрап та жатады. Алайда, көп жағдайда ондай келеңсіздіктердің себебі ата-аналар берген тәрбиеден шығып жатады. Өйткені, сол ата-аналардың өздері бұрын түрлі қателіктерге ұрынған, психологиялық тежелістерге шалдыққан жандар болып шығады. Өздерінің қатекемшіліктерін түсінбеген ата-аналар сәбилерінің неліктен өзгергеніне қатты таңданып жатады. Сондықтан да бала тәрбиесі ата-ананың өздері тәрбиелеуден, өздерін жақсы халге өзгертуден басталады. Бала тәрбиесіндегі басты алғышарттардың бірі де осы. Бала тәрбиесі-баршаның ісі.

Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүдесі біреу. Ол-болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ ұрпақ тәрбиеленетін алғашқы ұя-отбасы, ата-ана құшағы. Жас сәбидің өмір табалдырығын аттағандағы алғашқы еститіні-шешесінің мейірбан сөзі, көретіні-анасының аялы алақаны. Яғни,
ата-әженің өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе, ұядан ұшқанда да сол өнеге-өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз. Қазірде дүниеге дені сау бала әкеліп, ол нәрестенің өсуіне, жан-жақты жетілуіне, жеті жасқа дейінгі дамуының педагогикалық мүмкіндіктерін айқындап, ата-аналармен бірлескен ынтымақты тәрбие жүйесін қалыптастыру көзделуде. Көрнекті ақын, ойшыл философ Ғұмыр Караштың «Су басынан тұнады,өрт алдынан сөнеді» деген тұжырымы мен оның келешегі жайында айтылған. Сол тұнық судай мөлдір, пәк те таза, адал да аңғал сәбилеріміздің тәрбиесіне дұрыс көңіл аударып, оларды сөз әдебін қалыптастырып, салауатты өмір сүруге дағдыландыру-әрбір ата-ананың міндеті. Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан атаның даналық ойы бүгінгі күні білімді ұрпақ екенін айқындайды. Өйткені, елдің ертеңгі тірегі-жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі танда ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік артып отыр. Бала тәрбиесі-баршаның ісі. Қазір қоғам

ата-анадан өмірді бағалайтын бала тәрбиелеуді талап етіп қоймайды, сонымен бірге қоғам алдындағы жауапкершілігі мен міндетін терең сезіне білетін бала тәрбиелеуді талап етеді.

Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті-бәрі де балаға үлгі-өнеге. Бүгінгі балалар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасынаң тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның алар орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді. Сонымен қатар жан-жақты жетіледі. Әсіресе, балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруіміз керек. Және баланың үйде отырмай балабақшаға барғаны жөн. Өйткені бала сыртқа шықса, айналадағы ортаға үйренеді, мінезі тұйық болмайды, адамдармен тез араласады. Балабақша баланы ең алдымен тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір бөбектің өз ана тілінде тілі шығып, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы-ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар. Міне, біздің кішкентай ботақандарымыз тіл шұрайының шырын балын татып өссе екен дейміз. Бүлдіршіндерге үйрететін сөздер қылыштай кесіп түсетін өткір де дәл, сезімге әсер етіп, сөйлеуде жандандыратын, ойлаудың икемділігі мен тездігін дамытатын, балалардың сөздік қорын жетілдіре түсу қызметін атқаратындай болуы шарт. Сөйлеу қатынасы баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Баланың өз ойын түсінікті, ұғымды жеткізе білуі отбасынан бастап қалыптасады. Оның алғашқы ұстазы-ата-анасы, тетелес ағалары мен әпкелері. Олармен күнбе-күн араласу, сөйлесу арқылы баланың тілі күн санап жетіле береді. Баланың тілі неғұрлым бай болса, ойы да соғұрлым кең болады. Сондықтан бала тілін кішкентай күнінен байытып, ойын кеңейте түсу отбасының, балабақшаның қажырлы еңбегінің арасында жүзеге асады. Халқымыз ұрпақ тәрбиесіне ешқашан енжар қарамаған. Олардың бойына жақсы қасиеттерді дарытуды, елінің ертеңін ойлар азамат етуді әу бастан-ақ мұрат тұтқан. Өйткені жас ұрпақ-елдің ертеңі, сондықтан «ұлықты ұл, қылықты қыз» өсіруге ерекше назар аударған. Ұрпақ тәрбиесі бір сәт те естен шықпауы керек. Бүгінгі танда бала тірбиесі өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Бала тәрбиелеуде ата-ана баласына тәрбие мен білімді беру мүмкіндігін де ескеруі қажет. Кез келген адамның өз дәрежесі өзіне белгілі екендігін ескерсек, онда ұрпақ сұранысы да соған сай болуы тиіс. Мұндайда балаға өзіміз үлкен боларлықтай амал-әрекетімізді, яғни, әкелік міндетіміз бен аналық парызымызды орындай білу бірінші кезекте тұрады. Ал, бұл мәселелерді орындау үшін ата-ана үлгі болуы шарт. Бұл «Балам дейтін әке болмаса, әкем дейтін бала қайдан болсын?» дегенді алға тартады. Қазақ халқында «Баланы бес жасқа патшасындай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, он бес жастан асқан соң досындай сырлас» деген тамаша сөз бар. Бұл-мағынаны терең философиялық өмір шындығы. Адам мінезі бес жасқа дейінгі кезенде қалыптасады деседі. Ендеше, жас сәбиді алғашқы күннен бастап тәрбиелеу керек.



***БАЙМУХАНБЕТОВА АЙНАГУЛ КЕНЖЕСОВНА***

***№42 "Алтын сақа" бөбекжайы" МКҚК***

***Тәрбиеші***

***Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы***

## Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Тақырыбы: «Ұлттық ою-өрнектер әлемі».**
**Күні:** 19.02.2024 ж.
**Тобы: «Балапан»** ортаңғы тобы.
**Тәрбиеші:** А.К. Баймуханбетова.
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің түрі:** Коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық - шығармашылық дағдыларды зерттеу іс-әрекеті. Құрастыру, дәстүрден тыс сурет салу.
**Мақсаты:** Балаларға ою-өрнектер туралы түсінік беру. Ою-өрнектің сырына мән беру арқылы балалардың шығармашылық қабілетін, ой-өрісін, білімін жан-жақты дамыту. Ою-өрнек элементтерінің атауын бекіту, мақал-мәтелдер арқылы баланың бойына сіңіру. Халқымыздың асыл мұраларын, саалт-дәстүрін, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Эстетикалық және ұлттық тәрбие беру.
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің әдісі:** Топпен жұмыс, әңгімелеу, дидактикалық ойын, сұрақ-жауап.
**Алдын ала жұмыс және дайындық:** Керекті құрал- жабдықтарды дайындау, ою-өрнектерді естеріне түсіру.
**Дидактикалық құралдар:** Интерактивті тақта, музыка, үлестірмелі материалдар, ойын құралдары және т. б.
**Оқу қызметінің кезеңдері**
**Мотивациялық қозғаушылық.**
Құрманғазының **«Адай»** күйі ойналып тұрады. Балалар залға кіреді.
**Шаттық шеңбері:**
Алақанды ашайық,
Күннің көзін жасайық.
Таза ауаға қол сермеп,
Жүрек жылуын жасайық.
Мейірімділік шоған біз,
Қонақтарға шашайық.
- Сәлеметсіздер ме, балалар!
- Балалар бүгінгі көңіл-күйлерің көтеріңкі ме?
- Иә.
- Балалар бүгін біздерге қонақтар келді. Алдымен қонақтармен амандасайық.
- Сәлеметсіздер ме, қонақтар!
- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Балалар, айтыңдаршы, біз қай елде тұрамыз?
- Қазақстан Республикасында тұрамыз.
- Қазақстанда қандай ұлттар тұрады?
- Қазақтар, орыстар, өзбектер, азербайжандар, қырғыздар, украиндар т.б.

- Дұрыс айтасыңдар балалар. Әр ұлттың өз мәдениеті мен салт-дәстүрі бар. Бүгін біз қазақтың ұлттық оюөрнектері жайында айтатын боламыз.
- Балалар сендер жалпы ою-өрнектермен таныссыңдар ма?
- Иә.
- Олай болса ою-өрнектердің түрлерін атаңдаршы.
- «Қошқар мүйіз», «Бота мойын», «Құс қанаты», «Қызғалдақ», «Құс тұмсық», «Ботакөз».
- Өте жақсы.
- Балалар қазақ халқы ұлттық құндылықтарға бай халық. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары, ұлттық тағамдары, ұлттық киімдері, және ұлттық музыкалық аспаптары, ұлттық ою-өрнектері өте көп.
- Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін, ұлттық ойындарын, ұлттық тағамдарын, ұлттық киімдерін, және ұлттық музыкалық аспаптарын атайықшы.

(Балалар атауларын атайды).

- Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, сендер дұрыс жауабын табыңдар.

**Жұмбақ жасыру:**

Сырт жағына зер жіппен,
Көз тартатын көрікпен.
Келістіріп әр түрлі,
Әжем, апам бастырған. **(Ою-өрнек).**

- Жұмбақтың жауабын дұрыс таптыңдар.
- Бүгін біздер халық арасында кеңінен таралған ою-өрнектер жайлы түсінетін боламыз. Оюөрнектерді ертеде халық ойлап тапқан. Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері де, атаулары да өте көп екен. Атап айтсақ, «Қошқар мүйіз» оюы –қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келеді. Ол жануарлар тектес оюлар тобына жатады. Бұл ою өте кең тараған ою. Ол ұлттық киімдерде және текемет, сырмақ секілді бұйымдарда жиі кездеседі. Ою-өрнектерді үй ішінің тұрмысына қажетті заттарды, ұлттық киімдерді, бұйымдарды әшекейлеу үшін қолданған. Ою-өрнектер жануарларға, өсімдіктерге, геометриялық пішіндерге ұқсап келеді. Бүгін біз ою-өрнектің осындай түрлерімен жұмыс жасаймыз.
- Балалар олар жайлы **жаңылтпаштарды** қайталайық.

Ою ою ойым бар-ды,
Ойналмастан ойын қалды.
Орындалмай ойымдағы,
Ойылмады ою-дағы.

**Сергіту сәті:**

Музыка әуенімен қимыл-қозғалыстар жасалады.

Балалар 3 топқа бөлінеді. Әр топқа түрлі тапсырмалар беріледі.

**Бірінші топтың тапсырмасы:**

**«Асық пен құмыраны оюмен безендір».**

**Шарты:** Асық пен құмырадағы оюды әр түрлі түстермен бояу.

4 бала жұмыстанады.

**Екінші топтың тапсырмасы:**

**«Шыныға сурет салу».**

**Шарты:** Шыны тақтайшаның екі жағына тұрып, екі бала бірге ою-өрнектің суретін салады.

4 бала жұмыстанады.

**Үшінші топтың тапсырмасы:**

**«Киіз үйді құрастыр».**

**Шарты:** Фетрадан қиылған киіз үйді құрастырады.

4 бала жұмыстанады.

- Олай болса жұмыстанамыз.
Үлгі көрсетіледі. Балалардың жұмыс орындауларын қадағалау.
Берілген тапсырмаға қатысты сұрақтар қойылады.
Сурет салуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауымыз керек. Бояуды ауызға салуға, көзге тигізуге, киімге жағуға болмайды. Жұмысты аяқтаған соң бояу қалдықтарын кетіру үшін дымқыл шүберекпен қолдарымызды сүртеміз.
- Олай болса жұмыстанамыз.
Балалар берілген тапсырманы орындайды.
Балалардың тапсырманы орындауларын қадағалау.
Берілген тапсырмаға қатысты сұрақтар қойылады.
*- Балалар барлығымыз **тіл ұстарту жаттығуларын** айтайық.*
Ю – ю – ю,
Әжем ойды ою,
Ек-ек-ек,
Бұл әдемі өрнек.
Із-із-із,
Мен білетін «Қошқар мүйіз».
- Балалар сендер тапсырмаларды жақсы орындадыңдар.
Енді барлығымыз бірге бойымызды жазып, серігіп алайық.
**Балалар іс-әрекетінің нәтижелерін талдау:**
-Қане, балалар шеңберге тұрайық.
-Балалар біз бүгін не туралы әңгімеледік?
-Ұлттық құндылықтар жайында, ою-өрнектер жайында әңгімеледік.
- Қандай оюмен таныстық?
- «Қошқар мүйіз» оюымен таныстық.
- Қандай тапсырмалар орындадыңдар?
- Асық пен құмырадағы оюдың суретін боядық.
- Шыныға оюдың суретін салдық.
- Киіз үй құрастырдық.
- Ойындар ойнадық..
- Сендерге бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет ұнады ма?
- Берілген тапсырмалар ше?
- Ия ұнады.
- Балалар сендер барлығың бүгінгі ашық ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатыстыңдар, тапсырмаларды өте жақсы орындадыңдар. Сендерге рахмет.
(Балалар марапатталады).
**Мадақтау.**
**Қорытынды.**
**Күтілетін нәтиже:**
Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын таниды. Ою-өрнектер атауларын біледі. Ойындар ойнау арқылы тапсырмаларды орындайды.

**Тақырыбы: «Ұлттық ою-өрнектер әлемі».**

**Мақсаты:** Балаларға ою-өрнектер туралы түсінік беру. Ою-өрнектің сырына мән беру арқылы балалардың шығармашылық қабілетін, ой-өрісін, білімін жан-жақты дамыту. Ою-өрнек элементтерінің атауын бекіту, мақал-мәтелдер арқылы баланың бойына сіңіру. Халқымыздың асыл мұраларын, саалт-дәстүрін, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Эстетикалық және ұлттық тәрбие беру.







**“Айгөлек-Ай” балабақшасы**

**БАҚЫТНҰРҚЫЗЫ ӘДЕМІ**

**Күні: 27.10.2023ж**
Тақырыбы: **"Алтын күз"**
Музыка ойнап, әсем безендірілген залға балалар кіреді.
**Жүргізуші:**
Тілегім аман болсын ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі.
Молшылықтың жаршысы бола білді,
Алтын күз-ырыс, береке, ала келді.
Армысыздар балабақша ұжымы, ата-аналар, қадірлі қонақтар!
**«Алтын күз»** атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!
Ертеңгілігімізді бастамас бұрын балалардан неліктен күзді **«Алтын күз»** дейді. Соған тоқтала кетейік.
**Тамерлан:**
- Күз маусымының алғашқы айы-қыркүйек. Ол ерлік пен еңбек айларының бірі. Қойма алтын астыққа толы.
**Мариям:**
-Күз маусымының екінші айы-қазан. Бұл ай өте берекелі, көкөністерді жинап алатын, берекесін қуаныштайтын мереке айы.
**Д Ибраһим:**
- Күздің соңғы айын қазақтар қараша дейді. Қараша десе дегендей, айнала қоңырқай тартады. Ағаштар жапырақтарын түсіріп, қара суық түсіп, қыс демі сезілетін кез.
**Жүргізуші:**
Балалар жеміс-жидектерді, көкөністерді қай мезгілде жинап аламыз?
Ендеше Алтын күзді ортаға шақырайық!
Сары жібек көйлегін желбіретіп
Жапырағын ағаштардың селбіретіп
Тойға бөлеп елімізді күзім келді
Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп.
**Алтын күз:**
Сәлем менің достарым,
Өмірге көп қосқаным,
Күз сыйлығын алыңдар
Сыйлығына қаныңдар.
Молшылыққа кенеліп,
Шаттық әнге салыңдар.
**Жүргізуші:** Алтын Күз! Біздің балалар сізді асыға күтті.
**Алтын күз:** Рахмет! Балалар сендер бүгін қандай әдемісіңдер, көңіл күйлерің де жаксы екен,
**Жүргізуші:**
Ән салыңдар күліңдер
Жайнап гүлдей жүріңдер.
Күздің тойын тойлайық
Әндетіп бір ойнайық.
**Ән «Күз келді сары ала»**

**Алтын күз:** Мен сендерге жай келген жоқпын, жұмбақ, ойындарымды ала келдім. Ал, енді 1-2 жұмбақ жасырайын жауабын тауып көріңдер.

1. Таңмен көзін ашады

Әлемге нұрын шашады (Күн)

2. Сырты жасыл қатты,

Іші қызыл тәтті. (Қарбыз)

- Жарайсыңдар балалар.

**Жүргізуші:** Алтын күз, біздің балалар, тақпақ айтып, билеуді де біледі, солай ғой балалар
**Алтын күз:** Олай болса кәне көрейік
**Жүргізуші:** Балалар күзде жеміс-жидектер, көкөністер, астық піседі. Барлығы мол болады. Сондықтан алтын күз — жомарт күз дейміз. Алтын күздің құрметіне өлең шумақтарымызды айтып берейік.

**Тәуекел:**
Жапырақтар сарғайды,
Желпілдеп түседі.
Сарғайып айнала
Түрлі-түске бояйды
**Құралай:**
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ,
Ой, алақай, тамаша,
Шашу шашты жапырақ
**Қ Ибраһим:**
Сап - сарығып даланы
Бояпты ғой күз деген
Құстар қанат қағады.
Қоштасқандай бізбенен.
**Ж Раяна:**
Күздің сыйын алайық
Қызығына қарайық
Күзге арнап бәріміз
Әнімізді салайық.
**Алихан:**
Құстар қайтты ән салып
Бұлт шарлады аспанды,
Қыс келеді жар салып
Күзгі суық басталды.
**Алдияр:**
Өлкемізге өйткені
Жомарт күздің келгені
Бар аймақты жапырақты
Алтынға бояп бергені
**Жүргізуші:**
Аққудай қалықтаған көл бетінде,
Теңіздей толықсып тербетіле.
Қол соғып қарсы алыңыз бишілерді,
Шығады өнерлерін көрсетуге, - дегендей қыздарымыздың биін тамашалаңыздар.
**Би: «Көңілді жігіттер»**

(Көкөністер мен жемістер айтысы)
**Жүргізуші:**
Өнім биыл тамаша! Көз тоймайды қараса:
Сәбіз, картоп, қияр мен қып-қызыл піскен қызанақ,
Қырыққабатқа қарашы!
Көкөністер мен жемістер жиыла қалып дауласты.
**Көкөністер мен жемістер:**
Жиналып қаппыз бәріміз,
Қайысымыз ең дәмдіміз?
Ішімізден адамға,
Тиеді екен пайдамыз?
**Аяжан: Бұршақ**
Кішкене түймедеймін мен,
Ұнаймын мен бәріне!
Дәмді тағамдарыммен
Сый жасаймын бәріңе!
**Ислам: Қырыққабат**
Мақтанғаннан не пайда?
Менсіз дәмді щи қайда?
Мені қосса самсаға,
Бәрі жейді тамсана!
**Жасұлан: Сәбіз**
Кім бар сәбіз шырынын
Жастайынан ішпеген?
Мені жеген адамдар
Кем болмайды күшке де!
**О Ернұр: Қияр**
Дәмім тілді үйірген
Мен тұздалған күйімде!
Жаңа піскен кезімде
Жейді бәрі сүйсіне!
**Інжу: Қызанақ**
Піскен кезде қызанақ;
Көз тартар қызыл түсімен.
Бар ма адам сүйсінбей
Томат шырын ішпеген?
**О Раяна: Шалқан**
Кім білмейді шалқанды?
Талайлар маған таң қалды.
Бәріне сый боламын,
Тауыпкөр менен дарханды.
**Медина: Өрік**
Өрікпін мен, өрікпін
Бау-бақшаға көрікпін.
Баптап мені күткен соң,
Талды бойлап өріппін.
**Ерсұлтан: Пияз**
Боламын мен дәмдеуіш,

Барлық-барлық тағамға.
Көкөністер ішінен
Мен пайдалы адамға.
**Мейірім: Шие**
Шиемін мен, шиемін
Піскенше тон киемін.
Бала келсе қасыма,
Басымды мен иемін.
**Эльдар: Картоп**
Мен ұялшақ картоппын
Мен емеспін мақтанар
Мені жақсы көреді
Үлкендермен балалар!
**Көкөністер мен жемістер:**
Жиналып қаппыз бәріміз,
Қайысымыз ең дәмдіміз?
Ішімізден адамға
Тиеді екен пайдамыз?
**Жүргізуші:**
Бос айтысты қояйық, дауласуды тоқтатайық.
Көкөністер бәрі де,
Денсаулыққа пайдалы
Мұны жатқа біліңдер,
Оларды жақсы көріңдер!
**Алтын күз:** Өте жақсы балалар, енді ойын ойнап көрсек қалай қарайсыңдар
**Ойын «Жаңбыр тамшылары»**
Ендеше ойын шартымен танас болыңыздар. Ортаға 3 ана керек, оның балаларын шақырамын. Бала бір қолымен қол шатыр ұстап, анасы баласының екінші қолынан ұстап, бос қолымен шелектегі жаңбыр суын қасықпен стаканға тасып толтырасыз. (Ойын ойналып, жеңіске жеткен ана сыйлық алады.)
**Жүргізуші:**
Береке бақ дарыған
Жомарт көңіл жарқын жаз
Сары алтынға малынған
Жетті міне алтын күз, - демекші ұл-қыздарымыздың керемет биіне кезек береміз.
**Би: «Қолшатыр»**
**Жүргізуші:**
Күздің сыйын алайық
Қызығына қарайық
Күзге арнап бәріміз
Әнімізді салайық.
**Ән: «Осень в гости к нам пришла»**
**Жүргізуші:**
Біздің дала бай дала
Алтын астық айнала
Жасады той халқымыз.
Жаса, жаса, алтын күз, - келесі балаларымыздың өлең шумақтарына берейік
**Әділ:**

Дала сары киінді,
Самал соқты салқындау.
Қырмандарға үйілді,
Алтын астық-алтын тау.
**Рамал:**
Астық жеміс жиылды
Алдық өнім сыйынды
Ардақты куз, мың алғыс
Қамбамызға құйылды
**София:**
Алтын, сары, қызыл көк
Алуан-алуан жапырақ,
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.
**Б Ернұр:**
Қыркүйек келіп, күз келіп
Шопан көшті күздеуге
Мектепке бет түзедік
Гүл құшақтап біздер де. – нағыз жігіттеріміздің биін тамашалаңыздар
**Би: «Күзгі жапырақтар»**
**Алтын күз:** балалар сендермен тағы бір ойын ойнайық.
**Ойын: «Сиқырлы орамал»**
-Қане, шеңбер құрайық, Билеп-билеп алайық. Шыр етіп бір айналып, Көзімізді жұмайық. Балалар көздерін жұмып тұрғанда күз ханшайымы ортаға орамал жабылған себетті қояды.
-Ал балалар енді бұрылып қарайық.
Орамалды ашайық,
Астында не, қарайық?
Бұл не?
Себет қой!
Себеттің бетін жапырақтар жауып тұрады.
Екінші рет ойналғанда, себеттің ішінде алмалар болады.
**Жүргізуші:** Ия балалар бұл алмалар сендерге Күз ханшайымының сыйы! Балалар алғыстарын айтады.
**Алтын күз:** Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер. Рахмет, балалар, маған мереке қатты ұнады. Ал енді менің орманға баратын уақытым да болды, Сау болыңдар балалар! Келгенше жыл айналып, аман болыңдар!
**Балалар:** Алтын күзбен қоштасады.
**Жүргізуші:**
Қош бол Алтын күз!
Берекелі бақ – дәулет,
Арта берсін тойланып.
Сау болайық, әлеумет,
Осымен, Алтын күз мерекесіне арналған ана мен баланың сән үлгісіне кезек берейік, Қошеметпен қарсы алайық.
**«Айгөлек – Ай»** балабақшасының меңгерушісі Куаныш Кашкынбаевнаға
(керемет киінген ана мен балаға сыйлық және мадақтама беру.
Тамашалағандарыңызға рахмет!
Әр күндеріңізге сәттілік тілейміз!



**Ақтөбе қаласы.МКҚК №52 «Құлагер» балабақшасы**
**Тәрбеші: БАЛГУЖИЕВА ГУЛЬГУЛЬ БАЗАРОВНА**

**“Дарындылық іс - әрекеттің белгілі бір саласында ерекше бір жетістікке жетуге жағдай жасайтын, адамның қабілетті дамуының жоғарғы дәрежесі”**

**Кіріспе**

Дарындылық көптеген балалар үшін, ата-ана мен мұғалімдер үшін әлі де жұмбақ күйінде қалып отыр. Қалың көпшілік қауым үшін маңызды проблема болып, ең алдымен оның шынайы байқаулары, анықтау тәсілдері, дамуы мен әлеуметтік жүзеге асуы табылады. Дарынды балалар жөніндегі бүгінгі қамқорлық бұл ертеңгі ғылым, мәдениет пен әлеуметтік өмірдің дамуы туралы қамқорлық. Қазыргі таңда мұндай ерекше балаларды, анықтау тәсілдері, өз қабілеттерін жүзеге асыруға көмек беру бағдарламалары бар. Дегенменен, дарынды және талантты балаларды анықтау және дамыту проблемасы бүгінгі күні де бар, балалардың өз дарындылығы мен оны шығармашылық тұрғыда жүзеге асыруда жеке жауапкершілікті түсінуіде әлі де проблема бар. Балалардың дарындылығы мәселесімен шетелдік және отандық психологтар айналысты. Шығармашылық дарындылық психологиясы саласы бойынша ауқымды зерттеулер жүргізілгені белгілі. Ол американдық психологтар. Ал психологтар Дж. Кэрол мен Б. Блумның идеялары негізінде дарынды балаларды әдістемесі жасалынды.

**Негізгі бөлім**

Әр адам балалық, жасөспірім және жастық шағынан бастап, өмірде үлкен жетістіктерге жетуді армандайды. Жасөспірімдік шақ – бұл ізденіс, үміт кезі. Көптеген балалар ерте кезден бастап, әртүрлі іс-әрекет түрлеріне қабілеттілік білдіреді (сурет салады,билейді, музыкалық аспаптарда ойнайды, ән айтады т.б.). Бірақ уақыт сайын, бұл қабілеттіліктердің көрінісі бәсеңдеп, жас кәсіпкерге айналады. Қазіргі кездегі жаңа әлеуметтік – экономикалық жағдай бойынша, кәсіпкерлік іс-әрекетте табысқа жалпы және әдейі қабілеттің ең болмағанда аз ғана бөлігімен, білімділікпен, шығармашылықпен қамтамасыз етілгенде ғана жетуге болады. Сондықтан балалар алдында, сонымен қатар, ата-аналар, мұғалімдер алдында да жаңа міндет тұр, яғни жеке тұлғаның потенциалды мүмкіндіктерін зерттеу, дамыту және осының негізінде баланың болашағын анықтау. Әр түрлі іс-әрекеттерге байланысты адам қандай да қызметті орындауы қажет және сол істің тиімді нәтижесін қамтамсыз етуге жәрдем беретін сапаларға ие болуы тиіс. Мұндай дара психологиялық ерекшеліктер міндетті түрде, бір жағынан, өзіндік психикалық табиғатына ие болудан, екіншіден әркімде өз алдында, қайталанбас көрінісін жеке адам қабілеті деп атаймыз. Адам қабілетіндегі айырмашылық іс-әрекеттің нәтижесінен, яғни оның сәттілігінен не сәтсіздігінен байқалады. Қызығушылық – адамда абъективтілікті жан-жақты бейімділік – накты іс-әрекетті орындауға талпыну, қызығушылық пен биімділік сапаларының үнемі өзара үйлесім тауып, бір бағытта тоғысып отыруы мүмкін емес. Оған түрлі жағдайлар себепші, мысалы, адам көркем өнер туындыларын тамашалуы ықтимал, бірақ ол осы саладағы өнер түрлерімен шұғылдануға бейімсіз болуы мүмкін. Дегенмен, белгілі бір іс-әрекет түріне қабілеті бар адамдардың қызығушылығы мен бейімділігі бір-бірімен үйлесім таба алады. Іс-әрекетпен айналысқанда адамның табысқа жетуі үшін қабілет, қызығушылық, бейімділіктен тыс оның мінез-құлқында келесі сапалық көріністер болуы қажет: ең алдымен-еңбек сүйгіштік, табандылық, батылдық. Бірақ осындай ерекше қабілеті бар адамның өзі де айтарлықтай өнімге қолжеткізе бермейді. Негізі, адам өзінің іс-әрекетін, жеке басына сапаларын айқын ажырата аларлық деңгейде болуы керек. Адам қабілеттілігінің даралық ерекшеліктеріне дарындылық, шеберлік, талант, данышпандық, шабыт кіреді. Әр түрлі іс-әрекеттер аймағына қажет білім, ептілік-дағдылар бірлігін жеңіл әрі нәтижелі игеруді қамтамасыз етуші жалпы қабілеттер ерекшелігін дарындылық деп атайды. Дарындылық әрбәр адамның ақыл-сана, оқу шығармашылық, көркем-өнер, адам аралық қатынастар түзу және психомоторлық қызметтерінде көрініс береді. Дарынды адамдарға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу; мұндай тұлғалар, сонымен бірге, мақсатқа

жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбекте шаршап-шалдығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллектік деңгейі жоғары. Өз қызығуларыбағытында дарынды адамдар қайтпас қажырлық таныта алады. Бұл қасиеттің адамдағы көрінісі 2-3 жасар баланың бір іспен үзбей шұғылдана алу уақыты, басқа қатарларымен салыстырғанда әлдеқайда ұзақ болады. Дарынды бала өзін қызықтырған іспен бірнеше сағат шұғылданып, қажет болса оған бірнеше күндер бойы қайта оралып, көздегеніне жетпейінше, әрекетін тоқтатпайды. Дарындылық дәрежесінің артуы қажетті білімдер мен ептілік, дағдыларды игеріп, жетілдіріп дамытуға тікелей тәуелді. Дарындылықтың өзіндік ерекшелігі ең алдымен қызығушылық бағдарға байланысты. Осыдан, біреу математикаға құмар, екінші – тарихқа және біреулер – қоғамдық жұмыстарға, лидер болуда өз дарындылығын іске қосып, оны Нақты іс-әрекетте кейін дамыта түседі. Дарынды балалар жалпы және арнайы дарындылығын (музыкаға, сурет, техникаға т.б.) байқатқан балалар. Дарындылықты ақыл-ой дамуының қарқыны бойынша басқадай жағдайлар бірдей болғанда баланың өз құрдастарының озықтық дәрежесі бойынша диагностикалау қабылданған(ақыл-ой дарындылығы тестері осыған негізделген). Мұндай көрсеткішті асыра бағалауға болмайды, өйткені ақылдық шығармашылық жағының бірінші дәрежелік маңызы бар. Басқалардан бұрын балалардың көркемдік дарындылығын (музыка саласындағы, одан соң сурет салуда) байқауға болады. Ғылым саласында бәрінен гөрі математикаға дарындылық тезірек байқалады. Олардың ақыл-ойының кемеңгерлігі сонша — оларды байқамау мүмкін емес. Мұндай балалар 3-4 жастан оқуды, жазуды, сызуды үйренеді де, өсе келе белгілі бір ғылым түрлерімен шұғылданады.

**Қорытынды**

Ғалымдар дарындылық ұғымын қаншалықты зерттесе де, осы күнге дейін оның тұрақты анықтамасы жоқ. Дарындылықтың пайда болу туралы көзқарастар да әр түрлі екенін анықтадық. Бүгінгі күнде дарындылық мәселесі түбегейлі шешілмеген, және дағдырысы мен дарындылық табыстылығы арасында қарама-қайшылық бар. Дарындылық нәресте шақтан пайда болады, ол үнемі дамытуды қажет етеді. Арнайы ұйымдастырылған оқыту процесінің өзі оқытушы мен дарынды оқушының арасындағы түрі жағынан бірлескен-диалогтық, ал мазмұны жағынан танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға болады. Осыған байланысты дарынды баланың жеке тұлғалық дамуы жүреді. Қабілетті біріккен іс-әрекет контекстінде субъект – убъект қатынасы ретінде қарастыру ғана, нышандардың дарындылыққа айналу механизмдерін

түсіндіруге көмек береді. ХХ ғасырдағы білім беру дарынды балаларды айқындау мен диагностика ұйымдастырудың жаңа жолдарын талап етеді. Баланың дарындылығын айқындау, дамыту мәселесі нақты көрінетін, баланы қарқынды физиологиялық, интеллектуалдық шағына сәйкес келетіндігін, әрі этникалық аспектіге негізделетінін білдік. Дарынды баланың психикалық даму деңгейін анықтап, жалпы және арнайы қабілеттілігінің даму мүмкіндіктерін аштық. Дарынды баланың дамуындағы кедергілер анықталды. Дарындылық мәселесі әрі қарай зерттеуді қажет етеді. Бұл көпжақты, көп құрылымды, көп сипатты мазмұнды да, мәнді де, құрылымы мен даму бағыт-бағдары әлі де көптеген ізденістерді қажет ететін, шеті табылмаған жұмбақты құбылыс пен процестің бірі болып табылады. Әдебиеттерге шолу жүргізу, бізге дарындылық мәселесін әр түрлі көзқараста жүргізуге көмектестіү берілген жұмыста дарындылықтың оқушыларды қалыптасуы мен дамуына көңіл бөлінді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Messaget.kz «Дарынды балалар» мақаласы.
2. Abai-gymnazium.edu.kz «Дарынды балалар» бағдарламасы
3. kk.wikipedia«Дарындылық»
4. articlekz.com «Қабілеттілік психологиялық құбылыс ретінде»



**БАСЖАНОВА ЗИНЕШ КЕНЕСОВНА**

**"Бәйшешек" бөбекжай-бақшасы КМҚК**

**Тәрбиеші**

**Атырау облысы Жылыой ауданы Майкөмген ауылы**

**Тақырыбы: «Әжелер даналығы»**

**Мақсаты:** Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу. Әже тәрбиесін үлгі ету, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Бесік жырын құлаққа сіңіре өскен бала болашақта өз баласына да махаббатын бере алады.

**Көрнекілігі:** Іс-шара барысында әсем әнмен, шарлармен безендірілген сахна, ақ жаулықты әжелер тәрбиесінен нақыл сөздер, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар арнауынан үзінділер.

**Жүргізуші:**Өмірдің иесі сен, ғазиз Ана.
Келтірген дүниеге нелер дана.
Анасыз батыр да жоқ, ақын да жоқ,
Өмірдің алтын кілті сонда ғана.

Армысыздар құрметті қонақтар, әжелер, аналар,бүгінгі «Тәй-тәй» ерте жас тобының «Әжелер даналығы» атты іс-шарамызға қош келдіңіздер!

**Жүргізуші:**Ананың әр бір сөзі , ой талабы,
Жүректің тереңінде сақталады
Өсеміз елін сүйген ұландар боп,
Ардақты ана еңбегі ақталады -деп, «Ана туралы жыр» әнімен ашайық деп барлығыз осы бір әнді айталық. **Әлдейлеп** аялап деп басталады

**Жүргізуші:**Ақ сүт берген аналардың анасы – әже әрқашанда балалық балдәуреннің басы- қасында болатын ақылшы, тәрбиелеуші. Әжелер өнері,

әжелер мектебі, олардың өнегесі –бүгінгі қоғамда баға жетпес байлық, бойға тереңнен сіңіретін тәрбие құралы.«Жан жүрегім, жарығым» деп әже немересін, шөбересін жүрегіне теңейді, өмірден жиған барлық ғибратын бүлдіршінді тәрбиелеуге арнайды. Ата жолын қусын деп адал еңбекке, мейірімді болсын деп қайырымдылыққа баулиды. Әженің әңгімесі мен ертегісін тыңдау, өнегесін үйрену, ақылын жадында тоқу-ұрпақ міндеті. Ол киелі, қасиетті, ардақты жан.

Ал енді, әжелеріміздің қадамы құтты болсын деген ниетпен әжелерімізді таныстырып өтейік.

1. Ауылымыздың үлгілі отбасының отанасы «Сырлы әже» атанған Ізбергенқызы Сантөре әжеміз

2. Ауылымыздың ардақты, он саусағынан өнер тамған «Алтын оймақты әже» атанған Жұмақшамқызы Аққағаз әжеміз.

3. Ауылымыздың аналар алқасының мүшесі, еңбекқор «Өнерлі әже» атанған Әбдірқызы Сәнім әжеміз

4. Балабақшамыздың ақылшысы «Білгір әжесі» атанған Қалиқызы Жазира әжеміз.

5.Балабақшамыздың «Мейірбан әжесі» атанған Байтанқызы Қалдыбике әжеміз

6. Балабақшамызға «Бұлбұл әнші» атанған Тұрашқызы Қаламқас әжеміз

Әжелерімізді құрметтеп,қошеметтеп отырайық.

**Алтын әжелерім! Осы бір өлеңімнің жыр шумақтары өздеріңе арналады.**

Қай кезде де немеренің амандығын ойлаған,
Жыламасы үшін оған қатаң шектеу қоймаған.
Мейірімін, даналығын әжеміздің бүгінде,
Өткен уақыт, ауыртпалық титтей болсын жоймаған.

Әже сізге алғысымды жеткіземін өлеңмен,
Сізді үнемі асылдардың асылындай көрем мен.
Жүзіңізді басса дағы картайтатын әжімдер,
Сөзіңізден сол баяғы жылулықты сезем мен.

Асыл әжем ұзақ біздің болыңызшы ортада,

Туған туыс, немерелер алыс жерде болса да,
Сіздің аман жүргеніңіз бізге үлкен күш береді,
Сізбен ғана қиындыққа күш береміз тойтара.

Әрқашан да есте болсын, ағайын жұрт, балалар,
Әжелер ғой бізді ойлап, ақыл айтар даналар.
Құрметтейік асыл дара әжелерді қашан да,
Сөз айтпайық өте қатты жүректерін жаралар.

**Жүргізуші:**Әже біздің күніміз,
Әженің біз гүліміз.
Балаларды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз,-дей отырып, әжелерімізге сөз кезегін береміз! (Әжелер сөйлейді)

Ас ішіп болған соң «Жақсы сөз, жарым ырыс»-бата беру

**Жүргізуші:** Осымен бұл қызықты тамамдасақ,
Бұл жайды айтамыз ба жаман болсақ.
Үйрендік білмегенді осы жолы,
Тағы да үйренеміз аман болсақ-дей отырып, сырға толы әңгіме шертетін, әжелеріміз аман болсын дейміз. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз.

Келесі кездескенше аман сау болыңыздар!




әжелер


әжелер

**№19 Раушан бөбекжай бақшасы**
**Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені**

**БАТЫРХАНОВА ЫРЫСКҮЛ ӘБДІЖАППАРҚЫЗЫ**

## Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық –кеңістікті дамытушы орта

*«Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойын, ертегі, ән, сурет, қиял және шығармашылық әлемінде, өмір сүруі керек. Бұл әлем баланы қоршап алуы қажет…» В.Сухомлинский*

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану немесе педагогикалық үрдісті жүзеге асыруға қажетті уақыт пен кеңістік жағынан жүйелі ұйымдастырылған, қажетті заттармен, ойын құралдарымен жабдықталған эстетикалық, психологиялық-педагогикалық шарттардың жиынтығы. Бұндай ортада бала белсенді танымдық, шығармашылық іс-әрекетке қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялы, ақыл-ой және бейнелік қабілеттері, қарым-қатынас жасау дағдысы дамиды, ең бастысы, үйлесімді тұлға дамуы жүзеге асады.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді.Сонымен қатар дамытушы орта баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, оны бойына сіңіруіне септігін тигізеді, мектеп жасына дейінгі балаға өз қабілеттерін сезіну және қолдануға мүмкіндік береді, өз қабілетін, шығармашылық шешімдер қабылдай алу дағдыларын дамытады.

Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта баланы әрекетке ынталандырады, оны тұлға ретінде дамытады, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал етеді. Осылайша, заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

— қауіпсіз;
— қолжетімді;
— әртүрлі;
— мазмұнды;
— көп атқарымды;
— өзгермелі;
— тартымды болуы тиіс.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1) ерте жас тобында және кіші топта: 17 танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта: дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

3) ересек және мектепалды даярлық топтарында: дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

Сонымен қатар, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын материалдарын толықтырып отыру қажет. Көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын жүзеге асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Тәрбиелеу — білім беру жұмыстарын тәрбиешілер мен жеке мамандар бірігіп жүргізеді.Осындай жұмыс нәтижесінде баланың жан-жақты дамуында баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтың кәсіби деңгейін көтеруде және психо-педагогикалық мәдениетілігін арттыру,ата-аналармен жұмыстың жаңа формаларын пайдалану арқылы міндеттерді сәтті шешуге көмегін тигізді.

Заттық-дамытушы орта мынадай психологиялық-педагогикалық өлшемдерге жауап беруге тиісті:

- баланың психикалық даму деңгейіне сәйкестігі;
- жүйелілігі;
- көп функциялылығы;
- баланың шамасына сай болуы;
- трансформациялануы;

мазмұны бойынша және функционалдық міндеттері бойынша вариативтілігі.

Заттық ортаға қойылатын бастапқы талап — оның дамытушылық сипаты. Ол балабақша бөлмелерін, сондай-ақ учаскені заттық кеңістікте ұйымдастыру арқылы баланың мүделері мен қажеттіліктеріне, ал олардың элементтері (құрал-жабдықтар, ойыншықтар, дидактикалық материал т.б.) баланың дамуына қызмет етуге тиіс.

Тәрбиешілеріміз балалардың бойына қайырымдылық пен сүйіспеншілікті, адамгершілік пен ізгілікті, парасаттылық пен мейірімділікті қалыптастыру,олардың денсаулығын қорғау және нығайту, салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру, әрбір балаға балдырған шақ кезеңін қуанышты да, мазмұнды өткізу мүмкіндігін беру мақсатында жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып: «Зерек бала», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы», «Өзін-өзі тану» эстетикалық тәлім-тәрбие беру бағдарламалары мен жұмыс жүргізеді. Бұл бағдарламаларда балалардың психикалық дамуына көп көңіл бөлінген. Сонымен бірге балалардың өз тобында өзара байыпты, сыйластық қарым-қатынастарын қалыптастырудың тиімді технологиялары әзірленіп ұсынылған.

Балалардың заттық-дамытушы орталықтарына ерекше көңіл бөлінеді. Әсіресе серуен алаңдары мен аулаларға жаңа үлгідегі әткеншектер, карусельдер, ойын алаңдары, жаңа көшеттер, құммен ойынау алаңдары, сырғанақтар , болған дурыс. Әрине, мұның барлығы балалар үшін, олардың қуанышы үшін жасалынып жатқан жұмыстар.

Кеген ауданы, Тасашы ауылы, Тасашы орта мектебі

Ағылшын тілі пәні мұғалімі

**БЕКТЕМИСОВА КУРАЛАЙ САТЫБАЛДИЕВНА**



**«Білім беру үрдісінде заманауи CLIL әдісінің элементтерін пайдалана отырып ағылшын тілін үйрету»**

Бүгінгі таңда ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілікпен қатар, көпмәдениеттілік те жаһандық білім беру қауымдастығының тануынша білім беру саласының негізгі құзыретті әрі жаһандық білім кеңістігін қалыптастырудағы басты бағыттарының бірі болып саналады.

90 жылдары Еуропада көптілді дамыту саясатының аясында CLIL (Content Language Integrated Learning - Пән және Тілді Кіріктіріп Оқыту) әдісі әзірленген.«CLIL» терминін 1994 жылы ғылыми айналыска Девид Марш енгізді. Мұндай *оқытудың мақсаты* бір уақытта оқытылатын пән мен тілді оқыту болып табылады, яғни мұнда тіл оқу объектісі ретінде емес, басқа пәндерді білу құралы ретінде қарастырылады.

CLIL әдістемелік тәсілдің 4C (DoCoyle, 2008) деп аталатын төрт негізгі аспектілері бар:

***Content***(мазмұны) – бұл ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыратын пәндік аймақтағы білім, іскерлік, дағды; ***Cognition*** **(таным)** танымдық және ойлау дағдыларын дамытуды жүзеге асырады; **C*ommunication*** **(байланыс)** коммуникативті құзырлықтарды қалыптастырады; ***Culture*** **(мәдениет)** – мәдениет тілін меңгеріп, әлемді тану жолдары мен мәдени құзыреттілігін дамыту аспектісі болып табылады.

CLIL әдісі бойынша ***күтілетін нәтижеміз*** **-** сабақты ағылшын тілінде жүргізу метапәндік байланыстарды қамтамасыз етеді және жаңа білім беру стандарты принциптерін дамытуда практикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді, атап айтсақ, мәдени хабардарлығын, интернационализациялау, тілдік құзыретін дамытады, тек оқуға ғана даярлығын емес, сонымен қатар жаңа білімін өмірде қолдана білуге және сәйкесінше өмірлік дәлелдемесін көтеруге жетелейді.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – білім сапасын көтеру құралы. Былтырғы оқу жылында CLIL пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы бойынша аудандық білім бөлімінің сұранысына сай біліктілікті арттыру курсынан өтіп, CLIL бойынша халықаралық деңгейдегі TKT CLIL емтиханын тапсырып, екінші деңгейлі Band 3 сертификатына ие болдым. мен де оқушыларымның пәндік білімін өз пәніммен ұштастырып келемін. Қазіргі таңда жәй сыныптардың тақырыптары осы биология, география, тарих және т.б. пәндермен байланысып келген орайда CLIL элементтерін қолданып отырмын. Атап айтсақ, “Flora and Fauna of Kazakhstan”, “Great Britain”, “Discovery of America” т.с.с. тақырыптарды әдеттегідей қарапайым өткізбей, оқушылардың қызығушылықтарын ояту мақсатында түрлендіріп өткізген әлде қайда тиімді. Әсіресе, география пәнімен байланысты тақырыптарды өткізу маған да, оқушыларыма да қызық. Оқушылар өзге елдер туралы бейнероликтер көріп, оған талдау жасап, өзге елдермен салыстырғанды әрі картамен жұмыстанғанды жақсы көреді.

<table>
<tr><td colspan="2">Pre-reading task</td></tr>
<tr><td>Teacher'sactivities</td><td>Learner'sactivities</td></tr>
<tr><td>T gives a mind map to elicit learners' knowledge<br><br>World around us<br>↙ ↘<br>Natural Man made</td><td>Learners come one by one and add words they choose from the box (ready printed words/pictures from the groups natural/man made). If they do not know, they ask for help others or a teacher may help.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Post-reading task</td></tr>
<tr><td>After reading the text, T gives some tasks according to the text.<br>Complete the table with the words below:<br>a car, a tree, a goat, a pencil, a paper, a rose, a shoe, an ipod, a book, an eagle,a worm, a rock, a dvd, a potato, a shark<br><table><tr><td>Living things</td><td>Nonliving things</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td><td>Learners work together and choose the correct answer – is a thing living or not living; later they should decide either it is natural or man-made and add initial letter N – MN.<br>Learners work together with the teacher´s support try to discuss how a man influences nature, what the differences between living, not living and man-made things are – summarising e.g. what living things need – energy, breathe, movement, reaction – the teacher should illustrate/mime…</td></tr>
</table>

*Пән мен тілді кіріктіріп оқыту сабағында* уақыттың көп бөлігі мәтінмен жұмыс істеуге берілсе де, мүмкіндігінше тілдік дағдылардың барлық түрін қамтуымыз керек. Оқу материалын таңдау кезінде оқушылардың тілдік дайындық деңгейлеріне сай, стильдері әр түрлі түпнұсқаға барабар мәтіндерді іріктеу қажет. Мәтіндер шағын бөліктерге бөлініп, суреттермен, схемалармен, карталармен қоса берілсе, оқушылар тез қабылдайды. Мәтіндер *мәтінге дейінгі оқу (prereading)* және *мәтіннен кейінгі оқу (postreading)* тапсырмаларынан тұруы тиіс. Ол тапсырмалар *тілдік* дағдыларды ғана емес, сонымен қатар *танымдық дағдыларды* да қалыптастырады. Материалды мәтіннен кестеге енгізе отырып, оқушыларым мәліметтерді іріктеуді үйренді және негізгі мәліметті қосалқы мәліметтерден бөліп қарастыру түсінігі қалыптасты.

Мысалы, "**World around us"** тақырыбында *мәтінге дейінгі оқу тапсырмасы ретінде* оқушылардың пәндік білімін қайталау мақсатында диаграмма бердім.*Мәтіннен кейінгі оқу* тапсырмаларының біріне: берілген жаңа сөздерді 2 топқа бөліп жазу; табиғатқа адамның ықпалы жайында ой қозғау,тб.

<u>Нәтижесінде:</u>

- Оқушы пәндік терминдерді жаттап қана қоймай, жаңа сөздерді топқа бөліп ажырата білді.

Сұрақтарға жауап беру арқылы сыни тұрғыдан ойлау қабілеті дамыды. Мен кәсіби даму мақсатымды оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру

негізінде ала отырып, топтық, жұптық жұмыстарды ұйымдастыру барысында әртүрлі формадағы тапсырмаларды дайындауды дағдыға айналдырдым. Тыңдалым мен айтылымға жиі қолданып жүрген тапсырма түрлері:

*Method "Scrambling words"*

Бейнеролик немесе тыңдалым жұмысын орындамас бұрын оқушыларыма алдын ала тапсырмасы бар көрнекілікті ұсынамын, себебі бір уақытта естіп әрі көру арқылы оқушыларым берілген тақырыпты 50% түсінетіндігіне көз жеткіздім.

| **Listening activities** | **Speaking activities** |
|---|---|
| Listen and label a diagram/ picture/map/graph/chart<br>Listen and fill in a table<br>Listen and make notes on specific information<br>Listen and reorder information<br>Listen and identify location/ speakers/places<br>Listen and label the stages of a process/instructions<br>Listen and fill in the gaps in a text | Question loops - questions and answers, terms and definitions, halves of sentences<br>Information gap activities with a question sheet to support<br>Trivia search - 'things you know' and 'things you want to know'<br>Word guessing games<br>20 Questions - provide language support frame for questions |

*Using method "Rank ordering" in CLIL*

| | |
|---|---|
| Art | 15 paintings from oldest to most recently painted |
| History | 15 events from most distant past to most recent past |
| Maths | 8 names of shapes from least number of sides to most number of sides |
| Music | 15 notes in order of appearance in a song |
| PE | 15 verbs in order of use in a sport |
| Biology | 15 parts of digestive system in the order they are passed by a piece of food |
| Physics | 10 words occurring in an electrical in order of the flow of current |

***CLIL әдісінің артықшылықтары:***

- тілдік құзыреттілікті және сенімділікті арттыру,
- оқытушы мен оқушы арасындағы мотивацияны көтеру,
- өз пікірін еркін жеткізу, ойлау қабілетін дамыту және мәдениет пән мәдениетаралық білімді дамыту.

«**Countries and capitals»** атты тақырыптағы сабағымды географиямен ұштастырдым:

| **Teacher's activities** | **Learner's activities** |
|---|---|
| Using the video "Do you know the continents?" Teacher explains about 6 continents and their names. After that talk about the geographical positions of these countries using the map. | Learners get the subject knowledge: know the continents, name them; know about their people and customs |
| **Practical skill:** Find these countries on the map + add more information what they know | Learners work with the map: show the countries, name famous people and well known things |

| | |
|---|---|
| | |

Нәтижесінде:

- Оқушылар картамен жұмыстану барысында ізденімпаздық қасиеттері дамыды;
- Өз ойларын ортаға сала білді.

Тағы бір қызық өткен **«Animals»** атты тақырыптағы сабағымды бейнелеу сабағымен ұштастырдым. Белгілі бір жануарды ауызша сипаттау арқылы оқушылар сол жануардың суретін салды. Бұл әдіс оқушының тыңдап түсіну қабілетін дамытады. Жай сурет салып қана қоймай, дене мүшелері мен сын есім, мекен үстеуін қайталау мақсатында жұмыс жүргіздім.

| **Teacher's and Learner's activities** |
|---|
| T reads out the description of the picture one line at a time and let learners draw what T describes. T might prefer to read the whole description once before Ls start to draw and then read one line at a time. T may need to read each line several times. Tell Ls not to look at each other's drawings until the end. |
| When the Ls have finished drawing, T tells them to look at each others' pictures.<br>Finally, T shows the class the original picture |
| Speaking and listening: give pairs of students new pictures and tell them to describe and draw, as above.<br>Writing: give students other pictures and ask them to write their own descriptions. |

Нәтижесінде:

- *Оқушылардың тыңдап-түсіну дағдысы дами түсті.*

*CLIL*-дің тиімді жақтары көп бола тұра, алайда *кемшіліктері де* жоқ емес:

- оқушылардың шет тілін меңгеруінің жетік деңгейде болмауы;
- өз ойын ортаға салудан қысылу;
- таныс емес пәндік терминдер;
- грамматикаға көп көңіл бөлінбеу.

8-сыныпқа «**Acid rains»** атты тақырыпта өткізген биология пәнімен кіріктірілген сабағыма келетін болсам, сабақта пәндік терминдер көп кездесті. Ұтымды жағы – судың қышқылын анықтайтын құрылғымен тәжірибе жасау болды. Нәтижесінде оқушыларымның қызығушылығы арта түсті.

| **Teacher's activities** | **Learner's activities** |
|---|---|
| Teacher explains the new topic with the use of video. | Students get information about acid rains. |
| **Reading (Jigsaw strategy)**<br>Teacher pre-teaches unknown words: contain, poison, smoke, power station. Then divides students into groups again: A,B,C and gives each group their corresponding text. | Students read the text and discuss it in new groups. Then return to their previous groups. Each student takes turn to explain their part of the text to the other group members. |

| | |
|---|---|
| Teacher tells students that they are going to explain the text to other members of the group. | Students should be encouraged to ask and answer questions to ensure understanding. |
| Teacher asks concept checking questions | Students answer the questions. |
| **Practical work**<br>Teacher tests the pH of the water (clean water and snow melt water) with the students. pH-equipment shows how acidic or basic the water is at the moment of testing. | Students test the water with teacher and compare. |
| **Test.** Teacher gives students a test to know how much they learned | Students choose the correct answer. |

Қорыта айтқанда, аталған тақырып бойынша жұмыс жасай келе, мен төмендегідей нәтижеге қол жеткіздім:

- CLIL бойынша іздене жүріп, өзімнің және оқушыларымның дүниетанымы арта түсті;
- әріптестеріммен іскерлік қарым-қатынаста болу педагогикалық этикамды жетілдірді;
- қазіргі білім беру жүйесіндегі реформаға тамшыдай болса үлесімді қосып жатырмын деп есептеймін.



**Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы**

**«Үстірт» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК тәрбиешісі**

**Бердибаева Талшын Бердибаевна**

**Асфальтқа сурет салу сайысы**

**Білім беру саласы:** әлеуметтік орта
**Тақырыбы:** «Анам, әкем және мен-тату тәтті отбасы»
**Мақсаты:** «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету;
балаларға өз отбасы мүшелері туралы айтып, олардың қамқорлықтары туралы білім беру,

| Әрекет кезеңдері | Педагогтың іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Ұйымдастыру кезеңі:<br>“Қайырлы күн” деп айтамыз,<br>Түсте бірге қайтамыз.<br>Отбасының гүліміз.<br>Көңілді өтер күніміз. | Балалар ұйымдастыру кезеңін қимылмен, іс-әрекетпен дене мүшелері арқылы көрсетеді. |
| Іздену ұйымдастырушылық | Күтпеген сәт: «Қонаққа Дымбілместің келуі».<br>Балалар қарандаршы бізге бүгін қонаққа Дымбілмес келіпті.<br>- Салеметсің бе Дымбілмес?<br>Дымбілмес:<br>- Сәлеметсіңдер ме? Балалар маған сендерден көмек керек. Білгішбек екеуіміз бәстестік. Егерде мен оның берген жасырған жұмбақтарын шешіп берсем, ол мені өзінің «Білгіштер» тобына қабылдайды. /жылайды/ Енді қайттім, мен қанша оқысам да басыма түк кірер емес.<br>- Дымбілмес жылама, Балалар не істейміз? Дымбілмеске қол ұшымызды береміз бе?<br>- Рахмет, балалар. Міне, Білгішбектің тапсырмалары: | Балалар аң-таң болып қарайды.<br>Салеметсіз бе.<br>Иә,көмектесейік.<br>Қол ұшымызды береміз. |

| | | |
|---|---|---|
| | 1-жұмбақ:<br>Кім отыр кәріміз,<br>Қуат берер дәріміз.<br>Әулиедей аялап,<br>Ардақтаймыз бәріміз!<br>2-жұмбақ:<br>*Кім менің асыл жан*<br>*Жақсылыққа үйретіп,*<br>*Жамандықтан шектейді.*<br>*Кімге ешкім жетпейді!*<br>3-жұмбақ:<br>*Кіміммenің ардақты*<br>*Алтыннан да салмақты*<br>*Қиын-қиын жолдардан*<br>*Қорықпаймын ол барда*<br>*Кім деген ардақты ат*<br>*Өтемін оны ардақтап.*<br>4-жұмбақ:<br>*“Кімім” – деп балаң жырын арнаған*<br>*Неге ғана естімеген тәтті үнін*<br>*Кімім менің – өмірдегі тірегім*<br>*Кімім менің – кеудемдегі жүрегім*<br>*Егер менің қасымда сен болмасаң*<br>*Бұл өмірде қалай ғана жүремін.*<br>Балалар біз жұмбақтың дұрыс жауабын таптық.<br>Дымбілмес:<br>- Рахмет балалар. Алақай, мен енді «Білгіштер» тобына қабылданам. Балалар сендер маған көмектестіңдер. Енді мен Білгішбекке барып жауабымды айтайын. Сау болындар.<br>- Балалар, біз кімдер туралы айтып отырмыз. Бір сөзбен қалай атаймыз?<br>- Өте жақсы балалар, отбасы мүшелері.<br>Отбасы - адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатады.Олар бізге осы дүниедегі ең жақын,бізді әркезде қолдап,қол ұшын беріп,көмектесетін,ақыл айтатын,жаман мен жақсыны,оңмен солды үйрететін ең жақын адамдар | Ата<br><br>Әже-<br><br>Әке-<br><br>Ана<br><br>Сау болыңыз.<br><br>- Отбасы,отбасы мүшелері. |

| | | |
|---|---|---|
| | Құрметті Ата-аналар! Ендеше сәздерге тапсырма «Бақытты отбасы «деген сқзді естігенде сіздерге канлай бейне елестейді. Жалпы отбасы деген үлкен ұуымды сурет арқылы сипаттап берсеңіздер.<br><br>Ата аналар балалармен бірге сурет салады.<br><br>**Қане балалар,біраз сергіп алайық.**<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Үйде нешеу екенбіз<br>Кел санайық екеуміз,<br>Бас бармағым әкем<br>Балаң үйрек анам.<br>Ортан терек ағам<br>Шылдыр шүмек мен<br>Кішкене бөбек сен<br>Бір үйде біз нешеуміз<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>Балалар сергіту сәтінде кімдер туралы айттық?<br><br>Иә, дұрыс айтасыңдар сендердің әрқайсыларыңның өз отбасыларың аналарың, әкелерің, апайларың, ағаларың, қарындастарың,і нілерің бар. Сендер оларды қатты жақсы көресіңдер ме?<br><br>отбасы мүшелерін айта отырып баларға суреттерін көрсету/<br><br>**Жылулық шеңбері**<br><br>Балалар бәріміз жулулық шеңбер құрып, атаналарың сендерге қандай жылы сөздер немесе еркелетіп айтатын сөздерін айту керексіңдер. Мысалы мен балама «күн шуағым» деп айтам.<br><br>- Міне, балалар қандай әдемі жылы сөздермен сендерді отбасыларың аялап айтады,біздің жылулық шеңберімізде жылы лебізбен толы болды. Ал, сендер өз отбасыларыңды қандай отбасы деп ойлайсыңдар? Жақсы сөздермен қорытындылайық. Сендердің ата –аналарың, туыстарың жандарында, ал сендер бақыттысыңдар ма?<br><br>Жақсы балалар, сендер ойынды өте жақсы ойнап шықтыңдар | Үйде нешеу екенбіз<br>Кел санайық екеуміз,<br>Бас бармағым папам<br>Балаң үйрек анам.<br>Ортан терек ағам<br>Шылдыршүмек мен<br>Кішкене бөбек сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>Балалар сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды.<br><br>Әке, аға, ана, әже, ата туралы.<br><br>Иә, жақсы көреміз. Қатты жақсы көреміз.<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| Рефлексивті-корригиялық | Ендеше баріміз бір дауыспен «Біз бақытты балалар»әнімен оқу қызметін аяқтайық. | - иә<br><br>Балалар көтеріңкі көңіл-күймен айтып береді. |

**№40 Зейнолла Қабдолов атындағы орта мектебі**
**Ағылшын тілі пәні мұғалімі**

**БОРАНКУЛОВА АСЕЛЬ ТУЛЕГЕНОВНА**



| **Unit of a long term plan: Our class** | | **Lesson 14** | |
|---|---|---|---|
| **Teacher name:Borankulova A** | | | |
| **Date: 4.10** | | | |
| **Grade: 6** | | **Number present:** | **absent:** |
| **Lesson title** | **Review. Unit 1 p.18**<br>**Summative assessment for the unit 1** | | |
| **Learning objectives** | 6.2.7.1 use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a range of general topics, and some curricular topics<br>6.4.1.1 understand the main points in texts on a growing range of unfamiliar general and curricular topics, including some extended texts | | |
| **Lesson objectives** | **Learners will be able to:**<br>Learn vocabulary for classroom objects<br>Learn the affirmative, negative and question forms of have got. | | |
| **Value links** | Open-Mindedness – An open-minded person is someone who is always willing to hear new points of view and even change their own point of view if new arguments are highly convincing. It's the opposite of stubbornness. | | |
| **Plan** | | | |

| Stages / Time | Teachers actions | Students actions | Assessment criteria | Resources |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *Start* | *Organization moment*<br>1.Greeting.<br>Ask about the weather.<br>**Pre – teach**<br><br>***Warm-up***<br>. Ask individual students questions using have got, for example:<br>Have you got a pet?<br>Have you got a bicycle?<br>• Write have got on the board and elicit that it refers to possession<br><br>***Lead - In***<br><br>Billy hasn't got a car.<br>Have they got bikes?<br>Yes,they have got<br>Has she got a CD player?<br>No, she hasn't | ***The wish flower"***<br>*method helps to start the lesson with good wishes to each other.*<br><br>**The aim:** To develop Ss speaking skills and create friendly atmosphere<br>**Efficiency:** By telling the wishes they show their appreciations .<br><br>Describe and imagine the pictures<br><br>*Students say different words from the picture* | At the organization moment T tries to award active Ss. ***«The praise»*** method is used to evaluate Ss with phrases like: "Good job! Well done!"<br><br>*Formative Assessment*<br><br>*Good job!* | *CD 1*<br><br>*Pictures*<br><br>*PPT* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Main part | **Ex: 1 P:17**<br>Complete the sentences and find the odd word<br><br>**Differentiation:**<br>**«Verbal support»** method is used to help Students use new words in the text.<br>**Listening for details :**<br>Students listen for groups of words and phrases at sentence level.<br><br>**Ex: 2 P: 17**<br>Students complete the words in the box<br>,<br>**Summative assessment for the unit 1**<br>Task 1.<br>Reading. Read the text about Lera's school and do the task.<br><br>Task 2.<br>Speaking<br>Answer the questions. | Students find the odd word<br>ANSWERS:<br>1 skiing<br>2 science fiction<br>3 cycling<br>4 website<br>5 programme<br>6 email<br><br>Students complete the words in the box<br>ANSWERS<br>1 mad<br>2 fan<br>3 good<br>4 especially<br>5 prefer<br>6 can' | **Assessment criteria**<br>Learn vocabulary for classroom objects<br><br>**Descriptor:**<br>- find the odd word<br><br>Peer assessment: answer key<br><br>**Assessment criteria:**<br>• Identify particular facts and parts in reading passage<br><br>**Descriptor:**<br>-read the about Lera's school<br>Make CCQ questions | Cards<br><br>Student's book<br><br>Worksheets |
| End | Home task:<br>Ex: 6 P: 18 WB | **"KWL chart"**<br>Know \| Want to know \| Learnt | | Poster<br>Success |



Атырау қаласы "Жалпы білім беретін

№37 С. Зиманов атындағы орта мектеп" КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

**МУРЗАГАЛИЕВА ГҮЛМАРА БАГИТЖАНОВНА**

**Сайыс тақырыбы:** «Зерде» интеллектуалды сайыс.
**Сайыс мақсаты:**

- Ойын арқылы сыныпта алған білімдерін тереңдете түсу;
- Ойын арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін, ой-өрістерін дамуты;
- Білімдікке, алғырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Сайыс барысы:**
**1-жүргізуші:** Құрметті ұстаздар мен оқушылар, қонақтар 3сынып оқушылары арасында «Зерде» интеллектуалды сайысына қош келдіңіздер!
**2-жүргізуші:**
Білімменен тәнті етеді тектілер,
Мұратына білім қалды жеткізер.
Бар ізгілік тек біліммен алынар,
Білімменен аспанға жол салынар..,- дей келе «Зерде» интеллектуалды сайысымызды бастайық. Бүгінгі сайысымызға 3 топ қатысады.
**1-топ «Алғырлар»**
**2-топ «Тапқырлар»**
**3-топ «Жүйріктер»**
**1-Жүргізуші:** Сайысқа қатысушылармен таныс болайық!
- Жүрегінде от,
Көздерінде жалын бар - 3 «А» сынып оқушысы Төлеген Шахмардан. Сынып жетекшісі Жиенбекова Айтгүл апай.
- Үлгілі тәртіп, жақсы оқу,
Алға қойған мақсаты - дей келе 3 «Ә» сынып оқушысы Дүйсен Нұриман Сынып жетекшісі Шарипова Улболсын
- Әрқашанда мектепте,
Шығып жүрген жақсы аты - дей келе 3 «Б» сынып оқушысы Құралбай Дінмұхаммед Сынып жетекшісі Едмухаммедова Дүзелжан
- Асып әсте саспайтын,
Батыл қадам бастайтын - дей келе 3 «В» сынып оқушысы Құрбанбай Айзере Сынып жетекшісі Эгембердиева Салтанат
- Еркін сөйлеп барынша,
Жарыстан сірә қалмайтын - дей келе 3 «Г» сынып оқушысы Хайбулла Заңғарбек  Сынып жетекшісі Нұрлыбаева Шырынгүл

- Естігенін естіп тұрып,
Оқығанын миға тоқыған - дей келе 3 «Ғ» сынып оқушысы Сабыр Арайлым. Сынып жетекшісі Әнетбаева Райхан
- Бүгінгі сайыста достарын,
Қашанда тапқыр бол деп ой салатын - дей келе 3 «Д» сынып оқушысы Аралбай Ұлжан Сынып жетекшісі Бокушова Салтанат
- Мен дайынмын жарысуға.
Барлығыңызға тілеймін сәттілік - дей келе 3 «Е» сынып оқушысы Кенесбай Аружан. Сынып жетекшісі Демешова Айман
- Бәрінен де білгір,
Бәрінен де тапқыр - дей келе 3 «Ж» сынып оқушысы Нүркебай Азамат. Сынып жетекшісі Тлеумбетова Райхан
- Әдепті де талапты
Сыныбының мақтанышы - дей келе 3 «З» сынып оқушысы Дәндібай Нариман.  Сынып жетекшісі Балмағанбетова Қымбат
- Сөзге шебер, білімді,
Деп мақтайды ұстазы - дей келе 3 «И» сынып оқушысы Берікбай Айгерім Сынып жетекшісі Мухамбетова Гулмира
- Ибалы, инабатты,
Жарыста ешкімнен қалыспайды - дей келе 3 «К» сынып оқушысы Омар Нурислам Сынып жетекшісі Эсенбаева Махаббат
-Ақылы да, білімі
Өзіне сай келеді- дей келе 3 «Қ» сынып оқушысы Меңдібай Маржан Сынып жетекшісі Сәрсенбаева Альфия
-Көрікті де, сөзге шебер» 3 «Л» сынып оқушысы Ильяс Рахымжан. Сынып жетекшісі Зейнуллаева Асем
-Тәртіпті де, тәрбиелі- 3 «М» сынып оқушысы Жанбаева Сезім. Сынып жетекшісі Бекходжаева Лаззат
**2-жүргізуші:** -Енді сайысымыздың кезеңдерімен танис болыңыздар!
**1. «Кім көп біледі?» кезеңі** 4 сұрақ қойылады
**2. «Мерген» кезеңі**
**3. «Тіл өнер» кезеңі**
**4. «Ойлы болсаң озып көр» кезеңі** (ұяшықтардағы сұрақтарға жауап беру)
**5. «Ойлан тап» кезеңі.** Жұмбақтар шешу.
**1-жүргізуші:** Кандай жақсы шіркін-ай дүниеде,
Өз салтымен қауышып, ашқан бағын
Шыққан бүгін бастауыштан балдырғандар
Ізденімпаз ішінен «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»
Кім жеңеді жеңісте үміт алда,
Қобалжу бар, жүректе күдік бар да
Әділқазы алқасы атыңды ақта.

Жүйректерге арман мен бақыт жолда! - дей келе, сайыскерлерімізді әділ бағалайтын әділқазы алқаларымен таныс болыңыздар!

**Ойын барысы**

**2-жүргізуші:** Жарыста озып шығар жүйріктері
Әрқайсысы бақтарынан көрер енді
«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» дей отырып сендерге сәттілік тілеп, ойынымызды бастайық! **« Кім көп біледі»** деп аталады

1-сайыс (Әр сұраққа 1ұпайдан беріледі)

1. Күз айларын ата
2. Қазақстан Республиқасының рәміздерін ата?
3. Аптаның төртінші күні қалай аталады?
4. Қазақстан Республикасының Президенті кім?
5. Теңізде қандай тас болмайды

6. Ы. Алтынсарин кім?
7. Қазақтың қос батыр қыздары кім?
8. Қазақтың ұлтық аспабы ?
9. Киіз үйдің жабдықтарын ата
10. Ы. Алтынсаринің кітабын ата?

11. Астананың символы не?
12. Сөз таптарын ата?
13.Өлі табиғатқа нелер жатады?
14.Жұлдыздар қай кезде пайда болады
15. Дыбыстар нешеге бөлінеді?

**1-жүргізуші:**
Қайсысы епті, қайсысы мықты
Талабына қарайық
Кімдер зерек, кімдер жылдам
Таланттарын табайық. Келесі кезеңіміз « **Мерген** » деп аталады

**2- сайыс**. (Ойын шарты төрт топқа есептер беріледі және логикалық сұрақ ) **1топ «Алғырлар»**

45:9= (9-4)*8= 56:7= 15:3+2 =

Логикалық сұрақ: Бүгін 19 ақпан болса, түнгі 12 де нешінші ақпан болады?

**2 топ «Тапқырлар»**

6*4-24= 18:2-7= 345+254= 523-145 =

Логикалық сұрақ: Бутақта 10 торғай отыр еді. 6 торғай ұшып кетті. Нешеу қалды?

**3 топ «Жүйріктер»**

535+289 = 56:8 = 49+1-40 = 289+(11+2) =

Логикалық сұрақ: Анар математика сабағында 1 бестік, әдебиеттен 2 бестік , музыкадан 1 бестік бағасын алды. Барлығы неше баға алды

**2-жүргізуші :**
Мақалшы аталатын кез де келді
Көп нәрсе уақыт сайын өзгереді

Кәнеки, шын шешенді біз табайық
Үйреткен бұл өнерге өзгерелерді
Келесі кезеңіміз **«Тіл өнер»** деп аталады. Слайтда көрінген суреттке сәйкес мақалдар айту ( Әр топ дұрыс жауабы үшін 3 ұпай иеленеді)

**«Алғырлар» тобы**

1. Жеті рет өлшеп, бір рет кес
2. Оқу инемен құдық қазғандай.
3. Көз қорқақ, қол батыр
4. Ата бәйтерек, бала жапырақ
5. Әке асқар тау

**«Тапқырлар» тобы**

1. Кітап алтын қазына
2. Отанды сүю, отбасынан басталады.
3. Ел іші, алтын бесік
4. Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер
5. Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі

**«Жүйріктер» тобы**

1. Бала тілі - бал
2. Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі
3. Бұлақ көрсең - көзін аш
4. Оқу- білім бұлағы, білім-өмір шырағы
5. Еңбектің наны-тәтті, жалқаудың жаны –тәтті

4.Келесі кезең «**Ойлы болсаң озып көр**» деп аталады. (Слайд) назар аударайық , мұнда сандар берілген. Әр ұяшықта пәніне байланысты тапсырмалар жасырылған. Сандардың артында өтілген тақырыптар бойынша сұрақтар жасырынған. Оқушылар қалаған санды таңдап алуларыңа болады. Ұпайы жоғары топ бірінші таңдайды

1. **«Әдебиеттік оқу»** ұяшығындағы тапсырма:
-Абай Құнанбаев кім?
-Үш биді ата ?
-«Кел, балалар, оқылық» өлеңінің авторы?

2**. «Математика»** ұяшығындағы тапсырма:
- Ұзындық өлшем бірліктерін атаңдар ?
Ш - Шаршының қабырғасының ұзындығы 4 см болса, периметрі нешеге тең? (16см)
-Бөлу амалының компонентерін ата?

3 **«Қазақ тілі»** ұяшығында тапсырма:
-Мәтін түрлерін атаңдар ?
-Не істеді? Қайтты? Не қылды ? Қай сөйлем мүшесінің сұрақтары ?
- Сөздің мағынасын өзгертетін қосымша қалай аталады ?

4. **«Жаратылыстану»** ұяшығындағы тапсырма:
- Жер неше қабаттан тұрады?
- Жер бетінің қағазға кішірейтілген бейнесі не?
- Әр адамның шағын отаны?

**5 сайыс. «Ойлан тап»** Жұмбақтар шешу.
- Мемлекеттік тілмен қоса, балалар, сендер биылдан бастап орыс тілін де оқып үйреніп жатырсыңдар. Ендеше бұл тілді де қоса меңгеріп алғандарың жөн екен. Орыс тілі ұлтаралық тіл, үйренгеннің артықтығы жоқ.
Сондықтан кәзір әр топқа үш жұмбақтан оқимын, сендер сол жұмбақтардың шешуін тауып, оны орысшаға аударасыңдар. Кәне, дайынбыз ба? Ендеше тыңдай қойыңдар.
**I - топ «Алғырлар»**
1. Өзі сондай ақ,
Жесең тәтті - ақ. (Қант - сахар)
2. Қыс бойына жатады,
Тәтті ұйқыға батады. (Аю - медведь)
3. Жазу жазып жалықпаған
Жаза - жаза арықтаған. (Бор - мел)

**II - топ «Тапқырлар»**
1. Өзі таудың бөктерінде өседі
Жаңа жылда үй төріне көшеді. (Шырша - елка)
2. Білімнен мол сый асы,
Балғындардың ұясы. (Мектеп - школа)
3. Қабат - қабат қаттама
Ақылың болса аттама. (Кітап - книга)

**III - топ «Жүйріктер»**
1. Мамықтай ұлпа, қанттай ақ
Қыста жер бетін басады,
Жазда сайға қашады. (Қар - снег)
2. Ұшып, қонып тынбайды
Жерге соқсаң сынбайды
Суға салсаң батпайды
Түскен жерге жатпайды. (Доп - мячь)
3. Бұдан кір қорқады
Судан бұл қорқады. (Сабын - мыло)

**Қорытынды:** Құрметті көрермендер әділқазылар алқасы. Бүгінгі «Зерек» интеллектуалды сайысымыз өз мәресіне жетті
(Әділқазылар қорытындылайды)
Марапаттау. Бүгінгі сайысқа өте жақсы қатысқандарын үшін сендерге, қонақтарға көп рахмет айтамыз.

**ДОСНАЗАРОВА НҰРСӘУЛЕ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ**

*Ағылшын тілі мұғалімі*

*Алматы қаласы*



## Open lesson “Musical Instruments”

**Grade:** 5

**Learning objectives:**

5.1.5.1 use feedback to set personal learning objectives;

5.4.2.1 understand with little support specific information and detail in short, simple texts on a limited range of general and curricular topics;

5.6.1.1 use past simple form on a limited range of familiar general and curricular topics;

**Resources:** cartoon about musical instruments, sounds of instruments, pictures.

**Methods**: ice breaker, brainstorming, domino, laptop, spelling race.

**Beginning of the lesson**

The lesson starts with organization moment. The teacher greets the students in different language using video[1]. The students listen and repeat.

Next part of the lesson is psychological time. The students stand up and make a circle. They hold the hands on the partner’s shoulders. Listen the teacher’s commands and move on. When the teacher says “move on” the students jump forward. When the teacher says “Look back” the students jump backward. When the teacher says “Forever alone” they should jump 180 degrees. This method is called “Ice breaker”. The aim: to create friendly atmosphere, to start the lesson with a positive mood.

Check-up the homework & divide students into groups. Teacher use “Socrative” programme to check the homework and divide the students by colours. Students use their mobile phone, scan QR code and answer the questions. Descriptor: answer the questions (3 point)



Pre-learning time. The students watch the video and define the theme of the lesson[2]. The teacher sets the lesson objectives, letting students know what to anticipate from the lesson.

Middle of the lesson

The teacher gives a list of new words. The students write the date and stick a list of new

words in their copybook. The tutor shows the instruments and names them. The learners listen and repeat[3]. The teacher asks questions and shows the difference between the electronic and bass guitar.

Task 1 READING. It's a group work using "Domino" method. The teacher gives the task. Match the types of music to the musical instruments. The students read the types of music and the instrument. Descriptor: match and read. (total: 2 point).

Task 2 LISTENING. It's a pair work using "Laptop" method. The teacher gives the laptop with a task. The task: listen twice and match. The people to the instruments they play. There are two extra instruments you do not need to use[4]. Descriptor: listen and match. (2 point)




Task 3 WRITING. It's an individual work. The teacher gives the task. Write the sentences using new vocabulary and past simple tense. Tell about the difference between the flute and the recorder. Descriptor: write 6 sentences using Past Simple. (3 point)




The learners check each other's. They come to the board and write the sentences.

Conclusion. National Value with using "Spelling Race" method. The teacher shows the Kazakh national instruments and explains spelling of these words. Each team stand in a line in front of the board. Students listen the Kazakh instrument. The first student runs to the board and writes the first letter of the word. The next person writes the next letter. The first team to write the words correctly will win.


dombra

kobyz

zhetygen

End of the lesson

Feedback. Learners provide feedback on what they have learned at the lesson. Assessment Home task: Collect information about your favourite kind of music or instrument. Present it. The teacher says goodbye. The lesson is over.

References


1. https://www.youtube.com/watch?v=472AnCrHYVs
2. https://www.youtube.com/watch?v=1lC1DTBDzc0 0.25min -1.32 min
3. Virgina Events-Jenny Dooley – Bob Obee, Excel for Kazakhstan Grade 5, Student's Book p 72 ex 1 – Express Publishing 2017
4. https://www.youtube.com/watch?v=E54hlVAKgDs



**ДҮЙСЕНБЕК ӘЗИЗА СӘРСЕНҒАЛИҚЫЗЫ**

**Школа-лицей "Қазғарыш"**
**№ 50 имени Райымбек батыра" акимата города Астаны**
**Учитель русского языка и литературы**

## Функциональная грамотность на уроках русского языка: содержание обучения, типология упражнений и заданий (вводные замечания)

Происходящие процессы в различных сферах жизни социума определяют востребованность тех или иных профессий и специальностей, диктуют определенный набор компетенций специалистов. Содержание образования и требования к результатам обучения призваны отвечать вызовам современного мира и создавать условия для формирования умений и навыков, способных обеспечить успешное развитие личности. Именно поэтому современное образование, в том числе и отечественное, ориентировано на формирование функциональной грамотности обучающихся, выступающей условием для дальнейшего самообучения, эффективной самореализации и активного взаимодействия личности в обществе.

Разберемся, что есть «функциональная грамотность», в чем проявляется функциональная грамотность при изучении русского языка, посредством каких упражнений и заданий следует формировать функциональную грамотность у обучающихся.

*Функциональная грамотность* – способность человека применять приобретенные знания, умения и навыки для достижения поставленных целей и решения различных жизненных задач в различных сферах деятельности. Функциональная грамотность включает в себя комплекс умений и навыков: читательскую, математическую, финансовую, естественнонаучную грамотность, глобальные компетенции, критическое мышление.

Формирование и развитие функциональной грамотности на уроках русского языка обеспечивается как содержанием обучения, так и средствами обучения, и осуществляется в нескольких направлениях.

**1.Содержание обучения предмету «Русский язык».**

Если функциональная грамотность предполагает развитие способности применять полученные знания для решения различного рода задач в разнообразных жизненных ситуациях, то особую роль в процессе овладения данной компетенцией должно играть содержание получаемых знаний, которые призваны сформировать у обучающихся адекватное представление об изучаемом объекте. Изучаемым объектом в нашем случае выступает язык – русский язык. Соответственно, знания о языке, его законах, устройстве и единицах не должны противоречить функциональной сущности языка, а наоборот, обеспечивать формирование целостного представления о языке как системе, устройство которой подчинено выполнению социально значимой функции. Такой функцией, обусловившей возникновения языка и его устройство, является целенаправленное воздействие на собеседника: формирование или преобразование знания или ценностных представлений о чем-то, побуждение к конкретным действиям, вызов определенных эмоций и чувств. Поэтому сведения о языке, его подсистемах и единицах, предполагаемые содержанием образовательной программой и включенные в учебники, должны быть изложены в соответствие с указанной функцией. Основное внимание в подаче теоретического лингвистического материала необходимо уделить функциональной сущности изучаемых явлений, то есть исходить из содержания, а не характеризовать особенности и свойства формы и структуры языковых явлений.

В этом случае принципиальное значение приобретает формулировка определения языковой единицы, характеристика форм её существования (функциональный инвариант и варианты его реализации), распределение единиц по языковым подсистемам.

Например, ***словосочетание*** *– средство именования, которое является вариантом выражения языкового понятия в конкретных условиях и представляет собой соединение двух или нескольких слов, связанных по смыслу и грамматически* (ср. традиционное определение: словосочетание - соединение двух или нескольких слов, связанных по смыслу и грамматически). Аналогично следует формулировать дефиниции и других языковых единиц.

**2. Функциональна грамотность как способность применять полученные знания о языковой системе, его нормах для решения различных задач, то есть способность пользоваться языком согласно его назначению – быть инструментом воздействия.**

Обучение языку и изучение языка предполагает формирование умения эффективного пользования языком, которое проявляется в достижении планируемого говорящим воздействия на собеседника в разнообразных ситуациях речевого взаимодействия. Что в свою очередь зависит от развития умения выбирать вербальные средства для выражения мысли и способ их организации. Поэтому важную роль играет системная работа с учащимися над усвоением номинативной системы языка (традиционно – лексической), которая должна быть направлена на овладение системой вариантов выражения языковых понятий и позициями номинации для каждого из вариантов.

Формирование умения применения полученных знаний о языке в процессе его практического использования – создания текстов – зависит от особой организации и подачи материала в учебниках и на уроке по русскому языку. Программные теоретические языковые, речеведческие темы, темы, направленные на формирование орфографической и пунктуационной грамотности, на развитие речи, творческих способностей должны быть взаимосвязаны. Отработку и закрепление изучаемого материала необходимо осуществлять посредством упражнений, выполнение которых предполагает создание собственных устных или письменных текстов, в том числе и вторичных. При этом задания к этим упражнениям должны быть стимулятивно-мотивационными, то есть в формулировке задания необходимо задать параметры ситуации речевого взаимодействия, для которой текст должен быть создан. Ситуации и темы, которые предлагаются, должны быть как близкими, актуальными для обучающихся соответствующего возраста, так и неактуальными, но возможными в будущем.

**3. Читательская грамотность.**

Читательская грамотность как способность понимать прочитанную информацию и использовать ее для решения различных задач предполагает формирование и развитие трех групп умений обучающихся:

- поиск и извлечение информации;
- интерпретация, преобразование;
- оценка и критическое осмысление.

Указанные группы умений связаны с формированием навыков мышления высшего порядка: *поиск и извлечение информации* – анализ, *интерпретация, преобразование* – синтез, *оценка и критическое осмысление* – оценка.

Развитие каждой группы умений осуществляется комплексом упражнений и заданий, которые встраиваются в учебный процесс и включаются в разные формы работы на всех этапах урока: на мобилизационном и мотивационном, освоении новой темы, отработки и закрепления.

Навык читательской грамотности формируется и развивается как специальными упражнениями, основная цель которых обеспечить овладение всеми группами читательских умений на материале одного или нескольких текстов, так и неспециальными, основная цель которых не предполагает развитие данных умений, но овладение ими осуществляется попутно и определяет эффективность выполнения упражнения в целом. В случае использования специальных упражнений, как правило, задания формулируются с учетом формирования всех трех группы умений и на материале сплошных текстов. Например:

1. Прочитайте текст/тексты. Найдите информацию о… / В какой части говорится о…/ Сравните, как автор/автор характеризуют… и т.д.

2. Сформулируйте основную мысль текста/текстов /Скажите, какой вывод можно сделать, прочитав текст/ Озаглавьте текст, отражая основную мысль/ Передайте основное содержание текста, сохраняя основную мысль, учитывая следующую ситуацию речевого взаимодействия… / Составьте план текста и т. д./ Составьте текст о…, отразив … , используя информацию из предложенных для прочтения текстов/ Составьте задание к тексту и т.д.

3. Укажите, подтверждает или опровергает автор/авторы мысль о том, что…/ Представьте аргументы, подтверждающие мысль о том, что…/ Докажите, что в прочитанном тексте нет ложной информации / Выразите свое мнение по поводу изложенной в тексте точки зрения на… / Оцените сделанные автором выводы с точки зрения современности… .

В том случае, когда читательская грамотность развивается неспециальными упражнениями, то обучающиеся овладевают одним/двумя умениями на материале как сплошных, так и несплошных текстов (таблицы, схемы). На этапе освоения новой темы и знакомства с теоретическим материалом такие задания особенно важны, так как позволяют учащимся самостоятельно прийти к формулированию теоретических положений, правил, поработав с той или иной информацией, эффективнее усвоить и понять теоретический материал, успешно справиться с выполнением упражнения при условии понимания дополнительной информации.

Примерами таких заданий могут быть следующие:

**1. Поиск и извлечение информации.**

1). Прочитайте материал … . Какая информация вам известна, а какая оказалась для вас новой.

2). Прочитайте материал параграфа и сопоставьте его со схемой/таблицей. Какая информация не отражена в таблице/схеме?

3). Спишите текст, ставя слова в скобках в нужную грамматическую форму, предварительно ознакомившись с материалом памятки *Внимание*. Что необходимо усвоить, согласно материалам памятки, чтобы правильно выполнить упражнение?/ Какую информацию памятки вы будете учитывать, выполняя упражнение?

**2. Интерпретация, преобразование.**

1). Используя материал параграфа, подготовьте сообщение о… .

2). В материалах параграфа найдите информацию о… Выпишите … Приведите примеры к каждому выдвинутому положению… Используя эти материалы, подготовьте высказывание на тему…

3). Представьте содержание материала параграфа в виде схемы или таблицы… / Составьте высказывание о… , пользуясь материалами схемы или таблицы.

4). Прочитайте материал параграфа. Задайте друг другу вопросы по материалам параграфа.

**3. Оценка и критическое осмысление.**

1). Ознакомьтесь с примерами… Докажите, что…

2). Рассмотрите.. Назовите… . Распределите…. Самостоятельно сформулируйте определения …Сверьте свое определение с определением, данным в теоретической части параграфа. / Рассмотрите…. Подчеркните.. Сделайте вывод об особенностях…



**БҚО Теректі ауданы "Ұзынкөл" ауылы**
**МКҚК "Бүлдіршін" бөбекжайы**

**ЕРКІН ЖАНАР БАЛТАБЕКҚЫЗЫ**

## БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАСТАМАНЫ ДАМЫТУ

Қазіргі таңда заманауи білім беру технологияларын қолданбай балалардың жан-жақты дамуы мүмкін емес. Мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс-әрекеті ойын екенін ескере отырып, біз өз жұмысымызда негізгі заманауи ойын технологияларын қолданамыз. Дамытушылық ойындарды қолданудың арқасында мектеп жасына дейінгі баланың білім беру процесі қол жетімді және тартымды түрде өтеді, баланың интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасалады

Құрметті әріптестер, менің баяндамамның тақырыбы кездейсоқ таңдалмады. Өкінішке орай, қазіргі кезде балалар аз ойнай бастады. Зерттеулер көрсеткендей, балалардың ойын тәжірибесі мен ойын сюжетін дамыту қабілеті жоқ. Педагогтер ата-аналардың "әлеуметтік тапсырысын" орындауға, яғни мектепке үйретуге және дайындауға тырысады. Ойынға бөлінген уақыт кітап оқумен, мерекелерге дайындықпен, ұйымдастырушылық қызметпен толтырылады. Кейбір ата-аналар балаларын балабақшаға кеш әкеліп, ерте алып кетеді. Көптеген ата-аналар ойынды қажетсіз, бос уақыт деп санайды. Сұрақ туындайды: неліктен тәрбиешілер мен ата-аналар кез-келген басқа әрекеттің пайдасына ойнауға уақыт бөледі? Неліктен ересектер баланы құрдастарымен ойнау мүмкіндігінен айырады?

**Тақырыптың өзектілігі:** балабақшада заманауи ойын технологияларын қолданудың өзектілігі қазіргі уақытта қоғамның өмір сүру және даму жағдайларының өзгеруіне байланысты оқытудың жаңа технологияларына көшу болып табылады.

**Мақсаты**: ойын технологияларын пайдалану арқылы балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту.

**Міндеттер:**

1. Баланың өзіндік белсенділігі арқылы білім мен дағдыларды игеруге деген ынтаның, саналы қажеттіліктің жоғары деңгейіне жету.

2. Балалардың белсенділігін және оның тиімділігін арттыратын құралдарды таңдау.

**Күтілетін нәтиже:**

- тәрбиеленушілерді жандандырады;
- танымдық қызығушылықты арттырады;
- шығармашылықтың дамуына ықпал етеді;
- ойынның нақты тұжырымдалған шарттарына байланысты оқу қызметі уақытын барынша шоғырландырады;

- тәрбиешіге материалды игеру деңгейіне байланысты ойын тапсырмаларын қиындату немесе жеңілдету арқылы ойын әрекеттерінің стратегиясы мен тактикасын өзгертуге мүмкіндік береді.

Бұрын мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ойын элементтерін қолдана отырып, оқу қызметі түрінде өткізілетін. Бүгінгі таңда жетекші қызмет – бұл ойын, дәлірек айтсақ, тақырыпқа байланысты тығыз байланысты ойын жаттығуларының жиынтығы.

Ойын технологиясының маңыздылығы оның ойын-сауық және демалу екендігінде емес, дұрыс басшылықпен: оқыту тәсілі; шығармашылықты жүзеге асыру қызметі; терапия әдісі; баланы қоғамда әлеуметтендірудің алғашқы қадамы.

Ойын іс-әрекетінде шығармашылық бастаманы дамыту мектепке дейінгі білім берудегі маңызды міндет болып табылады. Ойын осы жастағы балаларды оқыту мен дамытудың негізгі тәсілі болып табылады және ол шығармашылық ой мен бастаманы ынталандырудың күшті құралы бола алады.

Міне, балалардың ойын әрекетінде шығармашылық бастамасын дамытуға көмектесетін бірнеше әдістер:

Бос уақыт пен кеңістікті қамтамасыз ету: балаларға еркін ойнауға және шығармашылық бастамаларын көрсетуге уақыт пен орын қажет. Оларға әртүрлі ойын материалдарына, дизайн жиынтықтарына, сурет салуға, модельдеуге және басқа да шығармашылық құралдарға қол жеткізуді қамтамасыз етіңіз.

Идеяларды қолдау және ынталандыру: балаларды ойында өз идеялары мен ұсыныстарын айтуға ынталандыру маңызды. Олардың ойлауы мен қиялын ынталандыратын ашық сұрақтар қойыңыз. Оларды тәжірибе жасауға, жаңа идеялар мен шешімдерді қолдануға шақырыңыз.

Рөлдер мен сюжеттік ойындар: рөлдер мен сюжеттік ойындар шығармашылық бастаманы дамытудың тамаша тәсілі бола алады. Балаларға өздерінің сюжеттері мен кейіпкерлерін құруға, сондай-ақ бар ойындарға өзгерістер енгізуге мүмкіндік беріңіз. Бұл олардың қиялын және шығармашылығын дамытуға көмектеседі.

Ынтымақтастық және бірлескен ойын: Балаларды бірге ойнауға және бір-бірімен ынтымақтастықта болуға шақырыңыз. Бірлескен ойын шығармашылық бастаманы дамытады, өйткені балалар өз идеялары мен ұсыныстарын енгізе алады, сонымен қатар басқалардың идеяларын қабылдауға және құрметтеуге үйренеді.

Ашық тапсырмалар мен жобалар: балаларға шығармашылық ойлау мен бастаманы қажет ететін ашық тапсырмалар мен жобаларды ұсыныңыз. Мысалы, балаларға өз ойынын жасауға немесе қол жетімді материалдардан бірдеңе жасауға шақыруға болады. Бұл оларға жоспарлау, проблемалық ойлау және Тәуелсіздік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Шығармашылық бастаманы дамыту уақыт пен қолдауды қажет ететінін есте ұстаған жөн. Мұғалімдер мен ата-аналар ынталандырушы ортаны құруда және балалардың шығармашылық белсенділігін ынталандыруда маңызды рөл атқара алады. Ойын қауіпсіз болуы керек және балалардың ойлары мен идеяларын еркін білдіруге қолдау көрсетуі керек.

Біздің балабақшада ойын технологиясын ерте жастан бастап дайындық тобына дейін қолдана бастаймыз. Өйткені, ойын – бұл мектеп жасына дейінгі жетекші қызмет түрі. Сондықтан жылдық міндеттердің бірі оқу-тәрбие процесінде ойын технологияларын жүйелеу болды.



**Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз ауылы**
**Жалпы білім беретін №9орта мектеп**

**ЕСКАЛИЕВА БАҚЫТГҮЛ ЖАНБЫРБАЙКЫЗЫ**

| | | |
|---|---|---|
| Пән: Сауат ашу | 30. 01 . 2022 | |
| Сабақтың тақырыбы: | Табиғатқа саяхат б дыбысы мен әрпі | |
| оқу мақсаты: | 1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру<br>1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу<br>1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау | |
| Сабақ мақсаты: | **Барлық оқушылар**: | |
| | **С.** Білім алушылардың барлығы әріптерді таниды, ажырата алады және оны дыбыспен сәйкестендіреді. | |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** | |
| | **В.** Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу ) қолдана алады. | |
| | **Кейбір оқушылар:** | |
| | **А.** Алған білімдеріне мысалдар келтіріп, өмірмен байланыстырып оны дәлелдеп береді. | |
| Күтілетін нәтиже: | -Әріпті таниды, оны дыбыспен сәйкестендіре алады,буындап, тұтас оқи алады.<br>- Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, каллиграфиялық талаптарға сай жазады. | |
| Тілдік мақсат | Тыңдалым, оқылым. | |
| Құндылықтарды дарыту | Бірлік пен ынтымақтастықты сақтауға, бірлесе еңбектенуге баулу. | |
| Пәнаралық байланыстар | Дүниетану, жаратылыстану | |
| АКТ қолдану дағдысы | Слайд, видеокөрсетілім, электронды оқулық, дидактикалық материалдар. | |
| Алдыңғы меңгеріл-ген білім | Өзім туралы, менің отбасым және достарым бөлімдерінде қалыптасқан дағдыларға негізделеді. | |
| Сабақ барысы | | |
| Сабақтың жоспар-ланған кезеңдері | Сабақта жоспарланған іс-әрекет | **Ресурстар** |
| Сабақтың<br>Басы<br>1 минут<br><br><br><br><br>3 минут | Психологиялық дайындық<br>Шашы алтын<br>Көзі от<br>Шыға ғой күн тезірек<br>Жылу берші,<br>Маған, оған, досыма<br>Тағы тағы тағы да!<br>**Ойлан, жұптас, бөліс!**<br>**Шыршада берілген әріпке сөздер жазып, оқу** | Ширату<br> |

| | | |
|---|---|---|
| |   <br>Ж П Е<br>**А тобы** Ж дыбысына сөздер жазады, дыбыстық талдау жасайды.<br>**В тобы** п дыбысына сөздер жасады жазады, буынға бөледі<br>**С тобы** е дыбысы бар сөздер жазады<br>«**Жабық және ашық сұрақ**» әдісін жүргіземін.<br>*Мақсаты: Білім алушылардың алдыңғы білімдерін еске түсіру.*<br>**-Сөйлем дегеніміз не?**<br>Сөйлем дегеніміз – бір немесе бірнеше сөзден құралып тиянақты ойды білдіреді.<br>**- сөйлем неден құралады?**<br>Сөйлем сөздерден құралады.<br>- **Сөйлемдегі сөздер қалай жазылады?**<br>Сөйлемдегі сөздер бөлек бөлек жазылады.<br>- **Сөйлемдегі сөздер айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді?**<br>Сөйлем айтылу мақсатына қарай үшке бөлінеді.<br>Хабарлы сөйлем. Сұраулы сөйлем? Лепті сөйлем!<br>**Сөз неден құра алады?**<br>- сөз буындардан құралады.<br>**Буын неден құралады?**<br>Буын дыбыстардан құралады. |  |
| **Сабақ ортасы 6минут** | Б дыбысы бар сөздерге жұмбақ шешу.<br><br>-Өзі біреу, көзі үшеу<br>**(бағдаршам)**<br>Балалар, «бағдаршам» деген сөзде бізге таныс емес дыбыс қандай?<br>-Сөз қай дыбыстан басталған?<br>«Б»дыбысы<br>Дұрыс айтасыңдар!<br>Б қандай дыбыс?<br>(оқушылар өз жауап нұсқаларын айтады?)<br>Б дыбысын 2 – 3 рет айтқызу, оның айтылу артикуляциясымен таныстыру.<br>**Б - дыбысын айтқанда еріннің бір – біріне әуелі нық тиіп, артынша кілт ашылуынан пайда болатын, қазақ тіліндегі ұян дауыссыз дыбысты белгілейтін графикалық таңба**.<br>**Электронды оқулықтан Б дыбысын таныстыру.**<br>-Бүгін біз сабақта Б дыбысымен танысамыз.<br>**Айтылым**<br>Қане бәріміз «Б» дыбысын айтып көрейікші.<br>**-Б-Б-Б-**<br>-Дауыссыз дыбыс.<br>- Жарайсыңдар! |  |

| | | |
|---|---|---|
| Оқулықпен жұмыс 13 минут<br><br>Сергіту сәті<br>1 минут<br><br>3 минут<br><br>Дәптермен жұмыс<br>2 минут | <br>**Оқулықпен жұмыс.**<br><br>Бор түсі ақ біркелкі ұсақ түйірлік кальций карбонатынан құралған жұмсақ шөгінді жыныс. біз борды күнделікті сабақта қолданып жүрміз, оны үй жағдайында жасауға болады екен. Казір біз бор жасаймыз ол үшін бізгі гипс, су, гупщь керек. Тәжірибе жасалды оқушылар алдында<br><br>Көңілді күн<br><br>Дәптермен жұмыс.<br> | <br><br><br> |

<table>
<tr>
<td>5 минут</td>
<td>

<br>
Дискриптор:<br>
- жазу жолының сызықтары мен жоларалық кеңістікті сақтайды;<br>
- әріп элементтерін дұрыс байланыстырады;<br>
Кодтык кестемен жұмыс «Жасырынған сөздер» ойыны<br>
3.1.16.37.15 - балык<br>
3.21.23.38.14-бөрік<br>
34.1.18.1.-шана<br>
15.20.16.6.1.22- колгап<br>
14.38.25.1.22-кітап<br>
3.20.23-бор<br>
<u>Тапқан сөздерді буынға бөлдіремін, неше дыбыс барын айткызамын.</u><br>
Дескриптор:<br>
- сандар арқылы әріптерді табады;<br>
- тапкан әріптерін қосып оқып, сөз шығарады;
</td>
<td>

<table>
<tr><td>А</td><td>Ә</td><td>Б</td><td>В</td><td>Г</td><td>Ғ</td><td>Д</td><td>Е</td><td>Ё</td><td>Ж</td><td>З</td><td>И</td><td>Й</td><td>К</td></tr>
<tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td><td>9</td><td>10</td><td>11</td><td>12</td><td>13</td><td>14</td></tr>
<tr><td>Қ</td><td>Л</td><td>М</td><td>Н</td><td>Ң</td><td>О</td><td>Ө</td><td>П</td><td>Р</td><td>С</td><td>Т</td><td>У</td><td>Ұ</td><td>Ү</td></tr>
<tr><td>15</td><td>16</td><td>17</td><td>18</td><td>19</td><td>20</td><td>21</td><td>22</td><td>23</td><td>24</td><td>25</td><td>26</td><td>27</td><td>28</td></tr>
<tr><td>Ф</td><td>Х</td><td>Һ</td><td>Ц</td><td>Ч</td><td>Ш</td><td>Щ</td><td>Ъ</td><td>Ы</td><td>І</td><td>Ь</td><td>Э</td><td>Ю</td><td>Я</td></tr>
<tr><td>29</td><td>30</td><td>31</td><td>32</td><td>33</td><td>34</td><td>35</td><td>36</td><td>37</td><td>38</td><td>39</td><td>40</td><td>41</td><td>42</td></tr>
</table>
</td>
</tr>
<tr>
<td>5 минут</td>
<td>
Сөздік диктант Еркін жазу<br>
Ламинадталған қағазға маркермен сөздер жазамыз.<br>

<br>
Бата, баба, бала, баға, бор, парта, піл, банан<br>
Дескриптор:<br>
- қатесіз жазуға дағдыланады;<br>
- кеткен қателерін түзеп үйренеді;
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы рефлексия<br>1 минут</td>
<td>




</td>
<td></td>
</tr>
</table>

**Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің "М.Өтемісұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Информатика пәні мұғалімі**

**ӘБДІРАХМАН ИНДИРА ӘБІЛХАНҚЫЗЫ**

# ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Жас ұрпақты әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Мұғалімнің бағыттауымен бала білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірде, кез келген уақытта өз іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білуі шарт.

Осыған орай информатиканы оқытудың негізгі мақсаты - әрбір оқушыға информатика ғылымы негіздерінің алғашқы фундаментальды білімін беру, оқушыларға осы білімді мектепте оқытылатын басқа ғылымдарының негіздерін түпкілікті және сапалы түрде меңгеруге қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Жаңаша білім беру мазмұнына көшу жағдайында оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану, жаңа технологияны қолдану, педагогикалық қарым-қатынас стильдерін қамтиды.

**Белсенді оқу** - шынайы өмірден алынған және ойдан шығарылған жағдайларды қолдана отырып оқушыларды ойланып, күрделі мәселелерді шешуге жетелейді. Білім беру бағдарламасының барлық салаларын барлық сатыларда белсенді оқу тәсілдерімен толықтырып, кеңейтуге болады. Белсенді оқу білім, дағды және көзқарас деп аталатын оқудың негізгі үш саласын қамтып, оқудың бұл таксономиясын «оқу үдерісінің мақсаты» деп санауға болады. Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Информатика сабағында топтық және жұптық жұмыстар, рөлдік ойындар қолданылады. Қызметтің мұндай түрлері оқушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын қолдануды талап етеді, басқаларды оқыту нәтижелері бойынша таныстырылымдарды, болашақта өз дағдыларын жақсарту мақсатында басқа нәтижелерді бақылауды және талдауды қажет етеді.

**Белсенді оқудағы мұғалімнің ролі - о**қушылардың жетістікке жету шамасына қарай оған енді мұндай аса қамқорлықпен қолдау көрсету қажет болмайды, олар енді өздігінен жұмыс істей алады. Осындай оқыту әдісін әрі қарай дамыту үшін мұғалімдер бастапқыда оқушыға жақсы қолдау көрсетіп, кейін оны біртіндеп азайтып отыруы керек. Мұғалім оқушылардың ойлау үдерісін ынталандыратын тапсырмалар мен сұрақтарды қолдана отырып, информатика пәнінде қарым-қатынас жасау үдерісіне тартуы қажет. Мұғалімнің сұрақтары алшақтатушы, жақындатушы, көрсетуші, референттік, болжаушы, тұжырымдамалық және әдістемелік сұрақтардың үйлесімінен тұрады. Осындай сұрақтарды тиімді қоюдың нәтижесінде оқушылар өздерінің және өзгенің ойын түсіне алатын, сонымен қатар дәл осы сәтте олардың не істей алатындықтарын білетін болады және тағы да қандай жетілдірулер қажеттігін байқай алатын ұжымдық талқылау да қолданылады. Белсенді оқыту оқушының оқу сауаттылығына қатысты ойлары мен дағдыларын дамытуды қолдайды. Мысалы: **Жұппен ойлаңыз**. Жұппен ойлау тапсырмасын орындау барысында олардың тақырып туралы ойлауға, ойларын жазуға және әріптестерімен талқылауға мүмкіндіктері пайда болады, қорытындысында олар талқылауға дайын болады. Мұғалім оқушылардың пікірлерінің дәлдігі мен орындылығына да назар аударуы тиіс, сонымен бірге оқушыларға өз ойларын еркін білдіру мүмкіндігін де беруі тиіс, ал берілген тапсырма бойынша ескертпелер жасауда мұғалімнің әрекеті айқын болмаса да жылдам әрі шапшаңдыққа қол жеткізуге бағытталған болуы тиіс.

Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын арқылы баланы ойлата білу. Информатика сабағында мынадай белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландырады. **Ойлан, жұптас, бөліс** – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3 – 4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады. **Кластерлер (жүзімнің шоқтары деген мағынада).** Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді. **Алдын – ала берілген атаулар** – мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4атау), оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша, жазбаша орындалуы ықтимал. Содан кейін мұғалімнің бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады. **«Джигсо»** әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі.

Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөледі (әдетте, төрт адамнан). Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі.

Құрылған әр топқа дәстүрлі тапсырма беріледі. Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдың тиісті күрделілік деңгейі

сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді. Сабақты бекітуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдістер: **Ыстық орындық** - Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады.

**Оңай және қиын сұрақтар кестесі.** Бұл кестені оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Кестенің сол жағына олар түсініктері боцынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Мысалы, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар сауалдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

**ББҮ кестесі** (Білемін /білгім келеді/ үйрендім) – сабақтың басынан аяғына дейін қолданылады, өйткені стратегия сабақтың барлық сатысын қамтиды. Сабақтың барысында оқушылар берілген тақырып бойынша не білетіндерін ойланады, содан соң сұрақтар құрастырады және осы сұрақтарға өздері жауап іздейді.

**Венн диаграммасы.** Оқушыларды синтез /анализ/ бағалау жоғары деңгейдегі ойлау қызметіне әкелетін салыстыра білу қабілетін дамытуда қолданылады. Сабақты бекіту үшін бұл стратегия тиімді болып есептелінеді, бірақ қызығушылығын ояту кезеңінде де пайдалануға болады. Бұл стратегияларды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады. Оқыту барысында оқушыларға егжей –тегжейлі мәтінді түсінуге, кейіпкерлердің рөлін сомдауға, дұрыс түсінуге және алған білімдерін тәжірибемен байланыстыра қолдана білуге, пәнаралық байланыстарды іске асырып отыруға мүмкіндік береді.

Сабақтың жаңа тақырыпты түсіну бөлімінде ***«Постерлер»*** әдісін пайдалану тиімді. Бұл тапсырманы оқушыларды топтарға бөлу арқылы орындалады, оқушылар ұжымдаса бірігіп жұмыс жасайды. Берілген жаңа оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді, бірілген ақпараттар бойынша нақтыламарды анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды.

Менің ойымша, оқушылар бүгінгі күні шығармашылық тапсырмаларды орындауды табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет. Метатәжірибе өз кезегінде басқа тәжірибелер қалыптастыратын дәйектерді, әрекеттер мен байланыстарды өзгертеді. Басқаша айтқанда, тәжірибені өзгерту - бұл істеп жатқан ісімізді өзгерту, түсінікті өзгерту - бұл біз қалай ойлайтынымызды өзгерту, жағдайды өзгерту- бір-бірімізге деген қарым-қатынасымызды өзгерту дегенді білдіреді.

XXI ғасыр - білім мен ғылымның, дамыған техниканың дәуірі. Кезінде Абылай ханның өзі: «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмейік», - деп болашақ ұрпақ үшін білім алудың маңызын ескеріп өткен. Шынымен де, қазіргі уақытта

дамыған әлем елдері бір-бірімен күш таластырып емес, ғылыми жетістіктерімен бәсекеге түсуде. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің бір сөзінде: «Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек! Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты» - деп, жастарды білім жолына шақырады.

Бүгінгі таңда білім саласы қарқынды түрде дамып келеді. Заманауи технологиялардың дамуына сай мұғалімдер де өз біліктіліктерін арттырып, жаңашылдыққа бейімделуде. Ол үшін бүгінгі күні барлық мүмкіндіктер жасалған. Біздің тарапымыздан тек ізденім мен талап керек. Жалпы сабақ барысын түрлендірудің әдіс-тәсілдері өте көп. Және оларды әр сыныпқа бейімдеп қолдану мұғалім шеберлігіне тәуелді деп білемін.

Әдіс-тәсілдер дегеніміз не? Әдіс-тәсілдер – сабақтың мақсаты мен мазмұнына негізделген, оқушы мен мұғалімнің тақырыпты ашуға барар жолында қолданатын амалдары. Осы амалдар тиімді болса оқушының қызығушылығы арта түседі, ал егер тиімсіз болса құлшынысы жойылады. Бала ынтасын асыру үшін мен өз сабақтарымда қолданып жүрген тиімді тәсілдерім мен олардың жүзеге асырылу туралы айтып кеткім келеді.

Өз сабақтарыма жаңа әдіс-тәсілдерді түрлендіре отырып енгізудегі мақсатым:

· оқыту сапасын жоғарлатуға үлсімді қосу;
· оқушылардың білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру;
· балаларды жұпта да, топта да жұмыс жасауға бейімдей білу;
· информатика сабақтарында балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойын элементтерін жиі қолдану;
· балалардың қызығушылығын арттыру үшін сабақта қолданатын амалдарын түрлендіріп отыру;

Ендеше сабақтарда жиі қолданылатын әдіс-тәсілдер мен жаңа платформаларға жеке-жеке тоқталып өтейін.

Информатика сабақтарында «Парадокс» әдісі (мұғалім оқыған мәтіннен балалар қатені тауып, дұрыстайды: принтер – енгізу құрылғысы, модем – шығару құрылғысы), «Өрбіту» әдісі (сөздерді сиппаттау арқылы ой өрбіту: Enter, Shift, Tab, Ait батырмаларын айтқанда пернетақта екенін табу керек), «Суретке қарап детальдарды жазу» (баланың зейінін шоғырландырып,байқағыштыққа баулиды,есте сақтау қабілетін анықтауға көмектеседі), «Жасап көрсет және әңгімеле» әдісі (пракиикалық жұмыс) «QUIZ LET» - әдісі.

Бұл әдісті жүргізудің 8 тәсілі бар:

1. Үлестірме
2. Оқылым.
3. Мәтіндік жазылым

4. Тыңдалым
5. Тест тапсырмалары
6. Сәйкестендіру
7. Кім жылдам?
8. Топтық

«QUIZIZZ» - әдісі. Бұл әдісті жүргізудің 3 тәсілі бар:

Тест тапсырмалары, Топтық жұмыс, Суреттерге қарап атауын белгілеусынды танымдық зияткерлік ойындарды өткізу арқылы оқушыларды информатика пәні бойынша алған білімдерін сынап қана қоймай, олардың пәнге деген сүйіспеншілігін, оны әрі қарай терең зерделеуге деген ынтасын арттыруға болады. Ал қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география және басқа да пәндермен сабақтастыра отыра кіріктірілген сабақтарды өткізу арқылы мұғалім оқушылардың ізденімпаздық әрекетін арттырады әрі өзінің кәсіби-шеберлігін шыңдайды.

Техниканың дамуы ілгері басқан бұл заманда оқушылардың өздері күнделікті өмірде смартфон, теледидар, планшет, ғаламторға қосылған компьютер сынды көптеген заманауи «гаджеттерді» емін-еркін пайдаланып үйренген. Сол себепті мұғалімдерге оқу үдерісі кезінде балаларға жай ғана ауызша түсіндіру, оқулықтағы ережелер мен жаттығуларды орындау, тақтада жұмыс жасату сияқты бұрынғыдай дәстүрлі жолдармен олардың назарын шоғырландырып оқыту қиынға соқты. Міне, осы кезде ақпараттық-коммуникативті технологиялар (АКТ) педагогтар үшін үлкен қолғабыс болады.

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиалық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген. Сол себепті білім беру саласында қызмет ететін барлық оқытушылар бүгінгі таңда АКТ технологиясына бет бұрып, оны оқу үдерісінде белсене пайдалану үстінде.

Сондай-ақ түрлі тақырыптарға пікірталас өткізу, дөңгелек үстел, «квест» сабағы, саяхат не ойын сабақтары кезінде оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым сынды төрт маңызды әрекетін белсендендіріп, тақырып бойынша тиісті арнаға «бұруға» болады. Мен әрдайым шығармашылық ізденісте боламын, отандық цифрлық онлайн-дамуүстінде. Мен шағын ұжымдар немесе тіпті жеке берілген адамдар жасаған жобаларға үлкен құрметпен қараймын. Әсіресе, бұл біздің мұғалімдерімізге пайдалы білім беру жобасы болса. Ал енді нағыз шебер ұстаз жан-жақты шет елдік цифрлық платформаларды да зерттеп, балаға жағымды, сабақ өтуде қызықты құралдарды пайдаланады.

Соның бірі Ресейлік Learnis білім беру платформасын ұсынғым келеді. Learnis білім беру платформасы, ең алдымен, көп функциялы болуымен ерекше. Оның көмегімен сіз жасай аласыз

§ білім беру квесттері
§ дидактикалық ойындар (ӨЗ ОЙЫНЫ)
§ терминологиялық сөздіктер (флэш-карталар)
§ интерактивті бейне.

Learnis-ті жасаушы - Екатеринбург мұғалімі Новиков Максим Юрьевич

Learnis.ru қызметі «бөлмеден шығу» жанрының квесттерін құруға мүмкіндік береді. Мұндай квесттерде ойыншыларға бөлмеден әр түрлі заттарды пайдаланып шығу, анықтамалар табу және логикалық есептерді шығару тапсырмасы беріледі. Білім беру квестін құру үшін іздеу квест оқиғасы арқылы алға жылжу үшін шешілуі керек міндеттерге жауап бола алады. Сонымен, оқытушы өзінің пәнінің мазмұнын қосып, ізденісті және қызықты етеді.

Алдағы уақытта балалардың білімін арттыру мақсатында жаңашыл технологияларды пайдаланып, заманға сай өзгеріп, жаңашыл ұстаз болу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймын деп ойлаймын.

Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайындағы белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану тиімді. Оқыту тәсілдері оқушылардың табысын арттырады.

Олай болса, XXI ғасыр - информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан - жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін.

**Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Сарыкөл ЖОББ мектебінің жанындағы шағын орталық тәрбиешісі**

**ӘБІЛХАНОВА САЯ ЖҰМАГЕЛДІҚЫЗЫ**

Сценарий тақырыбы: Жыл басы - Наурыз!

Сценарий мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру;
Балаларды елін , Отанын сүюге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу;
Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.
Сценарий көрнекілігі: газеттер, нақыл сөздер, киіз үй керегесі, ұлттық бұйымдар.
Сценарий барысы:
Мейрам өтетін жер салт –дәстүрге байланысты жабдықталады.Балалар ұлттық киімдерімен келеді. Киіз үй керегесінен сахна жасалынады. Залда әсем әуен ойнап тұрады.



Тәрбиеші: Армысыздар құрметті қонақтар. Ұлыс күндеріңіз құтты
болсын!
Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық Наурызды!
Ән: Наурыз
Асылназ: Қош келіпсің Наурыз!

Арман тойы халықтың.
Қуанышы халықтың,
Құтты болсын қадамың!

Фатима: Би биледік бәріміз!
Егін өңін толқытқан,
Елдің көңілін шалқытқан.
Бас иеміз- Наурыз!



Хамза : Сені тойлап қарсы алып,
Бар әлемге жар салып,
Сәлем бердік, біз сізге!

Ақнұр: Наурыз келді құт болып
Мына бізге сүт болып
Аққа ауызмыз толады
Бар жақсылық болады.
Ақылбек
Наурыз келді еліме
Наурыз келді жеріме
Байлық бақыт тілеймін

Бүкіл қазақ еліне!
(Балалар Наурызға байланысты жаттаған тақпақтарын айтады)
( Балалар Наурызға арналған ән, билерін ортаға салады)
Ұлттық ойындар ойналады. Асық ату, Арқан тартыс.
Тәрбиеші: Қандай күшті балалар.
Тәрбиеші: Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Ендеше, ақ кимешекті ақ әжеміз наурыз көже әкеле жатыр. Қош келдіңіз! (музыка)
ӘЖЕ: (Қолында тостаған, наурыз көже)
- Амансыздар ма, құрметті қонақтар, балалар, көктемнің тамаша мерекесі, Ұлыстың ұлы күні, Наурыз құтты болсын, әр шаңыраққа береке, бірлік, мәртебе әкелсін. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын!
- Балалар, менің қолымдағы не? Онда не бар деп ойлайсыңдар?
- Дұрыс айтасыңдар. Бұл Наурыз көже. Наурыз мерекесін наурыз көжесіз елестету мүмкін емес. Сендерге сұрақ
- Наурыз көжені неше түрлі тағам қосып дайындайды?
- 7 түрлі
- Қане атап беріңдерші?
- Сүр ет, сүзбе, бидай, құрт, тары, май, тұз
- Дұрыс айтасыңдар. Наурыз көже ең дәмді, әрі тойымды, құнарлы тағамдардың бірі. Ерте кезде үлкен тайқазанға пісірген. Наурыз көже қаншама халықты аштықтан аман алып қалған.
- Ал, қонақтар жыл бойы тоқшылық болсын, дастарханымыз кең жайылсын деген ақ тілекпен наурыз көжеден дәм татыңыздар.
(ата – аналар алдына үстел қою, Наурыз көже құятын тостағандар қойып, құйып береді)
ӘЖЕ: Мына наурыз мерекесіне бір әдемі кілемшені әшекейлеуді бастап едім, аяқтай алмай қойдым. Мына көзде көрмейді, кәрілікте келді. Балалар маған көмектесіп жібересіңдер ме? Келіңдер, отырыңдар – деп жерге отырады (Әже жерге отырып, кілемшені жайып, оюларын жанына қойып, қалай жасау керек екенін көрсетеді. )




Тәрбиеші: Әрине, балалар әжеге көмектесеміз бе? Әже, сіз көрсетіп отырыңыз, қайсысын қай жерге орналастыру керек екенін. 4 бала шығару

ӘЖЕ: Ой, рақмет, балалар! Өркендерің өссін, көп жасаңдар. Қандай тамаша кілемше болды – деп жайып көрсетеді
Тәрбиеші: Қандай көмек керек болса айтыңыз, біз әрқашанда көмектесуге әзірміз. Солай ма, балалар?

ӘЖЕ: РАҚМЕТ! Сау болыңдар! Наурыз құтты болсын! (шығып кетеді)

БИ: «Қамажай»
Тәрбиеші: Осымен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды.
Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын!



**ӘБІШЕВА ӘЙГЕРІМ МҰРАТҚЫЗЫ**

***№280 орта мектебі***

***Бастауыш сынып мұғалімі***

***Қызылорда қаласы***

**Бастауыш сыныптарда көркем шығармаларды оқытудың маңызы**

Жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбие берудің сапасын түбегейлі жақсартуды іске асыруда мұғалімдерге зор жауапкершілік жүктелген. Мұның өзі оқытудың тиімді әдіс, тәсілдерін талмай іздестіруден, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруден көрінеді. Жас ұрпақтың рухани дүниесі мен ой-қиялын бірінші болып білім жарығымен нұрландыратын адам – бастауыш сынып мұғалімі. Кішкентай шәкірттер бірінші мұғалімнің көмегімен оқудың, жазудың, ойлғудың дағдыларын игере бастайды. Мектепте өтілген көптеген пәндердің ішінде оқушыларға терең білім, жан-жақты тәрбие берерде әдебиеттің алар орны ерекше. Әдебиет адамды рухани биіктетеді, жан сұлулығына тәрбиелейді, ізгілікке, адамгершілікке баулиды. Адамды асыл армандарға бастайды. Онда адамзаттың ілгері жарық сәулеге, жақсы өмірге ұмтылған ұшқын қиялы, сол жолдағы күрес-тартысты, ел басынан кешірген қилы-қилы оқиғалар, халқымыздың елдік қасиеті, бүгінгі жазира өмірі бейнеленген көркем әдебиетте адамдар тағдыры бар тіршілік болмысымен көрінеді. Оқырман алдынан талай тағдырлар өтіп жатады. Олардың әрқайсысы өзіндік тіршілігімен, қайталанбас мінезімен, өкініш-опығымен, қуаныш-қызығымен, арпалыс-тартысымен көрінген. Көркем әдебиет ойын сөздің күші арқылы жеткізеді де, оқушыларға өзінше әсер етеді. Балаларды адамгершілике, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Балалардың ой-санасын дамытуға, мінез-құлқын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс-әрекеттері үлкен әсер етеді. Әсірссе, бастауыш сыныптың

оқушылары өздерінің жас шамасына қарай суретті кітапшаларды, ертегі, аңыз-әңгімелерді, батырлар туралы шығармаларды сүйіп оқиды. Ондағы басты кейіпкерлердің іс-әрекетіне еліктейді, тәтті қиялдарға беріледі, Бұл сыныптағы оқушылар көбінесе оқу техникасына жаттығады. Әріптен сөз, сөзден сөйлем құрап оқи бастасымен-ақ, оқушыларда өзін қоршаған орта, жаратылыс, табиғаттың сырларын, көпті білуге деген ынта, көркем шығарманы оқу, мұғалім әңгімесін зейін қоя тыңдау, білмегенін сұрап алу белсенділігі басым болады. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларында танымдық мақала, іс-қағаздардың жеке түрлері, өлең, әңгіме, ертегі, мысал өлең, мақалдар мен мәтелдер.Олар туралы алғашқы ұғым беруді бастауыш сынып бағдарламасы талап етеді. Бастауыш сыныптан бастап оқушыларға әдебиеттік білім беру, әдебиеттің білімдік, өмір танығыштық қасиетін, оның тарихы мен бүгінгінің байланысын таныту әдебиет сабағының басты нысанына айналды. Оқушыларға әдебиеттен білім берудің алғашқы сатысында мұғалімді ойландырарлық мәселелер баршылық, мәселен, 11 жасар бала ұғымына көркем шығарманы қай тұрғыда таныткан жөн, әдеби шығарманы оқудан, онымен жалпы таныстықтан талдаудың қандай айырмашылығы бар: көркем шығарманы талдау, әдеби теориялық ұғымды қалыптастыру қажеттілігінің сыры неде, әдеби білім мен шеберлік дағдыларының арасындағы қарым-қатынасты байланысты ұғындырудың тиімді жолы

Әдебиеттік оқу сабағының негізгі материалы – көркем шығарма. Көркем шығарманы принципінде орта буын мен жоғары буында ұқсастық бар. Бірақ әр сынып оқушыларының жас ерекшелігіне және іскерлік, шеберлік дағдыларының сапасына қарай талдаудың әр буында өзіндік салмағы бар.Енді оқушыларға әдеби білім берудің сол кезеңдерін, онда қалыптастырылатын іскерлік пен шеберлік дағдыларын байқап көрейік.Сөзбен жұмыс істеу – сөзіндік қорын молайту – тіл көркемдігін, сөз өнерін меңгеру деген сөз. Ал сөз өнері – әдебиет.Көркем шығарманы оқу, талдау барысында оқушы жазушының әр сөзін таңдап, талғап қолданатындығында көзі жетеді, ана тілінің көп қырлылығын меңгертеді.Неғұрлым осындай жұмысқа тереңдеп барған сайын оқушылардың көркем әдебиетке деген ынтасы артады.Бастауыш мектептегі оқу сабағы аса маңызды рөл атқарады. Бастауыш сыныпта ана тілінде қоғам және ондағы адамдар туралы, сүйікті отанымыздың мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты, сондай-ақ жануарлар дүниесі туралы деректерді оқып, үйренеді, өмірге қажетті сан алуан машықтарды меңгереді.Соның нәтижесінде оқушылардың келешекте жоғары сыныптарда жақсы оқуға, белгілі бір мамандыққа деген құмарлығы артады. Әдебиеттік оқу сабағы арқылы оқушының рухани дүниесі байиды, жай білім беріп қана қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді.

Қазақтың көрнекті қайраткері, ірі тіл маманы Ахмет Байтұрсынов: «Кішілік болмас үшін әр ұлт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін өзге тілді оқыта бастайды», — деген еді.Бастауыш сынып оқушылары көптеген әдебиет жанрларымен көбінесе әдебиеттік оқу сабақтарында таныса алады. Сондықтан заман талабына сай әрбір сабақ беру әдісін жетілдіру арқылы сабақтың сапасы мен тәрбиелік маңызын арттыру бағытында мұғалімге шығармашылық ізденісті қажет етеді.

Жас буынды төл мәдениет мәйегі мен тәрбиелеу барысында бастауыш мектеп мұғалімдерінің мүмкіндігі де, міндеттілігі де жоғары.Ендігі қажеттілік – тынымсыз шығармашылық ізденіс. Шығармашылықпен жұмыс жасауға талаптанған мұғалімге мектеп бағдарламасындағы әдебиет пәнінің әрбір тақырыбын, әрбір көркем мәтінді ұлттық тәрбиемен

өзектестіре оқытуға жол ашық. Сол себепті мәтін аясында көркем образдарды талдап тану арқылы оқушының өмірлік көзқарасын қалыптастыруға, дүниетанымын дамытуға ықпал ететін әдебиеттік оқу сабақтарында халықтық мұраларды оқыту барысында білімділік, дамытушылық мақсаттарға қоса, тәрбиелік сипатына баса назар аударылған абзал.

Бастауыш сыныптарда әңгімелерді оқыту.Бастауыш мектеп балалары өте қарапайым түрде әңгімелейді және тек жай сөйлемдермен немесе көмекші сұраққа бір сөзбен ғана жауап береді. Сондықтан мұғалімнің бұл мәселеге ерекше көңіл бөлгені жөн. Әңгімелеуге үйретуде мыналарды ескеру қажет:

1. Балалардың қойылған сұраққа дұрыс, толық жауап беруі.
2. Мұғалім қолданған күрделі сөйлемдерді қайталатқызу.
3. Өздеріне сөйлемдер құрату.
4. Сөйлемге қажетті сөздерді ойлап тауып айтуға үйрету.
5. Сөз жасау, сөзге түрлі жалғау-жұрнақтар қосып айтуға үйрету.
6. Суретті көрсете отырып және суретсіз (белгілі оқиға) әңгіме құрату.

Оқылған шығарма мазмұнын бір рет қана әңгімелету жеткіліксіз, оны бір-екі аптадан қайталаған жөн. Алғашқыда шығармаға арналған суреттер бойынша, ал келесі сабақта оны әңгімелету керек.

Әңгімелесу сабақтарында бала әңгімесінің мазмұнын бақылап, оның қандай сөздерді, сөйлемдерді қолданғанын бақылау керек. Оның лексикалық қатесін түзетіп, сөйлеуінің даму ерекшелігіне қарай дұрыс әңгімелеуге бағыт беріп отыру қажет.

Бастауыш мектеп оқушыларының есту қабілеті біркелкі жетілмейді, өсе келе дамиды. Олардың естуін дамытудың, тілін ширатудың бір жолы кітап оқу арқылы болмақ. Мұғалім баланың сөзді ұғу қабілетін де әңгіме кезінде белгілі бір мерзімге дейін сөзге зейін қоюын да ескеруі қажет.

Мұғалім шығарманы өзінің қалай орындауына ғана көңіл бөліп балалардың зейінін назарынан тыс қалдырмауы керек. Егер балалардың көңілі алаңдай бастаса тәсілді дереу өзгертіп сұрақ беріп оқып отырған затты не бейнесін көрсетіп образды нақтылап балалардың көңілін аудару шарасын жасау қажет.Мұғалім әңгімені оқығанда балалардың алдында тұруы керек. Олар оқығанда естумен қатар мұғалімнің бет пішіні мен мимикасын, ым-ишарасын да байқайтын болсын. Әрине мимика мен ым-ишара сөз мәнеріне жатпайды, дегенмен, сөйлеген сөзге қосымша ажар береді, әр түрлі сезім күйін көрсетеді.Мимика көркем сөз оқушының ой сезімімен байланысты көрінетін бет құбылысы оны сөздің сырттай көрінісінің мәнері ретінде ерекше қолданады.Сөйтіп ым-ишара қосымша мәнерлеу тәсілі болып саналады, көркем сөз орындаушы бұны сөз сөйлеп тұрған кезде оқиғаның мәнді жерін айқындау үшін пайдаланады. Бірақ ым ишараны орынсыз жерде көп қолданудан аулақ болу керек. Ең кажеттісі көркем сөз орындаушының суреттеліп отырған оқиғаға өз көзқарасын білдіретін көңіл күйін сездіретін психологиялық ишыратты жасау.Бұл мәтінің қосалқы сырын ашуға себебін тигізеді, оны психологиялық кідірістің орнына да қолдануға болады, оның мақсаты тыңдаушылардың назарын аударып айтылған ойдың мән мағынасын көрсету, иландыру, зердесін жеткізу.Мимика мен ым-ишара ауызекі сөйлегенде әсерлі шығады. Шығарманы оқып болған соң балалардың алған әсері жөнініде әңгіме жүргізу – сабаққа қойылатын талаптардың негізгі бір бөлігі. өйткені әңгімені ықыласымен тыңдаған балардың алған әсері іштеріне сақталмайды. әдетте олар әңгіме аяқталысымен ойларын бірден айтатыны белгілі. Мұғалім балалардың ойын

тыңдап алған соң, өз пікірін қосады, қорытындылайды. Әңгіме не туралы айтылғанын балаларға нақтылап береді.

Балаларға әңгіме айтып беру.Әңгіме айту алдында балалардың зейінін аудару қажет. Оның бірнеше тәсілі бар. Ең алдымен, балалардың өздерінің көргендеріне көңіл аудартy (мұғалімнің айтайын деп тұрған әңгімесіне ұқсас оқиғаны естеріне түсіру) жөн. Бұдан соң балалардың біліміне қарай (мұғалімнің әңгімесінде айтылатын оқиғаға байланысты қысқаша әңгіме жүргізу) сурет немесе кітаптың ашық бояулы мұқабасын көрсету, әңгіме тақырыбын хабарлау сияқтыларды жүргізуге болады.Әңгіме айтып тұрған кезінде мұғалім әлсін-әлсін әр балаға бір көз қиығын тастап отыруы керек. Сонда мұғалімнің олармен тікелей қарым-қатынас жасап отырғаны сезіледі. Алайда балалардың назарын аударып, оны аяғына дейін сақтау үшін, ең әсерлі құрал әңгімешінің шеберлігі болмақ. Оған лайықты тақырып таңдап алу, тартымды образдарды жасау, қызықты сюжет құру, хабарламаны қорытындылау, тілінің жатық бейнелі болып келуі жатады. Қай әңгіме болмасын бір ғана мақсатты көздеуі тиіс. Ол, жеткіншектерге – рухани тәрбие беру, балалардың ой-қиялын ояту, мейірімділік, адамгершілік сезімін, отанды сүюге тәрбиелеу.Шығармашылық әңгіменің түрлері. Мұғалім балаларға әңгіме айтудың бірнеше түрін қолданады. Оларға өмірден көргендерін (есте қалғанын, бақылағанын) айтып беру, көркем шығарманы түсіндіріп әңгімелеу, сурет бойынша әңгіме жүргізу, ұлы адамдардың өмірбаяндарымен таныстыру, көркем шығарма мәтіні бойынша дайындау барысында оны қысқартып әңгімелеу, бөгде біреудің атынан айтып беру, көпшілікке арналған ғылыми мақала негізінде құралған хабарлама әңгімеге сюжет құрып айтып беру сияқтылар жатады. Осылдардың барлығы шығармашылық әңгіме.Өмірден көргендерін (есте қалғанын, алған әсерін) әңгімелеу. Әңгіменің бұл түрі оңайлау, өйткені бұған тікелей сезіну, көру фактілері арқау болады. Мұғалім әңгіменің бұл түрінің ең қызықтысын, балалардың жас ерекшелігіне сай келетінін, тәрбиелік мәні, маңыздысын ғана таңдайды.Сөйлеуге үйретудің негізгі әдістерінің бірі — мұғалімнің балаларды жетекші сөздер арқылы әңгіме қатыстыра білуі.Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеп беруге үйретуде мұғалім шығарма мазмұнына сай сұрақтар бере білуі керек.

Мұғалім балалардың әңгімелеріндегі кейбір фактілерді толықтырып отыруға тиісті. Өз кезегінде әрбір әдеби шығарманың мазмұны ашыла түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Балалар әдебиеті арқылы бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту
2. Ш. Сәтбаева «Әдебиет мерейі» Алматы. 1981 ж.
3. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 1992ж.
4. А.Құнанбаев Қара сөздер. Даналық дәрістер. Алматы.2002ж

«Бастауыш мектеп» журналы. 2017,2018ж №1,4 санд

**№19 Раушан бөбекжай бақшасы**
**Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені**

**ЖАКИПОВА ЖАКСЫГУЛЬ БАЗАРХАНОВНА**

**« Ата-аналармен байланыс технологиясының формалары мен заманауи модельдері»**

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру қоғамдағы ең ірі, маңызды мәселе болып тұр.
«Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы мұң» деп Ұлы Абай айтқандай, балалардың тәрбиесіне ерте жастан мән беру керек.
Бала тәрбиесінде алғашқы ұстазы ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, әдептілік сияқты қасиеттер отбасында балаға сөзбен , теориямен дамымайды, үлкендердің ісімен сіңеді.
Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға . Сондықтан әке де, ана да балаларының жан дүниесіне үңіліп мінез құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Әрбір ата-ана балабақшаға келіп күнделікті өткізілетін іс-әрекеттерге қатысып отырса, мерекелік ертеңгіліктерге атсалысып жүрсе, ол ата-ана баласының көпшілік ортада өзін қалай ұстайтынын, басқалармен қалай араласып, тіл табысуын, білім деңгейін зерттей алады. Сондай ақ өзінің берген тәрбиесінің дұрыс-бұрыстығына бір сәт көз жүгіртеді. Ата аналарды ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатыстырудың маңызды нәтижесі ата-аналар өз баларының ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, балалармен қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта қалған жоқ па , үйде және балабақшада өзін калай ұстайтынын салыстырады . Ата-аналардың балабақшадағы балалардың өмірін мейлінше қызықты етіп өткізуіне мейлінше үлес қосу үшін тәрбие шараларына қатысып отырғаны нәтижесін берері сөзссіз. Ата-ана өзінің мінезі , дағдысы іс-әркеті арқылы балаға үлгі көрсетеді. «Жұмылы көтерген жүк жеңіл » дегендей, отбасы және балабақша біріге күш салып, бала болашағына зор үмітпен қарап , түзу жолға салуда ерінбей еңбектенсек, өте жақсы нәтижелерге қол жеткізетініміз айдан анық . Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті , сүйіспеншілікті , жүрек жылуын қажет етіп , ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды . Әрбір ата-ана – өзінің баласының алдында да , мемлекет алдында да жауапты . балабақша мен ата-ана арасындағы тығыз қарым- қатынас , бірлік , ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін пайдасы тиімді болмақ . Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру . Баланы және ата-ананы сыйлауға тәрбиелеу.
Ата-аналарға балалармен жұмыстың дағдыларын қалыптастырып, ата-аналармен жұмыста әріптестіктің әртүрлі формалары мен заманауи модельдерін қолданған дұрыс болмақ .
Ата-анамен бірігіп жұмыс жасау тәрбиешінің жұмысын жеңілдетіп , баламен қарым-қатынастары жақсарады. Ата-анамен бірігіп жұмыс жасауда тәрбиеші жұмысты әр түрлі бағытта жүргізіп , түрлі әдіс- тәсілдерді пайдаланғаны жөн .
«Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдерінің» түрлері:
Ата-аналар конференциясы
Ата-аналар бұрышы

Сұрақтар мен жауаптар кеші
Ата-анамен жеке жұмыс
Тенингтер
Көрмелер
Отбасылық сайыстар
Тәрбиелеудің үш көзі
Ашық есіктер күні
Сауалнама жүргізу

Отбасы- бұл баланың өмір сүру ортасы, қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен каруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орны.
Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әректі арқылы баласына үлгі көрсетеді. Отбасы адамзат тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ ,бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Бала тәрбиесі- ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланысу арқылы одан әрі жалғасады. Бала тәрбиесіне тек балабақша ғана емес отбасы мүшелерінің тигізер әсері мол. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі бала.
Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.
Ата-аналармен бірлесе жасаған жұмыстың маңыздылығы:
Ата-аналар балабақшадағы оқу қызметтеріне, іс-шараларға қатысқан кезде балаға жақын болудың, онымен ашық сөйлесудің, балаға көбірек көңіл бөлудің маңыздылығын түсінеді. Әке де, ана да баларының жан дүниесіне үңіліп, мінез құлқындағы ерекшкліктерді жете білгені жөн. Өкінішке орай өз баласымен ашық сөйлесе, сырласа білмейтін ата-аналар болады. « екуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді , баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Әрине ол дұрыс емес. Баланың бас ұстазы ата-ана. Көбінесе ата-аналар тарапынан мектепке дейінгі ұйымдарға көңілі толмай тұстары болып жатады. Себебі ата-аналар баланы таңертең балабақшаға қалдырады, ал кешке дейінгі мұндағы атқарылатын жұмыс түрінен бейхабар. Ата-аналар кунделікті балабақша ішілік жұмыстарға қатысып отырса тәрбиешіге оқу қызметіне көмектеседі, балалрының жақсы жақтары мен көмек қажет ететін әлсіз жақтары турулы мәліметтер бере алады.
«Бақытты балалық шақ » деген ұғымның өзі отбасы мен балабақшаның тығыз байланыста ұйымдастыра жүргізген жұмысының нәтижесі іспетті. Балабақша мен отбасы арасында тығыз сабақтастық қажет, өйткені осы бағыттағы тәлім тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болмақ . Жүсіп Баласағұнның зерделі ойлары біздің өрбітіп отырған мәселеміздің түйінін шешкендей
Бала білім жалын кусын десеңіз,
Бесігінде-ақ білім шоғын көсеңіз,
Білім үйрет сәбиіңе сарыла,
Уыздай ұйыт,сүттей сіңір қанына.



"Балақай" бөбекжай-балабақшасы
Музыка жетекшісі

**ЖАҚСЫЛЫҚ ҚАРЛЫҒАШ БАХЫТҚАЛИҚЫЗЫ**

## «Біздің балабақша»

***«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» М.Әуезов***

Әрине, мәңгілік ел,мәңгілік ұлт боламыз десек, тәрбиені сәби дүниеге шыр етіп келіп тал бесігінде тербелген кезден бастауымыз керек.

Ананың ақ сүтінен нәр алып тал бесігінде тербелген сәбиге, үлкендер жағы, тәрбиелік маңызы бар халқымыздың ертегі, әңгімелерін, жыр-дастандарын оқып беріп, жастайынан бала ның бойына ұлттық құндылықтарымыз ды сіңіре өсірсе нұр үстіне нұр болар еді.

Бала бір жасқа толып,ұядан ұшыуға талпын ған ақ уыз балапандай алғашқы қадамын,алғашқы жеке дара өмірін білім мен тәрбиенің бастауы болған бала бақшадан бастайды.

Бала бақшаның балаға беретін тәлім-тәрбиесі сондағы ұстаздарға байланысты.

Ұстаз болыу-өз уақытың ды аямау, Өзгенің бақытын аялау. Деп босқа айтылмаған. Ұстаз- киелі мамандық.Ол ертеңгі болашақ иесін-ұлтын тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу,оған ғылым негіздерінен мағлұмат беріу,баланы өмір сүріуге икемдеу, адами қылықтарды бойына дарыту- оңай шаруа емес.

Тәрбиеші суретші, әртіс,әдебиетші,ақылшы,дос және адам жанын бағамдар психолог.

Елдің ертеңі мен ұлт болашағын жан-жақты тұлға ретінде қалыптастырыу да мектепке дейінгі мекемелер үлкен жұмыс атқарып отыр.

**Осы барыста біздің балабақшамыз** МДШО "Жаркын" бөбек-жай мекемесі балабақшасы. Сыртқы көрінісі мен ішкі сұлулығы хан сарайы тәрізді кірген жанның көңіл күйін көтереді. Бақшамыздың айналасы сыңсыған ну орман мен көмкерілген көгалы жайқалған, алуан түрлі-түстегі гүлдері көздің жауын алып ,көрген жанды тамсандырып, көңіл көзін сұлулықпен нұрландыр май қоймайды.

Тәрбиешілердің шебер қолдарынан жасалған әр тақырыпқа сәкес иновациялық технологияны қолдана отырып жасаған сабаққа қатысты көрнекіліктер,әр түрлі мамандыққа байланысты бұрыштар, Ұлттық құндылығымызды көрсететін көрнекіліктер мен мұндалап тұр.

Бұның бәрі осында жұмыс атқаратын қызыметкерлердің еңбегінің нәтижесі. «100 мектеп,100 балабақша» мемлекет бағдарламасына орай балабақшамыз жаңа салынған. 2015жылы ашылған нан бастап білікті де білімді башшы мен ұстаздардың қажымай-талмай еңбек етіуінің арқасында көптеген белестерді бағындырып талдықорған қаласындағы үздік балабақшаның біріне айналды. 2022 жылы аттестация дан сүрінбей өтіуі де біздің педагоктеріміз дің білімділігінің жемісінің айғағы.

Тәрбиеші болу, үлкен ыждағаттылықты,қажырлы қайсарлықты мейрімді де қарапайым кең жүректілікті, талап ететін кез келгеннің қолынан келе бермейтін, жауапкершілікке толы ауыр жұмыс екені баршаға аян.

Біздің бала бақшамыз 320 тәрбиеленіушісі бар үлкен ұжым. Әр түрлі пәндегі мамандық иелерімен кадрлар толығы мен қамтылып жұмыс атқарады.

Таң бозынан келген жарқын жүзді тәрбиешілер өздеріне мол ұміт пен сеніп келген жаудыр көзді сүйкімді бүлдіршіндерді көріп өздерінің шаршағанын мүлдем ұмытқандай. Таңғы астарына тойа томпиған тәрбиеленіушілер алдын да, таңғы 9 да тәрбиешілер мен мамандардың әр түрлі пәндегі сабақтары басталады.

Сабақ үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізіледі. бір топта көркем әдебиет, бір топта матиматика, бір топта сурет сабағы, тағы бір топта мүсіндеу т,б сабақтар жүріп жатса, және бір кәбинетте сқырық шалынып шынығып шымыр болыуға жетелеген,дене шынықтырыу сабағы да басталады.

Және бір бөлмеден қиал әлеміне қарай қалықтаған қаздай тізіліп мың бұрала биге басқан бишілер тобын көресіз. Тағы бір кәбинеттен жанды елітер күмбірлеген күй дауысы сызыла шығып музыка сабағы да басталып, балалардың асқақтата шырқаған балғын дауысы зал ішінде қалықтайды.

Бірде асыр салып ойынға берілген сәбилер күлкісі балабақша ішін бақыт құшағына бөлейді. Басқада мамандық иелері де өз-өз жұмыстарына кірісіп бізде осындай қызыу тірлік басталып кетеді.

Тәрбиешілер мен маман кадырлар көпшілігі тәжірибелі педагогтар. Сондықтан респұбликалық, облыстық, аудандық, сайыстар да өздерін көрсетіп бағуда. Бізде педагогтар арасында арнайы балабақша ішілік сайыстар үнемі өткізіледі .Әр пед кеңес сайын ашық сабақтар сайысы қортындыланып отырады.

Ал жаңа жыл мерекесі, аналар мерекесі, наурыз мерекесі кезінде жеке-жеке сайыс ұйымдастырылып, әуелетіп ән шырқап, мың бұрала биге басса бірде қойылым қойып көрермендерін күлкіге қарқ қылып педагогтар өздерін басқа қырынан көрсетеді.

Мен саз жетекшісімін. Бұл мамандыққа келіу себебім: Бала жасымнан ән мен күйге құмар болып өстім. «Армансыз адам,қанатсыз құс»дейді енен. Менің арманым осы балалардың кішкентай

кіршіксіз таза сәби жүректерінен жол тауып, олардың шат күлкісінен қуат алып,куандыра білсем, бір сәт күйбең тірлікті ұмытып өзімде бала мен бірге бала болып мәз болыуды жаным қалады. Олардың үмітпен қуанышқа толы сәби жүздерінің алдында тұрыу дың өзі мен үшін үлкен бақыт еді Міне осылайша алдыма келген кішкентай періштелер мен жұмыс жасау негізгі мақсатыма айналды.

Ұстаз болыу- қыйын,бірақ ардақты іс.Ұстазбен шәкірт арасында мейрімділік болса бар қиындықты жеңіуге болады. Бала тәрбиесі- үлкен өнер.Әрбаланың жеке, дара ерекшелігіне байланысты сабақ жүргізіуден бастау керек. Бала алғаш рет ана алдійін тыңдап жаны жадырап ұйқыға кетсе бұлда музыканың әсері.

Балаға музыкалық эстетикалық тәрбие бере отырып, жан –жақтылы жеке тұлғаны дамытудың алғашқы баспалдағы балабақшада жалғасады. «Музыкаға құмар баланың ,жаны сұлу,мінезі көркем болады» дейді екен.

«Балалық шақ музыкасыз, ойын-күлкісіз,ертегісіз мүмкін емес» деп,В.Сухомлинский айтқандай, нәресте дүниеге келіуімен байланысты, ырымдар,»Шілдехана» «Бесікке салыу» « қырғынан шығарыу»бәрі әнсіз,өлең-жырсыз өтпеген.Бала әуен ырғағын естіу арқылы көңіл күйі шалқып, осы сырытқы ортаның әсері нен әдемілікке, әсемдыкке деген сезім күйі қалыптасып,эмоциялық әсері күшейіп,естетикалық тәрбие қалыптаса бастайды.

Музыкалық тәрбие,балаға қуаныш силап,музыкаға сүйіспеншілігін оятып,қабылдау қаблиетін дамытып,(естіу,есте сақтау, ырғақ сезімі) музыкалық қимылды ойындар,дидактикалық ойындар, би мен ойынды байланыстырыу ән мен би қимылдарын байланыстырыу,осының бәрінде интерактивті ойындар мен қоса қазақтың ұлттық құндылғымызды дәріптейтін дәстүрлі ойындарына баса мән беріуге ынталандырыу керек.

Мен өзімнің іс-тәжірибемде интерактивті ойындар мен қазақи дәстүрлі ойындарды ұштастып қолданыуға мән беремін.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуі ән айту кезінде жақсы қалыптасады. Ән сабағымда, әнді тыңдату,айтқызыу,ырғақ қозғалыстары мен, әуеннің ойын бөлімдерін, ойнатқызып,қызықты музыкалық аспаптар мен,балалардың ән сабағына деген қызығушылықтарын арттырамын. Осы арқылы, естіп есте сақтау,зейін қаблиеттері дамып бала өзін еркін сезініп, театр ойындары арқылы сахнада ашыла түседі.

Қазақтың ұлттық күйлері мен ұлттық әндері ғасырлар бойы ұрпаққа мирас қалған мәдени мұра.Өмір шындығын дыбыстық көркем бейнелер мен көрсететін ұлттық сала . Оны жастайынан келергі ұрпақ бойына сіңіріп өсіріу біздің бұлжымас міндетіміз. Сондықтан мен қазақтың ұлттық ән күйлерін көбірек тыңдатып, балалар аспаптары мен балалар оркестрін жасау арқылы ,ұлыттық ән- күйлердың дыбысын,ұлттық аспаптарының

дыбысын бала жадына жаттатыуға ерекше назар қоямын.Осы барыста балалармен дайындаған оркестір мен әндерден

Респұбликалық, облыстық, аудандық конкурустарға қатысып көптеген жүлделі орындар алып отырдым.

Халқымыздың ұлттық тәрбиесіне әлемде ешқандай ұлт теңдесе алмайды.

Балаға жасынан ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызы,ол елімізді жерімізді,дінімізбен тілімізді, ділімізді құрметтеуінің негізі,осы ұлттық тәрбиенің негізінде болып табылады.

Ұлттық тәрбие бойына сіңген бала ,адамгершілігі жоғары, отанын сүйетін патриот,халқына аянбай қызыметететін кең жүректі,ұлттық рухы биік парасатты азамат болып өседі.

**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп –интернат» кешені КММ**

**ЖАНАХМЕТОВА МАХАББАТ РЫСБЕКОВНА**

**Психологиялық- педагогикалық қолдау табысты баланың дамуының шарты ретінде**

Соңғы жылдары көптеген елдерде мүмкіндіктері шектеулі балаларға ерте жастан түзете-дамытушылық көмекті көрсету бағдарламаларын іс жүзіне асыру денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау салаларының өзекті мәселерінің бірі болып, ірі әлеуметтік мәселе сипатына ие болды. Бұл мәселенің аумағында мүмкіндіктері шектеулі балаларға мектепке дейінгі кезеңде олардың мектепке дайындығын қамтамасыз ететін даму жағдайларын жасау ерекше рөлге ие. Балалық шақтың ерте жасында мектепте оқудың табысты болуына әсер ететін мектепке дейінгі дайындықтың қалыптасуына алғышарттар жасалады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды мектепте оқытуға жоспарлы түрде дайындау үшін ерте жастан көмек көрсетуді анықтайтын факторлар қатары бар. Біріншіден, бұл бағыттың болашағы баланың белсенді түрдегі динамикалық жағдайда дамуы және кез келген жағдайда баланың даму заңдылықтарының жалпыламалығы туралы ұғымдар арқылы түсіндіріледі. Бұл мәселе қажетті жағдай жасалған кезде баланың орнын толтыру күшін іс жүзіне асыруға және қалыпты жағдайға келуге болатынын көрсетеді. Баланың дамуында басым жүйе ретінде орталық жүйке жүйесі болып табылатыны және ерте жаста бұл жүйе жоғары деңгейдегі бейімделуші және үйлесімді қызметке ие екендігі, сонымен қоса бала өмірінің алғашқы жылдары ең икемді екендігі дәлелденген. Ерте жастағы белсенді түрдегі репрезентация мен физикалық және әлеуметтік өмірді түсінудегі туа біткен және басты кестелерді қолдануға қабілетті болып табылады. Бала өмірінің алғашқы жылдарына бала ағзасының психикалық және моторлы қызметтердің белсенді дамуы тән.

Ерте жастағы кезеңдердің маңыздылығының дәлелі ретінде жүйелілік, иерархиялық, сатылық, ырғақтылық, қарқын, мазмұн, бала психикасының қалыптасу бағыттарымен байқалатын көпқырлылық пен құрылымдылық болып табылады. Ең кішкентай баланың психикалық өмірінің ретке келуі кез келген жағдайда оның ынталану мүмкіндігіне жету болатынын байқатады.
Ерте жастағы баланың дамуындағы кез келген жаңа кезеңде әр психикалық үдеріс жаңа сапа мен қасиеттерге ие болатын күрделі қызметаралық жаңа құрылымдар нәтижесі ретінде болады. Нәтижесінде баланың дамуындағы әр кезең түзету жұмысының ерекше стратегияларын талап етеді.

Баланың дамуына отбасында тәрбиелеу мен күнделікті тұрмыс-тіршілік жағдайы, оның сырт пішіні, зерделегі өзара қатынасының қарқындылығы мен ұзақтылығы, сөйлеу арқылы қатынас пен тәрбиелеудің әдісі, ата-аналардың балалармен қарым-қатынасқа түсуге психикалық тұрғыдан дайындығы ерекше рөл атқарады.

Дамуында тежелістері бар балаларға арналған ерте жаста педагогикалық араласу бағдарламаларының тиімділігінің алғы шарты ерте жастағы жүйелі бағалау жұмысы болып табылады. Бағалау жұмысы психикалық онтогенездің бастапқы кезең ерекшіліктеріне негізделеді. Бұл шақта бала жылдам даму ерекшелігіне ие. Сондықтан осы кездегі даму барысындағы мардымсыз кішігірім ауытқулардың өзі жас ұлғая келе күрделі мәселелерге әкеп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, ерте жаста атқарылатын түзету жұмыстарының мүмкіндіктері де мол. Себебі бұл кезде бала психикасы икемді, сезімтал, әрі сыртқы әсерді қабылдағыш келеді. Ерте жаста «тәуекел» тобына жататын балаларды әртүрлі тиімді әдістер арқылы анықтап, олардың даму барысына бақылау жүргізу бастапқы ауытқуды анықтау мен оқыту жұмыстарының арасында болатын алшақтықтың алдын алар еді.

1. Ерте жаста кірігу бағдарламасын жобалау барысында баланың психикалық қызметтерінің әлеуметтік көрінісін, бала дамуының жүйелік құрылымы мен қарқындылығын есепке алу тиіс.
2. Бағдарламаның жобалау бірлігі іс-әрекет ерекшеліктерімен анықталған баланың стандартталған жас кезеңі болып табылады.
3. Педагогикалық түзету жұмысының құрылымы мен мазмұныны анықтайтын даму профилін қолдану жұмыстың негізгі принципі жеке-жіктеу бағытын ұстануға мүмкіндік береді. Яғни түзете-дамыту көмегі баланың жеке қажеттілігін өтеуге бағытталады.
4. Жеке дамыту бағдарламасы баланың жас ерекшеліктеріне сай аффективті, ақыл-ой және қимыл-қозғалыс қызметтерін ынталандыру арқылы онтогенездік реттілікті қамсыздандыру керек.
5. Ерте жаста кірігу бағдарламасы вариативті, пәнаралық және отбасына жұмылдырылған сипатта болуы тиіс.

**Пайдаланған әдебеттер:**

1. Мағжан Жұмабаев Педагогика 1992ж
2 Қ.Жұмасова Психология Астана -2006ж
3. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000



**ЖАПАР ГҮЛНАР**

**"Келешек" бөбекжай балабақшасы**

**Қазақ тілі педагогі**

**«Балабақшада өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйрету»**

**Аннотация**

Тіл үйрену мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталады. Бұл жастағы балалар тілді үйренуге бейім, ересектерге еліктейді. Мектепке дейінгі балалық шақта мемлекеттік тілді ерте үйрену баланың жеке басының үйлесімді дамуына ықпал етеді. Әр түрлі ұлт өкілдерінің балаларына мемлекеттік тілді үйрету тілдік сананың жаңа жүйесін қалыптастырудың күрделі процесі болып табылады. Балаларда әлеуметтік қарым-қатынастың алғашқы дағдылары құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қалыптасады. Мектепке дейінгі ұйымдар балаларды сөйлеуге үйретуде маңызды рөл атқарады.Тілдерді ерте жастан үйрету баланың зияткерлік қабілетін дамытуға сонымен қатар, балаларды мемлекеттік тілге және өз елінің мәдениетіне баулуға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:**Балабақша, өзге ұлт өкілдері, балалар, қазақ тілі

Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында. Сондықтан бүгінгі таңда бүлдіршіндердің бойына отансүйгіштік пен азаматтық сезімдерді тәрбиелеу қажет. Бұл сезімдерді тәрбиелеудің маңызды факторы – өз мемлекетінің тіліне деген терең құрметі.Олар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілді ерте оқытуды заңды деп санайды, өйткені мектепке дейінгі жаста тұлғаның негізгі қасиеттері қалыптасады, физикалық, адамгершілік және психикалық дамудың негіздері қаланады.
Ұлттық мәдениеттің негізгі элементі ретінде қазақ тіліне көңіл бөлу күнделікті қарым-қатынас саласымен және айналадағы шындықпен, сондай-ақ ауызекі халық шығармашылығы тілімен байланысты сөйлеу тілі мектепке дейінгі жаста қалыптасады. Қазақ тілінің үйрену өзге ұлт балаларына да қызық. Демек, мектепке дейінгі мекемеде көп ұлтты балалар тобында ана тілі мен мәдениеті туралы

объективті түсінік қалыптасады, бала балабақшаға келген алғашқы күннен бастап қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеу мен қызығушылықты қалыптастырады.
Біздің балабақшада бүлдіршіндерге балабақшаның орта тобынан (3-4 жас) бастап жүйелі түрде қазақ тілі оқытылады. Мақсаты – мемлекеттік тілді меңгеруге дайындық пен үлкендермен тіл табысуға деген құштарлықты дамыту. Бұл жас кезеңінде мұғалімнің алдына қоятын міндеттері балаларды ойыншықтардың, тұрмыстық заттардың, кейбір жануарлардың атауларын қабылдауға және түсінуге үйрету; «Мынау не?» деген сұрақты түсінуге үйрету, сұраққа қысқа сөйлем түрінде жауап беруге үйрету. Балалардың мемлекеттік тілді білуінің мазмұны мемлекеттік стандарт бойынша мектепке дейінгі балаларға арналған оқыту бағдарламаларында көрсетілген. Болуы тиіс негізгі міндеттер балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламаларына сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ тіліне оқыту бойынша тәрбие жұмысы процесінде жүзеге асырылады:

- мемлекеттік тілге (қазақ тіліне) тұрақты, мүдделі, құрметпен карауды қалыптастыру;
- қазақ тіліне тән белгілі дыбыстарды (ә, ө, ұ, ұ, і, ғ, қ, ң, ы) дұрыс айтуға тәрбиелеу;
- сөздік қорын байыту.

Балалар қазақ тілін байланыстырып сөйлеуді дамыту, сөйлеудің дыбыстық, сөздік жұмысын жүргізу, сөйлеудің грамматикалық жағын қалыптастыру арқылы меңгереді.
Өзге ұлттың балаларын қазақ тіліне үйрету – тілдік сананың жаңа жүйесін қалыптастырудың күрделі процесі. Балаға қазақ тілін меңгеру мүмкіндігі неғұрлым тезірек берілсе, яғни қолайлы сөйлеу ортасы жасалса, қазақ тілді меңгеру бойынша жұмысты мақсатты түрде ұйымдастырса, соғұрлым болады.
Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ тіліне оқыту үдерісін екі тілді – қазақ және орыс тілдерін меңгерген мұғалім жүзеге асырады.
Дұрыс айту дағдысын қалыптастыруда тәжірибеде сәтті қолданылып жүрген қазақ тіліндегі әндер мен өлеңді жаттатудың алатын орны зор.
Әндерді, өлеңдерді үйрету балалардың тілді үйренуге деген қызығушылығын оятуға және айтылу дағдыларын нығайтуға арналған. Балаларға қазақ тілін үйрету кезінде  көрнекі құралдарды пайдалана отырып, қызықты ойын түрінде жүзеге асырамын.
Ойын және сахналау процесінде балалар жаңа білім алады, бар білімдерін қолданады, дамиды.
3 жастан 4 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік тілді оқытудың мақсаты – балалардың бойында мемлекеттік тілді үйренуге дайындығын және сол тілде ересектермен қарым-қатынас жасауға деген құштарлығын дамыту.
Тапсырмалар:

- Балалардыойыншықтардың, кейбіртұрмыстықзаттар мен жануарлардыңатауларын қабылдауға және түсінугежәнемұғалімніңталабыбойыншақарапайымәрекеттерді орындауға үйрету (беру, әкелу, алу)
- Қарапайым сұрақтарды түсінуге үйрету;
- Қысқа сөйлемтүріндесұрақтарғажауапберугеүйрету;

Мемлекеттіктілдесөйлеудітыңдауғаүйрету (халықауызәдебиеті, шағынөлеңдер мен әндер).

- сөздік жұмысы;
- балалардыңмемлекеттіктілдегісөздікқорынмолайту:

- (ойыншықтар: куыршақ, доп, машина: қазақтыңұлттықтағамдары: (кесе, қазан, тостақ)
- Жемістер: алма, алмұрт

- Жануарлар: түйе, жылқы, құлан, сиыр:

-Заттардың көлеміне қарай белгілерін білдіретін сөздер (үлкен, кіші);

- Түсі бойынша (қызыл,көк, сары, жасыл):

- Іс-әрекетті білдіретін сөздер (алу, беру, әкелу).

Сөйлеудің грамматикалық жағын қалыптастыружай сөз тіркесін түсінуге үйрету: зат есім, мысалы, табақ бер (тарелкені бер). Допты алыңыз (допты ал)
Біріктірілген сөйлеуді дамыту.
Қарапайым сұрақтарды түсінуге үйреніңіз, мысалы: (Мынау емес пе?)
4 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік тілге үйретудің мақсаты – мемлекеттік тілді меңгеруге дайын ең бастысы балабақшадағы баланың жеке тұлғасын қалыптастыру. Ана тілі мен мемлекеттік тілді меңгеруге мүмкіндігі бар және үлкендермен, құрдастарымен достық қарым-қатынаста болуға ұмтылу.

Қазақ тілі сабағының құрылымы міндетті түрде артикуляциялықжаттығу, айтылым жаттығулары жәнеқазақ тіліндегі бұрын үйренген ұйқастарды, әндерді қолданатын дене жаттығуларын қамтиды. Балаларға қолжетімді қарапайым рифмалық жолдарды табу әрдайым мүмкін емес, содан кейін сабақта өз шығармасының рифмалары қолданылады. Мысалы, қ дыбысын орнату үшін:

Кел, кел балақан
Шапалақта алақан
Для звука ү;
Жүгір кәне күнім,
Тосып отыр інің.
Для звука Ә;
Әсеткелдіәне
Көрсет өнер қәне.

Жылсайынбалабақшадағы өзге ұлт өкілдерінің тәрбиеленушілердің қазақтілінүйренугедегенқұлшыныстары артыпкеледі. Бұлтолығыменмектепкедейінгікезеңгеқатысты. Мектепжасынадейінгібалалардыңата-аналарыныңөзбалаларыныңмемлекеттіктілдіменгеруінеқызығушылықтарыартыпкеледі.
Мектепжасынадейінгібалалардыңкөпшілігіүшінсөйлеуді, ойлаудыжәнебасқаларменқарым-қатынасжасаудыүйренетінбіріншітіл - орыстілі.
Қазіргітаңдаеліміздегібарлықбалабақшалардамектепжасынадейінгібалалардыңмемлекеттіктілдіменгеруінебағытталғанжұмыстар жүргізілуде. Балаларқазақтілінарнайыұйымдастырылғансабақтардағанаемес, күнделіктіөмірде де меңгереді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ – АҒАРТУ МИНИСТІРЛІГІ**

**«Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған**
**«Үміт» мектеп-интернаты» КММ**

**ЖАППАРОВА ЗАРИНА МӘЛІКҚЫЗЫ**

## Бастауыш сыныптарындағы қазақ тілі сабағында ойын әдістері пайдалана отырып функционалдық сауаттылықты дамыту

*Балалар әлемі - ерекше әлем. Оның өзіндік лексикасы, фольклоры, мөлшері, ар-намыс кодексі, өздік қызықтары бар. Бұлтаңғажайып әлемнің құралы – ойын. Балалық шақта ойын қызықтырады және қуантады, барлық бос уақытты толтырады, балалар үшін өте маңызды жұмыс болып табылады.*

Ойын – барлық балаларды педагогикалық ұйымдарға қосылуға, өзіндік шығармашылық әрекетпен шұғылдануға мүмкіндік береді. Ойын балаларды коммуникативті дамуын және жеке өзіндік бекінуін, өзін-өзі тануын қадағалайды.

**Тәжірибе өзектілігі:** Қазіргі таңда білім мен ғылымның уақыт өте өзгеріс үдерісінде бастауыш сынып оқушыларды оқытудағы мемлекеттік білім беру стандартының негізіне сүйене отырып жүйелік-белсенділік тәсілдері мен технологиялар мыналарды көздейді: әртүрлі ұйымдастырушылық нысандарды және әрбір оқушының жекеерекшеліктерін ескере отырып. , шығармашылық әлеуеттің, танымдық мотивтердің өсуін қамтамасыз ету, танымдық әрекетте құрдастарымен жәнеересектермен өзара әрекеттесу формаларын байыту. Оқыту мен тәрбиелеу процестері өз бетінше тұлғаны тікелей дамытпайды, тек олардың белсенділік формалары болған кезде және тиісті мазмұнға ие болған кезде, белгілі бір жаста қызметтің белгілі бір түрлерінің қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша, белсенділік баланың танымдық процестерін дамытудың сыртқы шарты ретінде әрекет етеді. Баланың толыққанды дамуы үшін оның іс-әрекетінің белсенділігін, оқуға деген қызығушылығын арттыратын жаңартылған бағдарлама мақсатына сүйене отырыпдұрыс оқыту жүйесін ұйымдастыру керек. Көптеген педагогика саласында пайдаланып жүрген кез келген технологияның оқушының білім деңгейін және сабаққа деген құштарлығын, қызығушылығын, белсенділігін арттыратын тиімді тұстары болатыны сөзсіз. Білім көзі-бастауыштан басталатындықтан, педагогтердің таңдап алынған технологияларды дұрыс пайдаланып, мақсатқа жету-әрбірм әрбір ұстаздың шеберлігінде. Тиімді технологиялардың ішінен иен оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, қазақ тілі бойынш тілдік дағдыларын, функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында тәжірибемде ойын технологиясының тиімділігін ашып ұсынып отырмын. Себебі педагогикалық ойын – оқытудың нақты белгіленген мақсатымен және оған сәйкес педагогикалық нәтижемен сипатталатын іс-әрекет түрі, оқытудың жүйелік-әрекеттік тәсілін жүзегеасыратын оқу-танымдық бағыт.

Бастауыш сыныпта сабақ барысында жалпы мәдени, ақпараттық, коммуникативтік сияқты негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру жүзегеасады. Бұл оқытуда жүйелік-әрекеттік тәсілді жүзегеасыру үшін ойын технологияларын қолданудың өзектілігін білдіреді.

**Тәжірибемнің педагогикалық жаңашаидеясы:**

Бастауыш сыныпта сабақта ойын технологияларын қолдану оқу процесін оқушы мен мұғалімнің бірлескен шығармашылық процесінеайналдырады, сол арқылы оқу мотивациясын арттырады және сабақта өнімді оқуіс-әрекетін ұйымдастырады, бұл табысты өтудің ең маңызды шарты болып табылады. оқушылардың пәндік және негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру. Осыған сүйене отырып, тәжірибенің жетекші педагогикалық идеясы белсенділік тәсілін жүзегеасыруарқылы оқытуды жетілдіру болып табылады, сәйкесінше жұмыстың мақсаты – бастауыш мектепте білім сапасы мен оқуға деген қызығушылықты арттыру, сонымен қатар сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда

оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға жағдай жасау. **Жоба мақсаты** – ойын технологияларын оқу процесінеенгізу тәжірибесін қорытындылау, әдістеменің тиімділігін көрсету.

**Міндеттері:**

- ✓ жеке қасиеттердің барынша көрінуіне, әрқайсысының табысты болуына қолайлы жағдай жасау;
- ✓ оқушыларды табанды, жүйелі тәрбие жұмысына ынталандыратын оң және тұрақты мотивацияны дамыту;
- ✓ білім алушылардың жеке ресурсын дамытуға (тұлғаның мотивациялық, аспаптық және когнитивтік сфералары) оқу-тәрбие процесінің бағдарлануын қамтамасыз ету;
- ✓ әрбір оқушыны белсенді танымдық іс-әрекетке, білімді өз бетінше меңгеру процесіне қосу, оны осы процеске қызықтыру;
- ✓ оқушылардың жеке, шығармашылық және зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруарқылы шығармашылық әлеуетін дамыту;
- ✓ оқытылатын педагогикалық технологиялар негізінде оқудың оң нәтижелеріне қол жеткізе отырып, күнделікті тәжірибеде пәнді оқыту жүйесін дамыту.

**Тәжірибенің жаңалығы:**

Ойын технологияларын қолдану негізінде білім сапасы мен пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыс жүйесі құрылғандығында.

Инновациялық бағыттағы жаңашылдығы:

- ✓ оқушылардың ойынды оқу-тәрбие жұмысында қолдану мүмкіндіктері туралы түсініктерін кеңейту;
- ✓ оқушы тұлғасын дамыту, қазіргі қоғам жағдайында өз бетінше өндірістік әрекетке дайындау;
- ✓ шығармашылық ойлауды дамыту;
- ✓ бірлескен іс-әрекет дағдыларын дамыту;
- ✓ қиын жағдайда оңтайлы шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ ақпараттық мәдениетті, ақпаратты өңдеу, оны ойын әрекетінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

**Гипотеза:** Ойын технологиялары оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеуге және белсенділіктерін арттыруға ықпал етеді

**Өзектілігі:**

Ойын балаларды ақыл-ой мен адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Ойынға тәрбие құралы ретінде үлкен мән берген А.С. Макаренко: «Бала ойында қандай болса, ол есейгенде көп жағынан жұмыста болады. Сондықтан болашақ қайраткердің тәрбиесіең алдымен ойында жүзегеасады», деген.

Ойын немесе ойын жағдаяттарын қолданатын сабақтар оқыту мен тәрбиелеудің тиімді құралы болып табылады, өйткені сабақтың дәстүрлі құрылымынан үзіліс жасау және ойын сюжетін енгізу бүкіл сыныптың назарын аударады. Ойынның мазмұны әрқашан бірқатар оқу міндеттерін жүзегеасыру болып табылады. Ойында оқушылар белсенді әрекетте өз білімін сыни тұрғыдан бағалауға, осы білімді жүйеге келтіруге мүмкіндік беретін жағдайға тап болады.

Мен бұл маңызды қорытындыларға бірден келген жоқпын, бірақ кіші жастағы оқушылармен жұмыс істеудегі білім мен тәжірибені жинақтау барысында. Қойылған мәселенің өзектілігі балалардың дербестігін, интеллектуалдық, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында қалыптасып келе жатқан баланың жеке тұлғасына психологиялық-педагогикалық әсер ету әдістерін жетілдіру қажеттілігінен туындады.

Мен тәжірибем бойынша жүргізілетін жұмысымның 3 аспектісін бөліп көрсетемін.

| | |
|---|---|
| Әлеуметтік аспект | Қазіргі өмір жағдайындаата-аналардың көпшілігі балалармен қарым-қатынасқа және олардың дамуына бос уақыт бөлеалмайды (олар кешке дейін жұмыс істейді, ең жақсы жағдайда үй тапсырмасын тексеругеуақыты бар). Ата-аналардың өздерінің білім және мәдени деңгейі төмен (менің сыныбымда оқушылардың ата-анасының 21% жоғары білімді). Бұдан шығатыны, ата-аналар көп жағдайда өз балаларының ойлауын дамытаалмайды. |
| Ғылыми аспект | Қазіргі мектепте оқу-тәрбие үрдісінің қарқындауы, бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін пайдалануғаарналған бағдарламалардың күрделенуі байқалады. |
| Практикалық аспект | Ойын оқушылардың көру, есту қабылдау жүйесін дамытуға көмектеседі. Сабақты қызықты, қолжетімдіету балалардың белсенділігін арттыруға, білім алуға, білім сапасын арттыруға көмектеседі. |

Ойын технологиясы Үшінші деңгейлік курсының жеті модулімен ықпалдастыруға келетін ең тиімді әдіс. Сабақта қолданылатын жаңа тәсілдерді оқушылардың жас ерекшелігіне сай таңдаймын, әрі бұл тәсілдер ойынға өте жақын. Ойын элементтерін жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында пайдаланамын. Себебі ойындар оқушылардың ой - өрісін дамытып, қана қоймай ойлау қабілетін арттырады. Сөздік қорларын да молайтып, сауатты жазуға да баулиды және өтілген тақырыптарды меңгеруге үлкен әсер етеді.Ал, біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққаалып келуі мүмкін. Сонымен қатар, оқушылардың алған ақпаратты сақтауының орташа пайызын, яғни оқу пирамидасын, оның ішінде 0 % - дәріс, 10 % - оқу, 20 % - аудио – визуалды қабылдауы, 30 % - көрсетілім, 50 % - талқылау, 75 % - тәжірибеде жасау, 90 % - өзгелерді оқыту пайызын ескере отырсақ, ойын технологиясын қолдана отырып, оқушылар алған теориясын тәжірибеде,яғни ойында қолданса оқу табысты болмақ.

Сабақ барысында ойын элементтерінеақпараттық коммуникациялық технологияларды, атап айтсам интерактивті тақта, аудио жазбалар, электронды кітапшаларды да қолданамын.

Ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыптарына мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс – әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс.

Жалпы мектепте балалар сабақтааса зор ынтамен ойнайды, олар ешқашан шаршамайды, тіптіуақыттың қалай өткенін де байқамай қалады. Ойын оқушының жекеерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді, мысалы, өзара көмек, бірін - бірі қолдау, жолдастық сезім, сондай - ақ біркатар психикалық үдерістердің: есте сақтау, ойлау, көңіл бөлу, сөйлеу, пайымдау т. б. дамуына әсер етеді. Ойын төменгі сынып оқушыларының топта жұмыс істеуарқылы ұжымдасуына көп көмегін тигізеді. Егер ойын сабақтың басында өткізілсе, балалар қалған уақытта тамаша жұмыс істейді, нашар оқушылар жеткілікті дәрежеде белсенділік танытады, сабақтың ортасында да, соңында да сабаққа қызығушылығы артып, назар аударуы жоғарлайды.

**ЖУМАДИЛОВА АЙНУРА АБУГАЛИЕВНА**

Тараз қаласы
№31 орта мектеп тарих пәні мұғалімі



## Неліктен АҚШ өз әскери кемелерін Жапонияға жіберді?

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | №31 орта мектеп | |
| **Пәні:** | Дүние жүзі тарихы | |
| **Бөлім:** | Америка Құрама Штаттарының күшеюі | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Жумадилова Айнура Абугалиевна | |
| **Күні:** | 10.04.2024 | |
| **Сынып: 7** | Қатысушылар саны: 24 | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Неліктен АҚШ өз әскери кемелерін Жапонияға жіберді? | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 7.4.1.3 АҚШ-ғы капиталистік монополиялардың даму ерекшеліктерін анықтау;<br>7.3.2.6 еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау;<br>7.4.2.2 қоғамның индустрияға дейінгі және индустриялық даму кезеңдерінің арасындағы айырмашылығын анықтау;<br>7.2.1.2 миссионерліктің міндеттерін анықтау | |
| **Сабақтың мақсаты** | АҚШ өз әскери кемелерін Жапонияға жіберудің себептерін анықтау | |
| **Сабақтың барысы** | | |

| **Сабақтың кезеңі//уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдас тыру** | **Ұйымдастыру:**<br>1.***Оқушылармен амандасу, түгендеу.***<br>2.***Сынып оқушыларын топқа бөлу.***<br>(оқушыларға түрлі түсті конфет таратылады. Әр оқушы өзіне қалаған конфетті алып 3 топқа бөлінеді).<br><br><br>І топ –«Сегун»<br>ІІ топ – «Миссионерлер»<br>ІІІ топ – «Дайме»<br>**3.*Топта жұмыс істеу ережесі.*** | Оқушылар өзіне қалаған фотосуретті таңдайды. 3 топқа бөлінеді.<br><br>Топта жұмыс істеу ережесімен танысады. | ҚБ Мұғалім оқушы лар жауабын мқұият тыңдап кері байланыс беріп | конфеттер<br><br>Слайд №1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Өткен білімді еске түсіру** | <br><br>1. Бір-бірін тыңдау.<br>2.Мақсатқа бірге жету.<br>3.Уақытты үнемдеу.<br>4.Бірге жұмыс жасау.<br>5. Бірін-бірі құрметтеу.<br>**Өтілген сабақты пысықтау.**<br>«Ұяшықтар» әдісі бойынша үй тапсырмасын тексеру. Әр топқа 3 сұрақтан қойылады.<br><br><br>1.АҚШтағы құлдық қалай жойылды?<br>2.АҚШ тағы азамат соғысы қай жылдары болды<br>3.1860ж сайлауда жеңіске жеткен кім?<br>4.Құлдықтың жойылуына өз үлесін қосқан қоғам қайраткері?<br>5.Конфедерация президенті болған Д.Девис ұраны<br>6. 1862 жылы қабылданған заң<br>7. М.Л. Кинг Америка үшін кім<br>8.Менің балаларым,мен армандаған қоғамда өмір сүруі керек деп кім айтқан<br>9. 1850ж газет баспаларының басты тақырыптары | Әр топ оқушылары сұрақтарға таңдаған ұяшығы арқылы жауап береді. | отрады. Мадақтау «Жарайсың», «Өте жақсы» «Тамаша»<br>. | Слайд №2 «Ұяшық» әдісі. |
| **Жаңа білім** | **Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.**<br>**Бейнетаспа** « Неліктен АҚШ өз әскери кемелерін Жапонияға жіберді?» 2-3 минут<br>**1-тапсырма . Топтық жұмыс**<br>**Венн диаграммасы**<br>АҚШ пен Жапонияның даму деңгейін салыстырыңыз: Жапония АҚШ-ты қарым-қатынас орнату туралы ұсынысын қабылдай ма?Неліктен? АҚШ пен Жапония арасында жасалған келісім-шарт бойынша мәтінді таратыңыз Оқушылар Жапониялың тәуелділігін сипаттайтын пункттерді анықтауы қажет. | Әр топ<br>Дескриптор:<br>- кем дегенде 3 пунті анықтайды. | ҚБ<br>Мұғалім оқушы лар жауабын мқұият тыңдап кері байланыс беріп отрады. | Слайд №3 Бейнетаспа « Неліктен АҚШ өз әскери кемелерін Жапонияға жіберді?» 2-3 минут |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Бекіту** | XIX ғ. ортасында АҚШ Жапонияның ашуда «күш қолдану дипломатиясын» қолдануға құқылы болды ма? (канонерка саясаты) –АҚШ позициясы, Жапония позициясы.<br>-Жапония осы шарттарды қабылдай ма? Шарттар Жапонияны қалайша өзгертеді?<br>Қытайда реформаларды жүзеге асыру мүмкіндігі болды.<br>ЕББҚ оқушыларына (есту, көру, қабылдау деңгейі төмен)қосымша қолдау көрсету мақсатында үлестірме материал беріледі.<br><br>**2- тапсырма.Топтық жұмыс**<br>**Постер қорғау.**<br>І топ –«Сегун»<br>Жапонияны ашуға бағытталған сәтсіз әрекеттер.<br>ІІ топ – «Миссионерлер»<br>Жапония «Жабық есік» саясаты нәтижесі.<br>ІІІ топ – «Дайме»<br>«Жабық есік» саясатының күйреуі.<br><br>3- тапсырма: Жеке жұмыс<br>**«Барабан» әдісі бойынша**<br><br><br>«Барабанды» айналдыру арқылы түскен сұраққа жауап береді<br>**1.**Қай жылы жылы Жапонияның императоры тағына 15 жасар Муцухито отырды?<br>2. Сегун Кэйки орнынан кеткеннен кейін билік кімнің қолына көшті?<br>3.1867-1868 жылдардағы императорлық билікті қайта орнату әрекеті қалай аталды?<br>4.Жапония қай ғасырда дами бастады? | Әр топ өздеріне берілген тақырыпты постермен қорғайды.<br>Дескриптор<br>-Тарих шеңберінде дерекке сипаттама береді.<br>-Деректің тарихи маңызына баға береді<br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады | Мадақтау «Жарайсың», «Өте жақсы» «Тамаша»<br><br>Орта ғасырлардағы ғұламалардың еңбектерінің тарихи маңызына баға береді<br><br>ҚБ<br>Мұғалім оқушылар жауабын мқұият тыңдап кері байланыс беріп отрады.<br>Мадақтау «Жарайсың», «Өте жақсы» «Тамаша» | Венн диаграммасы<br><br>Қима қағаздар<br><br>Слайд №5<br><br>«Барабан»әдісі»<br><br>https://wordwall.net/ru/resource/39533913 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 5.Қай жылы Жапония Қытайға соғыс ашты?<br>6.Корея «Жабық есік саясатынан бас тартуға неліктен мәжбүр болды»?<br>7. «Мэйди төңкерілісінің мәнін түсіндіріңіз»?<br>8. Жапония Азиядағы қандай елге айналды?<br>9. Жапонияда қанша жаңа мануфактуралар пайда болды?<br>10. Қай жылы Перри Жапонияға оралды? | | | |
| **Кері байла Ныс** | **Рефлексия**<br>*Оқушылар өздері жаңа тақырыптан алғандарын ой елегінен өткізеді*<br>Еттартқыш- алған білімімді жинақтап, қорытамын, електен өткіземін.<br>Чемодан- алған білімім болашақта қажет.<br>Қоқыс жәшігі-алған білімімді қажет етпеймін.<br><br><br>Үйге тапсырма:<br>Параграф-26 XX-ғасырдағы өнер мен әдебиет әлеуметтік әділетсіздікті қалай суреттейді? | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды | слайд стикер |

**№19 Раушан бөбекжай бақшасы**
**Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені**

**ИБРАГИМОВА КАРИМА УРИНХОДЖАЕВНА**

**«Ұлттық тәрбие — сапалы білім берудің негізі»**

Бүгінгі білім саласындағы өзгерістер , бірнеше ойдан таралған аса бай мұраларды қолға алу арқылы білім алушылардың ел мүддесі үшін жұмыс жасауына септігін тигізіп отыр.

Оқыту мен тәрбие бүгінгі өмірмен ғана астасып жатқан жоқ, тарихтың тұңғиығымен астасып жатыр. Сол себептен де өткеннің кейбір іргелі тағылымдарына ден қоюға тура келеді. Бүгінде жаңа бетбұрыс жасау кезеңі деп білеміз. Педагогика ғылымы алдында оқу-тәрбие жүйесін ұдайы жетілдіру мәселесі қойылып келеді. Қазіргі кезде қазақ балабақша балаларының игеруіне арналған бағдарламалар бұрынғы жылдармен салыстырғанда анағұрлым күрделі. Ақпараттарды жоғары ғылыми-теориялық деңгейде терең және тыңғылықты оқыту, оқу мәліметтерін терең және шығармашылықпен меңгеру талап етіледі. Яғни өздік білімін көтеруіне, ақпарат көздерін алуға, ақыл-ой қабілетінің дамуына, білім негіздерін саналы түрде игеруіне барынша көңіл аударылуы қажет деп білеміз.

Еліміздің болашағы әлеуметтік тапсырыстың табысты орындалу деңгейіне байланысты. Әр бақшаның өзіндік ерекше сипаты бар екені бәрімізге белгілі. Нақтырақ ұлттық балабақшаларға тоқталар болсақ, балаларды ғылыми негізделген және сыналған әдістердің көмегімен іріктеуден басталады. Балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін анықтауға бағытталған кешенді психологиялық-диагностикалық тексеру міндетті түрде жүргізіледі. Тексерудің нәтижесінде баланың жалпы және психологиялық даму деңгейі анықталып қана қоймай, оның өзіндік қабілеттері мен дарындылығын, әлеуеттік мүмкіндіктерін одан әрі дамыту жолдары қарастырылады. Дарынды балаға талантты тәрбиеші қажет. Егер педагог өз жұмысын жан-тәнімен жақсы көрмесе, оның негізгі білімді жеткілікті түрде білім алушыға беруі мүмкін емес. «Еліміздің, ертеңі-бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында»,- деп тұңғыш елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай әр тәрбиеші өзінің білімін үздіксіз көтеріп отыруы қажет. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ: — ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Ал, қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогика. Бүгінгі балабақшалардың алдында тұрған басты міндет – балалардың ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені сіңірту, яғни тәрбие беру мен оқыту әдістемелерінің түрлері көп. Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешілердің, ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты, өйткені, бірінші ұлттық тәрбиені ошағы — отбасында, екіншіден, балабақшадан болғандықтан, ата-ана мен бақша болып бірігіп жұмыс атқару — біздің басты міндетіміз. Халқымыздың тілін, тарихын, ұлттық дәстүрін, ата салтын ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге ат салысу жалпы

ұлтымыздың міндеті. Халқымыздың асыл қазынасын тиімді пайдалану, оның салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауға үйретуі сөзсіз. Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазірде солай. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 20 жылдық тарихына табан тіреген Қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу. Сондықтан да болар, мемлекет тарапынан отансүйгіштікті дамыту, сапалы білімге жол бастау бағытында келелі шаралар атқарылып, көлемді бағдарламалар жасалып жатқаны қаншалық деген сұрақ ойға оралады.

Соңғы 20 жыл ішіндегі өзгерістер, шыққан биік, қайта оралған құндылықтар, өлмес-өшпес мұра, тапқан табыстарды тілге тиек етсек, әр қазақстандықтың жүрегіне қуаныш пен мақтаныш келер күнге деген сенім ұялатады.Бір сөзбен айтқанда, бүкіл қазақстандықтар өз елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адамгершілікке толы тарихын, өнерін жете ұғынбай, отаншылдық сезімді қалыптастыру мүмкін емес.

Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа апат әкелуі мүмкін. Оның мысалы тарихта аз емес. Тек сол арқылы ғана халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай рухани мұрасымен жастардың бойына адамгершілік ізгі қасиеттерді қалаыптастырып, сіңіртіп, өзінің Отанына адал азамат етіп тәрбиелеу ата-ана мен тәрбиешілер қауымына жүктеледі

Оқу мен тәрбиелеудің үлкен ортасы – балабақша екені белгілі. Ондағы жоспарлы тақырыптық сабақтар тәрбиенің ең негізгі, ықпалдастығы болып отыр. Бүгінгі таңда, ұрпағымыздың азамат болып қалыптасуы барысында біз олардың жаһандanудың теріс ықпалдарына қарсы тұруын ескеруіміз қажет. Бұл жағдайда тәрбие жұмысының тиімділігі ата-ана мен бақшаның өзара байланысынан көрінеді. Өскелең ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық тәрбиені, отаншылдықты, сапалы білімді дарыту – қазіргі кезде көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Ақиқатында, осынау мәселе еліміздің тұтастығын, оны ішкі және сыртқы күштерден сақтау міндетінің өзі жастарды отаншылдық, елжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеуді жүктейді.Өткенін білмеген халқының қадірін білмейді, халық нені бастан кешірді, бүгінге қол жеткені ненің арқасы, халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, азап шекті, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, жерін қорғап, елін сақтады. Отансүйгіштік сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады.Ұлттық сезім – өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

— балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

— жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

— ана тілі мен дінін , оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
— жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білмеген ер жетім»,«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген. Отбасы мүшелері балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп отырған. Әрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен. Қазіргі медицина ғылымы дәлелдегендей, жеті атаға дейін қыз алыспай қанның тазалығын, яғни ұлттың таза болуына әкеледі екен, екіншіден, қазақ ұрпағы жеті атасына дейін араласып, ынтымағы бір болсын дегеннен болса керек.Балабақша қабырғасында тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақтарға ұлттық тәрбиені сіңіріп, оның ерекшелігін терең білуге, құрметтеуге, үйретуге тиіспіз.

Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып , ықпалдастыру мүмкін болмайды. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбек арқасында әлемдік деңгейдегі дарынды да тәрбиелі балалар шығатынына сеніміміз мол.

**Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған «Үміт» мектеп –интернаты музыка пәні мұғалімі**

**ИНОЯТОВА АЙГУЛЬ АСАНОВНА**

## БҰЛБҰЛ ДОМБЫРА, ДҮЛДІЛ ӘН!

Қазақ пен домбыра егіз ұғым демекші, қос ішектен төгілген сыйқырлы үнге құлақ түріп, рухы көтерілмейтін, жан жүрегі езіліп, денесі шымырламайтын қазақ жоқ. Талай ғасырлар сақталып келе жатқан күй құдіретін, домбырадан төгілетін әсем әуенді одан әрі әрлеп, келешек ұрпаққа аманаттау біздің парызымыз.

Домбыра – қазақтың ұлттық аспабы. Оның өн бойында ата – бабамыздың ептілігі, даналығы, ұсталығы, шеберлігі мен өнерінің өрнегі жатыр. Қазақ халқы домбыра аспабына ерекше құрметпен қарап, оның әр бөлшегін ұқыптылықпен әзірлеуге тырысқан. Суырып салма ақындардың үніне үн қосып, сал – серілердің сенімді серігіне айналған, күйшілердің ішкі тебіренісін толғаулар арқылы тамаша жеткізе білген аспап – әрқашан ұлтымызбен бірге жасай бермек.

Мен де домбыра сыныбының оқытушысы ретінде өскелең ұрпақтың өнерге деген құлшынысын оятып, қара шаңырақтың қақ төрінде орын алып, биікке ілінетін аспаптың қадір қасиетін терең ұғындыруға тырысамын. Қазіргі таңда ұлт ұландарының ұлттық құндылықтарға деген икемі мен құлшынысының жоғары екені жыл өткен сайын айқын аңғарылып келеді. Себебі, саз мектебіне келушілер қатары артып, домбыраны үйренуге ниетті жандар көбейіп келеді. Бұл әрине, бізді қатты қуантады. Халқымызға тән қазынаны бүгінгі жастар қастер тұтып, қадіріне жете алса, келешек үшін алаңдауға еш себеп жоқ.

Мен он жылдан аса А.Байқыдыров атындағы саз мектебінде еңбек етіп келемін. Осы уақыт аралығында талай шәкірт шыңдалып, өнерімен өрге жүзіп, өз дарындарын күллі қазақ еліне паш етіп келеді. Марқайып, мақтанатын оқушылар қатары аз емес. Бұл әрине үлкен еңбек пен табандылықтың нәтижесі. Өкінішке орай, кейбір оқушылардың шыдамдылығы мен өз – өзіне деген сенімділігі төмен болғандықтан, бастаған істі соңына дейін жеткізбей, домбыраны үйренуді орта жолдан тастап кететін жайттар кездесетіні жасырын емес. Осы тұста, мен педагогикалық іс – тәжірибеммен қатар, психологиялық қолдауды да мейлінше жүзеге асырып, әр шәкірттің жүрегіне тек оқытушы ретінде ғана жол табуды көздемей, оларға сенімді сырлас болуды жөн көремін. Әр баламен жекелей жұмыс жасап, оның өзіне тән ерекшелігін айтып, бойындағы жалынды сөндіріп алмау менің басты парызым. Сол себепті, өнер саласында тәлімгерлік қызметте еңбек етіп жүрген жандардың тек кәсіби шеберлігі ғана емес, адами құндылығы, адамдармен дұрыс коммуникация құра білу қасиеті, психологиялық машықтарды меңгеруі аса үлкен қажеттілік.

Әрине, оған қоса домбыра сыныбында әр баланың жұлдызын жағып, мәдениетке деген көзқарасын оң қалыптастыру үшін тарихты та жетік меңгерген абзал. Күй құдіретінің шексіздігі баршаға мәлім. Олардың өздеріне тән тарихы, ұлттық боямасы, тамаша хикаясы бар. Сол тамаша жайттарды сабақ барысында сәтті пайдаланып, оқушылардың ынтасын одан әрі арттыруға болады. Мәселен, «Жошы ханның» жалғыз ұлына арнап шығарған «Ақсақ құлан» күйінің өзін алып қарайтын болсақ, қанша тарихи оқиға, өнерге деген керемет құрмет, адамдардың тапқырлығы мен уәдесіне біріктігі, домбыра аспабына тән ерекшеліктермен жақын танысуға болады. Ал, айтыс өнерінің тамаша мақамдарынан үзінді келтіру, оқиға мен өнерді өз – ара байланыстыру, ауылдың алты ауызының шеберлігін жіпке тізгендей баяндау балалардың бойында домбыра аспабына тән құрметті одан әрі арттырып, ата – бабамыздың үлгі – өнегісін бойларына сіңіруге мүмкіндік береді.

Домбыра аспабын меңгеру барысында – ең алдымен балалардың жас ерекшелігін ескеріп, дене бітіміне сай құралдарының болуын қадағалап, әр сабақты алдын – ала жоспарлаймыз. Жүктеменің шамадан тыс көп болуы шәкірттерді шаршатып, сабаққа деген құлшынысты бәсеңдетеді. Сол себепті, балаларды жалықтырып алмауды ескерген дұрыс.

Оған қоса, қазіргі таңда инновациялық технологиялардың қарқынды дамып, сандық сауаттылықтың сайрап жатқан кезеңі. Оны да сабақ барысында сәтті пайдаланып, оқушылардың назарына мультимедияны ұсыну, дәріс элементтерін түсіндіру барысында көрнекілік ретінде қолдану артық етпейді. Бұл біріншіден архивте сақталған көне жәдігерлерді ғаламтор арқылы шәкірттерге таныстыруға негіз болып, оған қоса уақыт үнемдеуге септігін тигізбек. Дыбысты тыңдау, бейнені көзбен көру арқылы тәрбиеленушілер ақпаратты қабылдап, оны көпке дейін естерінде сақтайды. Олай болса, ұлттық аспапты меңгеру барысында заманаи құрал – жабдықтардың да көмегі тиеді.

Жалпы, бұлбұл домбыра, дүлділ ән исі қазақ иесін елеңдетпей қоймайды. Дәстүрлі әншілердің дауысы дархан даламыз тәрізді құлашын кеңге салып, құлақ құрышын қандырса, күмбірлеген күйдің құдіреті мың ауруға шипа, жүрекке тыныштық сыйлайтын тамаша үн. Ақындар айтысының арқасын қоздырып, алты алашты ауызына қаратуы домбыраның сүйемелдеуінсіз әсерлі де болмас еді. Олай болса, ұлттық аспабымызды қашан да биік көтеріп, оның қадір – қасиетін жас ұрпақ бойына дарыту біздің басты парызымыз.

Домбыра сыныбында тәлім алып жатқан жас буын өкілдеріне бойымдағы бар білімді дарытып, тағылымды тәрбие мен ұлтымызға тән ұлылықты дәріптеу менің алдымда тұрған үлкен міндет.

Өнер – жалпыға ортақ қасиет. Мәдениетті мәйегіне көтеретін ұл – қыздарымыз көп болып, ұлттық аспаптарымыз жасай берсін!



**КАЛИЕВА ЖЕНИСКУЛЬ НУРТУГАНОВНА**

*№280 орта мектеп*

*Бастауыш мұғалімі*

*Қызылорда қаласы*

## Бастауыш білім беру мәселелері

Бастауыш сыныптағы білім – білім әлеміне жаңадан келген бүлдіршін шәкірттердің санасына құйылған іргетас іспеттес. Іргетасы дұрыс қаланбаған үйдің сапасы нашар болатыны секілді, жас шәкірттің білімге деген ынтасы әу баста дұрыс жолға қойылмаса, болашақта ол баланың білімге деген құштарлығы әлсіреуі мүмкін. Сол себептен де қазіргі таңда бастауыш сыныптарының ұстаздарына деген талап та биік болуға тиіс. Ертең жаңа Қазақстанды өркендететін осы бүлдіршіндер болатынын ескерсек, бүгінгі күні бастауыштағы білімнің сапасына баса назар аударған жөн.

Бірінші сыныпқа келген әр оқушы әлеуметтік жағдайы да, интеллектуалдық деңгейі де әртүрлі бір-бір үйдің еркесі екендігіне мән беретін болсақ, сол балалардың әрқайсысының көңіліне жол таба білу оңай емес екенін кез келген бастауыш сыныптың мұғалімдері біледі. Берілген сабақты бірінші күннен бастап дұрыс түсіне алмаған бала әрі қарай өтетін жаңа тақырыптарды да дұрыс меңгере алмайды. Өйткені, жаңадан өтілген әр сабақ мазмұны жағынан өткен сабаққа тәуелді болып келеді. Сол себептен де бастауыш ұстазы әр баланың сабаққа деген құлшынысын бірінші күннен бастап қадағалағаны дұрыс.

Мектеп бағдарламалары жиі ауысатын қазіргідей алмағайып заманда әр ұстаздың шәкірттерге білім беру әдістемелері де өзгерістерге жиі ұшырауда. Соған қарамастан ұстаздар өз ісінде өте ізденімпаз болғаны абзал. Бастауыш сыныптың оқушылары әлі бүлдіршін болғандықтан, сабақ барысында әртүрлі көрнекі құралдар мен ойын заттарын пайдалана отырып, оқушының сабаққа деген талпынысын арттырған жөн.

Бастауышқа келген әр бала үшін әрбір әріп, әрбір сан – үлкен жаңалық. Сондықтан әрбір жаңалықты шәкірт қуана қабылдайтындай етіп жеткізген дұрыс. «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда оның мұғалімдігі де жойылады», - деп орыстың ұлы педагогы Константин Ушинский айтқандай, бастауыш сыныптың мұғалімі әрқашанда ізденіс үстінде жүруі керек. Әрқашан ізденісте жүрген мұғалімнен білім алған шәкірттің де үнемі ізденіс үстінде жүретіні табиғи нәрсе. Бүгінгідей технология күн санап емес, сағат санап дамып келе жатқан заманда ұстаз да, шәкірт те заман үрдісінен қалмауы керек.

Қазіргі мектептерде оқушыларға сапалы білім беру үшін барлық жағдайлар жасалған.

Сабақ беру барысында қазіргі заманғы компьютерлік оқыту технологияларының үздік жетістіктерін қолдануға үлкен мүмкіншілік бар. Бастауыш білім беру кезінде санға емес, сапаға мән берген дұрыс. Оқушылардың жақсы оқуға деген құлшынысын арттыру мақсатында, олардың арасында бәсекелестік орта қалыптастыра білу керек. Ол үшін сабаққа ынтасы төмендеу баланың деңгейін сабақты жақсы меңгерген баланың деңгейіне дейін көтеруге тырысу керек. Ол үшін оқу деңгейі төменірек баланы рухани көтермелеу керек. Егер оқушының бастауышта алған білім іргетасы берік қаланса, ол ертең жоғарғы сыныпқа барғанда да, жоғары оқу орнына түскенде де қиналмайтын болады. Осы мәселені білім алушының ата-анасына да түсіндіріп айтып, баланың пәнді жетік меңгеруіне олардың да жан-жақты атсалысуына ықпал еткен жөн.

Бастауыш сынып оқушыларының еңбегін бағалау әдістемесін де сәл босаңсытуға болар еді. Мысалы, бәрімізге белгілі Жапонияның бастауыш сыныптарының оқушыларына баға мүлдем қойылмайды. Олар алғашқыда бастауыш сыныптың оқушыларының бойына ұлттық қасиеттерді сіңіруге тырысады. Үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, кішіге ізет көрсету секілді әдептілік сабағына басымдылық береді. Сабақтар негізінде ойын түрінде беріліп, оқушылардың оқуға деген ынтасын қалыптастырады. Осындай білім беру технологиясын тиімді қолданудың арқасында Жапония бүгінгі таңда индустрия жағынан әлемнің ең алдыңғы қатарлы елдерінің бірі болып отыр.

Біздің абыз бабаларымыз ұрпағына арнап «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген керемет нақыл сөз қалдырса да еліміздегі білім деңгейі ойдағыдай болмай тұр. Бұл жағдайда білім деңгейінің биікте болмауын бастауыштағы алған білім сапасымен байланыстырған жөн. Сондықтан да бүгінгі таңда ең озық ойлы ұстаздар бастауыш мектепте жұмыс істеуі керек деп ойлаймын. Бұл мәселені іске асыру үшін біліктілігіне сәйкес бастауыш мектептің мұғалімдерінің жалақысын көтеру қажет. Олар жұмыс істеп қана қоймай, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» білім министрлігімен бірлесе отырып, әлемнің озық елдеріндегі бастауыш білім беру әдістемелерін қазақ мектептеріне біртіндеп енгізуге атсалысса нұр үстіне нұр болар еді. Бастауыш мектептегі білімнің сапасын арттырмайынша қазақтың ғылымы да, өндірісі де тиісті деңгейде дамуы мүмкін емес.

Осы жерде мектептердегі ұлттық тәрбие мәселесіне де көңіл бөле кеткен артық емес. Қазақстан Республикасының егемен ел болғанына 30 жылдан асса да мектептердегі ұрпаққа беріліп жатқан ұлттық тәрбие өз деңгейінде жүргізілмей отырғаны ешкімге де құпия емес. Бұл олқылықтың орнын толтыруды да бастауыш мектептен бастау керек. Оқушыларға Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын мектепке алғаш қадам басқан күннен бастап таныстырсақ, жас ұрпақтың Отанға деген патриоттық сезімі де ерте оянады. Сонда ғана еліміздің жастары білімді әрі әдепті болып өспек. Жастар білімді болса еліміздің экономикасы да қарыштап дамитыны сөзсіз.

Қорыта айтқанда, «Ел болам десең, бесігіңді түзе»-деген ата-бабамыздың аманатына адалдық танытып, орта білімнің сапасын көтеруді бастауыш сыныптан бастайық!

**МАҢҒЫСТАУ ОБЫЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ**
**АҚТАУ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ**
**№33 ӘЛИЯ БӨБЕКЖАЙЫ**
**КАМАЛОВА МӨЛДІРЖАН АСЫЛЖАНҚЫЗЫ**



**«Баланы өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»**
(халық даналығы)

Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік- отбасы, ата- ана тәрбиесі болса, екінші бесік- білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие- барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан- жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын.

Патриоттық құндылықтары қалыптасқан тұлға мына төмендегідей қасиеттерге ие болуы тиіс:

- Жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарды меңгерген;
- Халық арасындағы достықты нығайтуға күш салатын;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне, тарихына, тіліне, дәстүріне, діне құрметпен қарайтын;
- Жас ұрпаққа өз ауданымыздың тарихымен тереңірек таныстыру;
- Өлкемізде әр түрлі замандарда өмір сүрген тарихи тұлғалармен қайраткерлердің өмірі мен қызметін зерттеп білу;
- Туып өскен жерлеріндегі өлкетану мұражайларына саяхаттар ұйымдастыру;
- Балаларға елін, жерін сүйетін патриоттық сезімдерін аша түсіп, жетілдіру;

Неге десеңіз, туған ел тарихы- халықтың рухани санасын ұлттық намысын оятатын бұлақ көзі, ал адам бойындағы патриоттық сезім- отансүйгіштік рухтың құнарлы мәйегі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы- ел дамуының жарқын үлесі мен нақты қадамдары көрсетілген келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат- мүдделер туралы өзекті мәселе көтерілген.

Патриоттық тәрбие- біздің балабақшамыздың жұмысындағы басыңқы бағыттардың бірі болып табылады.

Балабақшаның басымдылық бағыты: балалардың бойында рухани- патриоттық сана сезімді қалыптастыру.

Мақсатымыз: балаларға ұлттық рухани мәдениетті танып біліп оны сақтап дамытуға ықпал ететін тұлға қалыптастыру.

Міндетіміз: «Тәуелсіз жеке тұлға бойына ұлттық рухты, ұлттық сананы, дәстүрді, әдет-ғұрыпты, мәдениетті сіңіру».

Бұл бағытта жұмысты бастамас бұрын:

1. Тәжірибеде бұрыннан қолданып келген жүйені өзгертіп, педагог мамандармен жүргізілетін жұмыстарға жаңалықтар енгізілді;
2. Жинақталған іс- тәжірибені шығармашылық іс- әрекетпен жаңартылды;
3. Әдістемелік көмек бетшілерін дайындап, тәрбиешілерге ұсынылды;
4. Тәрбиешілердің тәжірибелік іс- әрекетіндегі кейбір мәселелерді шешу жолында әдістемелік көмек берілді.

Сондай- ақ алдымен педагогтардың, балалардың ата- аналардың арасында сауалнама өткізілді, сауалнама қорытындылары бойынша жұмыстың міндеттері: педагогтармен, балалармен, ата- аналармен жұмыс жүргізудің негізгі үлгілері мен әдістері белгіленіп анықталды.

Балаларды оқыту үшін, алдымен педагогтың өзі ақпарат материалын толық түсінікті тілде жеткізе білуі қажет. Педагогтың берілген ақпаратының қандай әдіс- тәсілдер арқылы жеткізе алуына байланысты балалар оны қабылдайды және жаңа нәрсе білгісі келетін қызығушылығы пайда болды. Бақшамыздың тәрбиеші- педагогтары күнделікті жоспарларын жазумен шектеліп қоймай өз- өздерін дамытып, өз жұмысына жоғары жауапкершілікпен қарап, шығармашыл болуға тырысады. Балабақшаның шығармашылық тобы мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттыққа тәрбиелеу бойынша диагностикалық материалдар жасауда белсенді жұмыстар жүргізді. Біз әдістемелік жұмыстың мынандай формаларын да қолданамыз: мәселелі консультациялар, педагогикалық шеберхана, педагогикалық шеберлік мектебі, тәжірибелі педагогтардың шеберлік сыныптары, дөңгелек үстел, тақырыптық семинарлар, семинар – практикумдер, мәселелі жағдайларды талдау, педагогикалық және әдістемелік рейтингтер, байқаулар, сонымен қатарөзара әрекеттестікке негізделген интербелсенді әдістемелер кеңінен қолданылады.

Басымдылық бағыт тақырыбына сай балаларды рухани- патриоттық тәрбиелеу бойынша «Кәусар бұлақ», «Өлкетану» атты әдістемелік нұсқаулық құрастырылған. Бұл жинақтарда біріншіден, тәрбиешілерді шығармашылық талпынуға ынталандырады, екіншіден вариативтік компонент бойынша шығармашылықпен айналысатын тәрбиешілерге жылдық жоспар дайын, үшіншіден үздік материалдар бір жерде жинақталып оны әр жас маман, әр тәрбиеші өз жұмысында пайдалана алады.

Ондағы тақырыптық- оқу жоспары туған өлке тарихы, өлкенің табиғи байлығы, салт-дәстүр, өлке мақтаныштары блоктар бойынша жүргізіледі. Ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті көңіл көтерулер, бой сергітулер, сайыстар, көрмелер, алғырлар мен тапқырлар клубы, марафондар түрінде өткізіледі. Оқу іс- әрекеті барысында балалар айналаны қоршаған әлемге, тарих пен мәдениетке, туған өлкенің қаламыздың әлеуметтік өміріне, өз- өзіне, адамдарға деген жақындасуларын, оң көзқарастарын байқатты. Мемлекеттік рәміздерге және халықтық мәдениетке арналған құрмет балалар жүрегінен орын алды.

Басқару саласында мектепке дейінгі балалар мекемесін дамыту және қалыптастыру толығымен ұйымдастырылды, әдістемелік жұмыстың белсенді, толық үлгілері әзірленді. Күнделікті барлық топтарда таңертеңгі қабылдаудан кейін Қазақстан Республикасының гимні балалар хормен орындау әдетке айналған.

Балалар жанына рухани- патриоттық тәрбие берудің жүйеленген және жоспарланған жұмыстары өзінің алғашқы нәтижелерін бере бастады, тәрбиеленушілердің еңбектері қалалық, обылыстық, респуңбликалық байқауларда жүлделі орындарды иеленді. Балалар мен үлкен және кіші Отан дегенді біледі,, олардың бойында азаматтылық сезімі, мақтаныш сезімі қалыптасты, ал педагогтардың кәсіби шеберліктері мен құзіреттілігі жоғарылады.

Жылдық өтпелі лексикалық тақырыбымызға сәйкестендіріп күнделікті ұйымдастырылған оқу іс әрекеті барысында күннің екінші жартысындағы іс- әрекеттерде ұлттық құндылығымызды дәріптеп қазақ елінің  өткені мен болашағы тұрмыс- тіршілігі, оның жетістіктері мен жеңістері туралы айтып әңгімелеп, көрсетіп отырсақ, балалардың да өз еліне дегенсүйіспеншілік сезімдері қалыптасады. Менің ойымша мұндай ұстанымдар «Шынайы патриотизм» түсінігінің мәнін ашып көрсетеді.



**Карибаева Ғалия Асқарқызы**

***«Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық мамандандырылған балалар үйі» МКК***

***Тәрбиеші***

***Талдықорған қаласы***

# Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық құндылықтар арқылы ойын әрекетін дамыту

Қай елде, қай заманда, қай қоғамда болмасын ұлттың қорғаны, саналы ұрпақ тәрбиелеу – әр адамзаттың ұлы міндеті. Ұрпақ тәрбиесі - толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске толы ұлтқа, елге бөлінбейтін ортақ мәселе. Келешектің жарқын келбетін құру - бүгінде басты назарда екендігі шүбәсіз. Сол себепті болашақтың иелерін рухани тұрғыдан, материалды тұрғыдан жетілдіру, ақыл мен санасын толық дамыту, әр түрлі саланың қыр-сырларын меңгерту арқаға жүктелген міндет екендігі айдан анық. Қазақтың ойшылы М.Жұмабаев: «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қалмақ»,-дегендей баланы қазірден жақсылыққа, елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелесек, еліміздің, ұлтымыздың болашағы да жарқын болмақ. Бала тәрбиесі зор күш пен еңбекті талап ететін, жауапкерешілікке сүйенетін күрделі іс.Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру – маңызды мәселелердің бірі. Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрасы мен ұлттық тәрбие саласында жұмыс жасау – басты міндетіміз. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан, халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын, пайдалы азамат шықпайды», - деген сөзі еске түседі.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы.Ұлттық

құндылықтарымыз – ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Ол өзіне адамгершілікті, сыйластықты, имандылықты, кішіпейілділік пен ізеттілікті, мейірімділік пен досжандылықты, мәдениеттілік пен руханилықты қамтыған орны толмас құндылық.

Бүгінде өсіп келе жатқан әр баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, ұлттық тәрбие беру – ұлттық ұғым кепілі. Қазақ халқының ежелден келе жатырған адами қадір-қасиетін жаңғыртып, келешек ұрпақтың көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыру – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық тәрбиеңді, ұлттық мүддеңді сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Халқымыз «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны, ғалым М.Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті» деген сөзі соның дәлелі. Бала тәрбиесі отбасыдан, ата-анасынан бөлек тәрбиеші-педагогтың да аса назарында болатыны белгілі. Міне, сол себепті ұрпақтың тәрбиелілігі тәрбиеші-педагогтың біліктілігіне, шығармашылығына, жоғарғы деңгейлі дайындығы мен біліміне де тығыз байланысты.

Тәрбиеші-педагог баланың қалыптасуындағы басты тұлға. Тәрбиеші-педагог - жас ұрпақтың бойына тәрбиенің алғашқы негіздерін қалыптастыра алатын, адамгершілікті жоғары бағалайтын, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағалай алатын, әдебиет пен өнердің даму жайын жақсы білетін, оның түсіндіре алатын адам болуы керек. Баланың бойындағы адалдыққа негізделген қарым-қатынасы, әдептілігі, адамдарға сыйластығы мен ортадағы өзін лайықты ұстай білу қабілеті – тәрбиешінің кәсіби шеберлігінің көрсеткіші. Тәрбиеші-педагог тек қана баланы тұлғалық дамытып ғана қоймай, баланың бойына руханилық пен ұлттық мүдденің де дәнін себе білуі керек. Демек, тәрбиеші-педагог үшін де ұлттық құндылықтың маңызы жоғары болуы тиіс және оны тәрбиеші аса ілтипаттылықпен қабылдап, шеберлікпен дамыта – жаңғырта білуі керек.

Әлемдік даму заманында, жаһандану кезеңінде бәсекелестікке қабілетті жастарды тәрбиелеу – бүгіннен бастау алу керек. Мәңгілік ел болу – төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін тұлға қалыптасқан да ғана мүмкін болмақ. Өткеніне көз жүгіртіп, болашағына танымдық көзқарас құра білетін әр ұрпақ дұрыс ортадан тәрбие алуы керек. Бұл іс бүгінгі күні еліміздің түкпір – түкпіріндегі мектепке дейінгі ұйымдарға қойылған басты талап. Мектепке дейінгі кезең - бала үшін алғашқы қадам, алғашқы түсінік, алғашқы көзқарас, алғашқы даму. Бала болашағының алғашқы ірге тасы да осы кезеңде қаланады. Демек, бала үшін мектепке дейінгі ұйым да, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері де жоғары, кәсібт шеберлікпен таңдалуы қажет. Ал, біз болашақ тәрбиеші ретінде бала бойында

ұлттық құндылықтарды қалай дамыта аламыз? Мектеп жасына дейінгі балалар үшін арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттер маңызды әрі пайдалы аспект. Бүгінгі заман талабына сай АКТ құралдары немесе кез-келген көрнелік құралдары арқылы бала бойына алғашқы ұлттық құндылықтар туралы түсінік қалыптастыра аламыз. Ол түсінікті одан әрі дамыту үшін бейнелі сөздер мен сөйлемдерді қолдана отырып, балалармен тығыз байланыста әңгімелесу әдісі арқылы дамытуға мүмкіндік жасаймыз. Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі жетекші іс-әрекеті – ойын екені бәрімізге аян. Балаларға берілген теориялық ақпараттарды дәл осы жетекші іс-әрекеттің көмегімен практикалық тұрғыда дамыта аламыз. Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтармен таныстыру үшін ойналатын ойын түрлеріне тоқталсақ:«Арқан тартыс, Қыз қуу, Алтыбақан, Ақсүйек, Аударыспақ, Асық ату» сынды спорттық ойындар және «Ақсерек-Көксерек, Қуырмаш, Арқан түю, Түйе-Түйе, Соқыр теке» сынды қимыл-қозғалыс ойындары және «Тоғыз құмалақ, Бестемше, Бес тас» секілді үстел үсті ойындарын атап өтуге болады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленушілерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт –дәстүрлерін аялай білуге, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге –құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп,тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу – біздің қолымызда.

Сөзіміздің түйіні, бала тәрбиесі – баршамызға ортақ маңызды іс. Сондықтан да қоғам бұл жұмысқа парасаттылық танытып, байсалдылықпен жұмылуы керек. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағылымдарын, мәдениетін, тарихын, бұрынғы-соңғы ұлы ойшыл педагогтердің еңбектерін оқып, жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып, келер буынға дұрыс тәрбие-тағылымын сіңіру мүмкін емес. Жас ұрпаққа ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, оларды мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – қазіргі таңдағы өмір талабы және қоғам қажеттілігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Аманов Дәурен. Ұлттық құндылықтар – ұлт қорғаны. 2020 ж
2. Абдыханова Ғ.Т, Филология. Ұлттық құндылықтар – бала тәрбиесінің қайнар көзі. 2019 ж
3. Бисенбаева Ж.С, Мектепке дейінгі бала тәрбиесіне арналған ұлттық ойындар. 2014 ж
4. Әдеп және жантану. Хрестоматия. Атамұра Алматы, 1996 ж
5. Дихан Қамзабекұлы. ЖШС «Қазақ газеттері», Егемен Қазақстан, 2022





**КАРТАЙГАНОВА САУЛЕШ АХМЕТБЕКОВНА**

**“Алматы облысы білім басқармасының**
**Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі”мемлекеттік мекемесінің**
**“Келешек”бөбекжай балабақшасы**
**коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан - ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Біздің ата-баларымыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі - әлемде теңдесі жоқ тәрбие десек артық айтқандық емес. Баланың жастайынан ұлттық құндылықтарды дәріптеуінің, елімізді, туған жерімізді, дініміз бен тілімізді құрметтеуінің негізі осы ұлттық тәрбиенің негізінде жатыр.

Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат тәрбиелеу үшін ұлттық құндылықтарымызды басшылыққа алу қажет. Оның маңыздылығы мен қажеттілігі зор. Біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына.

Осы ұлттық тәрбиені балалардың бойына сіңіру мақсатында “Келешек”балабақшасының тәрбиешілерінің, ата-аналарының атқарып жатқан жұмысы мен тәрбиеге қосып жатқан үлесі өте көп. Балалардың ұлттық санасының қалыптасуында әрбір жүргізілетін іс-шаралардың алатын орны ерекше. Балабақшамызда жүргізіліп отыратын тәрбиелік мәні зор іс-шаралар осының дәлелі десек болады.

Ұлттық құндылықтар адам өмірінің әр саласында өз көрінісін табады. Олар адамның моральдық қасиеттерін қалыптастырады, рухани байлығын арттырады, қоғамның дамуына ықпал етеді. Ұлттық құндылықтарды бала кезден бастап бойына сіңірген адам өзінің туған жеріне, еліне, тіліне, мәдениетіне құрметпен қарайды. Бұл қасиеттер адамның тұлғалық дамуында, әлеуметтік және рухани өмірінде маңызды рөл атқарады.

Тәрбие процесінде ұлттық құндылықтардың орны ерекше. Олар балаларды патриоттық рухта тәрбиелеуге, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Ұлттық құндылықтар арқылы балалардың өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігі артады, олардың рухани-адамгершілік қасиеттері дамиды. Тәрбие процесінде ұлттық құндылықтарды пайдалану балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырады.

Тіл – ұлттық құндылықтардың ең негізгісі. Тіл арқылы халықтың тарихы, мәдениеті, дәстүрі сақталады және ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Ана тілін білу және құрметтеу әрбір адамның азаматтық борышы

Мәдениет ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлігі. Халықтың мәдениеті оның рухани байлығын көрсетеді. Мәдениет арқылы халықтың өнері, әдебиеті, музыкасы, дәстүрлері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады

Дәстүрлер де ұлттық құндылықтардың маңызды құрамдас бөлігі. Олар халықтың өмір сүру салтын, әдет-ғұрыптарын, рухани мұраларын

көрсетеді. Дәстүрлер арқылы халықтың өмірі, оның құндылықтары мен ұстанымдары көрініс табады. Дәстүрлерді сақтау және оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – әрбір ата-ананың, тәрбиешінің міндеті. Дәстүрлерді сақтау арқылы балалар өз халқының мәдениеті мен тарихын терең түсінеді, оны құрметтейді

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар демекші, Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түп қазығы . Олар балаларды патриоттық рухта тәрбиелеуге, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Ұлттық құндылықтарды білімге біріктіру мәдени және ұлттық бірегейлікті сақтауға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бәсекеге қабілетті тұлға

қоғамдағы заманауи сын-қатерлер мен өзгерістерді сәтті жеңуге мүмкіндік беретін бірқатар қасиеттер мен дағдыларды қамтиды.

Тіл, мәдениет, дәстүрлер арқылы ұлттық құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Бұл құндылықтарды сақтау және дамыту әрбір адамның міндеті болып табылады. Ұлттық құндылықтар тәрбиенің негізі бола отырып, қоғамның дамуына, оның бірегейлігін сақтауға үлкен үлес қосады.









**КАСАНОВА ЖАДРА БЕЙМБЕТОВНА**
**Әл-Фараби атындағы BINOM SCHOOL**
**мектеп лицейі**
**Бастауыш сынып мұғалімі**

## Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін дамыту

Қазіргі мектептерде тәрбиенің сапасына, әдіс-тәсілдерінің мазмұнына, мақсатына зор көңіл бөлуде және жаңаша көзқарастар қалыптастырылуда. Жаңа талап негізі қарқынды өркениет бағыттарынан қалыспай, терең білімді игеру. Осыған орай, қазақ мектептерінің оқыту жүйесінде әлемдік және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту үшін өте орынды жағдайлар жасалып, нәтижелері көрінуде болашақ ұрпақты тәрбиелеу ең басты міндеттердің бірі- мектеп оқушыларының іс-әрекетін ізгілендіріп, рухани дамуының дұрыс жолға қойылуы. Ол үшін оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін гуманистік бағытта тәрбиелеп, олардың алдын-ала шығармашылықпен дамытуына жол ашу. Осыған орай біздің мектепте де тәрбиенің бағыттарына қарай бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу жолы қолға алынып отыр.

Оқушының бос уақытын ұйымдастыруы- тәрбие үрдісін ізгілендірудің және мектептен тыс тәрбие жұмысын жетілдірудің негізгі шарты - оқушыларға даралап ықпал ету тәсілі болып саналады. Оқудан бос уақытында жасөспірім ортақ істің ұйымдастырушысы, белсенді қатысушысы болуға үлкен мүмкіндік алады. Іске қатысушы ретінде ол алдына міндеттер қояды, оларды шешу жолдары мен құралдарын таңдайды ақпарат алды яғни жеке тұлғаның дамуы, ержетуі және әлеуметтік бағытталуы іске асады демекпіз. Бос уақытты жүйелі ұйымдастыру, мәдени құнды мазмұнмен толықтыру, әлемдік және отандық

мәдениетке баулу, өзін-өзі саналы түрде бағалай білу сияқты аса маңызды әлеуметтік-педагогикалық шешуге көмектеседі.

Оқушының демалуы, сауығуы мен бос уақытын өткізуі тәрбие ісінде маңызды функцияны атқарады, оны тек әлеуметтік тұрғыдан қорғау ғана емес, сондай-ақ, шығармашылық дамыту, рухани байыту мен интеллектуалдық ахуалын кеңейту үшін жағдай жасалған. Әрбір ата-ана өз баласының толыққанды демалуын ғана көздеп қоймайды, сонымөн қатар олардың қажетті дағды мен біліктерді меңгеруін, ой-өрісі мен іс-әрекетінің кеңейгенін қалайды.

Оқушылардың бос уақыттары мәдени шараларға; көлге шомылу, көкке шығу, спорттық ойындар, мазмұнды мерекелермен ұйымдастырылып тұрады. Кітапхана қорында оқушыға керекті кітаптар жетерлік,кітапхананың жұмыс уақыты таңғы сағат 9 дан, кешкі сағат 9 ға дейін.Оқушылардың бос уақытына кинозал қызмет етеді. Және де сабақтан кейінгі уақытта үйірмелер жұмысын атқаруда.

Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін дебаттық, спорттық, өнертапқыш клубтары және әр түрлі конкурстар, фестивальдар ұйымдастырылады.

Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін және бос уақытын жоспарлы түрде ұйымдастыру тек ұстазға ғана жүктелмей, ата-ананың қолдауы қажет. Мектептен тыс орталықтар,аула мекемелерінің қолдауы арқылы ғана ұйымдастырылады. Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін және бос уақытын жоспарлы түрде ұйымдастырудың пайдасы оқушының басқа немесе жаман әрекетке баруға уақыты болмайды. Ата-ананың да баласына деген сенімі арта түседі. Мұндай оқушылар өздерін қоғамда ұстауды үйренеді және ортамен жақсы байланыста болады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихи қысқа уақыт аралығында еліміз экономика, қаржы саласында прогрессивгі технологияларға арқа сүйей отырып, кешенді реформалар жүргізу үстінде. Сөйтіп әлемдік өркениетке қауымдаса отырып, қарқынды дамушы елдердің алдыңғы қатарынан көріне бастады.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі даму кезеңіндегі қоғамның түрлі салаларының құрылуы мен тұлғаның белсенділігінің жоғарылауы арасында байланыс айқындала түсуде. Осыған байланысты балалардың танымдық әрекетін белсенділендіру, оны тиімді басқару және дамыту, әдістемелік ұйымдастырушылық және моральдық-

психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе емес, маңызды әлеуметтік міндет болып табылады. Еліміздің егемендікке ие болып, Қазақстан өз алдына мемлекет мәртебесіне жетіп бүгін әлемге, жер жүзіне өзінің елдігін саясатын танытатын шаққа жетіп отыр. Елімізді танытып, оны жетілдіріп, дамытатын жас ұрпақ. Сондықтан да,егеменді еліміздің болашағы жас жеткіншектен білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді

Бастауыш мектеп бұл – оқушы тұлғасы мен санасы дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезеңі. Жас және педагогикалық психологияда бастауыш мектеп жасының өзіндік орны бар. Бұл жаста оқу іс-әрекетін меңгереді, психикалық функцияның еріктілігі құрылады, рефлекция туындайды, өзін-өзі бақылауы ерекшеленеді, ал әрекет ішкі жоспармен арақатынаста болуды бастайды. Бастауыш сынып оқушылары мектепке келгенде, таным іс-әрекеті еркін сипатқа ие болады, әрі таным көлемін кеңейтеді. Оқу арқылы өзінен бұрынғылардың практикалық іс-әрекетін, ғылым-білім жүйелерін меңгереді,сөйтіп өзін практикалық іс-әрекетке даярлайды. Білім жүйесін меңгеру арқылы ғана адам ой мен дене еңбегінің тетіктерін түсінеді.

Танымдық іс-әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Бұл проблеманың кейбір қырлары тамыры тереңге бойлайтын көне замандардан бастау алады. Сократтың өзі де оқыту барысында шәкірттің танымдық іс-әрекетін арнайы басқарудың маңыздылығын атап көрсеткен. Баланың әрбір еңбегі құр босқа жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек. Баланың жас кезінен-ақ танымдық әлемін кеңейту, сол бағытта әрекет ету маңыздылығы Абай Құнанбаевтың да еңбектерінде көрініс тапқан. А.Байтұрсыновтың пікірі бойынша,«бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімінің, шеберлігінің ұзақ жолды қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай өтуі үшін, керек білімді кешіктірмей, кезінде беріп отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзетіп отыру керек»,-деген.

Оқушылардың іс-әрекет ерекшелігіне: өзіндік мақсаты мен нәтижесінің болуы (білім, білік және т.б.)оқушы іс-әрекеттінің жоспарлы жадайда өтуі(бағдарлама, оқыту мерзімі ) оқыту құралдарының болуы (кітаптар, зертханалық құрал-жабдықтар, т.б.); жоғарғы интелектуалды жүктеме (емтихан, сынақ тапсыру, ғылыми жұмыс қорғау, т.б.) жатады.

Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және оны жетілдіру мәселесі төңірегінде жүргізілген зерттеулерді талдай отырып, бұл мәселені өмірде шешудің түрлі жолдарын төмендегіше бөліп көрсетуге болады:

–танымдық іс-әрекеттің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оқу міндеттерін іріктеп шешу арқылы.

–танымдық іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру.

– іс-әрекеттің бағдарланушылық негізінен құрайтын жалпылама білімдерді енгізу арқылы.

– оқу іс-әрекетін өздігінше бақылауды дамыту арқылы.

Мұғалім бұл жағдайда білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Қорыта келгенде, ең алғаш бала мектеп жасында тек қана білімді жаттау негізінде ғана алмай, оны практикалық яғни іс жүзінде жүзеге асыру негізгі қағида болып табылады. Оның барлығы тікелей мұғалімнің дағды жұмыстарын дұрыс жүргізе білуі мен оны жүзеге асыра білуі аса маңызды орын алады. Демек, осы орайда белгілі қытай ойшылы Конфуцийдің сөзін айта кетуге болады: «Естігенімді – ұмытамын, көргенімді – есте сақтаймын, өз істегенімді – меңгеремін»,- дейді.

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылы,

Абай атындағы мектеп-лицейі

Орыс тілі мен әдебиет пән мұғалімі

**КЕНДИРБАЕВА ИНДИРА САЙЛАУБАЙКЫЗЫ**



## *Мұғалімнің кәсіби дамуы білім беру жүйесінің дамытудың негізі*

Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімдігі де жойылады.К.Д.Ушинский.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін , барлық шәкіртін , мектебін шексіз сүйетін адам.Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлекцияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық , зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы,коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта карауды қажет етеді.Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына

жағдай туғызу, субьективтік позицияны қалыптастыру.Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай- ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беружүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, басекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.Латын тіліндегі « компетенс»сөзін ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез- құлқын , ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады. Олай болса, құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазса, Б.Тұрғанбаева «Құзырлылыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені,құзырлылыққа бағытталған үлгіде білім алушылардың өздерін ұйымдастыру - басты мақсаты » деп көрсетеді.

Кәсіби деңгейдің дамуы

Психологтер де, педагогтер де адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әр қалай деп көрсетеді.Мысалы, ұлы педагогтер

А.Дистерверг ,К.Ушинский А.Макаренко ,В.Сухомлинский ,т.б мұғалімдік еңбекті адамтану ғылымы , адамның жан дүниесі , рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік- кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің , оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселені терең зерттеген А.Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған.

Обьективті критерийлер. Мұғалімнің өз мамандығына қаншалықты сәйкес әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі.Жоғары еңбек көрсеткіші,әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, т.б жататындығын атап өтеді.

Субьективті критерийлер. Адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Мұғалім еңбегіндегі субьективті критерийлерге кәсіби – педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын , оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады.

Нәтижелі критерийлер. Мұғалім өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырады.Біреулер нәтиже ретінде оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулер олардың қарым-қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері оқушылардың өмірге дайындығын басты назарда ұстайды, ал оқыту нәтижесі біз үшін баланың психологиялық функцияларын жетіліп, өзінің педагогикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуге қолдана алуы.Шығармашылық критерийлер. Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады.Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор. Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр мұғалім ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс. А.Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі: мұғалімнің өз мамандығына бейімделу кезеңі: мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңі:мамандықты еркін меңгерген кезең: мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең. Осылайша ғалым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер- мұғалімнің , жаңашыл- мұғалімнің, зерттеуші-мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады.

Ең бірінші кезекте мұғалімнің « өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек.Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді.

Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы

ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Қазақ мектебі

Қазақ мектебінің бүгінгі жайы мен ертеңі, оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге, ата-анаға және қоғам қауымдастығына жүргізілген жұмыстарға, ізденісіне байланысты. Бастауыш сыныптарға арналған бағдарламалар педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы материалды саналы меңгертудің жүйесін жасау; оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру.

Өз бетінше жұмыс қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде, білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде, яғни бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде.Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс - тісілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан - жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті.

Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан – жақты, білімі қажет. Қазіргі мұғалім:

Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;

Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;

Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;

Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;

Білімді, іскер, шебер болу керек;

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұрға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себебті, балалардың қабілетін кеңінен өрістете дамытуға тек мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әр түрлі әдіс - тәсілдерді қолдануға болады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мән - мағынасын ұйымдастырудың тәсіл - амалдарын бір ғана белгімен сипаттауға болмайды. Өзіндік жұмыстың ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «бәсекеге қабілетті экономика үшін» - деген жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» - деген. Қазіргі заман талабына сай, Елбасының халыққа Жолдауы білім беру ісінде де жыл сайын өзгерістер енгізіп отыр. «Жаңа технологиялық құзірет» бағдарлай білу өз бетінше білім беруде стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді: таңдай білу, талдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу», -деп атап көрсеткен. Осыны жүзеге асыруда жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы, білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгендей, біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс.Бұл-уақыттың талабы. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Ол - балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде жүзеге асырылуы орынды. Жаңа тұлға оқушыны дамыту жолдары: өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Демек, мектеп оқушыларының ғылым, білімнің қоғамдық қажетті деңгейі мен қамтамасыз ету, оларды Отандық, ұлттық және әлемнің мәдениет арналарына сусындату қажет.

Әр ұстаз – XXI ғасыр мұғаліміне сай болу үшін – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекөор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болу керек.

Ежелгі грек материалисі, философ Демокрит айтқандай, «Еңбек үздіксіз үйренгендіктің арқасында жеңілдей түседі». Олай болса, жас ұрпаққа үйретері мол аға ұрпақтың ісі өрге жүзіп, еңбектері үстем болсын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

А.С. Макаренко. Педагогические сочинения. М., «Педагогика»,1988.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б

Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б

Советский энциклопедический словарь// М., Издательство «Советская энциклопедия», 1984. 613-б

С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. А.С. Макаренко. «Толковый словарь русского языка» // М., 2004. 288-б

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б

Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет



**Шебер тілді суреткер- Оралхан Бөкей**

**Астана қаласы әкімдігінің «Дулат Бабатайұлы атындағы №89 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК**
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

**КИТМАМБЕТОВА МАРХАБАТ АКИЛБЕКОВНА**

*«Оралхан – бар жанрда бағын сынап, қазақ әдебиетінің көркемдік әлемінде ғажайып із қалдырған аса көрнекті жазушы, қайраткер қаламгер».*
*Қуаныш Құрманғали*

Қазақ әдебиетіне ерекше сөз оралымдары мен айрықша теңеулерімен келген Оралхан Бөкейді кітапсүйер оқырмандарының бәрі бірегей жақсы көреді. Оралхан өз шығармаларында махаббаттың шебері еді. Туындыларының барлығы дерлік адамды тылсым оқиғаға, керемет сезім әлеміне жетелеп әкететін.

Осы орайда Астана қаласында №69 мектеп ұжымының ұйымдастыруымен “ОҚУ TIME” жобасының конференциясы өтті. Аталған іс-шараға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері Гүлжазира Бекболатқызы мен қала ұстаздары қатысты. Іс-шараның басты мақсаты- Оралхан Бөкей еңбектеріне шолу жасау, оның ішінде “Жылымық” және “Ұйқым келмейді” еңбектерін оқу мен талдау болды.

“Ұйқым келмейді” әңгімесін оқу барысында ұстаздар Оралхан Бөкейдің тікелей өмірінен алынғанын атап өтті. Жазушы бұл әңгімесін жары Айманға арнап жазғандай. Шығармадағы ең ауыр соққы екеуінің арасында баланың болмауы еді. Соған қарамастан екеуі де махаббаттарын биікке қойған. Алайда Айманның көп ұзамай о дүниеге аттанып кеткені жазушыға үлкен соққы боп тиді. Осы төңірегінде ұстаздар біршама ой бөлісіп жазушының жай-күйі мен ішкі толғанысын сезінгендей болды.

Оралхан туралы қарындасы Ғалия Бөкейқызы да керемет естелік қалдырыпты.

Оны да ұстаздар тілге тиек етіп оқи кетті. Ол естелікте:

- "Ағам екеуі керемет жарасым тапты. Шыны керек, ағам көп шығармасын сол Айман жеңгемізбен бірге тұрғанда жазды. Өйткені ол бәрін емеуріннен түсінетін, бабын жасайтын.Қиын тигені баланың жоқтығы еді. Ол тақырыпқа біз де, олар да бармайтын. Одан бала болмайтынын ағам да білді, өйткені Айман жеңгемнің әпкесі де солай болған екен.

Кейін Ардақ жеңгеме үйленгенде Шыңғыстайға алып бармақ болды. Бірақ анам "өзім босаға аттатқан Айманды келін деп білем" деді. Ағам айтатын "мұндай қаталдық та әркімнің қолынан келе бермейді" деп. Ағам әр кітабы шыққанда "сендерге сыйлаған балам осы" деп жазып қол қойып жіберетін. Айман екеуінің махаббаты баладан да биік тұрды", -деген екен.

Ұстаздар төрт топқа бөлініп постерлер қорғап, пікір алмасты. Осы шығарманы әрі қарай жазушының “Жылымық” әңгімесімен ұштастырды.

“Жылымық” шығармасын оқи отыра ұстаздар басты кейіпкер Жанардың ішкі жай-күйіне үңіліп, бүгінгі таңда да осы сияқты тағдырлас жандардың бар екендігін де жасырмады. Шығарманы бүгінгі өмірдегі инклюзивті қоғаммен де байланыстырды. Басты кейіпкер Жанардың көзі соқыр болса да, көңілі соқыр емес, сезімтал, жаны нәзік болса да сондай

батыл қыз екеніне тәнті болды. Оралханның осы екі шығармасынан түйген ой- адамды ардақтау, адал болу, өткен қателіктерден сабақ алу керектігін айтты. Жазушының жазу шеберлігі мен суреттеу өнеріне ерекше тәнті болды.

Педагогтер Қауымдастығының бұл іс-шарасы өте жоғары деңгейде өтіп, әр ұстаздың шығармашылық кеңістігін кеңейтті десе де болады. Кітап оқу арқылы білім көкжиектерін кеңейткен ұстаздар ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді. Ұстаздардың ендігі тілері осы игі іс әлі де жалғасын таба берсе екен дейді. Оралхандай ақын-жазушылардың шығармаларын осылай оқу арқылы, жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиеде ұштастыра білсек нұр үстіне нұр болмақ!






Ақтөбе облысы, Темір ауданы

Шұбарқұдық

"Балақай " бөбекжай балабақшасы

**КОЙШЫГУЛОВА АМАНГУЛЬ ЖУМАНБЕКОВНА**



## Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу процесін дамытудағы нейрожаттығулардың рөлі.

Көптеген ғалымдар адамның қолы мен бас миының байланысын зерттеп анықтаған.Бас ми екі жартышардан тұрады. Сол жартышарда орналасқан мидағы сөйлеуге жауап беретін Вернике орталығы және Брока аймағы. Оны дамыту үшін ең алдымен қол жаттығуларын жасап,қолдың ұсақ моторикасын дамыту керек.Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу процесін дамыту үшін ең алдымен ми жартышарларын іске қосу маңызды.Ол үшін түзете-дамыту іс-әрекеттеріне нейрожаттығуларды қосу қажет.Нейрожаттығу-бұл қол жаттығулары.Бұл жаттығулардың негізгі мақсаты- мидың жартышарлары арқылы қол моторикасын,танымдық процестерді дамыту. Сөйлеу тілі бұзылысы бар балаларға нейрожаттығудың негізгі мақсаты – мидың жұмысын белсендіру және ынталандыру, жаңа нейрондық байланыстардың қалыптасуына және мидың дамуына ықпал ету. Бұл жаттығулар қимыл-қозғалыс, көру және есту қабылдау, кеңістіктік ойлау, есте сақтау және зейін сияқты мидың барлық аймақтарын белсендіруге бағытталған. Нейрогимнастиканы әр балаға оның даму және жас ерекшеліктері ескере отырып,нейрожаттығудың түрін түзете-дамыту іс-әрекетіне қосуға болады. Бұл жаттығуларды моторика мен координацияны дамыту үшін де пайдалануға болады. Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған нейрогимнастиканың негізгі артықшылықтарының бірі нейрожаттығуларды ойын түрінде орындауға болады, бұл жаттығуларды орындау балалар үшін танымды және қызықты етеді. Педагогпен бірге ойнай отырып, балалар бұл процеске қызығады және сонымен бірге дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, нейрогимнастикаға ата-аналардың да белсенді қатысуына болады.

Нейрожаттығулар сөйлеу тілі бұзылыстарын және оқудағы қиындықтарды алдын алуға да септігі мол.Нейрожаттығуға қойылатын бірнеше талаптар бар:

1.Нейрожаттығудың ұзақтығы 5-7 минутты құрау керек.

2.Күнде жасап тұру керек.

3.Нейрожаттығу қызықты болу керек.

4.Бір іс-әрекетте 3-4 нейрожаттығу жетеді.

Нейрожаттығуларға келетін болсақ:

1. «Сақина».Мүмкіндігінше тезірек саусақтарды кезек-кезекпен бірақ жылдамырақ сақина тәріздес етіп қосу керек(бас бармақ сұқ саусақпен,содан кейін бас бармақ ортан терекпен).

Бұл нейрожаттығудың бір ерекшелігі логопед мамандар балаға дыбыстарды қоюда,буынға оқытуда қолдануға болады.Мысалы:қолғапқа әріптерді жабыстырып,саусақтарды бір-біріне сақина тәріздес қосып,шыққан буындарды оқуға болады.

2. «Алақан-жұдырық».Бұл нейрожаттығуда мұғалім қол қимылдарын жасайды,ал бала мұғалімнің қозғалыстарын қайталайды.Логопед дыбыстарды буында,сөзде қою үшін пайдалануға болады.

3. «Бақа».Екі қол тізенің үстінде,бір қол жұдырықты,екінші қол алақанды көрсетіп тұр.Қимыл екі қолда кезекпен қайталады.

4. «Құлақ-мұрын».Бала бір қолымен құлақты, екінші қолымен мұрынның ұшынан ұстайды, содан кейін қолын ауыстырады.

5.«Жылан».Қолымызды (алақанды) біріктіріп,жорғалап бара жатқан жыланды бейнелейміз.Біз алақандарымызды біріктіріп, оларды жылжытамыз, жорғалаушы жыланды бейнелейміз.

Жалпы алғанда өте көп нейрожаттығулардың түрлері бар.Баланың түзете-дамыту іс-әрекеттеріне нейрожаттығуларды кіріктіру баланың сөйлеуіне,физикалық және психикалық,танымдық процестеріне оң әсер етеді.



**КОКТЕНОВА ЭЛЬМИРА АТАКУЛОВНА**

**№19 Шұғыла бөбекжайы бақшасы**

**Өнер-білім берем десең басынан,**

**Бер оқуға балаларды жасынан.**

***Жүсіп Баласағұн***

## БІЗГЕ БАЛАБАҚША БІЗГЕ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Кейде ата-аналар баласын балабақшаға беруге күмәнданады. Бұл сұрақ әсіресе анасы үй шаруасындағы әйел болса, отбасында немерелерімен отыруға дайын әжелер болса немесе күтуші жалдауға мүмкіндік болса,жиі қойылатын сұрақтың бірі болып табылады.”Мектеп жасына дейінгі баланың қатарлас, құрдас балалармен өсуінің қандай маңыздылығы бар?”- деп ойлайды.

Бала жаңа әсерлер мен тәжірибелер алу арқылы дамиды. Ата-аналар балабақшаның көмегіне жүгінбей-ақ,балалардың жан-жақты дамуы үшін қажетті жағдайларды өз беттерінше жасай алады:үнемі ерекше нәрселерді көрсету,шығармашылықпен және спортпен айналысу,мұражайларға бару,баланы музыкамен таныстыру,саяхаттау.Алынған тәжірибе бала әлемінің шекарасын кеңейтіп,санасын кеңірек қалыптастырады.Бірақ ,тәжірибенің толық спектрін өз бетінше қамтамасыз ету үшін ата-аналар соншалықты көп уақыт пен күш

жұмсауы керек,сонда бұл қаншалықты ұтымды деген сұрақ туындайды.Өйткені,жақсы балабақша мұны тамаша жеңеді ,барлық жүктелген міндеттерді шешеді және өте үлкен қолдау көрсетеді. Балабақша көптеген тактильді көрнекі,әлеуметтік мүмкіндіктерді жасайды,бала көптеген жаңа нәрселерді байқап көруге болатын әртүрлі ортаны ұсынады.Балабақша ата-анамен қарым-қатынасты алмастырмайды,балаға отбасыда да уақыт бөлуі қажет. Мұны елемеуге болмайды.

Денсаулық және физикалық даму

Балабақша баланың дамуын қадағалап,қиындықтар туындаған жағдайларды тез арада жеңуге көмектеседі.Балабақшада әрбір баланы мұқият қарастырады:олардың қалай жүріп,сөйлейтінін,физикалық және эмоционалдық дамуын бақылайды.Балабақша тәрбиешілерінің кәсіби тәжірибелері болғандықтан,олар не нәрсеге назар аудару керек екендігін айта алады.

Даму ортасы

Балабақшаның негізгі міндеті – дамытушылық ортаны құру. Балаға мүмкіндігінше көп білімді сыйғызуға тырысудың қажеті жоқ. Оның орнына,оған әртүрлі әрекеттерді сынап көру және өзіне ұнайтын нәрсені табу үшін мүмкіндігінше көп мүмкіндік беруге тырысу маңызды.

Жақсы балабақша спорттық және шығармашылық шаралардың кең ауқымын ұсынуы керек.Әртүрлілік үлкен рөл атқарады,өйткені әрекеттің әртүрін басынан өткеру арқылы ғана бала таланты нені баурап алатынын,оның темпераментіне не сәйкес келетінін түсінуге болады.Балабақшада әр баланың жыл бойына әртүрлі іс-шараларда өзін сынауға тырысады:би,құм ,су терапиясы,сурет,модельдеу,музыка,балет,футбол және т.б. Әдетте тәрбиеші балаға не ұнайтынын көреді және бірінші болып көруге тұрарлық заттарды ұсына алады.Баланың ұзақ мерзімді құмарлықтарын дамытып,дарындылығын толық дамыту үшін,сүйікті іс-әрекетін анықтау өте маңызды.

Үйрену және ойнау

Баланың жеке басының үйлесімді қалыптасу үшін спортты,шығармашылықты және интелектуалды дамуды үйлестіру қажет,ал әртүрлі әрекет түрлерінің дұрыс теңгерімі шамадан тыс күйзелістен аулақ болуға көмектеседі.Мектепке дейінгі жаста дәстүрлі мағынада оқыту жоқ.Балабақшадағы тәрбие барлық формадағы ойын:санау,карточкаларды қайта реттеу,ән айту,оның барысында дыбыстар басқа дыбыстарға қосылып,сөз алынады. Балалар керемет ізденімпаз,олар жаңа нәрселерді сынап көргісі келеді,олар әлемде және кез келген тәжірибеге таңданады.Біздің міндетіміз-оларға білім алу мүмкіндігіне бай жайлы орта жасау. Көбінесе оқу есте сақтау,қайталау,қайта жазумен байланысты деген стереотип бар.Біз балалардың ойын және белсенді әрекет арқылы жақсырақ үйренетінін түсіндіре отырып,бұл мифті жоюға тырысамыз. Тапсырманы күшпен орындау арқылы баланы қинамау керек.Барлығын,оның ішінде академиялық бөлімді ойын ретінде көрсету керек.Біздің басты міндетіміз-баламен ойнау,оны баурап алу,оған өзі үшін өте қызықты және маңызды іспен айналысып жатқанын сезіндіру арқылы нәтижеге жету.

Бірдей нәрселерді әртүрлі тәсілдермен үйретуге болады және нәтиже тікелей тәсілге байланысты болады.

Байланыс

Балаларда өте ерте жастан қалыптаса бастайтын негізгі дағдылардың бірі –басқа адамдармен тіл табыса білу. Әлеуметтенудегі басты рөлді,әрине,ата-аналар атқарады :балалар анасы мен әкесінің мінез-құлқын олардың реакциясын,сөйлеуін және қоршаған әлемге деген көзқарасын көшіреді.Бірақ үш жастан бастап басқа балалармен қарым-қатынас маңызды бола бастайды.Бала өз бетімен достасуды және осы қарым-қатынастарды сақтауды,бір нәрсені бірге істеуді,басқалардың жеке кеңістігін құрметтеуді,бөлісуді және бас ((тартуды,өз көзқарасын қорғауды үйренуі керек. Балабақша қарым-қатынас жасау үшін көптеген мүмкіндіктер береді . Сонымен қатар,жақсы балабақшада балалар арасындағы кез келген қарым-қатынас ересектердің бақылауымен өтеді. Тәрбиешілер өзін және айналсындағыларды түсінуге көмектеседі,оған қоғамдағы қарым-қатынас пен мінез құлық нормаларын үйетеді ,әртүрлі жағдайлардан қалай шығу керектігін іс жүзінде көрсетеді,психологиялық қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

**ТОО “ЕСКАМ” “Еркемай” бөбекжай балабақшасы**

**КУАНШАЛИНА ДИНАРА ЕЛУБАЙКЫЗЫ**

## Балабақша бақыт мекені

Бала шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап ана мен әке мейірімімен сусындап , бар жылулыққа шомылып өседі. Кішкентай шағын ғана мемлекеттен болашақтың негізін қалаушылар пайда болады. Өсіп келе жатқан баланы тәрбиелеудің алғашқы мектебі отбасы екенін осыдан ұғынуға болады.Ол бала үшін тұтас әлем, мұнда ол сүюді, қуану мен жанашырлық, мейірімділікті үйренеді. Сондықтан балабақша жұмысын жүргізуде негізгі міндеттеріміз ата-анамен тығыз байланыста болу. ЕКі жақтап берілетін тәрбиеден нәтиже шығару. Бұл міндеттер «балабақша және отбасы» міндеттерін жүйелі дұрыс атқарған кезде бала әрдайым даму үстінде болады.

Мекеме дәрежесі тәрбиеші қызметінің көрінісі.Тәрбиешіге артылар жүк жеңіл емес. Балабақшада дұрыс тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барған кезде де саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Біз тәрбиешілер болашақ негізін қалаушы ұрпақтарды тәрбиелемекпіз. Олар тілі шығып, өзіндік ойы өрісі дамыған сәттен бастап ойын ойнай отырып өзі армандаған мамандықтың рөлін сомдайды. Балабақшада қаланған негіз болашақтың үлкен жоспарлы сәулетшісі. Құрылымы жүйелі, нақты мақсатқа бағытталған әрекет. Тәрбиеленушілер ойын кезінде ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын есте сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділіктерін арттырып, достары мен қарым-қатынас кезінде бір-бірін құрметтеуге үйренеді. Еркін ойын кезінде бала өз қалауымен ойнай жүріп кейде ересектердің көмегеіне мұқтаж болуы мүмкін. Ойын кезінде күтпеген жағдайлар да кездесуі мүмкін. Бала шығармашылық қиялы мен сөйлеу дағдысы жоспардан тыс дами береді. Балабақша баланың барлық қырын ашуға мүмкіндік беретін орта. Ән салып, би билеп, түрлі сайыстар мен жеке жұмыстар жүргізе отырып бала үйреншікті күн тәртібінде бекітілген жоспарға сай жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Балабақша бала тәрбиесіне ғана емес ата-ананы жақын тани отырып баланың дамуы үшін әрдайым кеңестер жүргізіп отырады. «Тәрбие тал бесіктен» басталады. Баланың бірінші тәрбие алатын ортасы-отбасы болса, екіншісі ол балабақша. Тәрбиеші бала бойына ылғи тек жақсы қасиеттер мен жақсы сөйлеуді үйреді. Көбіне балалар үйреткеннен көрі бақылай жүріп қандай қасиеттер болса да бойына сіңіріп өседі. Балабақша –шексіз қиялдарға жетелейтін құтты мекен.

Балабақшаның жұмысы топ тазалығы мен бала қабылдауынан басталады. Таңғы жаттығудан кейін таңғы асқа, дәрігер қабылдауынан өту, таза жүру, оқу іс-әрекетіне қатысу, серуен,ойын, қосымша үйірмелер, ертеңгіліктер мен ертегі қойылымдарына дайындық,ұлттық құндылықтармен қатар жағымды орта құрып алады. Тәрбиешінің міндеті-топта эмоционалды жайлылықты ортана білу. Балалардағы шаршаудың алдын ала отырып,

белсенді әрекет етуге үйрету. Қазақстан мемлекеті ешқашан ұлттар мен дінге бөліп қарамайтыны секілді, топ тәрбиесі мен жұмытар жүргізу барысында оларды әлеуметтік жағдайлар мен топтарына қарамай, жеке ерекшеліктеріне мән бермей барлығына бірдей әділ болу. Тәрбиеленушілердің алдында ылғи мейірім мен жанашырлық таныту. Ата-ананың үмітін ақтап әрқашан өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беру.

Ойымның түйіні «Ағаш түзу өссін десең шыбық кезінде түзет». Тамыры жайылған діңі қатайған ағашты ешқашан да түзу мүмкін болмайды. №сондықтан алдымызға келген әр бүлдіршінге балабақшадан бастап тәрбие беріп, ұлтжандылыққа тәрбиелейік. Балабақша бақытының ең бірінші баспалдағы –бала болашағы.



**Астана қаласы, «Ақылтай» балабақшасының тәрбиешісі**

**КУШМАГАМБЕТОВА ШҰҒЫЛА СЕРІКҚЫЗЫ**

**Бала мен Балабақша!**

Бала - енді қалыптасып келе жатқан,әлсіз жеке тұлға! Баланыңда өз ойы, өз пікірі, өз қалыптасуы бар! Баланыңда әр сөзін мұқият тыңдап, бағалап ата - ана және педогогикалық кеңеспен қамқорлық жасауымыз керек! Тұрпайы дөрекілік баланың сағын сындырмауы керек! Балаға байлықтан гөрі, махаббат көбірек керек! Ата- аналық жылулыққа тойып өскен бала,таныс түйсігі кең, ой өрісі дамыған мықты тұлға болады деп сенемін! Себебі, ата - аналық жылулыққа бәрі сыяды! Тәлім-тәрбие, мінез -құлық ,түйсік пен сана!

Тәрбиеші - тәрбие беруші жан! Жан-жақты даму мен қалыптастырудың негізгі айнасы! Тәрбиеші бірақта, әрине ата ананың тәрбиесін бере алмайды, бірақта болашаққа бағыт-бағдар берері анық!

Балабақша- орта әрі топ! Баланың қауіпсіздігімен білімін шыңдайтын орта! Балабақшаның өзіндік қағидалары бар! Өзіндік орта бүлдіршіндердің топтық жұмыстары, тіл дыбыстарының дамуы, зейіннің қалыптасуына септігін тигізеді!

Ойын және түрлері- заманына сай адамы демекші, ойынныңда тигізер пайдасы мол! Ойын ойнап қана қоймай бала- зейін мен ойлауды қалыптастырады! Екпінділікпен табандылықты шыңдайды! Қазір ойын түрлері өте көп! Балаға қызықтыра отырып , дидактикалық ойын ұйымдастырамыз! Дидактикалық ойын арқылы- қол моторикасын қарастырамыз! Қол моторикасының пайдасы, қол қозғалса-мида дамиды! Ми арқылы баланың ой өрісін дамытамыз! Құрастыру, жапсыру, сурет салу және т.б баланың тікелей әрі жеке дамуы үшін қарастырылады!

Менің тәрбиеші ретінде көз қарасым әрі ойым - Бала ол -тұлға! Ал біз тұлға болып қалыптасуына бағдар береміз! Себебі, ертең келешек - бүгінгі жас ұрпақтың қолында! Жас ұрпақтың тәрбиесі мен білімі, патриоттық санасы бәрі біздің қолымызда!

Менің негізгі қағидам- тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы!



*Атырау облысы,Жылыой ауданы, Майкөмген селосы*
*«Бәйшешек» бөбекжай бақшасы*
*Тәрбиеші*

**ҚАБИДУЛЛИНА АҚМАРАЛ ЖАЛҒАСБАЙҚЫЗЫ**

## Ханталапай деген қандай ойын және оны қалай ойнайды?

**Мақсаты:**Қазақтың ұлттық ойындары арқылы балалардың жас ерекшелігіне байланысты логикалық ой жүйесін дамыту, жылдам шешім қабылдауға баулу, ұлттық құндылықтар мен мәдениетті бойына дарыту, салт-дәстүрлерді насихаттау.







Қазақта асық ойынның түрлері көп. Сондай ойындардың бірі қазақтың ежелден келе жатқан Ханталапай ойыны. Бұл ойынның басты ерекшеліктерінің бірі – ойынды тек ер балалар ғана емес, қыз балалар да ойнайтын болған. Ойынның ережесі бойынша төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асық өзгелерден ерекшеленіп тұруы қажет. Оның түсі не қызыл, не көк түске боялуы шарт. Ойынның ережесі: Ойын еденге жайылған киіз немесе тақыр кілем бетінде ойналады. Ойыншылар саны екеу болса қарама-қарсы, онан көп болса айнала отырады. Ойынды кім бастайтынын анықтау үшін, ойыншылар кезекпен хан асығын ортаға иіреді. Ханы алшы немесе үш рет тәйке түскен ойыншы ойынды бастайды. Бастаған ойыншы барлық 21 асықты уысына жинап, ортаға жайып салады. Асықтарды бір төбеге үйіп тастамай, не болмаса бір-бірінен тым алшақ шашып тастамай соғу, ойында жеңіске жетудің үлкен кепілі. Сондай-ақ, ойнап отырған ойыншы үндемей отыруы керек. Егер байқамай сөйлеп қойса, онда кезек келесі ойыншыға көшеді. Асықтар ортаға соғылған сәттен бастап, бар ойыншылардың назары ханда болуы

керек. Егер хан алшысынан түсіп жатса, ойыншылар "ТАЛАПАЙ" деп айқайлап, ортаға бас салып мейлінше көп асық жинауға тырысады. Хан алшы түспеген жағдайда, ойындағы ойыншы соққан асықтардың арасынан, басқа асықтарды қимылдатпай, алшысынан түсіп жатқан асықтарды жинап алады. Сонан кейін ханмен позициясы бірдей жай асықтарды атып ала бастайды. Ату барысында хан алшы түссе, ойыншы атып алған асықпен қоса ханды да алады. Хансыз қалған көп асықты, ойыншы өз қалауы бойынша, кез келген біреуімен позициясы бірдей екіншісін атып ала береді. Асық ату барысында жоғарыда аталған шарттардың біреуі бұзылса (нысанаға тимеу, нысанаға да басқа асыққа тию, атар сәтте ататын асықты қимылдату т.с.с), кезек келесі ойыншыға өтеді. Межелі ұпай санын (100-50 немесе 80-40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Ойының соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан. Ойын барысындағы терминдер: Алшы – асықтың ойық қыры үстіне қарап, тік тұрғанда аталатын позицияның атауы. Асық алшысынан түсуі сәттілік, шаттық, жеңісті білдіреді. Тәйке – асықтың тегіс қыры үстіне қарап тік тұрғанда (алшыға қарама-карсы) аталатын позицияның атауы. Тәйке түйе малының белгісі ретінде қолданылады, дәрежесі жағынан екінші орында. Бүк – асықтың дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен түсіп жатқанда аталатын позицияның атауы. Бүк қой малының белгісі ретінде қолданылады, дәрежесі жағынан үшінші орында. Шік – асықтың шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық жатқанда аталатын позицияның атауы. Шік ешкі малының белгісі ретінде қолданылады, дәрежесі жағынан төртінші орында. Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып тұрғанда аталатын позицияның атауы. Асық омпысынан түсуі ойға да кірмеген, адам нанғысыз, аз ықтималды оқиғаның орын алуын білдіреді. Асық иіру – бас бармақ және сұқ саусақпен асықты екі бұрышынан ұстап ортаға иіріп (айналдырып) тастау.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы

Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің

«Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

**ҚАЖЫБАЕВА ЖАДЫРА КЕНЖЕХАНҚЫЗЫ**



# Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау стратегиясын қолдану

Біз Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы XXI ғасырдың ұрпақтарын дайындап жатырмыз. Қазақстанның болашағы өзіміз оқытып, тәрбиелеп отырған оқушыларымыздың, жастардың қолында.

Сондықтан Президенттің 2030 бағдарламасындағы жастарға қойылып отырған 7 міндеттің іске асыру үшін сауатты да, білімді, жан-жақты, мемлекеттік тілді меңгерген жаны таза, дені сау, сол тілде жұмыс істей алатын, айналасындағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білетін ұрпақ қажет.Тіліміздің мәртебиесі-еліміздің мәртебиесі, демек сауатты, мемлекеттік тілді жетік білетін саналы, адамгершілігі мол азамат тәрбиелеу- қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің негізгі міндеті.

Тек мемлекеттік тіл-қазақ тілі арқылы ғана қазақ халқының тарихын, әдебиетін, мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, болмысын үйренуге болады. Осы мақсатқа жетсек қана Қазақстанды дамытып, көркейтетін саналы, білімді, дені сау, жан-жақы дамыған,50 елмен бәсекелестікке жарайтын қабілетті, ұлтжанды, иманды, инабатты азамат тәрбиелейміз.

Қазақ жерін мекендейтін әрбір азамат мемлекеттік тіл-қазақ тілін міндетті түрде білуі қажет. Кең байтақ қазақ елінің жерінде тұрып, суын ішіп, ауасын жұтып отырған адамға қазақ тілін меңгермеу –күнә.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика

жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған,өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, жан дүниесі сұлу, рухани бай, сезімтал, терең біліммен қаруланған оқушыитұрғысын сомдау үшін қажырлы еңбек ететін жаңашыл ұстаз керек. Өз мақсатына жету үшін Ұстаздың қолында екі мықты қаруы болу керек. Бірі-терең ғылыми білім, екінші-сол білімін оқушы бойына, санасына жеткізетін, дарытатын әдіс-тәсілі. Осы екеуінің басын қатар ұштастыра білген мұғалім жаңа технологиялардың тиімдісін, ең керектісін таңдап, қолданады. Бұл жөнінде А. Байтұрсыновтың «Мектеп керектері» мақаласында «Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы. Яғни мұғалім біліаді болса, ол мектептен көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң ең әуелі мектепке керегі-терең білімді, педагогика мен методикадан хабардар, жақсы оқыта алатын мұғалім. Екінші –оқыту ісіне керек құралдар һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді, һәм құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы» деп көрегендікпен айтқан пікірі бүгінгі оқыту ісіндегі өзгерістерге дәлел болып отыр.

Білім беру саясатының тұжырымдамасына сай, мемлекеттік тілді меңгерген, шығармашылық тұрғыда ойлай алатын танымдық мәдениеті биік, ұлттық мәдениетті жете меңгерген, интеллектуалдық өрісі жоғары кез келген қиындықты жеңе алатын, өз мәселелерін өздері шеше алатын, өзін-өзі үнемі дамыта алаын белсенді, қабілетті жеке тұлғаны, жастары тәрбиелеуде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің рөлі ерекше.

Қазақ тілі сабақтарында осындай проблеманы шешуде өзім қолданып жүрген сын тұрғысынан ойлау стратегиялары оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттырады

Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын тиімді пайдалана отрып, орыс тілінде білім беретін мектепте басқа ұлт өкілдерін қазақша еркін сөйлеуге, сауатты жазуға үйреніп, жас ұрпақтың шығармашылық қабілетін дамытып, қазақ тілі

мен әдебиетіне деген қызығушылықтарын, ынтасын арттыру- менің алға қойған мақсатым.

Егер оқушыларда пәнге деген қызығушылық болмаса, сапалы білімді талап етуқиын болады. Бір сарынды тапсырмалар оқушылардың пәнге қызығушылығын жоғалтып, жалықтырады.

Осындай жағдайларды болдырмау үішін жаңа педагогикалық технологияның әдіс-тәсілдерінің ерекшелігіне қарай жеке оқушының қабылдау деңгейі мен қабілеттеріне сәйкес іріктеліп пайдаланамын.

Сыни тұрғысынан ойлау бағдарламасының ұтымды жақтары: оқушылардың өздігінен жан-жақты білім алуға жағдай жасалады, сабақ кезінде уақытты ұтымды пайдалану мүмкіншілігі молаяды, оқушылар өзара пікір алмасуына мүмкіндік туғызылады, мұғалім мен оқушылар арасында ізгілікті қарым-қатынастар орнайды, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, түсіну сезімдерін арттыру, сауатты жазу, мәнерлеп оқу, мағыналы сөйлеу, өлең шығару, эссе жазу, тағы да басқа көптеген қасиеттерін дамытып қалыптастыруға болады.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы-біріккен іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, оқушылардың сын тұрғысына ойлау мен жазу дағдысын қалыптастыру. «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» -сынау емес, шыңдалған ойлау. Белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оны зерттеп, салыстырып, белгілі бір жүйеге келтіре отырып, кез келген проблемаға деген өз көзқарасын білдіру.

Осы СТО жобасының кез келген стратегияларын сол қалпында алып қана пайдаланбаймын, оларды өз проблемама, сыныптың ерекшелігіне дамытып қолданамын.

**Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушы мынадай жетістіктерге жетеді:**

1.Өзіндік ойын ортаға салуға дағдыланады.

2. Еркін сөйлеуге жол ашады.

3. Алдына нақты мақсат қоя біледі.

4.Тапсырманы жауапкершілікпен атқаруды үйретеді.

5.Пікірталасқа белсенді түрде қатысады.

6 Шығармашылық қабілеті дамиды.

7. Өзгенің пікіріне құрметпен қарайды.

8. Жұппен, топпен, жекелей жұмыс істей білуге үйретеді.

9. Өмірге деген көзқарасы туады.

10.Оқиға немесе кейіпкерге деген сезімі оянады.

11. Мәдениетті, көркем тілде сөйлей алатын болады.

12. Жан-жақты мағдұмат алуына бағыт береді.

13. Өз ойын дәлелдеуге тырысады.

14. Өз бетіміен ізденушілігін қалыптастырады.

15.Сыйластық, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

16. Пәнге, тақырыпқа қызығушылығын артады.

17. Зерттеушілік қабілеті дамиды.

18. Сыныпта жайлы психологиялық ахуал туғызады.

**Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы бойынша сабақ құрлымы үш кезеңнен тұрады:**

I. Қызығушылықты ояту.

II. Мағынаны ажырату

III. Ой толғаныс.

**I. Қызығушылықты ояту кезеңінде** әрекеттің танымдық түрлері орын алады. Бұл оқушыны өз білімін талдап, жаңа тақырып бойынша ойлауға белсендіреді. Тақырып туралы ой қозғау бар ақпарат пен жаңа ақпаратты байланыстырып, қызығушылықты тудырады.

Сабақтың кезеңдерін айқындау үшін мұғалім қажетті, мазмұнды сұрақтарды дұрыс қоя білуі керек. Қызығушылықты ояту кезеңінде мынадай сұрақтарды қоямын: Сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар? Осы жайлы не білесіңдер? Не күтесің, нені білгің келеді? Не Үшін білгің келеді? Суретке қарап не ойладың? Не туралы сурет?

Дәл осы кезеңде тақырыптың мақсатын оқушының өзі ашады.

Бұл кезеңде СТО-ның мынадай стратегияларын қолданамын: Ой қозғау, Ассоциация, Атаулар көмегімен болжам жасау, Көрнекілік т.б.

Мысалы: «Ой қозғау» стратегиясын «Наурыз мейрамы» тақырыбын өткенде былай қолданам: алдымен Наурыз мейрамы жайында оқушылар не білетіндерін жұпта талқылап, ой қозғады. Оны жеке қағазға түсіреді.Топқа өз пікірлерін жеткізеді. Сөйтіп олар ортақ пікірдітақтаға жазып шықты. Мысалы:

1. Наурыз мейрамы 22 наурызда тойланады.
2. Наурыз-мұсылманша Жаңа жыл.
3. Көктем мерекесі.
4. Күн жылынады.
5. Құстар ұшып келеді.
6. Қыдыр ата келеді.
7. Наурыз көже пісіріледі.
8. Ұлттық ойындар ойналады.
9. Бір-бірін қонаққа шақырады.

Ал келесі сабақта «Халық ауыз әдебиеті» тақырыбын өткенде ассоциация жасауға болады. Оқушылар осы тақырыпқа байланысты қандай ой туындайтынын, ойға не келетіндігін жазады.

Сонан соң солармен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады. Осы ассоциация бойнша өтетін сабақтың не жайында болатындығын өздері айтып береді. Яғни

өзіндік ізденуге үйренеді.Мысалы:




Бастауыш сынып оқушыларын көбірек ойынға, бірлескен жұмысқа бағыттағанда ғана балада креативті ойлау дағдысы дамып, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланады. Шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа үлгіні жасауда ықпалы зор. Шығармашылық тапсырмалар оқушыларға зақым келмейтіндей және мәжбүрлемей, оқушының шынайы білімінің тереңдігін көрсетеді. Олар оқушының креативті ой-санасын дамытып ойлануды үйретеді. Сондықтан сабақ барысында «ойлап табыңыз», «құрастырыңыз», «салыстырыңыз», «түзетіңіз», «дәлелдеңіз», «жинақтаңыз», «мағынасына қарай бөліңіз» деген тапсырмаларды ұсынамын.

**II. Мағынаны ажырату кезеңінде** оқушының іс әрекетінің барлық түрлері қамтылады. Яғни, оның жаңа тақырыпқа көшуі, оны зерттеуі, оқу, жазуы, тәжірибе жасауы. Бұл кезең сабақтың ең негізгі кезеңі. Себебі жаңа тақырыпты

түсіну, оны әрі қарай дамыту, ой елегінен өткізіп, керекті ақпарат ретінде қолдану осы кезеңге байланысты.

Мағынаны ажырату кезеңінде оқушылар мәтіннің мазмұнын зерттеп оқиды, өз білімдерінен жауап іздейді. Сабақта қолданылған көрнекіліктер арқылы ақпаратты өздері тауып, мазмұнын қалай түсінгендерін қолданады.

Бұл кезеңде СТО-ның мынадай әдіс-тәсілдерін пайдаланамын: Топтастыру, «Инсерт» стратегиясы , Болжам кестесі,

Кубизм,

Венн диаграммасы, Галереяға саяхат, ББҮ(білемін, білгім келеді, үйрендім), Қарама-қайшы элементтер, семантикалық карта, Елес жетелеу, Екі қадамды сұхбат т.б.

Оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыруда, пікірлерін дәлелдеуде, білім сапасын арттыруда Венн диаграммасының тиімділігі мол. Бұл әдіс бойынша оқушылар екі кейіпкердің немесе екі заттың т.б. ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратады.Жақсылық пен жамандықты айыра білуге үйренеді.Мысалы, 9- сыныпта қазақ әдебиетінен С.Сейфулиннің «Аққудың айырылуы» поэмасын өткенде ондағы бас кейіпкерлер Аққу мен Мергенге мінездемені Венн диаграммасы арқылы береді.




Бұл салыстырудан адамгершілікке жат қылықтардан аулақ болып, жақсы қасиеттерді бойына дарытуға тәрбиелейді.

Оқытудың тиімді әдісінің бірі – «Инсерт» стратегиясы. Бұл әдісті қазақ тілінен «Киіз үй тақырыбын» өткенде балалар былай қолданады:

| **V білемін** | **+ білмеймін, жаңа** | **- келіспеймін** | **?түсініксіз (білгім келеді)** |
|---|---|---|---|
| 1.Киіз үй – қазақтардың ертеден келе жатқан баспанасы.<br>2.Көшіп-қонғанда тез жиып, шапшаң тігуге ыңғайлы. | 1.Жазда ауасы таза, әрі салқын.<br>2.Қазақ халқы XII ғасырдың II жартысында ғана балшықтан, шымнана қыстық үй сала бастады. | 1.Киіз үй қатты соққан дауылда жығылмайды.<br>2. Нөсерлеп жауған жаңбырдың суын өткізбейді. | 1.Киіз үй қалай тұрғызатындығы. |

Мұндай әдіс білетін материалды есте түсіріп, жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін көрсетеді, әрі есте сақтау қабілетін арттырады. Сондықтан, мен

өзімнің ұстаздық тәжірибемде заманауи оқыту технологиясының элементтерін жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде үнемі қолданып отыруға тырысамын.

Жаңа технологияларды сабақтарыма кіріктіре отырып, жас буынға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісіне бар ынтамды салып келе жатырмын. Оның дәлелі ретінде соңғы үш жылдағы өткізген ашық сабақтарымды алға тартар едім. Атап айтсам: 4-сыныпта «Алтын күз», 9-сыныпта «Баспасөз –өмір айнасы» , «Астана қаласына саяхат», 8-сыныпта «Табиғатты қорғайық», «Толымды және толымсыз сөйлемдер» атты ашық сабақтарым мен соңғы екі жыл көлемінде өткізген пән бойыншасыныптан тыс мектепішілік «Абай оқулары» және «Мұқағали оқулары» іс-шаралары өз дәрежесінде өтті. Сондай-ақ, жыл сайын өткізіліп келе жатқан «Тілдер фестивалі» шаралары да осы жолда жасалып жатқан жұмыстардың бір шарасы дей аламын.

**ІІІ.Ой толғаныс кезеңі.** Бұл кезеңде оқушы жаңа үйренген білімін қайталап, қалыптастырады.Алған ақпаратты саралап, пікір алысады, өз пікірлерін дәлелдейді, ой-өрісі, шығармашылық ойлау қабілеті дамып, кеңейеді, қортындыны өздері шығарады. Бұл кезеңде «Бес жолды өлең» әдісі-ақпаратты жинақтау қабілеттілігін, аз ғана сөзбен күрделі ойын, сезімін, үмітін білдіру. Бұл әдіс ақпараттың талданғанын жәнемматериалдардың аз сөзбен көп ойды білдіретіндігін талап етеді. Берілген әдіс мынадай жолдардан тұрады: 1жол-тақырыпты білдіретін 1 сөз -1 зат есім, 2-жол –тақырып мазмұнына байланысты 2 сөз -2 сын есім, 3-жол –тақырып бойынша іс-әрекетті білдіретін 3 сөз-3 етістік, 4-жол –тақырыптағы сөзден тұратын сөз тіркесі немесе көңіл-күйді білдіретін сөз. Мысалы, қазақ тілі сабағында «Өзен» деген тақырыпты өткенде оқушылар «Өзен» деген сөзге «Бес жолды өлеңді» былай жасады:

Өзен

мөлдір, таза

сарқырайды, гүрілдейді, ағады

Сарқырап аққан өзеннің гүрілі-ай!

бұлақ

Сонымен «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы негізінде өткізілген сабақтар оқушының тақырыпты түсінуге

қызығушылығын, танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, жұптық және ұжымдық, бірлесіп жұмыс жасауға, ізденушілік, зерттеушілік, шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Ең бастысы тілді меңгеруде оқушы білімінің игергені мен тиянақтылығын арттырып, елін, жерін, тілді сүйетін елжанды, шығармашылығы жағынана дамығын, егеменді еліміздің ертеңін нұрлы етер намысты, инабатты, білімді,дені сау ұрпақ тәрбиелеуге ықпал етеді.

**IV. Қорытынды**

Қорыта келе менің мұғалім ретінде алдыма қойған мақсатым-оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие және білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру-әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санаймын. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға-мұғалім» деп Стронг айтқандай, ұстаздық білімділікпен қоса ізденпаздықты, дарындылық, ұйымдастырушылық, тағы да көптегенқұндылықтарды талап ететін маман иесі. Шығармашылық қабілет баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз-оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету.

**LEVEl UP бөбекжай бақшасы**

**ҚОЖАБЕКОВА МАРЖАН МАДИХАНКЫЗЫ**

## ЖОБА ТАҚЫРЫБЫ

**«Көңілді шарлар»**
Қимылды ойыны

1. **Кіріспе**
   - Тақырыптың өзектілігі
   - Жобаның мақсаты
   - Жұмыстың жоспары (мазмұны)
2. **Жобалық жұмыстың сипаттамасы және оның нәтижелері**
   - Теориялық білім
   - Практикалық бөлімі (зерттеудің әдістерін, барысын және оның нәтижелерін сипаттау)
   - Қорытынды
   - Қолданылған әдебиеттер тізімі, электрондық мекен-жай
3. **Іс-әрекеттің рефлексиясы**

**Кіріспе**

**Тақырыптың өзектілігі**

Жоба бойынша жұмыс нәтижесінде баланың физикалық қасиеттерінің дамуы, коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалдық, шығармашылық –зерттеу іс әрекеті және негіздері қалыптасады. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру) жетілдіру.
Қай ойын түрлері болмасын балаларға ұлттық нақышта үйретіп, балаларды Отансүйгіштікке, қамқорлыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу-мектепке дейінгі мекеменің, ондағы тәрбиеші педагогтардың басты міндеті.

**Жобаның мақсаты:**
Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және негізгі қимыл түрлерін жетілдіру болып табылады.

**Жобаны жүзеге асыру міндеттері:**

- Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: берілген бағытта шеңбер бойымен бір-бірінің қолынан ұстап жүру, берілген бағытта шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру, 30-40 с. бойына тоқтамай жүгіру;
- -Жалпы дамытушы жаттығуларды: қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу арқылы балалардың денсаулығын нығайту;
- -Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және ересектің нұсқауымен құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.

**Жоба кезеңдері:**

Жұмыс жоспарын құру;

⬇

Теориялық және практикалық материалдарды дайындау

⬇

практикалық жұмыс, ұйымдасқан іс-әрекет

⬇

Жұмыстың сипаттамасы, материалды ресімдеу.Қорғ

**Негізгі бөлім**

**Ойын тапсырмаларды кезек-кезеңімен орындау.**

Тәрбиеші:Балалар кім келді? (Баланың жауабы)
Сайқымазақтың қолында не бар екен?



Шарлар оған не үшін қажет?Бұл шарларды кімге әкелді?
Не үшін әкелді? Қалай ойлайсыңдар?

-Балалар бүгін сайқымазақтың туған күні екен.Сайқымазақтың шарларының түсі бірдей ме? Онымен не істеуге болады?(**Сенсорика-таным және зияткерлік дағды)**

Ортаға үлкен лентадан шар жасалады.

**-Сайқымазақ:**Балалар қараңдаршы, мына жерде де үлкен шар бар екен. Қане бәріміз осы шардың бойымен жүгіріп ойнайық.

1 Берілген бағытта бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру.
2 Берілген бағытта аяқтың ұшымен жүру.
3 30-40 сек шеңбер бойымен тоқтамай жүгіру.

**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Шармен
1 Б.қ Аяқ алшақ қойылған, шар төменде



Шарды жоғары көтеру
Б.Қ келу.

2 Қолдарын алға созу.
Артқа шарды қою
Б.қ келу.

3 Еденге отырып жанында отырған балаға қолдарындағы шарды беріп оңға,солға бұрылу.
1. Б.қ келу

Орындарынан тұру (шарлармен секіру)
Шеңбер бойымен жүру бірінің артынан бірі

Тыныс алу жаттығулары (шарды үрлеу)

**Қимылдық ойын «Көңілді шарлар»**
**(дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру-физикалық, әлеуметтік эмоционалдық дағды)**



Қызыл, сары, көк шар
Қолымызда көп шар,
Әдемі шарлармен
Ойнаймыз, күлеміз.
**(көркем әдебиет-коммуникативтік дағды)**

-Сайқымазақ: Балалар, мен достарыма сыйлық дайындаған едім, бірақ достарыма ұнамай қалатын сияқты,өйткені ол көңілсіз.



Дәстүрден тыс сурет салу, мүсіндеу арт терапия арқылы шарларды әр түрлі түске бояу, асықтар арқылы шарлардың бейнесін құрастыру.
**(сурет салу, мүсіндеу, құрастыру-шығармашылық дағды)**

**Ән: «Туған күн»**
**(музыка****-шығармашылық дағды)**

**(Сайқымазақ қоштасып, салынған суреттерді алып, шарларын балаларға сыйлап кетеді).**

**Рефлексия: «Менің көңіл-күйім» смайлик әдісі**




**Серуен.** «Ауа райын» бақылау

**Еңбек.** « Әдемі гүлдер»
Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу,аялау,күту.

**Жеке жұмыс.** Балалармен гулдер туралы тақпақ айту.
Гүлім,гүлім өсе бер
Әдемі боп,асыл боп
Күндей жайнап,кете бер
Қызыл,сары,жасыл боп.

**Қимылдық ойын.** «Мысық пен балапандар»
**Мақсаты:**Кейіпкерлердің қарапайым іс-әрекеттерін қайталауға, орындауға дағдыландыру.
**Шарты:** Күнге шықты балапан,
Мойнын созып, тамсанып.
Анасына қарады,
«Чик-чирик»,- деп ән салды.
Көріп қалып кенеттен,
Ас іздеген мысықты.
Жан ұшыра шырылдап,
Анасына асықты.

Еркін ойындар ойнау

Серуеннен оралу.

Балалардың дербес әрекеті  Балаларды топқа бөлу.

1 топ: ермексаздан жұмыс жасау
2 топ: қима суреттермен жұмыс жасау.

Қимылдық ойын: «МАГНИТ»
Ойын орталықтарында еркін ойындар.

**ІІІ.Қорытынды**

Мектепке дейінгі ұйымдарда бес дағдыны кіріктіре отырып ұйымдастырылған іс-әрекеттер балалар  жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіреді. спорттық жаттығуларды орындау техникасын, ересектермен бірге дене жаттығуларын орындауды меңгереді.

**“SMART ILIM” мектеп-гимназиясы**

**ҚУАТОВА АЙДАНА БЕРДІХАНҚЫЗЫ**

**Оқушылардың ойлау қабілетін логикалық есептер шығару арқылы дамыту**

Математиканы оқуда ,еңбекке деген оң көзқарас жүзеге асырылатын оқу үрдісіне қалыптаса бастайды.Оқушының оқуға деген дайындығын қалыптастыратын барлық нәрсе осы математиканы оқу барысында қалыптасады.

Математика сабағында өздігінен жұмыс істеудің тәрбиелік мәні бар.Тек өздігінен жұмыс істегенде ғана оқушы өз мүмкіндіктерін біледі.Математиканы оқып еңбектену барысында оқушының рухани өмірінің байлығы : ой өрісі мен сезімдерінің тереңдігі,қиял еркінің күші ашылып,мінезінің негізгі қырлары қалыптасады.

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған.Бастауыш сынып-оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі.Бастауыш сыныпта балалардың ойлары нақты бейнеліден абстрактылы логикалық ойлауға қарай дамиды.

Логикалық ойлауды дамыту туралы сөз етпес бұрын логика туралы қысқаша айтып кету керек.Логика-(грек тілінен алынған logic –сөз ,ой,ойлау,ақыл-ой)ойлаудың заңдылықтары мен түрлері туралы ғылым.

.

Оқушыларды логикалық ойлауға қалай үйретуге болады? Бастауыш сынып оқушыларын логикалық ойлауға үйретуге бола ма? Балаларға жас ерекшелігіне байланысты қандай қиындықтағы тапсырмалар беру керек?

Мұғалімнің басшылығымен балалар түрлі есептер мен тапсырмалар орындай отыра логикалық тәсілдер қолдануды үйренеді.Сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушының ойлау қабілеті дамып,ізденуге ,өз жұмыстарының ойларын ортаға салуға дағдыланады,сөз қорлары молаяды.Олардың басқа пәнге қарағанда математика ойлау,есте сақтауын қажет етеді,қызығушылығы оянып,ой-өрісі дамып,алған білімдерін анықтайды.

Оқушының математикалық ойлауы дамуы үшін түрлі тапсырмаларды орындауы тиіс.

1.Өз бетінше есеп шығарудың сан қилы жолын іздестіру.

2.Пәнге қызығып,оған көңілл қойып,тереңдете оқып үйрену.

3.Сабақ барысында қолданылатын ойындарға ,математикалық сайыстарға ,жарыстарға қатысу.

Осы мәселе тұсындағы өзім жүргізіп жүрген шаралармен таныстырайын.

Есеп шығару көбінесе байқап көру,іздену үрдісімен жүреді.Ойша болжай білу балалардың бойындағы тапқырлық пен аңғарымпаздықты байқатады.Аңғарымпаздық өз білімін пайдалана білудің көрсеткіші.Осы мақсатта дәстүрден тыс қолданылатын әдіс-тәсілдерге математикалық ойындар,ауызша есептер,шығармашылық тапсырмалар қолданылады.»Ойлан тап!» ,»Кім жылдам!»»Тез есепте!»секілді ойындар ойнатуға болады.Бұл ойындарға логикалық ойлаудың деңгейін көтеру мақсатында төмендегідей есептерді сабақ басында немесе соңында беруге болады.

**Логикалық жаттығулар.**

1.Айжан мен Маржанның әкелерінің аттарын ата.
Айжан мен Маржан –Асқар менМұраттың қыздары.Айжан Асқардың қызынан үш жас кіші болса,бұлардың әр-қайсысының әкелерінің аты кім?
(Айжан-Мұраттың,Маржан-Асқардың қызы)

2.Үш ағайынды.
Арман,Аян,Абзал ағайынды үшеуі әр түрлі сыныпта оқиды.Абзал Арманнан,ал Аян Абзалдан кіші емес.Бұл үйдің үлкені ортаншысы,кішісі кім?
(Ең үлкені Аян,ең кішісі Арман,ортаншысы Абзал)

3.Қай ауылдың балалары?
Әділет,Еркін,Ерлік үшеуі лагерьде кездесті.Бұлардың біреуі-Қосқұдықтан, екіншісі-Үштөбеден, үшіншісі- Көктөбеден.Әділет пен Қосқұдықтан келген Еркін екеуі бір бөлмеге орналасты,екеуі де Үштөбеде болып көрмегендігі белгілі болса,қай бала қайдан келген?
(Еркін-Қосқұдықтан,Әділет-Көктөбеден,Ерлік-Үштөбеден).

**Қызықты әзіл есептер.**
1.Түнгі сағат 10-да жауын жауып тұрса,24 сағаттан кейін күннің жарық болып

тұруы мүмкін бе?
2.Дорбадағы 10 асықты 10 бала бір-бірлеп алды.Сонда бір асық дорбада қалды.
Бұл қалай?
3.7 таяқша арқылы 3 үшбұрышты 2 шаршыны қалай құрастыруға болады?

**Дидактикалық ойындар.**
«Математикалық телефон»
Дидактикалық мақсаты: 20 көлеміндегі сандарды ауызша қосуға және азайтуға жаттықтыру.
Керекті құралдар: Ойыншық телефон,картон қағаздан дайындалған телефон тұтқасы.
Мазмұны: Бұл ойынды мұғалім мен сынып толығымен болып,екі оқушы дара,немесе бір оқушымен сынып болып ойнайды.Күнделікті өз үйлеріндегі телефонмен сөйлескендегі сияқты екі бала бір-біріне математикалық тапсырмалар беріп,жауабын алады.Ойынға қатыспаған балалар олардың жауаптарының дұрыс не бұрыстығын тексеріп отырады.Бір бала сұрақ қояды,ал екінші бала жауап береді.Жауап бере алмаса орнына отырады
да ,ойынды басқа бала жалғастырады.Осылайша тездете отырып,бүкіл сыныптың балаларын толық қамтуға болады.
Тапсырмаларды түрлендіріп,күрделендіріп жалғастырып ойнай беруге болады.

**2**.Оқушылардың ойлау қабілеттерін логикалық есептер арқылы дамыту.

Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың программалық материалдарды меңгеруі берік білімдеріне,сонымен бірге математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуға да байланысты.
Сынып оқушылары бірдей емес.Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын,оған ынтасы зор да бар.Оларды жеңіл бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады.Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығуларды орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар, міндетті емес тапсырмалар беру қажет.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында бастауыш сыныптан бастап логикалық есептерді шығару керек.

Ұлы ғалым Д.И.Менделеев мұғалімдердің ғылымының сарқылмас көзін ашудағы еңбектерін жоғары бағалаған.Ғылымда мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады деген.

Оқушылардың білімді меңгеру үрдісі негізінен мына компоненттерден тұрады.

1.Қабылдау.

2.Түсіну.

3.Есте сақтау.

4.Қорыту және жүйелеу.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаев былай деген: Ойлауды өркендету жолдары.Ойлау-жанның өте бір қиын,терең ісі.Жас балаға ойлау тым ауыр.Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде басқыштап іс істеу керек.

Өркендету жолдары мыналар:

1.Баланың жанында ашық суреттердің болуына жағдай жасау керек.Себебі адам суреттер бойынша ойлайды.Сондықтан бала пікір айту үшін суреттен шығарып алсын.

2.Бала заттарды,көріністерді ,ұқсас сандары бойынша топ-топқа бөлу.

3.Бала көрністерінің ,ойларының аралығындағы байламды ,олардың қайсысы қайсысына себеп екенін біліп үйренсін.Бұл арқылы балаға мысалдардан ерекше заң шығарып үйренеді.

Жаңа буын математика оқулықтарында жасыл қоршаудағы стандартты емес тапсырмалар берілген.Бұл материал қазіргі математиканың бастауыш буынының білім мазмұнындағы –төртінші блок-мазмұндық логикалық есептер.Әрбір сабақ қызықты есептермен аяқталып,логикалық есептер баланың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет.

Оқулықтағы шығармашылық жаттығулар оқушылардан тек математикалық білім емес,күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі жағдайға байланысты білім талап етілетін тапсырмалар.Бұлар негізінен оқушылардың байқағыштығын ,ойлауын,қиялын дамытуға негізделген.

**3**.Баланың ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық ойындар.

Ойын-баланың даму құралы,тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып ,адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.А.С.Макаренко былай деп жазды:Бала өмірінде ойынның маңызы зор,ересек адам үшін еңбектің,жұмыстың,қызметтің қандай маңызы болса ,нақ сондай маңызы бар.Бала ойында қандай болса ,өскенде сол жұмыста да көп жағынан сондай болады.Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады.Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады.Мысалы: Сақина салу,Ақсүйек ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Атау ұйқастарын санау арқылы оқушылар сан үйренеді.санға аты ұйқас заттарды танып біледі.Санамақтар сан үйретеді,әрі дүние танытады.Ойында балалар әр нәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды.Ойын үстінде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге асырады.Ойын шарттарының өзі баладан заттарға айналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді.

Сабақ үстінде жүргізілетін дамытуға арналған логикалық ойындар баланың ойлау белсенділігін қажет етеді.Сондықтан сабақта оқушылардың ойлау қабілетін арттыратын түрлі логикалық тапсырмаларды қолданып ,балалардың пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды көздеймін.

Талдықорған қаласы ,№5 орта мектебі
М.Ломоносов атындағы
Дене шынықтыру мұғалімі

**АЙТБАЕВ МАҚСАТ УНЛАСУНОВИЧ**

**«Дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарды пайдалану»**

Қазақ халқында балаларға арналған ұлттық ойындар жетіп артылады. Бұл ойынның барлығы балаларды физикалық тұрғыда дамытуға, ойлау қабілетін жетілдіруге, епті болуға бейімдейді. Осы орайда, әртүрлі жастағы балаларға ұлттық ойындар сай келеді.

Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттар мено йналатын, зеректікті, ептілікті жән еикемділікті қажетететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың түрлерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалы қәсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүние танымын арттырып, еңбекке баулиды, ширақ қимылдауға шынықтырады.

Қазіргі кезде ұлттық ойындарды дене шынықтыру сабақтарына еңгізу кең көлемде қолданылып жатыр. Мектептерде қолданылатын ұлттық ойындар: тоғызқұмалақ, қыз қуу, ақсерек-көксерек, асық ату, аңшылар мен қояндар, ақ сүйек және т.б. Мектептегі денетәрбиесі сабақтарында ұлттық ойындарды еңгізген кезде балалардың жасерекшеліктеріне назар аударылуы маңызды болып саналады. Бастауыш буындағы яғни 1-4 сыныптар аралығындағы оқушыларға ақсерек-көксерек, ұшты-ұшты, асық ату, аңшылар мен қояндар, әйгөлек сияқты ойын түрлері қолданылып жүр. Орта буындағы 5-7 сыныптар аралығында қызыл ту, көтермек,тұр сақинам тұр, түйілген орамал, арқан тарту, жауынгерлі әтештер сияқты ойындар қолданысқа еңгізілді. Жоғарғыбуындаяғни 8-11 сынып оқушыларының аралығында қызқуу, ақсүйек, арқантартыс, тоғызқұмалақ, монданақ ойындары ойналады. Ұлттық ойындарды денетәрбиесі сабақтарына еңгізу үлкен септігін тигізеді жасбалалардың он екімүшесін қозғалысқа келтіріп жүйріктікті, шапшандықты, зерделікті нығайтады. Мысалы үшін тоғызқұмалақ ойыны адамның ой санасын жаттықтырады және математикалық есептерді тез есептеуге үлкен септігінтигізеді. Ал қызқуу, ақсүйек, көтермек сияқты ойындар балалардың дене мүшелерін қозғалысқа келтіріп шынықтырады. Асық ату ойындары оқушылардың мергендігін арттырады. Бүгінгі кезде қазақтың ұлттық ойындарынын ішінен тоғызқұмалақ және қазақша күресдүниежүзілік аумаққашықты, Бұлардың деңгейге асықату ойындарыда жетіп кележатыр. Ұлттық ойындардың өзіндік ерекшеліктері бар, мысалға айтакетсек «Асық ату» ойынын ойнар алдында жеңіске жету үшін, «Асығым алшасынан түссін», ал қазақша күресте «Жамбасқа түсірсем» деген жеңісті ырымды сөздерібар.т.б. Егер ұлттық ойындарды ден етәрбиесінің

құралы ретінде кеңінен қолданысқа енсе, онда қазіргі заманда өміріндегі өсіп келе жатқан ұрпақтардын денелік және рухани тәрбиесін еүлкен мән мағына беріп оларды өзіміздің мәдени мұрамызбен жете таныстырып салт дәстүрлерімізді өзгеріссіз болашаққа жеткізередік. «Асық ату» ұлттықойынымыздыңөзі 30 шақтытүргебөлінеді, көбінесабақтантысойналатынжәнеқалалықжарыстардаойналатынтүрлерініңбірі «Омпы», «Тасқала» бұлжердеайтакетсем тек «Асық ату» ұлттықойыныңқазақмектептерініңарасындағанаөткізіледі. Қаладақазіртоғызқұмалақ, қазақшакүресүйірмелері бар. Оныңішінде тек қазақшакүрес, тоғызқұмалақтанбасқатүрліұлттықойындарымыздыңүйірмесіашылса. Оқушыларшынниетпен осы ұлттықүйірмелергеқатысареді. Ұлттықойындарымыздыңөзі 100 астамтүрі бар. Ойынадамғасәйкес, тарихижасалынғанқоғамдықтуындамажәнеөзараіс-әрекеттүрі. Ойындемалыстың, өзаратанудың, денелікжәнежалпыәлеуметтіктәрбиенің, спорттыңқұралы бола алады.

Ойын, мәдени элементі сияқты бүкіл мәдени қоғамымен дамиды, сонымен қатар адамдардың демалыстағы, рухани және денелік күштерінің дамуындағы әрбір сұраныстарына сәйкес келеді. Ойын іс-әрекеті мәдени элементі  ғана болып келмейді, сонымен қатар мақсатты бағытталған, мақсатты қойылымдармен мотивацияланған іс-әрекеттердің әртүрлілігімен міңезделген  және де тәрбиелеудің сауапты құралы болып келеді. Сонымен қатар, ойын – комплексті тәрбиелеудің бірқұралы: бұл (ұжымдық іс-әрекеттіліктегі өзгермелі жағдайлардағы қиын іс-әрекеттердің және іс-әрекеттердің негіздерін меңгеру  арқылы) әржақтыдене  дайындығына, ағзаның  функцияларын жетілдіруіне, ойнаушылардың міңез – құлықтарына бағытталған.

Ойнаушылардың  алдарына әрқашан  мақсатқойылады – бұл ойынның әрбір аяқтайтын тапсырмасын жасау, яғни нәтижеге жету, қайта бұған жетуге анықталған шектеулі әдістері болса да, бірақ  бұндайларды, қайсысы тұрақты әртүрлі ауысатын  жағдайларға байланысты өздік мүмкіншіліктеріне бейнелі жаңа шешілімдер табуға, ойнаушылардың өзіне жолтаңдауға рұқсат береді.

Ұлттық ойын – өте эмоционалды әрекеттілік, сондықтан, бұл жастар мен және балалармен тәрбие жұмысында үлкен бағалы болып келеді. Балалар мен жас өспірімдерде көпәр-түрлілі құлттық ойындар арасында ырықты ойындар кеңтараған. Ырықты ойындардың міңездік ерекшелігі боп, ойын мазмұнында әрекеттердің көрнекті рөлі болып табылады. Ұлттық ойындар, мазмұны бойынша көрнекті және қолайлы. Бұлар, ойлаудың қарқынды жұмысын атқарады, айнала-білімін кеңейтуге, айнала дүние туралы ойлауларды нақтылауға, бүкіл психикалық үрдістерді жетілдіруге, балалық ағзаны жоғары деңгейге дамуына ауысуына әсеретеді.

Ұлттық ойыны, балалардың ой дамуының тапсырмаларын жүзеге асыру әсерететін, халық ақылдығының бөлшегі ретінде шығарылады. Е.Сағындықовтың эксперименталды көрсеткіштерінің көрсетуі бойынша, қазақтың ұлттық ойыны логикалық ойлаудың тереңдетуіне әсеретеді және ойдың іздеуміңезін жоғарлатады. Халықтық ұлттық ойындарында, қимыл әрекеттерінің әртүрлілігі, шұғылданушылардың қалыпты денелік дамуына және денсаулықты нығайтуға әсеретеді. Қазіргі денешынықтыру және спорт жұмысына ерекше бағалы халықты қырықты ойындарды кіргізу, ғасырлық салт-дәстүрлерің қолдануын және халықты қырықты ойындарының бүкіл байлығының ғылыми хаттауы және терең оқылуы қажет.

Бұл мұраны, қазіргі адамдардың өміріне дұрыс қолдануы өсіп келе жатқан ұрпақтың денелік және рухани тәрбиеленуіне әсеретеді, ал қорытындысында – ұлттық мәдениеттердің жақындауымен өзара бай болуы.

Қазақ халқының мәдени қалыптасуына, оның салт-дәстүрлеріне, тұрмыстын жән еөмірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайларына өз әсерін тигізетін. Қазақтардың ойындарында ежелгі заманнан келе жатқан тастан, ағаштан, аңсүйектерінен, кейін металлдан жасалынған құралдар қолданатын. Кең дамыған халықаралық қарым-қатынастар ойын-сауықтың жаңа түрлерін тудырып, жалпы мәдени бойын көтереді.

Ғасырлар бойы балалар мен жастарды ерте жасынан ұлттық ойындары мен тәрбиелеу, қоғамдағы қарым-қатынасқа, қоршаған айналаға дұрыс қатынасуды қалыптасуына әсеретті. Қазақтардың өнегелік-этникалық сұраныстарына сәйкес боз бала жасында күнделікті қоғам өмірінде карқынды қатынасу тәрбиеленетін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. Төтенаев А.Г. Қазақтың ұлтты қырықты және спортты қойындары. – Алматы, 1995.

2. Салт–дәстүрлер мен әдет–ғұрып. – Алматы: РИК, 1996.

3. Спорттық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1969.

4. Наурыз: жаңарған сал–дәстүрлер мен әдет–ғұрыптар. –Алматы: РИК, 1996

**№19 Раушан бөбекжай бақшасы**
**Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені**

**МАМБЕТОВА ЖАНСАЯ ЕРМАНҚЫЗЫ**

## «Тәрбие тал бесіктен басталады»

А.С.Макаренконың “Балаларды тәрбиелеу – біздің өміріміздегі ең жауапты сала. Дұрыс тәрбиелеу – бұл біздің бақытты қарттық шағымыз, жаман тәрбиелеу – бұл біздің келешек қасіретіміз, бұл біздің көз жасымыз, бұл біздің басқа адамдар алдындағы, бүкіл ел алдындағы айыбымыз” – деген пікірінің мағынасын түсінуі тиіс.

Неліктен мен барлық мамандықтардың ішінен балабақша тәрбиешісі мамандығын таңдадым? Кішкентай кезімде мен мектепте оқитынмын. Анам балабақшада күтуші – тәрбиешінің көмекшісі болып жұмыс істеді. Мен оның жұмысына көмектесу үшін жиі баратыңмын. Ал бірнеше жылдан кейін мен анама емес, тәрбиешіге көмектесетінімді түсіндім. Мен балаларға кітап оқыдым - ертегілер, әңгімелер, жұмбақтар жасыратынмын. Олармен түрлі ойындар ойнадым. Және бұл маған қатты ұнады. Сегізінші сыныпта «Менің сүйікті мамандығым» деген тақырыпта шығарма жазған болатынбыз. Ал мен «Тәрбиеші мамандығы» деген тақырыпта жаздым. Он бірінші сыныпты бітірген соң тәрбиеші мамандығына оқуға түскім келді.Мен 2015 жылы мектепті бітіргенен кейін , Қарағанды қаласындағы Болашақ колледжіне педагогика мамандығына оқуға түстім Тәрбиеші мамандығы бойынша орта арнаулы білім алдым. 2018 жылы шілде айында оқуымды тәмәмдап дипломымды алдым.Тәрбие тал бесіктен басталады деген бос сөз емес. Бес жарым жаста тұлғаның негізі қалыптаса бастайды. Әр баланың табиғи даралығы болады. Ал оны отбасылық, қоғамдық қарым-қатынастармен бұзбау, басып тастамау өте маңызды. Туғаннан бастап тәрбиелеу баланың табиғатқа тән қабілеттерін дамытуға арналған. Сонымен, бастаудың басы - жаңа туған нәрестенің жасы. Ата-ана мен бала жүйесіндегі қарым-қатынастар өмірдің алғашқы айларынан бастап күрделі. Жеке ерекшеліктер қазірдің өзінде баланың бірінші жылауында көрінеді. Бірі ренжіген күйде, екіншісі талапшыл, ашулы айқайлайды. Бала бастапқыда өзінің даралығын қабылдайды. Білім алтын ортаны ұстануы керек және ондағы кез келген шектен шыққан қателік.

Көбінесе ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас келесі схема бойынша дамиды: алғашында сәбидің үлкен отбасы мүшелерінен басқа мінез-құлық үлгісі жоқ, сондықтан оларға еліктеуге тырысады. Әкесін, анасын, әжесін, атасын қуантады. Бәріне бірінші сөйлеген сөз, содан кейін үйренген өлеңдері әсер етеді және әндер, ертегілер бала-балабақшаға барған кезде бәрі жақсы болып жатқан сияқты.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мінезінің жас ерекшеліктеріне осындай қасиеттер жатады. жауаптылық, білуге құмарлық, стихиялылық, сенгіштік. Балалар өз сезімдерін тежеуді, олардың сыртқы көрінісін басқаруды білмейді, олар қуанышты, қайғыны,

қорқынышты, ләззат немесе наразылықты тікелей және ашық білдіреді. Бала сөзге деген қажеттілігін білдіре алмайды, себебі ол әлі сөйлеуді меңгермеген. Көбінесе балалардың жылауы мен қыңырлығы біз ересектерге сигнал болып табылады; біз дұрыс жасаймыз деген үміт. Олардың шифрын ашып, когнитивтік инстинкттің жүзеге асуы үшін оңтайлы жағдай жасау. Үш жасқа қарай балаларда әлем туралы негізгі база құрылады. Болашақта ол толықтырылады, нақтыланады, бірақ онша қарқынды емес, ерте балалық шақта»

Мен әрқашан балалардың қаншалықты эмоционалды, өте байқағыш, риясыз және сенімді екеніне таң қаламын. Олар кішкентай нәрселерді байқайды. Менің шаш үлгімді, қандай жейде, кроссовкам бар... Олар мақтау айтуды біледі және бұл өте жақсы! Бұл олардың отбасында бұл маңызды және ересектер оған назар аударатынын білдіреді. Тәрбиеші мамандығы қазіргі қоғам өміріндегі ең маңызды және маңызды мамандықтардың бірі деп есептеймін. Бұл үлкен жұмыс болса да және үнемі өзін-өзі жетілдіру мен үшін маңызды нәтиже. Кішкентай балалар үлкендердің қамқорлығына эмоционалды түрде мұқтаж, шын жүректен сенеді, жақсы көреді және күтеді. Тәрбиеші, менің ойымша, негізі сүйіспеншілік, сенім, түсіністік болып табылатын санаулы мамандықтардың бірі. Балабақшаға келген бүлдіршіндердің жарқыраған көздері, ашық жүректері мен махаббаттары маған өмірдің мәнін береді. Мен өмірде дұрыс таңдау жасағаныма сенімді болдым. Неліктен мен тәрбиеші мамандығын таңдадым? Жылдар өткен соң, мен баратын жерге ешқашан күмәнданбаған сұрағыма жауап бере аламын. Бұл өмірде әрқайсымыз қажет адам болу қажеттілігін сезінеміз.

Қазіргі жағдайда тәрбиеші – ғылыми психологиялық-педагогикалық ойлауы, сыни талдауы бар, озық педагогикалық тәжірибені орынды пайдаланатын, сонымен қатар өзін-өзі жетілдіруді қажет ететін зерттеуші. Бұдан шығатыны, жаңашылдықтарды пайдалана отырып, өзінің кәсіби шеберлік деңгейін үнемі жетілдіріп отыратын ұстаз ғана оқу-тәрбие процесін сапалы жүргізе алады.

Біздің бәріміз де, ата-аналар да, ұстаздар да балаларымыз бен шәкірттеріміздің тамаша, ақылды және табысты адам болып өсуін армандаймыз. Жаңа талаптар бойынша Мұғалім санаты бойынша өттім. Міне қазір балабақшада жұмыс істеп жүрмін. Мен өз мамандығымды жақсы көремін . Мен өз мамандығымды өте жақсы көремін, мен бақытты адаммын, күн сайын балалардың күлкісімен қоршалған сүйікті ана мен әйелмін.

Қорытындылай келе айтарым: Мен өз мамандығымды мақтан тұтамын.

«Сен тәрбиеші және мұғалім болып туылуың керек; ол табиғи әдептілікке негізделген».

А.Дистервег

Мен әрқашан мақтанышпен айтамын: «Мен тәрбиешімін!

**МАМЫРБЕКОВА МОЛДИР СЕРИКОВНА**

## Шет тілін оқытуды ұйымдастырудың әдістемелік негіздері

Бүгінде егемен еліміз еңселі елу елдің қатарына енуді стратегиялық маңызы бар міндеттеме етіп отырғаны белгілі. Сол үшінде елбасымыз білім реформаларына ерекше мән беріп отыр. Озық елдер қатарына ену үшін оның тілін үйренуде айырықша маңызды болмақ. Осы ретте тәуелсіз мемлекетіміздегі аранулы білім беретін колледждерде шет тілдері пәні бойынша білім мазмұнын игерту, оқу әрекетін ұйымдастыру әдістеме саласының күн тәртібіндегі өзекті мәселесіне айналып отыр. Бұл орайда шет тілінің граммтикалық тұрғыдан дұрыс игерілуі бүгінгі жаңашыл технологиялар мен сабақтың типтері, құрылмдық түрлерінің ерекшелігі негізінде іске асырылады.

Жалпыға бірдей білім беретін отандық мектебімізде және оның даму тарихы мен кезеңдерінде оқыту әрекетін ұйымдастырудың сан алуан бағыты бір түрлері пайда болды. Шет тілін оқыту түрлерінің өзгерістерге ұшырауы мұғалім мен оқушылардың іс – әрекетінің заман талабына сай және ғылыми –техникалық жетістіктерге байланысты екені баршамызға мәлім.

Сабақ шет тілдерін оқыту әрекетін ұйымдастырудың негізгі өзегі болып танылады. Сабақ - бұл ұстаз бен шәкірттердің бірлесе атқарған ұжымдық әрі шығармашылық еңбегінің жемісі. Сабақта оқыту үрдісіне және тәрбие көздерінің мақсат – міндеттері ескеріледі, тұрлаулы білім алуға талпынған оқушылардың танымдық ой- өрісі кеңийді, қабілеті мен дағдылар қалыптасады, дамиды. Сонымен қатар, оқушылардың жаңа ғасыр адамзатына тән жан – жақты шығармашылық тұрғыдан кемелденген жеке тұлға ретінде қалыптасып, оның өмірге қоғамдық ортаға деген көзқарасы, адамгершілік рухы қалыптасады.

Оқыту үрдісінің көздеген нысанасы - жеке тұлғаны , оның қабілеті мен дарындылығын білім мазмұнына сүйене отырып дамыту болып келеді. Әрбір сабақ үрдісі әсіресе шет тілі сабақтары ғылыми мазмұны терең, әдістемелік тұрғыдан сапалы , қисын тұрғысынан қиюласқан мұғалімінің шығармашылық әрекеті.

“Қисындық бірлік - бұл оқыту мен сабақ үрдісінің, яғни құрылым бөліктерінің аралығындағы өзара заңды байланыс” деген пікір орынды да нақты десек қателеспейміз. [1:52] Мәселен, шет тілдері сабағында өткен материалдарды қайталау, қорытындылау бөліктері білім мазмұнын толыққанды меңгеруіне мүмкіндіктер ашады. Қайталау, қорытындылау сабағын бүгінгі таңда педагогикалық технологиялар шеңберінде озық деп танылған

Ж.Қараевтың “Оқу материалдарын деңгейлеп оқыту” технологиясы, сын тұрғысынан ойлау стратегиясы және тағы да басқа дамыта оқыту технологияларын қолдану арқылы

жүзелендіруге болады. Сонымен қатар, бұл сабақ түрі дәріс, әңгіме, жаппай сұрау, сынды жұмыс түрлері шеңберінде де қамтыла қарастырылса нәтижелі болмақ. Мұндай сабақта игерілген білім, еске түсріледі және бір жүйеге келтіріледі, екіншіден , білім іскерлік, дағды, ұғым шеңберіндегі кемшіліктер жойылады. Үшіншіден, игерілетін білім мазмұны толық ашылады. [1:64] Сонымен қатар, бүгінгі өмір талабына сай, өмірмен байланысты мысалдар келтіріледі. Ұстаз бен шәкірт алдындағы соны міндеттер шешімін табады.

Оқыту әрекетін ұйымдастыруда психологиялық бірлік өлшемінің де өзіндік маңызын ешкім жоққа шығармайды. Бұл арнада оқушылардың танымдық іс-әрекетіндегі белсенділік дағдысы ұқыптылық пен жинақтылығы түйсік, қабылдау, ойлау, зейін сынды психологиялық үрдіспен тығыз байланста келетіні анық. Бұл бірлік өлшемі іс – әрекет пен таным мотивтерін жасауды көздейді. Мәселен, сабақ үрдісінде тікелей талаптандыру, басымдықтар бойынша талаптандыру және ой белсенділігін арттыру дағдылары қалыптасқан. Сонымен қатар, психологиялық бірлік өлшемі оқушылардың дербес ерекшеліктерін есепке алуды, ескеруді талап етеді. Шет тілдері сабағында білім мазмұнын ғылыми әрі практикалық тұрғыдан игертуде психологиялық бірлік ұйымдастыру бірлігімен тығыз байланыста болған жағдайда оқыту үрдісі нәтижелі болмақ.

Ұйымдастыру бірлігі – сабақ үрдісінде жүргізілетін дұрыс түрлерін және алдын – ала қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтарды пайдалану, сабақ бойында оқушыларды белсенді, тиімді жұмысқа бағыттау және ұйымдастыру. Сабақ үрдісін тиімді ұйымдастыру және оқушылар қызығушылығы мен белсенділігін артыру алғы кезекте тұруы шарт. [2:42]

Ағылшын тілі пәні сабақтарының осы талаптарға сай өткізілуі үшін әр түрлі жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалуы қажет. Атап айтсақ, біріншіден, әлеуметтік - педогогикалық жағдай. Бұл жағдайда мұғалімнің қазақ тілі сабағында жан - жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру тұрғысындағы ізденісі мен шығармашылық жұмысы, шет тілі бойынша игерілетін білімнің көлемі мен сапасының тамырластығы, ынтымақтастық, яғни ұстаз бен оқушылардың бірлескен әрекеті және шет тілдері бөлмелерінің жаңа заман талабы мен сұранысына сай жабдықталу міндеттері қарастырылады. Екіншіден, дидактикалық жағдай. Дидактикалық жағдайда оқыту үрдісінің берік те іргелі ұстанымдары мен әдіс - тәсілдерінің бір мүдде мен әр алуан бағыттағы заңдылықтарын сақтау, дамыту және оны әдістемелік тұрғыдан тиімді де ұтымды етіп қолдану көздері болып табылмақ. Сонымен қатар бүгінгі білім беру мәселесіндегі жаңашыл мұғалімдердің озық әдіс - тәсілдері мен іс - тәжірибелерін анықтау, тарату, зерттеу мен зерделеу қажеттіліктері де туындайды. Жалпыға бірдей білім беретін мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі және қазақ тілі сабақтарына қандай дидактикалық талаптар мен міндеттер қатары қойылады.

Шет тілдері сабақтарының білімдік және танымдық, тәрбиелік міндеттері, яғни үш таған бірліктері жаңашыл технологиялар мен сабақтың түрлері мен құрылымдақ ерекшеліктеріне негізделері белгілі. Қазақ тілі сабағының дидактикалық мақсаты болып пән бойынша білім дағдыларын оқыту арқылы игерту және ұлттық менталитет пен ұлттық рух, ұлттық өрнек негізінде тәрбие үрдісін дұрыс жолға қою екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Міне, осындай бағыттағы арналас жұмыстар негізінде дидактикалық мақсат тиімділігі айқындалары белгілі.

Ағылшын тілі сабағында оқыту мақсатын ұйымдастыру негізінде жаңа білім материалдары игеріледі, бұл пәннің ғылыми - практикалық міндеті іске асырылады, оқушылардың іскерлік дағдылары қалыптасады.

Шет тілі сабақтарында оқу материалдарының көлемі мен жүргізілу сапасы әдістемелік тұрғыдан дұрыс жолға қойылған жағдайда ғана, оқыту үрдісі нәтижелі болмақ. Бұл тұрғыда мұғалімдер тарапынан ізденімпаздық пен әдістемелік біліктілігін жетілдіру қажеттілігі ескерілуі шарт. Сабақтық дидактикалық мақсатына сай, яғни оқушылардың білім деңгейі мен біліктілік дәрежесі, жас және дербес ерекшелігі ескеріледі.

Оқыту мен тәрбие ажырамас бірліктегі міндеттер болып табылады. Шет тілі сабағында оқыта отырып тәрбиелеудің маңызы мен міндеттері, ерекшеліктері айқындалған. Оқытудың ұтымды да тиімді әрі озық әдістерін сұрыптай - іріктеп алудың сабақ түрлеріне, сабақтың әрбір кезеңіндегі оқу материалының мазмұнына сәйкес жүргізілуі оқушылардың қазақ тілі пәнін ғылыми - практикалық тұрғыдан сапалы да саналы игеруіне мүмкіндік береді. [2:62]

Шет тілі сабақтарында білім мазмұнын игерту орайында көрнекі құралдар мен арнайы жабдықтарды үйлестіру, дұрыс та ұтымды қолдану, қазіргі таңдағы оқыту үрдісінде кеңінен қолданылатын жаңа техникалық құралдарды, атап айтсақ, компьютерлерді, бағдарлама бойынша оқыту машиналарын қолдану екені белгілі. Әсіресе, ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың білімді терең ұғынуын қамтамасыз ету үшін мұғалім тарапынан әдістемелік шеберлік пен ізденімпаздық талап етіліп, оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде отандық және әлемдік әдістемелік көмекші құралдар кеңінен қолданылу талабы туындайды. Шет тілі пәні бойынша білім мазмұнын толыққанды игерту орайында негізгі талаптарды комплексті түрде жүзеге асыру әрекеті оқыту үрдісінің жоғары деңгейде ұйымдастырыуы мен сабақтың сапасын арттыруға жол ашады, әдістемелік мүмкіндіктер береді.

Шет тілінен сапалы білім беруде оның күрделі грамматикасын меңгертіп, оқушылардың пән бойынша сауаттылық дағдысын қалыптастырып, дамыту әрекеті қарастырылады. Және осындай әдістемелік шеңберде оқыту әрекетін ұйымдастырудың

өзге де түрлерінің ескерілгені жөн. Соңғы кезеңде жалпыға бірдей білім беретін мектептерде сабақтан өзге оқытуды ұйымдастырудың бірнеше түрлері белсенді қолданыс тауып жүргені белгілі. Десекте, шет тілі пәнінен білім мазмұнын сапалы игертуде сабақта және сабақтан тыс жұмыстар бір мүдде мен әр бағытта жүргізілуі қатаң ескерілуі шарт. Оқыту үрдісі кезеңінде оқушылардың зейіні мен қабылдау деңгейлері және олардың ақпаратты саралай білу, өз ойын еркін де дәл жеткізе білу дағдыларын ескеру шарт. Себебі, оқушылардың психикалық ерекшеліктерін есепке алу негізінде олардың ауыз екі сөйлеу дағдысы және сөйлеу мәдениетін жетілдіру негізінде сөздік қор, тіл байлығы кеңейіп, тіл ұстарту жұмыстарының маңыздылығы арта түспек. [3: 54]

Оқушының танымдық әрі ой - өріс қабілетін қалыптастыруда білім, білік, дағды, ұғым шеңберлерімен қатар оқу дағдысы және жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігі қатар зерделеніп, қарастырылуда. Шет тілдер сабақтарында оқыту үрдісін ұйымдастыру дұрыс жолға қойылған жағдайда оқушылардың сауатты оқу, жазу, яғни орфоэпия мен орфграфиялық заңдылықтарды игеру дағдылары қалыптасады, ой қорыту, тұжырым жасау, көркем ойлау сынды қабілеттері де нәтижелі болмақ.

Шет тілдер сабақтарында оқыту үрдісін нәтижелі ұйымдастыруда назарда ұстайтын негізгі шарттар білім мазмұнын толыққанды әрі сапалы игеруінде негізгі маңдай түзер темірқазық болып табылады. Атап айтсақ, оқушының шығармашылық тұрғыдан ойлануына бағыт беру, өз ойын, пікірі мен тұжырымын өзгелермен бөлісуіне мүмкіндік беру, игерілген материал мазмұны бойынша түсінігі мен шешімін ортаға салуға жағдай жасау, оқушылардың топта, жұпта жұмыс әрекетін ұйымдастыра алу дағдыларын ұштау және олардың өзгелердің жауабы мен сұрағына сын айту біліктілігін қалыптастыру маңызды болып табылмақ. Міне, осындай сипаттағы ұстанымдар мен шарттар негізінде оқушылардың білім қорының молайуына мүмкіндік жасалады.

Шет тілдер сабақтарында оқыту үрдісін ұйымдастыруда білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттарын белгілеу алғы шарт екені баршамызға мәлім. Білім беру мазмұнын қоғамның қазіргі әлеуметтік - экономикалық сұранысына сәйкестендіру, білім беру мазмұнын ізгілендіруді қамтамасыз ету қажеттілігі орын алып отыр. Білім беру мазмұнын оқушының ғылыми тәсілмен тануына, өз бетімен ізденуіне мақсатты және жүйелі таратуға бағдарлау әрекеті де ескерілсе оқытуды ұйымдастыру ісі нәтижелі болмақ. Сонымен қатар білім мазмұнын ұлттық мәдениетті құрметеуге, өзге мәдени бастамаларға құштарлықтарын дамыту ісі де алға қойылуды талап етеді. [4: 82]

Жалпыға бірдей білім беретін мектетерде ағылшын тілі пәні бойынша оқытуды ұйымдастыру жалпы дидактикалық ұстанымдармен бірге шешуші мәні зор мынандай

ұстанымдарға негізделуі талап етіледі. Атап айтсақ, жеке тұлғаның жас және психофизологиялық даму ерекшеліктерінің ескерілуі, пән бойынша игерілген білім мазмұнынан қол жеткізетін нәтижеге жетуге бағдарлығы мен интерактивтігі болмақ. Баланың тұлғалық қалыптасуын, оның қабілеттерінің тұтастай дамуын қамтамасыз ету - басты міндет. Шет тілдері сабақтарында қажетті біліктер мен дағдыларды игеруге, сауатты оқу, жазу, шығармашылықпен ойлау, көркем ой мен тіл байлығын кеңейтуге ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыруға талпыныс жасау әдістемелік тұрғыдан қажеттіліктер туындатуда. Оқыту әрекетін ұйымдастыру кезеңінде ізденімпаз маман әрі шебер әдіскер ұстаз оқыту әдістерін сұрыптау, таңдау және ұтымды қолдануда білім мазмұнын игертудегі басым дидактикалық ұстанымдарға сүйенуі шарт. [5:64] Оқыту үрдісін ұйымдастыруда оқу жоспары, оқу бағдарламалары мен оқулықтар басым қызмет атқарады. Сол себепті оқулықтар мазмұны терең, оқу бағдарламалары нақты құрылып, сабақтың білімділік мақсатын дұрыс жүзеленуіне мүмкіндік жасауы қажет. Оқыту үрдісін ұйымдастыруда оқушылардың білім, білік, дағды, ұғым, зейін шеңберлерін қалыптастырып, олардың рухани келбеттерін, адамгершілік қасиеттерін және ақыл – ой қабілеттерін дамыту мақсаты басты нысана болмақ, яғни оқытуды ұйымдастыруда сабақтың білімділік, танымдық, тәрбиелік міндеттері педагогикалық ұстанымдар негізінде іске асырылуы тиіс. Сонымен қатар оқыту әрекетін ұйымдастыруда білім беру саласының пәндік және негізгі мақсаттарын ескере отырып, оқу үрдісінің нақты мақсаттарын жобалау, сабақты білім беру стандарттарының талаптарына сай конструкциялау, оқу материалдарын даярлау және оқу мақсаттарына сәйкес оқытуды ұйымдастыру, оқу үрдісін жобалауға және іс жүзінде іске асыруда ақпараттық ортаның әлеуетін кеңінен пайдалану және оқушының озық дамуын ұйымдастыру үшін толыққанды жағдай жасау, оқушының оқу материалын меңгеруінің тұлғалық - әрекеттік бағыттылығын реттеу сынды мақсаттар көзделуі шарт.[6:75]

Қорыта айтқанда, шет тілі сабағында оқыту үрдісін ұйымдастыру арқылы білім мазмұны ғылыми - практикалық тұрғыдан толық игеріліп, сабақтың үш таған бірлігі негізінде шығармашылық тұрғыдан жан - жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыруға талпыныс жасау қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:


1. Әміров Р. Қоғам реформасына сай шет тілін оқыту концепциясы. // Қазақстан мектебі\\1992. №15
2. Әміров Р., Дәулетбекова Ж. Шет тілі пәні мазмұнының жаңа бағыттары жөнінінде. //Қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие деңгейін көтеру проблемалары.//Ғылыми . прак. конф. материалдары//, Алматы, 1966.
3. Сарыбаев Ш. Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. І-бөлім. Алматы, ОПБ, 1956.



**Түркістан облысы Төлеби ауданы**

**Қ.Мамытов ЖББМ**

**МИЗАМБАЙ ТОЛҒАНАЙ БАЛАТАЙҚЫЗЫ**

**Short term plan**

| | | |
|---|---|---|
| **Unit: Natural Disasters** | **School:K.Mamytov** | |
| **Date:** | **Teacher name:Mizambay T.B** | |
| **Grade: 7** | **Number present:** | **absent:** |

| | |
|---|---|
| **Lesson title** | Natural Disasters |
| **Learning objectives** | 7.4.2.1 understand specific information and detail in texts on a range of familiar general and curricular topics<br>7.3.3.1 give an opinion at discourse level on a growing range of general and curricular topics |
| **Lesson objectives** | Learners will be able to:<br>Find facts and details from the text about Natural disasters<br>Answer the questions and produce own ideas<br>Give an opinion at discourse level |
| **Assessment criteria** | Identify facts and details in the text<br>Provide a point of view in conversation or discussion<br>Using the vocabulary correctly and pronunciation |
| **Level of thinking skills** | Knowledge and Comprehension<br>Higher order thinking skills |

| Stages / Time | Teachers actions | Students actions | Assessment | Resources |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *Beginning*<br>*1-8 min.* | Teacher greets students<br><br>Teacher makes a good atmosphere with saying Tongue twisters<br><br>Checking Home tasks<br><br>Teacher shows a picture for "Brainstorming"<br><br>What comes in your mind when you see this picture?<br><br>Teacher shows a video<br><br>What is Natural disaster? | Students greet a teacher<br><br>Students give each other the ball and read twisters<br><br>Students read the question and shows True-False<br><br>Students watch a picture and gives their answers<br><br>Students watch a video | Good job!<br>Well done! | The ball<br>Dodocahedron<br><br> |
| *Main part*<br>*Pre reading task*<br>*8-10min.* | What kinds of Natural disasters do you know? | Students own answer | | https://youtu.be/feSXvyh_rXk?si=9FjDvxSbOaVWnzUJ |
| *While reading task*<br>*Reading the text*<br>*10– min.*<br>*Doing the task*<br>*7– min.*<br><br>Worming up | T.s Read the text and choose the correct answer<br><br>*Differentiation for less able students:*<br>Teacher gives Key words with their translation<br><br>T.g some matching questions<br>The method "Tarsia"<br>The alphabet game | Students choose:<br>1 A<br>2 A<br>3 A<br>4 A<br>5 A<br><br>Students find right orders for each question | Self assessment<br>Students get 1 points of their scale-cards<br>For each correct answer | *Students Books*<br>*Work-papers*<br>*Copy books* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *Post reading*<br>*27-35min.* | T.g secret cards for connecting key words and find What N.D is it?<br>What people need do during this disaster?<br><br>Teacher plays a music for vocabulary game "Find translation" | Whole class<br>Drawing the N.D and giving instruction What people need do and don't do.<br><br>Students go around and write translations of the given words | | *Posters*<br><br>Work papers<br>Music |
| *Pre speaking task*<br><br>*28-30-min.* | Teacher rotate the wheel herself and give opinion<br>"In my opinion Water is the most important source of life and but all dangers may come from it " | Students follow teachers answer and create own opinions | | *The Wheel of fortune* |
| *Speaking task*<br><br>*35-42min.* | The method "The wheel of Fortune"<br><br>*Differentiation:*<br>Teacher gives to less able students example cards wrote such theme | Students answer:<br><br>In my opinion….<br>I think….. | Self assessment | The wheel of the Fortune |
| Conclusion<br>*42-45min.* | Teacher asks some questions for conclusion:<br>1 What N.D can you remember?<br>2 Which of them had been in our area?<br>3 For what N.D connects the word epicenter ?<br>4 Can you give your opinion for any N.D?<br><br>Home work<br>Find facts about N.D in U.K for last year.<br><br>Reflection | Students answer correctly , clearly<br><br>Students put their cards on necessary site | | Reflection cards<br>THE WORST<br>GOOD<br>EXCELLENT |

**Түркестан облысы, Түркестан қаласы**
**МКҚК " Күншуақ"бөбекжай - бақшасының әдіскері**

**МОМИНОВА АЙТКҮЛ ТАТИБАЕВНА**

**Білім беру саласы:** Коммуникация
**Бөлімі:** Сөйлеуді дамыту
**Тақырыбы:** «Келді көктем»
**Мақсаты:** Көктем мезгілі туралы білім дағдыларын тереңдету, сөйлеу мәдениетін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін бекіту, ойланып толық жауап беруге баулу.
**Көрнекілік:** көктем мезгілінің суреттері, Күн бейнесі,
**Әдіс-тәсілі:** көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу

Балаларды «Көктем»ерекшеліктерімен таныстыру
Мотивациялық қозғаушы
— Сәлем!Сәлем!Сәлем. .
— Шапалақ соғайық,
Сәлем!Сәлем!Сәлем,
Сәлем деймін апайға,
Сәлем!Сәлем!Сәлем!
Қонақтарға, баршаға!
Музыка әуенімен:
— Балалар, бұл қай мезгіл?
— Көктем!
— Көктем қандай?
— Иә, балалар бұл – табиғат құбылыстары
— Енді сендерге жұмбақ жасырайын.
Ақ қар еріп, су көбейіп,
Сай салаға толады.
Ағаш басы бүршік шашып
Гүл бәйшешекке толады.
Бөбектерім айтыңдаршы
Бұл қай мезгіл болады?
— Көктем!
— Демек, біз бүгін жылдың қай мезгілі туралы білетін боламыз.
— Көктем!
(Балалар тақырыпты өздері ашады.)
балалар көктем мезгілінде табиғатымызда қандай өзгерістер болады?
Балалар: көктемде күн шуағын шашады, жаңбыр тез тез жауады,түрлі гүлдер өседі, қар ериді, ең алғашқы бәйшешектер пайда болады, ағаштар бүршік жарады, бұтақтардан жапырақтар шығады, ағаштар жасыл желекке оранады, түрлі — түсті гүлдер өседі, құстар жырлы жаққа ұшып келеді,құстар ұя салады және жұмыртқалайды, адамдар жеңіл киінеді.
Көктем – тамаша жыл мезгілі! (бейнелер слайдта көрсетіледі)
Балалар, сендермен бірге ойын ойнайық.

Бірақ алдымен сіз бен біз біраз демаламыз.
Біз клирингке отырамыз.
Қаламдарымызды сындырайық.
Маған барлық қайықтарды көрсетті.
Көктем күні! (қол шапалақтау)
Аулада тамшылар шырылдайды (алақанымызды саусағымызбен көрсетеміз)
Шалшықтар пайда болды (алақандары тостағанмен)
Құмырсқа қысқы суықтан кейін жорғалап шығады (екі саусағымызбен аяғымызбен жүреміз)
Аю орман қураған ағаштарынан өтіп бара жатыр (жұдырықтарымен аяғымен)
Құстар дауыстап ән айта бастады (тұмсықты қолымызбен жасаймыз)
Ақшақар гүлдеді (алақандар бірге, содан кейін әр түрлі бағытта ашылды)
Керемет жарайсыңдар балалар барлықтарың ұйымшыл баласындар

Балалар сендер тақпақтар айтасыңдар ма?

**Тақпақтар:**

**1-бала:** Бүршік жарып ағаштар,
Құстар ұя салады.
Сылдыраған бұлақтар,
Ағып бара жатады.

**2-бала:** Жақсылықты қолдаймыз,
Табиғатты қорғаймыз.
Гүл егеміз бақтарға
Айналасын қорғаймыз

**3-бала:** Құс ұясын бұзбаңдар,
Балапанын алмаңдар.
Құстар біздің досымыз,
Обалына қалмаңдар.

**4-бала :** Көктем болды алақай
Қуанар барлық балақай.
Көктемде жаңбыр болады,
Бақшаға гүлдер толады.

**Топтық жұмыс:**Қарлығаш ұшып келеді.
— Мен – Қарлығашпын осында салқын жақтан ұшып келдім. мұнда көктем келіпті. Біз, барлық құстар сендерге, жылы жаққа ұшып келдік. Осында ұя саламыз. Балалар сендер ұя салуға көмектесесіңдерме?

— Енді, балалар жылы жаққа ұшып келген құстарға ұя салып берейік.

Балалар біз ұяны қайда ілеміз?

Ағашқа

Олай болса  біз екі топқа бөлініп ;Бірінші тобымыз гүлдеп тұрған ағаштың бейнесін саламыз

Екінші тобымыз:құстарға ұя жасаймыз.

Құстардың ұясы қандай пішіндерден жасалады?

Үшбұрыш ,төртбұрыш,дөңгелек.

Жарайсыңдар,олай болса қанекій барлығымыз жасайық.

**Дидактикалық ойын:**геометриялық пішіндерден гүлдер құрастыру.

Балалар гүлдер құрастырады .

Балалар, сендер біз туралы қандай тақпақ білесіңдер?
— Келді көктем жағаға,
Келді сұлу шағала.
Аспандағы ақ құстар
Ауылымды арала.

— Сары тұмсық балапан,
Аузын жиі ашады.
Үш жастағы балақан
Одан қорқып қашады.

— Қанеки, балалар, енді бойымызды сергітіп алайық!

Балаларға мақал-мәтелдермен жұмбақтар жасырады.

Айта алмаған балаларға көмек көрсетіледі

— Енді, балалар сендермен «Кім жылдам»ойынын ойнайық.

Мақсаты:Балаларды шапшаңдыққа шымырлыққа баулу.

Қорытындылау:
— Балалар, қазір қай мезгіл?
— Көктем!

— Көктемде қандай өзгерістер болады?
— Қар ериді.
— Құстар келеді.
— Ағаштар бүршік жарады.
— Гүлдер өседі.
— Адамдар жеңіл киінеді.

Қимылды ойын.Өз гүлінді тап.

**Қорытынды:**
Көктем мезгілінде ауа райы қандай болады екен?

- Балалар, сендер өте керемет жауап бердіңдер. Сендер өте ақылдысыңдар.

Мақтау, мадақтау.

**Алматы каласы Наурызбай район №157 жалпы былым беретын мектеп**

**МУКАШЕВА АСЕМ КАНАТОВНА**

**«Санды жауап» сабағы.**

Мен бастауыш сынып оқушыларына математикадан,қазақ тілінен, әдебиеттік оқу,дүниетану және жаратылыстану пәндерінен сайыс сабақтың бірер түрлерін топтық,жұптық,жеке жұмыс түрлерін қолданып жүрмін.Жасыратыны жоқ, жалпылама сөздер оқушыларды жалықтырып,ынтасын кемітеді.

Сондықтан сабақтың дидактикалық құрылымын өзгертіп, оқушылардың ақыл -ойын, танымдық белсенділігін арттыру үшін жаңа материалды үйрету мен өткен тақырыпты тексеруде «Санды жауап» әдіс-тәсілін енгіздім .Ол берілген немесе оқыған материалдың ішінен ең негізгілері мен басты фактілерін табуға бағыттайды. Мұндай ойын элементін қолдану себебім біріншіден балалардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады екіншіден балалар сабақтың соңында бүгін қандай сандар бізге тосын сый болады екен деген оймен тапсырманы қызыға орындайды.

Бағдарлама бойынша белгілі бір бөлім материалын әңгіме немесе сұрақ-жауап әдісімен өткізсе уақыт көп кетеді , мұғалім де оқушылар да шаршайды.Мұғалімге оқушыларды жиі жетелеп, көп сөйлеуіне тура келеді .Мұндайда бар баланы қатыстыру мүмкіндігі жүзеге аса бермейді.Ал «санды жауап» әдісінде барлық бала қамтылады және деңгейлік тапсырмалар беруге де мүміндік болады.

Мәселен 2сынып оқушыларының әдебиеттік оқудан жүйелі түрде оқу

және оны игеру қызметінің алғашқы сатысы екендігін ескеріп, сабақ процесі оқушылардың көз алдында өтуіне ден қойдым. Бұл санды сабақ әдісін пайдалануда мұғалімнің шеберлігіне байланысты саралау , жеке,жұптық,топтық жұмыстарды да тексеруге болады .Мен мына жерде топтық жұмысқа қысқаша үлгі ұсындым.

Сабақтын тақырыбы:Дауысты дыбыстар

1.Психологиялық ахуал

2. Оқушылар үш топқа бөлініп, топ жетекшілері белгіленді.

Қатаң,ұяң, үнді дыбыстарын флешка әдісі бойынша алып үш топқа бөлінді.Топ ережесі таныстырылады.

3.Өткен сабақ бойынша үш топқа тапсырмалар беріліп, үй тапсырмасы тексеріліп,смарт сағаты бойынша оқушылар өздерінің жұмыстарын бағалады.(Өзін –өзі бағалау)

4.Жаңа сабақтың тақырыбын айтып, мақсатымен таныстырдым

5.Жаңа сабаққа ену үшін слайд бойынша дауысты дыбыстардың екі түрі болатыны олар кейде жуан кейде жіңішке болып айтылуы т.б мәліметтер көрсетілді.

6.Оқушылар жаңа тақырыптан не түсінгендерін ауызша айтып, жеткізуге тырысты.(Сұрақ-жауап әдісі пайдаланылды)

7.Бой сергіту сәті(әуенмен )

8.1топқа тапсырма

A. Жуан дауысты дыбыстар нешеу?

3. 5

7. 12

B. Жіңішке дауысты дыбысы бар сөздер қатарын белгіле

1.Ірімшік,тиін

4.Қала,торғай

C. Шаңырақ сөзінде неше дауысты дыбыс бар?

2. 6

8. 3

Жауап: | 3 | 1 | 8 |

Осыған ұқсас етіп, үш топқа үш түрлі тапсырма беріліп орындалады, (осы кезде мұғалімнің шеберлігіне байланысты саралау тапсырмасын да беріп жіберуге болады).Әр топ өздерінің жауаптарын слайдта тұрған дұрыс жауаптармен тексеріп, әр топ өздерінің жұмыстарын бағалайды.

Мысалы:

1 топ жауабы: 3 1 8

2 топ жауабы: 4 9 2

3 топ жауабы: 8 6 7

Сабақта кемінде әр түрлі 4 тапсырма орындалуы тиіс.

Егер уакыт мүмкіндік берсе, ары қарай басқа да жұмыс түрлері жалғастырылуы мүмкін. Жұмыстың түрлерін,орындау

шарты мен ретін өзім белгілеймін.

Сабакта қоңыраулы сағат қойып,өздерімен келісіп, әр тапсырмаға уақыт белгілеп отырамын.

Естеріне сақтауды ескертіп,қысқаша қорытындылаймын.

Сабак барысындагы топ мүшелерінің баға қоры жинақталуы тиіс.

Топ жетекшілері оқушының кызметіне

баға береді. Орташа және нашар оқушылардың орындаған

жұмысы , ынта-белсенділігі, бәрі-бәрі есепке алынады. Ал, топаралық сайыстың қорытындысы жалпы баллмен шығарылып орындар беріледі.

Сонымен балаларга екі баға, алғашқы - топтары оқушынын сабақтары білімі мен іскерлігіне, екіншісі санды сабақ үшін  қойылады. Уақыт үнемдеу үшін хабарлаған бағалауды топ жетекшілерінің айтуымен сабақтан кейін сыныптың электронды  журналына көшіремін.Оқушылыр өздерінің алған балдарына қарап,  тіпті нашар оқитын окушы да ізденіс танытып, жетекшіден ,досынан көмек алады, сол ортаға бейімделіп. катарынан қалмауға тырысады. Окушылар бір ж ұмыстан екінші жұмысқк тез ауысып

отырады, жалықпайды.

«Санды жауап» балалардың білімін тексеруге,дағдысы мен іскерлігін

есепке алуға қолайлы . Мундай сабақта мұғалімнің қызметі түбірінен өзгереді. Ол шәкірттердің танымдык ,тапқырлық қабілетін бағыттаушы,жеке оқушы мен топтың ынтымағын ,коллективтік еңбекті ұйымдастырушы рөлін атқарады .Керісінше ой еңбегін атқарушы ,оны сарапқа салушы сабақ иелері -оқушылар болады.

Жеңілден - ауырға , белгіліден-белгісізге жетелейтін «санды сабақ» құрылымын дұрыс ұйымдастырса, жарыстастық ахуал туындап, білімді және тәрбиелік сипаты арта түседі.

Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж

балаларды қолдау орталығы тәрбиешісі

**МУХАМЕДЖАНОВА САЛТАНАТ УЗАКБАЕВНА**



**Тақырыбы: «Қиын баланы қалай тәрбиелейміз?»**
**Қатысушылар**: Ата-аналар
**Қатысқандар:** 49

1.Тәрбие отбасынан басталады

Қиын балалардың отбасындағы беріктігі және өнегелі отбасында өнегелі ұрпақ тәрбиеленетіні сөзсіз. Қиындықты шешудің негізгі жолы-отбасында қарым-қатынастарды орнату.

В.Сухомлинский тәрбиені отбасы жағдайын зерттеуден бастайды. Ол баланың сабақ үлгерімінің жақсаруымен қоса денсаулығының мықты болуына ,ой-өрісінің кеңеюіне көңіл бөлді және балалардың 3-4 сыныптарға деиін бірқалыпты ,тәртіпті болып келіп, 4-сыныптан кейін бастайтындығын түсіндірді. Ересек кезең – бала тәрбиелеудегі ең қиын кезең екендігін айта келіп, ата-аналарды балалармен сырласуға шақырады.

Отбасының қоғам мен мемлекет, тіпті күллі адамзат алдындағы атқаратын қажеті сан қырлы. «Отан отбасынан басталады» десек, адам тәрбиесі –Отанды сүю, өмірге құштарлық , сұлулықты тану бала кезден жанұяда басталатыны баршаға аян.

А.С. Макаренко: «Тәрбие –баламен сөйлесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие-тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі өнеге көрсетуінде»,-деген ғой. Баланы жас кезінен бастап сыйлап, қадір-қасиетін, ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлеп, дұрыс қарым-қатынас жасаған абзал.

Баланың айтайын деген өтінішін, ақылдасқысы келген мәселесін ата-анасы тыңдап, ақыл-кеңес беруі керек.

Ата-ана отбасындағы үлкендерді сыйлап, құрметтесе, кішілерге қамқор болса, бала да сондай болуға ұмтылады.Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол екені белгілі.

Л. Керімов қиын балалар тәрбиесі мәселесіне арналған зерттеулерінде «қиын» оқушыны зерттеуді, ең алдымен, отбасындағы тәрбие жағдайын білуден бастауды ұсынады. Баланың жетіліп қалыптасуында отбасының орны ерекше екенін түсіндіре келе, оқушыға қиын атануға алып келетін ата-аналардың балалармен, мұғалімнің оқушылармен қарым-

қатынасындағы бірнеше кемшіліктерді көрсетіп берген. Бұл қиындықты шешудің негізгі бірден-бір жолы-отбасындағы ізгілікті қарым-қатынастарды орнату .

Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін отбасы қоғаммен тығыз байланыста болуы керек. Ғалым-педагог И.Гребенников отбасы қызметін 5 топқа бөледі:ұрпақ жалғастырушылық, экономикалық, тәрбиелік, қарым-қатынастық және бос уақытты демалуды ұйымдастыру.

Демек,отбасында ата-ана осы қасиеттерді барынша бірігіп, жақсы ұйымдастыра білсе және педагогикалық жағынан білімді, психологиялық әдіс-тәсілден хабардар болса,отбасындағы ахуал ерекше болмақ.

М.Жұмабаев «Педагогика» ғылыми еңбегінде «жас бала –жас бір шыбық, жас кезінде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ» деп түйін жасайды.

2. Қиын балаларды тәрбиелеудегі ұстанымдар.

Оқушының жан-жақты тәлім-тәрбие алуға ,олардың ішкі қасиеттерін анықтап, дарынын шыңдап,сол арқылы өздері көздеген тәрбие бұлағына жағдай жасауымыз қажет.

Оқу-санқырлы рухани өмірдің тек бір ғана құрамды бөлігі.Егер ұжым ішінде идеялық,азаматтық, интеллектуалдық, еңбектік,эстетикалық қарым-қатынастар болған жағдайда оқушылартолық мәнді рухани өмір сүре алады.

Тәрбие күшіне ену дегеніміз- өз жұмысына ,ісіне сену.Себебі,нағыз сенім бар жерде ғана,нағыз талапшылдық ,еңбек тәртібі болады.

Қазіргі жас ұрпақтардың –болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын балалардың сана-сезімін,мінез-құлығын,ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып,ұжымдық шығармашылық істерге дағдыландырудың тәлім-тәрбиелік маңызы үлкен.

Мектепте оқудан тыс уақытта оқушының таңдауына сәйкес келетін,олардың қабілеті мен ішкі қажеттілігін қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді ұйымдастыру көзделеді.Соған сай олардың қабілетін ашуға мүмкіндік туғызатын спорт,дене еңбегі,қолөнер,техникалық шығармашылық,т.б.іс-әракетті үйрету үйірмелері мен секциялар ұйымдастырылады. Әр оқушы кез-келген үйірмеге ,секцияға,клубқа өз жүрегінің қалауымен қатынасып, өзінің жеке басына тән қасиетін,яғни өзіндік «менін» басқаларға танытуға мүмкіндік алады.

Әсіресе, ұстазбен оқушының өзара түсіністігі, оқушыға сенім көрсету, іс-әрекетке ерік беру, көтермелеу, адамгершілік қасиеттерін танытуда, өзін-өзі тануға,өзін-өзі тәрбиелеуге жағдай туғызу.

Ең бастысы,тәрбие ісінің нәтижесін бағалап,оны іске асырудың сұрақ-жауап, дәстүрлі бағалау,ұстазбен оқушының пікірлесуі арқылы іске асыру.

Қиын оқушылардың пайда болуына себепті факторлар.

1) Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни тұрмыстағы ұрыс – талас, дау-жанжал, баланың табиғи психологиялық ерекшеліктерін ескермеу, ата – ананың біреуінің болмауы, т. б. жағдайлар себепші болады.

Қоғамдық ұйымдар мен жұртшылықпен жүргізілетін жұмыстың әсіресе, оқушылар тұратын микроаудандарда күрт төмендеуі. Қиын балалардың пайда болуына бірден – бір

себепті болатын және жағымсыз жағдай туғызатын – отбасы тәрбиесі. Оның басшылары: баланың күнделікті жүріс – тұрыстарын қадағаламау; оның көзінше арақ – шарап ішу, дау – жанжал, ұрыс – керіс туғызу. Екіншіден, тәрбиенің көзі, баланы киіндіру, тамақтандыру, мұң – мұқтаждын қамтамасыз етуі деп санаушылық.

Жастайынан еңбектену әдет – дағдыларын қалыптастырмау, баланың жан дүниесіне көңіл аудармау, отбасындағы ажырау және жаңа адамның отбасы мүшесі болып енуіне себеп болады. Мысалы: зерттеулердің қорытындысы дәлелденгендей тәртібі нашарлаған оқушылардың көбі ата аналардың моральға жат қылықтарымен өз балаларына теріс әсерлер жасаған. Баланың тәрбиесіне кері әсер ететін келеңсіз жағдайларда (ұрыс – керіс, дау – жанжал), бірін – бірі сыйлау сияқты қасиеттердің сезбейтіндігі аян. .

Қиын балалардың жұмыс істеудің негізгі шарттары:

1) Әрбір қиын баланы жан – жақты зерттеп, мінез – құлықтарының бағыт – бағдарын айқындау, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиетін іріктеп алу.

2) Әрбір оқушының адамгершілік сынды тәжірибелердің құра біліп, соның негізінде тәртіпті, айналасындағы өмірге көзқарасты, ұжымдық қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру.

3) Әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және творчестволық талап – тілектеріне орай, қабілеті мен икемдектерін дамыту, қоғам жұмыстарына қатыстыру.

4) Кейбір қиын оқушылардың оқу – тәрбие процесінде ұжымдық өмір қарым – қатынастарында ұсқынсыз ауытқушылықтар болса, дер кезінде қол үшін беріп, одан сақтандыру, оны туғызатын әрекеттерді жою. Әңгімелеу оқу – тәрбие процесінде ең қажетті құралы. Оқушының жеке басына түскен жағдай, оны ортаға салуға болмайтындай болса, онда мұғалім тәжірибелі педагог баламен жеке сырласу арқылы көздерін жеткізеді.

Қиын балалармен тәрбие жұмыстарын жүргізу кезінде талаптар қойылуы қажет. Одан педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, әрбір оның баланың бейім қабілетіне, мінез – құлқына сай онды шығармашылық қасиеттерін ұйымдастырып отыру қажет. Қиын балалармен жұмыс істеудің тағы бір әдісі – олардың, көшенің жолдастарымен жағымсыз байланыстарын бұзу. Осы әдісті іс жүзіне асырудың бірнеше жолдары бар. Соның бірі тұрақты мектебін ауыстыру, мектебін алмастыру, Сондай – ақ ата – ана, мектеп инспекция қызметкерлерінің күшін біріктіре отырып, көшенің жолдастарының теріс ықпалдарынан бөліп әкету қажет. Сонымен бірге қиын баланы тәрбиелеуде моральдық тұрғыдан әсерлі әрекет ету. Қиын баланың әрбір теріс қылығын, істерін, тәртіпсіздігін т. б. Оқушының арына тигізбей айыптаса, бұл істер өз нәтижесін береді.

Тағы бір әдіс – қиын баланың бағдарын, мақсаты мен міндетін қайта құру. Бұл әдістің құндылық мәні – оқушы қателігін түсіну өзін - өзі тәрбиелеудің бағдарламасына жолдама береді. Мектептегі нерв жүйесі нашарлаған қиын балалармен тәрбие жұмысын жүргізу көптеген қиындықтар туғызады. Өйткені, әрбір оқушының өзіндік ерекшеліктері мен қатар, сырқаттарына байланысты өзгешіліктері бар. Ескеретін мәселелердің, бірі қиын оқушыларды

тәрбиелеу процесіндегі әдістік – тәсілдерді әдістемелік жағынан қолданудағы тәрбиелеу жүйесінің кезеңдері:

- дайындық кезеңі;
- қиын баланың тәртібінің төмендеуіне себепті болған жағдайларда аңықтау;
- екінші кезең – қиын оқушылар мен көш жора – жолдастары арасындағы байланыстырудың дәрежесін тереңдігін аңықтау.

Үшінші кезең өзгеріс кезеңі. Көптеген қиын оқушылардың ішкі жан дүниесінде өзгерістер туа бастайды. Жеткіншіліктердің мінезіндегі теріс қылықтар, әдет дағдылар мен қалыптаса бастаған жаңа адамгершілікті сапалардың арасында күрес басталады.

Соңғы кезең бекіту кезеңі, әрбір қиын оқушы мінез құлқындағы адамгершілік мәнді өзгерістер болған сайын, өзін - өзі тәрбиелеуге талаптанып, оңды қасиеттерді дамытады. Қиын балаларды қайта тәрбиелеу, алдын ала олармен бірге атқарылатын іс шараларын мектеп ұжымдар мен жұртшылық нақты анықтап, оларды дұрыс жолға түсуіне бағыт-бағдар бере отырып, тәрбиелеу керек.

3.Қазақ халқы-ғажап тәлімгер.

Халықтық педагогиканы оқыту үрдісін пайдалана отырып, ұлттық тәрбие беруде жеткіншектерге тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін оқушыға меңгерту қажет.

Халқымыздың рухани мұраларының бірі салт-дәстүр. Сол арқылы ұрпаққа адалдық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, отбасы тәрбиесіне байланысты тәлім-тәрбие беретіні ежелден белгілі. Жасөспірімдерді, нашақорлықтан, ұрлықтан арашалауда, олардың санасына кісілік, адамгершілік қасиеттің рухын ұялатуға берері көп. Ата-бабаларымыз әдептілігімен, өнерпаздығымен отбасы мүшелерінің бір-біріне деген өзара достық қарым-қатынасымен, ерен еңбегімен балаларына үлгі өнеге көрсеткен. Тілі енді шығып келе жатқан нәрестенің дұрыс ана тілінде сөйлеуіне де зор мән берілген, әртүрлі жаңылтпаш, мақал-мәтелдер үйрететін, ертегілер айтып беретін ата-аналарының «Бала - біздің болашағымыз!» деп қарауы болашақ ел ұрпағының жақсы адамзат болып өсуіне зор ықпалы тигізері анық.

«Елдің көркі тіл десек, тілдің көркі сәби ме деп қаласың?», -деп Қ. Мырзалиев тегін айтпаған. Сондықтан отбасы мүшелері арасында жақсы қарым-қатыныс қалыптасқан болса, олар өз ана тілінде сөйлесе, ол жанұяда мәдениетті азамат өсіп шығатыны сөзсіз.

Бүгінгі XXI ғасыр талабында жан-жақты ел тарихын жетік білетін, заман талабына сай азаматтарды тәрбиелеу-басты міндет.



**НСАМБАЕВА ЗАМЗАГУЛ ТУЛЕГЕНОВНА**

**“Құлыншақ” бөбекжай бақшасы**

**Тәрбиеші**

## БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕСІ – БАЛАБАҚШАДА

«Ұлт тәрбиесі – ұлт болашағы» демекші, өскелең өсіп келе жатқан бала – біздің болашағымыз, оларға бала кезінде сіңірген тәрбие еліміздің ертеңі үшін маңызды рөл атқарады. Ел ертеңі – жастар болғандықтан, оларға беретін тәрбие мен білімнің деңгейі өте жоғары болуы керек. Білімді, ұлт болашағын ойлайтын азаматтарды тәрбиелеудің бастауы балабақшадан басталады. Бала бақытының шынайы бағбаны – отбасы, балабақша мен мектеп. Білімнің бастауы – балабақшадан, себебі баланың өмірге басатын қадамының алғашқы баспалдағы дәл осы жерден басталады. Олай болса, балабақша барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы қақпасы деп сенімді айта аламыз.

Бұл өмірде әр адам жаратылысынан бір-біріне ұқсамаса да, олардың жақсы болып өсуі өскен ортасы мен тәрбиесіне байланысты. Жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты мақсат – оның бойына отансүйгіштік, адамгершілік құндылықтары бар, жан-жақты дамыған, көзі ашық, көкірегі ояу азаматты тәрбиелеу. Әрбір ата-ана баласын балабақшаға берер кезде оның болашағына, біліміне, қауіпсіздігіне бей-жай қарай алмайды, өзінің талаптарына сай орын іздейді, тәрбиешілердің біліктілігіне де назар аударады. Баласының болашағын ойлаған ата-ана үшін осындай сұрақтардың болуы әрине қалыпты. Сондықтан да мемлекет тарапынан да бұл сұрақтар бақылауға алынып, мектепке дейінгі мекемелерде балаға арнап қолайлы ортаның болуы қатаң бақылауда ұсталады.

Қазақстанда мектепке дейінгі ұйымдардың инфрақұрылымдық дамуын және білім мазмұнын жақсартуға арналған мектепке дейінгі мекемелер қызметінің үлгілік қағидалары бекітілген. Мектепке дейінгі мекемелерде бала дұрыс және пайдалы тамақтануға, таза ауыз суға, тиісті санитарлық жағдайдар мен медициналық көмекке, ал ең бастысы, тәрбие мен оқуға құқылы.

Осы тұста айтылған баланың тәрбиесі мен біліміне біздің, яғни педагогикалық ұжымның әсері өте көп. Білікті маман болып, бар білгенімізді бала бойына сіңіруде аянбай еңбек етуіміз керек. Әрине, мектеп оқушысы мен балабақша тәрбиеленушісінің арасында үлкен айырмашылық бар. Біздің алдымызға оңы мен солын әлі танып үлгермеген кішкентай ғана бүлдіршіндер келеді. Олар ата-аналары жұмыста болған уақытта, күнінің көп бөлігін балабақшада өткізетін болғандықтан, біз олар үшін екінші ата-анадай боламыз. Әр баланың психологиясына, мінез- құлқына байланысты тілін табуға тырысамыз. Ең бірінші, олардың қауіпсіздігін жіті қадағалаймыз. Үлкендерден гөрі, балалармен қарым-қатынас жасау аса үлкен шыдамдылық пен ыждахаттылықты талап ететін жұмыс болып табылады. Осы тұста біз оларға психолог та бола білуіміз керек.

Балабақшадағы берілетін тәлім-тәрбиенің мықты болуы, ондағы қызметкерлерге байланысты. Балабақша тәрбиешісі – суретші де, әнші де, ақылшы да, баланың жанын түсінер психолоог та, ұстаз да болуы керек. Бұл мамандық қызметкердің бойынан жан-жақтылықты талап ететін сала. Біз бүлдіршіндермен жұмыс жасау барысында олардың көңіл-күйінің жақсы болуына көп назар аударамыз. Себебі, бала тек жақсы көңіл-күйде болған кезде ғана жақсы білім ала алады, көп нәрселерге зейінін дұрыс қойып, бөтен нәрселерге көңілін салмайтын болады. Әсіресе мерекелік іс-шаралар ұйымдастырған кезде біз әр баланың концертте қалып кетпей өнер көрсетуіне, ойындарға қызығушылықпен қатысуына, бала бойындағы таланттың іште қалып кетпей, оның ашылуына көп көңіл бөлеміз.

Осы салада қызмет етіп жүрген тәрбиешілерге қойылатын негізгі талаптар бар және олар жайлы төменде айта кетейін:

1. Тәрбиеші болатын адам өзінің мінезін, жүріс-тұрысын үнемі қадағалап, балалар іс- әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуі керек;

2. Арнаулы білім, білік пен іскерлік дағдыны меңгеруі керек;

4. Баламен еркін, оны жақын тартып сөйлесе білуі керек;

6. Жұмысты жүйлелі ұйымдастыра білуі керек, қажет жерде қаталдығын да, кей жерде әзілдесе де білуі керек. Ең бастысы – балаға тиісті көңіл бөліп, оның да көңілін аударта алуы керек

9. Бала бізге қарап бой түзейтін болғандықтан, оларға өнеге, тәлім-тәрбие беруші ретінде
өзімізді дұрыс ұстай білуіміз керек;
10.
11. Және тағы бір керек талап – ата-аналармен үнемі байланыста болып, тіл табыса білу.
12.
Алдымызға келген 2 жасар сәбиден бастап мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді тәрбиелейтін болғандықтан, олардың сөйлеу тілін дамытып, қарым-қатынасқа икемдейтін, оңы мен солын ажыратуға үйрете отырып, сурет салу, мүсіндеу сынды бойына шығармашлық қабілеттерді де сіңіртетін ол әрине, біз – тәрбиешілер. Осы тұста байқайтынымыз, ұлт болашағының негізі – балабақшадан бастау алатыны. Оны дұрыс қалау, берік етіп орналастыру – ең негізгі міндет.
Сондықтан да, тәрбиешіліер бүгінгі күннің жаңалықтарынан сыртқары қалмай, үнемі ізденіс үстінде болуы керек. М.И.Калиннің «мұғалім ең жауапты міндетті орындайды – ол адамды қалыптастырады» деген сөзінен-ақ мұғалім мамандығының жүгін де, жемісін де, жеңісін де байқай аламыз. Жақсы ұрпақ тәрбиелеудің қандай абыройлы да, жауапты іс екенін осы сөздерден-ақ түсінеміз.
Қорытындылай келе айтарымыз, балабақша – болашақтың іргетасы, жас ұрпақты тәрбиелейтін киелі ұя. Балабақшадан дұрыс тәрбие мен білім алып шыққан бала, болашақта мектепке аяқ басқан кезде де сол білімі мен тәрбиесін жалғастырып, болашақта елінің мықты азаматы болады. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», деп әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби айтқандай, балаға ең бірінші жақсы тәрбие беріп, сол тәрбие арқылы қоғамды тануға, білім мен ғылымды игеруге жол ашамыз. Бұл тұста, әуелгі міндет ата-анада болса, екінші және ең жауапты міндет ұстаздарда болады. Олай болса, осындай абыройлы міндетті жақсы атқарып шығу жолында аянбай еңбек етіп, жақсы жұмыс істейік! Ұлттың болашағын тәрбиелейтін – ұстаз есімімізге кір келтірмей, асқақтата берейік!

**Талғар ауданы**
**Бауыржан Момышұлы атындағы №35 мектеп-гимназиясы**
**Химия пәнінің мұғалімі**

**НҰРҒАЛИЕВА ЖАНАР ТАЛҒАТҚЫЗЫ**

**Педагог-сарапшы**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** Химия | | **Бөлім: 8.3С Ерітінділер және ерігіштік** |
| **Күні:** | | |
| **Мұғалімнің аты-жөні:** | Педагог-сарапшы: **Нұрғалиева Ж.Т.** | |
| **Сынып: 8** | **Қатысқан оқушы саны:** | **Қатыспаған оқушы саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Ерітінділер.<br>**№5 зертханалық тәжірибе** «Заттардың ерігіштігін зерттеу» | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | 8.3.4.1 -заттарды судағы ерігіштігі бойынша жіктеу<br>8.3.4.2 -ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіру | |
| **Сабақтың мақсаты** | ➢ Заттарды судағы ерігіштігі бойынша зертханалық жұмысты жасай отырып жіктейді;<br>➢ Ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіреді. | |
| **Сабақ барысы** | | |

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы. 2 минут** | Ұйымдастыру кезеңі.<br>Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу.<br>***«Менің сізге тілегім ...»*** **атты психологиялық жағымды ахуал туғызу.** | ***Мақсаты:*** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.<br>***Тиімділігі:*** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады.<br>***Дағды:*** Жағымды қарым-қатынас орнату.<br>**ЕББҚ бар оқушы:** Көңіл-күйі көтеріледі және сыныптастарына деген бауырмалдығы артады. | Мұғалімнің кері байланысы | Слайд |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1 мин** | **Топқа бөліну.**<br>Оқушыларды ***«Random group generator»*** платформасы арқылы топқа бөлу | Оқушылар «Random group generator» платформасы арқылы бөлінген 5 топқа түстерге сәйкес отырады.<br><br><br>***Бірлескен топтық оқу тиімділігі:*** Топтың барлық мүшелері ортақ мақсатқа жетуге ұмтылады және оған жетуде бір-біріне көмектеседі.<br>***ЕББҚ бар оқушы:*** Топтық жұмыста өзіндік бағалауы жоғарылап, нәтижелі оқу жетістіктеріне сыныптастарымен бірге қол жеткізе алады.<br>**Дағды:** қарым-қатынас | ***Бұл әдістің тиімділігі:*** уақытты тиімді пайдалану. | https://www.classtools.net/random-group-generator/ |
| 4 мин | **Өткен білімді еске түсіру**<br>**«Plikers»** платформасы арқылы алдыңғы білімді пысықтау мақсатында тест тапсырмасы беріледі.<br><br>1.Ковалентті полюссіз байланысы бар молекула<br>**A) $N_2$** C) $C_2H_5OH$<br>B) $H_2O$ D) HCl<br><br>2.Иондық байланыс түзеді<br>A) $H_2$ C) $NH_3$<br>B) $H_2S$ **D) NaF**<br><br>3.Калий хлориді түзетін кристалдық тордың түрі<br>**A) иондық** C) атомдық<br>B) металдық D) сутектік<br><br>4.Кристалл тордық типтері<br>A) ковалентті поюсті, иондық<br>B) иондық, атомдық<br>**C) иондық, атомдық,** | Экранда көрсетілген тест сұрақтарына Qr кодты көтеру арқылы жауап береді.<br>***Тиімділігі:*** Арнайы құралдар мен интернет қажет етпейді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Жауап нәтижелерін бірден экранға шығарады. Уақытты үнемдейді.<br><br>***ЕББҚ бар оқушы:*** Барлық оқушылармен бірге Qr кодты көтеру арқылы тест сұрақтарына жауап беруге тырысады.<br><br>***Дағды:*** Алған білімді қорытындылау, цифрлық сауаттылық дағдысы қалыптасады. | Оқушы жауаптарының нәтижелері экранда көрсетіледі.<br><br>Мұғалімнің бағалауы | https://www.plickers.com/library |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **молекулалық**<br>D) металдық<br><br>5.Электртерістілігі ең жоғары элемент<br>A) натрий C) литий<br>**B) фтор** D) фосфор | | | |
| **Сабақтың ортасы**<br>3 мин | **Жаңа сабақ**<br>*Миға шабуыл*<br>**«Қызықты тәжірибе»** күнделікті өмірде кездесетін тәжірибелер көрсету арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу.<br>***(иодтық спирттегі ерітіндісін жасап көрсету)***<br><br>Мұғалім оқушылардың айтқан ойларын толықтыра келе, сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттарымен таныстырады. | Оқушылар көрсетілген тәжірибеге қарап жаңа сабақтың тақырыбын болжайды.<br>**Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауды дамыту.<br>**Тиімділігі:** Оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**ЕББҚ бар оқушы:** Не көргенін айтады.<br>**Дағды:** Өз ойын жеткізе білу, танымдық дағдысы қалыптасады | Мұғалім тарапынан жағымды қолдау (мақұлдау, мадақтау) көрсету.<br><br>***Тиімділігі:*** Мұғалімнің қолдауы арқылы оқушының өзіне деген сенімділігі артады. | Химия лық ыдыста р мен реактив тер |
| 2 мин<br><br><br><br><br><br>3 мин | **«Кинометафора» әдісі**<br>Оқушыларға «Ерітінділер» тақырыбындағы бейнесабақ көрсету.<br><br>**Мұғалімнің түсіндіруі**<br>Күнделікті өмірде кездесетін тәжірибелер көрсету арқылы жаңа сабақты түсіндіреді.<br>*(Ерітінді түрлеріне байланысты тәжірибе)* | Бейнесабақты мұқият көріп, негізгі ақпараттармен танысады. Қажетті мәліметтерді жазып алып отырады.<br>**ЕББҚ бар оқушы:** Бейнесабақты көру арқылы ақпараттарды есте сақтауға тырысады. Қажет болған жағдайда мұғалім қосымша ақпарат береді.<br>***Дағды:*** визуалды көру дағдысы мен ақпараттарды есте сақтау дағдысы қалыптасады. | Оқушыға қолдау көрсету | |
| Жұптық жұмыс<br>2 мин | **1-тапсырма. Жұптық жұмыс**<br>**Сәйкесін тап**<br><br>Жақсы еритіндер — $Ca(OH)_2$, $PbCl_2$, $CaSO_4$<br>— $AgCl$, $AgI$, $PbI$<br>Аз еритіндер — $MgCl_2$, $Ba(NO_3)_2$, | Ерігіштік кестесін пайдалана отырып заттарды суда ерігіштігі бойынша сәйкестендіреді.<br><br>***ЕББҚ бар оқушы:***Жұбының | ***Дескрипто р:***<br>***3 ұпай***<br>-Жақсы еритін қосылыста рды | Семант икалық карта |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td rowspan="2"></td><td>$NaNO3$</td></tr>
<tr><td>$Cu(OH)$, $BaSO_4$, $MgCO_3$</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ерімейтіндер</td><td>$KCl$, $LiNO_3$, $AlCl_3$,</td></tr>
<tr><td>$Ca(CO3)_2$, $Ag_2SO_4$</td></tr>
</table>
</td>
<td>көмегімен тапсырманы талқылайды, өзара әрекеттеседі, ақпараттарды жазуға атсалысады.<br><br>Дағды: Ақпаратты талдау, қарым-қатынас, шешім шығару дағдысы қалыптасады.</td>
<td>сәйкестендеріді;<br>-Аз еритін қосылыстарды сәйкестендіреді;<br>-Ерімейтін қосылыстарды сәйкестендіреді.<br><br>Бағалау түрі: дескриптор арқылы өзін-өзі бағалау.<br><br>Дағды: Дескриптор арқылы өзін –өзі бағалау дағдысы қалыптасады</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Топтық жұмыс 17 мин</td>
<td>2 -тапсырма. Топтық жұмыс.<br>«Зерттеушілік конференция» әдісі.<br>№5 зертханалық тәжірибе<br>«Заттардың ерігіштігін зерттеу»<br>Жұмыстың барысы:<br>Стакандарға 50 мл су құйып, әр топ өздеріне берілген тұздарды , салып араластырып бақылау жасауға нұсқау беріледі.<br>Не байқалды? Тұздарды суда ерігіштігіне қарай жіктеп кестені толтырамыз.</td>
<td>Оқушыларға зертханалық жұмысқа қажетті құрал-жабдықтар мен нұсқаулық таратылады. Техника қауіпсіздік ережелерімен таныстырылады.<br><br><u>Оқушылар алдымен берілген нұсқаулықпен танысады.</u><br><br>«4-тік әдіс» қолдана отырып топтық жұмысты жүзеге асырады.<br>Тиімділігі:Топтың әрбір мүшесі оқу материалын өзі меңгеруіне жауапкершілік алады және бүкіл ұжымның</td>
<td>Дескриптор:<br>4 ұпай<br>- Қауіпсіздік техникасының ережесін сақтайды;<br>- Зертханалық жұмысты жүргізу барысымен , құрал-жабдықтармен танысады;<br>-</td>
<td>Реактивтер: натрий хлоиді, кальций карбонаты, кальций сульфаты т.б. тұздар және су.<br><br>Құрал-жабдықтар:</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>2 мин</td>
<td>Сергіту жаттығуы. НЕЙРОЖАТТЫҒУ</td>
<td>табысқа жетуі оның жеке жетістігіне байланысты.<br><br>«4-тік әдіс»<br><u>1-оқушы:</u> Зертханалық құрал-жабдықтармен таныстырады.<br><u>2-оқушы:</u> Зертханалық жұмысты орындау қадамдарымен таныстырады.<br><u>3-оқушы:</u> Қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтай отырып, зертханалық жұмысты жүргізеді.<br><u>4-оқушы:</u> Қорытынды жасайды.<br><br>Оқушылар бақылаған зертханалық жұмыс нәтижесінің қорытындысын<br>1-кестеге жазады. <u>Кесте 1.</u>
<table>
<tr><th>№</th><th>Жұмыс барысы</th><th>Не байқадым?</th><th>Қорытынды</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>Мақсаты: Бұл зертханалық жұмыс оқу мақсатындағы заттардың судағы ерігіштігін сипаттауға бағытталған.<br><br>Дағды: Зертханалық жұмыс жасау, зерттеушілік, қорытынды жасау үшін деректерді ғылыми түсіну және дәлелдемелерді пайдалану дағдысы қалыптасады</td>
<td>Қышқылдардың қасиеттерін зерттейді;<br>- Қорытындысын жазады.<br><br>Бағалау: Дескриптор арқылы топ мүшелері бірлескен жұмысты талдайды және бағалайды, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді.</td>
<td>таразы, стакан, колба, шыны таяқшалар, сағат шынысы.</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Функционалдық сауаттылық тапсырмасы<br><br>4 мин | **Проблемалық сұрақ?**<br>Қазіргі таңда дақ кетіретін арнайы ұнтақтар мен сұйықтықтарды арнайы кез-келген дүкеннен оңай тауып алуға болады.<br>Сіз бір сәт сол дақтардан үй жағдайында оңай жолмен құтылуға болатыдығын ойланып көрдіңіз бе?<br>**Ал иод әсерінен болған дақты кетіруге қандай ұсыныс айтар едіңіз?**<br><br>**МҰҒАЛІМ ҚЫЗЫҚТЫ ТӘЖІРИБЕМЕН БӨЛІСЕДІ.** | Оқушылар өз ойларымен бөліседі.<br><br>***ЕББҚ бар оқушы:*** Қажетті ақпараттарды тыңдайды, өз ойымен бөліседі.<br><br>**Мақсаты:** Бұл ашық сұрақ оқу мақсатындағы ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіруге негізделген.<br><br>***Дағды:*** Ақпаратты талдау, қарым-қатынас, шешім шығару дағдысы қалыптасады. | ***Дескриптор: 1ұпай***<br>- Ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіреді | Иод ерітіндісі, аммиак ерітіндісі, сутек асқын тотығы |
| 3 мин | **Сабақты бекіту**<br>Quizizz платформасында тест тапсырмасын орындау<br><br>Үйге тапсырма: 5-тапсырма (141 бет) | Жаңа сабақты бекіту мақсатында сұрақтарға жауап береді. | Оқушы жауаптарының нәтижелері экранда көрсетіледі.<br><br>Мұғалімнің бағалауы | https://quizizz.com/admin |
| **Соңы**<br>2 минут | **Кері байланыс.**<br>**Classroomscreen** онлайн платформасын пайдаланамын. | Оқушылар **Classroomscreen** онлайн платформасын пайдаланып бүгінгі сабақтан алған әсерлерімен бөліседі. | | https://classroomscreen.com/ |

**№19Раушан бөбекжай бақшасы**
**Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені**

**ОМАРБЕКОВА ДИНАРА АМАНБАЕВНА**

**Балабақша – тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы.**

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді жан-жақты қабілетті ұрпақ-ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы-балабақшада. Балабақша баланың жаңа өмірге деген алғашқы қадамы. Себебі балабақшада оны күткен өзі қатарлас балалардың, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын үлкен ұжым бар. Балабақшада тәрбиеленуші таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді.

«Балалар – біздің болашағымыз.» Сондықтан балаларды ерекше күтіп тәрбиелеу керек. Әсіресе ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіміз керек. Және баланың үйде отырмай, балабақшаға барғаны жөн. Өйткені, бала сыртқа шықса айналадағы ортаға үйренеді, мінезі ашылып тұйық болмайды, адамдармен тез араласады. Балабақша ең алдымен баланы тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Баланың ойлау қабілеттерін арттыру арқылы ұрпақты жақсылыққа тәрбиелейміз. Ата – бабаларымыз айтқандай баланың тәрбиесі бесіктен басталады, яғни тәрбиенің негізі отбасынан бастау алады. Балабақша, одан кейін мектеп, адамның қоршаған ортада жеке тұлға ретінде қалып- тасуына көмектеседі. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады деп ойлаймын. Ата – аналар таңертең бізге балаларын әкеліп, жұмысқа кетеді. Ата – анасы аманаттап бізге сеніп тапсырып кеткен балаларға жауапкершілікпен қарамауға болмайды. Балалар аман, қуанып жүрсе, бізге одан артық бақыт жоқ.

Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім саласының басты міндеттерінің бірі өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балаларды мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс тәсілдер көбейіп, жаңарып толығып

жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдану.
«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата-анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезімен, жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт дәстүр, мақал мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата-ана мен тәрбиешілердің басты міндеті. Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол ашады.

Адамгершілік – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі – бесік жыры, мақал-мәтелдер болып келеді. Сәбилер бесік жырын тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Мақал мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. Үлкенге - құрмет, кішіге – ізет деген мақал – мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз. Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.
Тәрбиеші – киелі мамандық. Ол ертеңгі болашақты, болашақ иесін, ұлтын тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу, оған ғылым негіздерінен мағлұмат беру, баланы өмір сүруге икемдеу, адами қылықтарды бойына дарыту - оңай шаруа емес.

Тәрбиеші – суретші, әртіс, әнші, биші, ақылшы, дос және баланың тілін түсінетін, жанын ұғатын жан.
Балабақшадағы оқу қызметтері бес сала бойынша іске асып, балалар бойына ойын түрінде білім нәрін сусындатады. Тілін дамытып ортаға бейімдеп қарым – қатынасқа икемдейді. Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын, ұзын – қысқа, үлкен кішіні ажыратады. Жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы шығаримашылығы дамып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімделеді. Қоршаған ортада табиғи құбылыстармен кеңінен танысады. Өздері түрлі рөлдерді сомдай отырып салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұчстап өсу жолында да берілетін осы балабақша жұмысының еңбегі ұшан теңіз.
Осы бүлдіршіндеріміз әр мерекелік іс-шараларға белсене ат салысып өз өнерлерін көрсетуге тырысады. Балалардың ішінде әнші, биші, бояушы, сынды өнерлі балалардың қабілеті ашылады. Балалар үнемі бір-біріне кешір, өтінем сөзін жиі айта отырып, мейірімділіктің негізін қалайды, осылайша немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай карауға мүмкіндігі жасалмайды. Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті ермексаз, тақтайша, қылқалам т.б дайындауға көмектеседі. Осылайша біз бүлдіршіндерімізді

қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз. Әрбәір жасалынған істен кейін «Жарайсыңдар балалар! Тобымызды немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілер. Қәзіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан. Тәрбиеші – балаға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интелектуалды қабілеттілігін айтарлыұтай шамада анықтайды. Балаларға мінез қалыптастыруға, байланыстырып сөйлеуді, ойлау қабілетін дамытуға, дүниетанымын кеңейтіп, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды  шағызды шақ болып келеді. Осы кезде баланың бойындағы табиғи дарыны жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дейінгі шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім беру балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала-болашағымыз, бала-қуанышымыз.

«Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім – тәрбие беріп ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Балабақша бақыттың ең алғашқы баспалдағы, баланың болашағы. Бала тәрбиесі – үлкен өнер. Әр балаға әр түрлі тәсіл керек. Біреуіне ақыл айтсаң да жетеді, біреуіне ақыл жүрмейді, мінез құлқына қарай басқа амал табу керек. Бала жүрегі кішкентай ғана күй сандық, оның кілтін тапсаң ғана ашылады.

Қорыта келгенде, өмірін осы қызметке арнаған адам, өз өнерін, бойындағы барлық қасиеттерін дарытқысы келетін адамды нағыз тәрбиеші деп санауға болады. Тәрбиеші – болашаққа ізгілік нұрын себушілер. Сол ұлы жолда шаршамайық, ізгілік нұрын себуші, жол нұсқаушы тәрбиешілер.

Туркістан облысы. Сауран ауданы.
Ескі Иқан ауылы.«Әл-Фараби»

атындағы жалпы орта мектебі.

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

**РАСУЛОВА ГУЛНОЗА ПАЙЗУРАХМАНОВНА**



| **Бөлім:** | **2-бөлім. Тәрбиенің қайнар бұлағы.** |
|---|---|
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Д.Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас...» өлеңі |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 5.1.2.1- әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; |
| Сабақтың мақсаты: | ***<u>Барлық оқушылар үшін:</u>***<br>Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын біледі.<br>***<u>Көпшілік оқушылар үшін:</u>***<br>Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын түсінеді.<br>***<u>Кейбір оқушылар үшін:</u>***<br>Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтай алады. |
| Құндылықтарға баулу: | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Қызығушылықты ояту.<br>7 мин. | **(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1. Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда **шаттық шеңбері** жүзеге асырылады.<br>3. Оқушыларды топтарға | Топқа кітап, дәптер және қаламсап оқу құралдарының суреттері бар қима қағаздар беріледі. Әр оқушы қима қағаздарды таңдау арқылы ұқсас құралдармен 3 топқа бірігеді. | **Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі | Оқулық, жұмыс дәптерлері Кітап, дәптер, қалам суреттері бейнеленген қима қағаздар топтамасы<br><br>*<u>(Қазіргі жағдайда)</u>*<br>ДК экраны |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | біріктіру. | 1 топ: Кітап<br>2 топ: Дәптер<br>3 топ: Қаламсап | артады.<br>**Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі. | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе** | **(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br><br>*Оқушылар сұрақтарға жауап беріп,* | Дулат Бабатайұлы туралы қайдан естідің?<br><br>Қысқаша баяндап бере аласыңба?<br><br>Қай ғасырда өмір сүрген? | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл | **Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.* | | жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | |
| Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 26 мин. | Экраннан «Тәрбиенің қайнар бұлағы» атты бейнеролик көрсетеді. | Ұжымдық жұмыс: Экраннан бейнероликті көреді. Кәусар мен Асланның диалогін тыңдайды. | ***Дескриптор: Жалпы - 3 балл.*** -Бейнероликті мұқият тамашалайды. .Кәусар мен Асланның диалогін тыңлайды. | https://youtu.be/GJfEIXWTeP8<br><br>Оқулык 5-сынып |
| Топтық жұмыс  | Диалогтен алған әсерлерлерімен ой бөлісуне нұсқау береді. | Дулат Бабатайұлының өмірбаянын талқылау.<br><br>Толғау туралы пікір алмасады. | ***Дескриптор: Жалпы – 4 балл.*** -Д.Бабатайұлының өмір тарихынынан үзінді баяндайды.<br><br>-Толғау туралы анықтамасын айтып, мысал келтіреді. | Оқулык 5-сынып |
| Жұптық жұмыс  | №2-тапсырманы орындатады. Қарқыны баяу оқушыларға жетелеуші, түрткі сұрақтар қояды. Қарқыны жылдам оқушыларға | Әдеби-теориялық ұғымдарға анықтама беріңдер. | ***Дескриптор: Жалпы - 3 балл.*** -Эпипет дегеніміз туралы айтады. -Риторикалық сұрау туралы айтады. | Оқулык 5-сынып<br><br>Жұмыс дәптерлері. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бағыттаушы сұрақтар қойып қолдау көрсетеді. | | | |
| Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>7 мин.<br> | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br><br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* | <br><br> |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».<br><br>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып | «Мадақтау сөз» әдісі. 1-10 баллдық жүйе бойынша бағаланады. | Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын.<br>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |

| | | |
|---|---|---|
| әзірлеуді қамтиды. | | |

**Жалпы бағалау**
Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1:
2:
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1:
2:
Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?
1:
2:




**Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы Дәулет ауылы
"№3 арнайы мектебі" К.М.М -сі.
Бастауыш сынып мұғалімі
РАХЫШОВА ЗУЛФИЯ СЕРИКБАЕВНА**

## КІТАП ӘЛЕМІНЕ БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ЕНГІЗУГЕ БОЛАДЫ?

Әдеби кітаптар мен оқулықтар білім көзі,рухани тәрбие аламыз.Оқығанның,тоқығанның көп болса жеңбейтін жау,алынбайтын қамал жоқ. Адам өмір сүріп отырған қоғамның ықылым заманнан келіп жеткен қазыналары мен кереметтерін кітапханадан, яғникітап оқу арқылы табады.Кітапты ғылым,білімнің адамзат ақыл-ойының жиынтығы сақталған қазыналы сандық десек болады. Сол сандықтағы байлықты қалай алуға болады? Кітап әлеміне баланы қалай енгізуге болады? тәрбиелеу.

Қазіргі заман талабы функионалдық сауаттылығы жоғары, жан-жақты,өмірге бейімделген тұлғаны

Осы тұрғыда бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылғын қалай арттыру керек ? деген сұрақ туындайды.

Сұрақтың жауабын іздену барысында, мектеп кітапханасымен де тығыз байланыста жұмыс атқара бастадық.

Мектеп кітапханасында «Ғажайып ертегілер елінде»,«Абай -175жыл »,«Ұлы дала  жеті қыры », «Жаңа кітап -жан азығы», «Атаулы даталар күнтізбегі», «Конституция- кемел келешектің кепілі», «Елбасы мұраты, халық бақыты- гүлденген Қазақстан», «Мемлекеттік тіл –тәуелсіздік тірегі», «Табиғат тіршілік көзі»,  «Ұстаздарға көмек» «Ана мәңгілік жыр», «Мағжан-сыршыл ақын», «Ақиық ақын –Мұқағали»  «Ұлттық бірыңғай тестілеу», «Қазақ хандығына-550 жыл»,  «Ер есімі ел есінде» -деген  тақырыптармен кітап көрмесі ұйымдастырылған. Кітапханашымыз оқырмандардың  көркем әдебиетті  оқып, қызығушылықтарын арттыру мақсатында кітапханаға  түскен жаңа  әдебиеттермен таныстырып, библиографиялық шолу, ұсыныс тізім, әңгімелер өткізіліп  тұрады. Әр көрме өзінің ең қызықты  мәліметімен құнды. Көрмеге  көркем әдебиет өкілдерінің портреттерін қою, көз тартарлық әдемі безендірілгенкітаптармен таныстыру, қыры мен сыры мол өмірді бейнелеген шығармаларды ұсыну арқылы оқырмандардың әдеби  шығармаларға қызығушылығын оятуға болады.  Көрме  ұйымдастыруда оқушының  жас ерекшелігі де ескеріледі, әсіресе төменгі сынып оқушылары ерекше  анық түсті бояулармен  көркемделген кітаптарға қызығушылық  танытып, кітаптың ішіне көз  жүгірте бастайды.










Зерттеушілердің айтуынша, бала жасының 4-6 жасы нағыз оқу үйренетін кезі болса, 6-7 жасы одан да күрделі кітаптар оқуға көшетін жасы екен.Осы зерттеу негізінде оқушыларды  сауат ашу пәні  кезеңдерінен бастап, кітап оқуға қызығушылықтарын  арттыру керек.

Ойын дегеніміз – адамның  ақыл - ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан - ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Алғаш  оқу кезеңдерден ойын технологиясы  және де дидактикалық материалдар да үлкен үлес қосады.

Сауат ашу сабақтарында қолданылып жүрген ойын түрлерінен :




Жұмыртқадан балапан аштыруға көмек береміз деп ойнатуға болады. Тапсырмаларды жұмыртқаның артына маркермен жазуға болады. Тапсырманы орындап болған соң балапанмен ауыстырамыз.





**Әріптерден буындар мен сөздер құрау**










**Жоғалған әріпті тауып, сөзді оқы**



Кіт...п



Қарын...аш

**Кім жылдам?**







**Талпын,тырыс (жаттығу жұмыстары)**



Тапсырма -2

1. Суреттердің атын жаз

2. Сәйкес сөзді қойып сөйлемді аяқта.

Марат ..................... шығарды.
Таңат .................... жеді .
Ғалымбек ....................... алды.

3. Тиісті әріпті қойып сөз жасап жаз..

. Ғ . Қ. РА С . РЫ

К . ЙЛЕК ДӘПТ . Р Т . МАҚ

Ертегілер арқылы бала бойында адамдық қасиеттер дәнін егу мақсатында мазмұнын сахналау сияқты рөлдік ойындар бала санасында жақсы сақталады және де оқып, білуге қызығушылығын арттырады. Осы мақсатта мектебімізде бастауыш сынып оқушылары арасында әр аптаның сәрсенбі күні әр түрлі іс –шаралар өтізіп тұрамыз.

Мысалы: Ертегілерді суреттер арқылы диалог құрығызу.







Бастауыш сынып оқушыларының оқыған әдеби кітаптарының кейіпкерлерін сомдауы





Оқушылардың салған суреттері





Қызығушылық болған жағдайда ғана балалар өзінің сүйікті кітаптары мен жазушыларын тауып алары сөзсіз.Бастауыш 1-4 сынып оқушыларына өздігінен ізденуге көмектесу мақсатында балалардың оку шеңберін анықтап,талдау бойынша бастауыш сынып оқушылары ертегі, өлеңдерге құмар ерекше қызығушылық танытатыны анықталды.

Бала оқыған кітапты бірге талқыға салып, «Кітап саған ұнады ма?» деген тақырыпта әңгіме жүргізу тиімді тәсіл.Оқуған әңгіме, ертегі т.б мысалдарды талқылау барысында сөздік жұмыстары да жүргізіліп отырады.
Мысалы: Қазақтың ұлттық ежелгі қолданбалы бұйымдарының атаулары.
**Ашамай** — баланы атқа мінуге үйрету үшін қолданылатын ердің қарапайым түрі. **Ашамайдың** ер сияқты екі қасы (алдыңғы және артқы), екі қапталы, оқпаны болады. Үзеңгінің орнына тепкішек қолданылады.**Күлдіреуіш** түндік киізді көтеріп тұрады. Шаңырақ **күлдіреуіш** арқылы бақанмен көтеріледі.
**Сағанақ** дегеніміз – киіз үйдің керегесін тұйықтайтын шыбық т.б.

Оқырмандарды әдеби кітап оқуға тарту және қызығушылықты арттыру мақсатында көптеген іс-шаралар,әдеби кештер, конференция, библиографиялық шолу, әңгіме, ертеңгілік, семинар-кеңестерді жиі ұйымдастырып өткіземіз. Кітапты оқуға қызықтыра түсу мақсатында балалармен ойын түрінде, сайыс түрінде іс- шаралар тиімді. Нәтежесінде баланың ойлау өрісі артады, өз ойын қысылмай еркін жеткізеді, табандылық, тапқырлық қасиеттерді қалыптастырады.
Мысалы:Викториналық ойындар «Ертегілер патшалығында»Ертегіні тап.





Кейбір жанұяларда көркем әдебиеттерді жинау, балаларына оқып беру, балаларын кітап оқуға тәрбиелеу сияқты жақсы дәстүр қалыптасқан. Осындай жанұяларды анықтап, бүкіл ата-аналарға үлгі етіп насихаттап отыру керек. Жас ұрпаққа ата-аналармен тығыз байланыста болып, кітапханадан кітап алып оқуын қадағалап, оған аса көңіл бөлуіне баулу кажет. Сондықтан да «мектеп – жанұя – кітапхана», бірлесе жұмыстанса, біздің болашақ ұрпағымыз жан-жақты білімді тәрбие алады деген ойдамын. Осы жоба негізінде,«Кітап оқу-жақсы әдет» «Әжеммен ертегі оқимын»челлендж өткізілді.





Оқушыларды әдеби кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру мақсатында ынталандыру әдістерін қолданамыз. «Кітапты оқы да, тосын сыйды ұтып ал!» акциясы ұйымдастырылып тұрады.






Біздің басты мақсатымыз – ақпаратты өзі ізденіп табатын, және сарапқа салатын, өз білімін жетілдіре алатын оқушыларды тәрбиелеу. Балаларды жүйелі түрде кітап оқуға дағдыландыру барысында біршама жұмыс атқарудамыз.

Жыл сайын оқушылар арасында "Үздік оқырман" байқауы өткізіліп тұрады.

Баланы кітапқа қызықтырудың бір жолы – шығарманы жатқа мәнерлеп оқу және ата-аналардың өздерінің кітапшыл болып, біліктілікпен, биік талғаммен оқып, отбасында әңгіме-дүкен құрып, ондағы оқиғаны тілге тиек ету. Бастауыш сыныптан бастап баланы кітапханаға тарту керек.

Оқығын ертегі, әдеби кітаптарының қысқаша мазмұнын айтса,немесе сұрақтарға жауап берсе, тосын сый сандығын ашып ішіндегі жасырылған

сыйды берсе, жас оқырмандардың ынтасы көтеріліп, оқуға деген қызығушылықтары арта түсері сөзсіз.

Оқушыны әдеби кітап оқуға үйретуде оқушы сауаттанады, сөз қоры ұлғаяды, ойын еркін жеткізе алады. Сөйлегенде мәдени, әдеби тілде көптеген сөздердің баламасын тауып айтып, өз ойы бойынша мазмұндап айта алады. Көркем әдебиетті үнемі оқитын оқушылар суреттер бойынша сөйлегенде шешендік қабілеттерін де көрсете біледі сөз таңдай алады. Сонымен қатар баланы өмірге дайындаудың негізі болып табылады.

Қорыта келе, оқушыларынының оқу сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, бастауыш сыныпта сабақты дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Мұғалімнің шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыра отырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғарыда айтылған жұмыстардың барлығынан көретін нәтижеміз, тұлғаның; сөздік қоры молаяды, ізденімпаздыққа үйренеді, ойлау қабілеті артады, ойын еркін айтады, белсенділігі артады, шығармашыл жұмыс істейді, қиялы ұшталады, тапқырлыққа үйренеді.

Сөзімнің соңында «Қыран-түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды»,-деген ата-бабамыздың даналық сөзіндегідей , ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншылықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2015-2016 оқу жылындағы мектеп кітапханасының жұмысының сараптамасы.
2. Абишева Р. Оқырмандардың кітапханаға құштарлығын ояту // Мектептегі кітапхана. – 2014. - № 3. – Б. 3-5.
3. Джумагазиева Б. Оқырманның кітап оқуға қызығушылығын ояту // Мектептегі кітапхана. – 2016. - № 3. – Б. 3-4.
4. Досанова Ф. Оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттырудағы кітапханашы рөлі // Мектептегі кітапхана. – 2012. - № 4. – Б. 2-4.
5. Жақсыбаева К. Кітап оқуды дамыту: жаңа мүмкіндіктері // Мектептегі кітапхана. – 2014. - № 6. – Б. 10-12.
6. Нурмолдина А. Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы кітапхананың рөлі // Мектептегі кітапхана. – 2014. - № 4. – Б. 6-7.



**РЕЖЕПОВА ЫРЫСБАЛА МҰРАТЖАНҚЫЗЫ**

**КММ "Жанұя" кешені**

**Дефектолог-мұғалімі**

## ТАҚЫРЫБЫ: «МАМАНДЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ»

Дефектолог мамандығы- ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды заманауи қоғамға бейімдейтін мамандық. Балалардың әр түрлі даму деңгейіндегі бұзылыстармен жұмыс жасайды.

*«Баланың психикалық немесе дене дамуы неғұрлым төмен болса, ұстаздық білімділігі мен біліктілігі соғұрлым жоғары болу қажет»,*деп жазған атақты неміс-педагог дефектологы П.Шуман.

Менің мамандығым ерекше аяқталмайтын балалық шақ секілді,сиқырға ұқсайды. Өйткені ерекше балаларға көмектесе алатын жағдайым бар.Ол баланың ерекшелігін,таным және басқа процестерінің дамуының жағдайын ескере отырып білім беру бағдарламасын жеткізе аламын.

Дефектолог маманының **мақсаты:**
Дамуында әртүрлі ауытқулары бар тұлғаларды оқыту және тәрбиелеу.
Осындай ерекше балаларды бақылайтын «Жұлдыз-Ай» бөбекжай балабақшамызда Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум құрылған.

Нақты құрылған консилиум мамандарының алға қойған мақсаты: өз уақытында түзетуді қажет ететін балаларды тексеріп анықтап ОПМПк комиссиясынан өтуге жіберу, педагогтармен және ата-аналармен кеңес беру жұмысын жүргізу , балалардың мінезінің ауытқушылықтарын бақылау.

Біздің балабақшада 11 топ болса, оның ішінде 1 арнайы топ «Ерке» тобында түзету және дамыту жұмыстарын қажет ететін балалар отыр.Жалпы сөйлеу тілінің бқзылыстары және психикалық дамуы тежелген балардан жинақталған топ болып табылады.

Балабақшамызда түзету дамыту жұмыстарын қажет ететін балаларға сенсорика бөлмесі ашылды , сенсорлық ойындарға керекті құралдармен заманауи жабдықталған.
Балабақшамызда сенсорика ойындарын және ертегілерді балаларды дамытуға көп пайдаланамын.
Сенсорлық ойын баламен байланыс орнатуға көмектеседі онсыз түзету жұмыстарын жүргізу мүмкін емес.

***Ұсақ қол моторикасын сенсорикалық ойындар арқылы дамыту***

***Түстеріне қарай көкөністерді ажырату***

***Резеңкелер сенсорлы тақтайша***

***Фетра матасын жасалынған Саусақтардысанаймыз ойыны***

***Шығармашылықпен түрлендіре отырып, логикалық ойлауын,***

***математикалық қабілеттерін қалыптастыру***

***(Түрлі-түсті бояулармен және пішіндермен жұмыс)***

***Сенсорлық ойындар арқылы балалардың***

***ақыл-ойының дамуын қалыптастыру***

***Бизиборд***

***Құрғақ бассейінде түрлі – түсті доптармен ойын***

***Оқшау бұрышы,сенсорлы отырғыштар,құрғақ жаңбыр,сенсорлы жолдар***

***(Құммен, түрлі-түсті моншақтармен ,пазлдармен***

***және сюжеттік ойын)***

***Лепбукпен жұмыс***

***Ата-аналармен жұмыс,гүлдердің күлтелерін тап,су аймағы,ұнтақ жармамен жұмыс,жапсыру,ғажайып кітап,су джок добымен массаж,ата аналар алғысы***

**Дефектология мамандығы адамдардың жанын емдейтін, өмір туралы сауаттылығын арттыратын, қоғамға бейімдейтін, жүректеріне үміт отын ұялататын мамандық.**

**Балаларға бар күш- жігер, ынтамызды жұмсап Қазақстан Республикасының жақсы азаматы етіп тәрбиелеп шығу біздің мақсатымыздың бірі екенін ұмытпағанымыз дұрыс.**



**Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылы**

**"№ 49 орта мектеп" КММ**

**РЫСБЕКОВА МАҚПАЛ СЕЙТБЕКҚЫЗЫ**

**География пәні мұғалімі**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Бөлім** | **Дүниежүзі елдері** | | | |
| **Педагогтың аты-жөні** | М Рысбекова | | | |
| **Күні** | 23.04.2024 | | | |
| **Сынып** | Қатысушылар саны | Қатыспағандар саны | | |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Салыстырмалы елтану** | | | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 10.6.2.1 - дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын белгілерді анықтау; | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын негізгі көрсеткіштерді анықтап,талдау жасауды үйрену | | | |
| **Сабақтың кезеңі/ уақыты** | **Мұғалімнің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Басы 10 мин** | **Ұйымдастыру кезеңі:** Сәлемдесу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Психологиялық ахуал орнату. **«Көршіңе сыйла жылулық»** Көршісінің жақсы қасиеттерін | Көршісінің жақсы қасиетін атайды | **ҚБ:**Қол шапалақ  | Слайд 1  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | атау арқылы жағымды көңіл-күй орнату<br><br>ЕББҚ оқушыны өзін сыныптан шеттетілгендей сезінбеу үшін мұғалімнің үстеліне жақын орналасты ру<br><br>**Топқа біріктіру: «Салыстырмалы көрсеткіштер** » арқылы 3 топқа бірігеді.<br>Бағалау парағын тарату,түсіндіру<br>1- Топ Демографиялық көрсеткіштер<br>2- топ Экономикалық көрсеткіштер<br>3- топ Жиынтық көрсеткіштер<br>«Қайталау–оқу айнасы» «Конверттегі сұрақтар » әдісі<br>1.Дүниенің үш бөлігінің тоғысында орналасқан Азияның бөлігі<br>2.Макроаймақтарды ата<br>3.Азияның мезоаймақтарын ата<br>4.Азияны алып адамға теңеген кім?<br>5.Азияның басы қай ел?<br>6.Азияның аралдық мемлекеттері?<br>7.Азияның қолдары қай елдер?<br>8.Мұнай қорының 3/2-і шоғырланған азияның бөлігі<br>9.Шығыс Азиядағы дамыған мемлекетті ата<br>10.Қазақстанның геосаяси орны | Суреттерге қарай отырып топтарға бірігеді<br>1-топ  <br>2-топ  <br>3-топ   | **Дескриптор**<br>1Макроаймақтарды ажырата алады<br>2.Мезоаймақтарды ажырата алады<br>3.Аймақшаларды сипаттай алады<br>3 балл | Интерактивті тақта<br>[Конверттегі сұрақ әдісі - Открыть коробку (wordwall.net)] |
| **Ортасы 30 минут** | **«Миға шабуыл әдісі»** әдісі арқылы бейнебаян тамашалау<br>https://youtu.be/tY0sTwJ7sxs?si=ZR3KJ2lMd9imTopt<br>Сабақтың тақырыбына шығу<br>**Жаңа сабақ:«Дүниежүзі** | Білім алушылар бейнебаянды тамашалап,ой-пікірлерімен | ҚБ<br>Қол шапалақ | Тақырыптықсуреттер<br>https://youtu.be/tY |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштер»<br>Елдерді салыстыруда қандай негізгі көрсеткіштер қолданылады?<br><br>1-Тапсырма Топтық жұмыс<br>1-топ «Кинолента» әдісі<br>Елтану бойынша кестені толтырады.<br><br>2- топ «Екі жақты күнделік»<br>Халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы.Сандық және сапалық мәліметтер жазады<br><br>3-Топ «Еркін микрофон әдісі»<br>Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштер<br><br>Оқулықтағы мәтінді және интернет материалдарын пайдаланып,<br><br>2-Тапсырма Жұптық жұмыс<br>Кестені толтыр<br>Елдерді салыстырмалы сипаттау жоспары
<table>
<tr><td></td><td>1-ел</td><td>2-ел</td></tr>
<tr><td>Елдің қай дүние бөлігінде және тарихи-географиялық аймақта орналасқандығы</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Экономикалық-географиялық жағдайының ерекше-ліктері</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Аумағының көлемі</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Әкімшілік бөлінісі</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Халық саны</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ірі қалалары</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Негізгі шаруашылық салалары</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сыртқы экономикалық байланыстары</td><td></td><td></td></tr>
</table>
3-Тапсырма<br>Wordwall платформасы арқылы сұрақтарға жауап беру<br>Сұрақтар - Викторина (wordwall.net)<br>1.Елтану бағытының негізін салған<br>А.Гвоздецкий</td>
<td>бөліседі<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Білім алушылар жұппен кестені толтыру арқылы елдерді салыстырады<br><br>Wordwall платформасы арқылы сұрақтарға жауап беру</td>
<td>Дескриптор<br>1.Елдерге кешенді сипаттама беруді анықтайды<br>2.Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштерді анықтайды<br>3.Халықтың өмір сүру деңгейін сапасын салыстырады.<br>3 балл<br>Дескриптор<br>Елдерді салыстырмалы сипаттама жоспарын жасайды<br>Екі ел мысалында салыстырады.<br>2балл<br>Дескриптор<br>Елтану бағытының негізін қалаған</td>
<td>0sTwJ7sxs?si=ZR3KJ2lMd9imToptttps://youtu.be/tY0sTwJ7sxs?si=ZR3KJ2lMd9imTopt<br><br>Оқулық, Интернет материалдары<br><br>Атлас карта<br><br>«Екі жұлдыз</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | В.Мироненко<br>С.Баранский<br>Д.Тойнби<br>2.Елдерді,олардың табиғатын,халқын, экономикасын, мәдениетін және әлеуметтік ұйымын жан-жақты зерттейтін пән.<br>А.Елтану<br>В.Жиынтық көрсеткіш<br>С: Демография<br>Д.Тұрғын үймен қамту<br>3.Әлемдік банктың анықтауы бойынша тәуліктік күнкөріс қанша доллар?<br>А.2,5<br>В.1,5<br>С.3<br>Д.1,9<br>4 ЭГЖ-ның 4 факторын анықтаған<br>А.Баранский<br>В.Портер<br>С.Тойнби<br>Д.Кузнецов<br>5.Синергетика грек тілінен аударғанда<br>А.Арқылы<br>В.Ақпарат<br>С.Ынтымақтастық<br>Д.Білім<br>6.2017 жылғы мәлімет бойынша кедейлер қанша пайыз?<br>А.13,2<br>В.12,7<br>С.12<br>Д.10<br>7.Елдерге сипаттама беруде қанша ерекшелік көрсеткен?<br>А.4<br>В.5<br>С.2<br>Д.6<br>8Елдерді салыстырудағы негізгі | | адамды біледі<br>Кешенді сипаттама ерекшеліктерін біледі<br>Салыстырмалы көрсеткіштерді біледі<br>**2 балл** | бір тілек»<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көрсеткіштердің бірі?<br>А.Демографиялық<br>В.Дамыған елдер<br>С.Ересектер саны<br>Д.Дамушы елдер<br>9.4 адамнан тұратын отбасы жылдық табысы қанша доллардан төмен болса кедей болады?<br>А.102<br>В.24563<br>С.20610<br>Д.3000 | | | |
| Сабақтың соңы<br>**5 минут** | **«ПОПС формуласы»** әдісі бойынша сабаққа рефлексия жасайды.<br>Padlet тақтасы<br>**Бірінші сөйлем**: «Менің ойымша,….».<br>**Екінші сөйлем**: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін…».<br>**Үшінші сөйлем**: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын….».<br>**Соңғы сөйлем**: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім…». | Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды. | **ҚБ:**Қол шапалақ<br> | Рефлексия парағы, стикерлер |
| Үйге тапсырма: | | | | |

**Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп**

**Бастауыш сынып мұғалімі**

**САГИНГАЛИЕВА ЖАЗИРА АСҚАРҚЫЗЫ**



## Бастауыш сыныпта математиканы оқыту бағдарламасы мен әдістемесі

**АЛҒЫ СӨЗ**

*«Математика – ғылымдардың патшасы»*

*К.Ф. Гаусс*

***Кіріспе***

Математика пәні даму мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ойлау қабілеті мен жалпы білім дәрежесін дамытуда және тәрбиелеуде әрі жетекші, әрі жауапты орын алады. Бүгінгі таңда білім алуда ерекше қажеттілігі бар оқушыларды белгілі көлемде білім дағдыларын меңгертумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсінік беріп, ұғымын кеңейте отырып оларды шығармашылық бағытта жан-жақты үйретуде үздіксіз іздену –арнайы мектеп мұғалімдеріне қойылып отырған басты талаптардың бірі. Талаптарды орындау барысында біз педагогтар арнайы бағдарламаға сүйенеміз. ҚР «Білім және ғылым министрлігінің» «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бар. Бағдарлама мақсаты – білім алушыларды әлеуметтік бейімделуіне және дербес еңбек қызметіне дайындалуына ықпал ететін математикалық білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Арнайы мектептегі математика пәнінің негізгі мақсаты – оқушылардың математикалық таным негіздерін меңгеруіне және тиісті дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік жасау.

Осы мақсатқа сәйкес пәннің келесідей міндеттері айқындалады:

1) білім алушыларда тұрмыстық жағдайларда дербес болуға, шаруашылық-еңбек қызметін және қолжетімді мамандықты меңгеруге мүмкіндік беретін математикалық білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру;

2) білім алушыларда жағымды эмоционалдық-ерік және жеке қасиеттерді қалыптастыру;

3) оқушылардың тілін дамыту, оны арнайы математикалық терминдермен және ұғымдармен байыту;

4) есептерді шешу, геометриялық сызбаларды құрастыру туралы толық ауызша есеп беруге, өз қызметіне түсінік беруге үйрету.

Түзете-дамыту міндеттері:

1) сабақтарға деген қызығушылықтарын, басқа білім алушылар мен ересектер арасындағы өзара байланыс жасай білу қабілеттерін дамыту;

2) білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің кемшіліктерін барынша өтеуге ықпал ету;

3) білім алушылардың көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелі ойлауын, ойлау операцияларын (талдау, салыстыру, жалпылау, жіктеу) дамыту;

4) әр оқушының дербестігін, ұқыптылығын, жауапкершілігін дамыту болып табылады.

**Негізгі бөлім**

«Математика» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы білім беру қағидаларына негізделіп, математиканы оқыту білім алушылардың қабылдау, есте сақтау, сөйлеу тілі, ойлау сияқты психикалық функцияларын дамытып, бастаған жұмысты аяғына дейін жеткізу, қиындықтарды жеңу, ұқыптылық пен дербестікті көрсету біліктілігін қалыптастырып, білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға негізделеді.

**1.** Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты оқу іс-әрекетінің арнайы әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі, ескерілетін тұстары: ойлау процестерінің инерттілі-гі, танымдық белсенділігінің төмендігі, жалпылама және абстракты ойлау функциясының әлсіздігі, сөйлеу дамуының кешеуілдеулігі, білім алушылармен жұмыс барысында олардың еліктеушілігіне, көрнекі-әрекеттік ойлаудың сақталған мүмкіндіктеріне сүйенеді.

**2.** Оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімсізденуін жоюды немесе азайтуды көздейді:

а) мінез-құлық нормаларын, өмірлік дағдыларды қалыптастыру;

ә) қарапайым қарым-қатынастық және тұрмыстық дағдыларын дамыту;

б) әлеуметтік дағдыларды, көзқарастарды, пікірлерді қалыптастыру.

**3.** Іс-әрекеттік бағыт сабақта педагогтың жетекшілігімен орындалатын оқушылардың заттық-тәжірибелік әрекетін көздейді:

а) оқу материалын түсіну үшін жағдай жасау;

ә) математикалық қатынастардың, арифметикалық амалдардың мәнін нақтылау;

б) жоғары психикалық функциялардың (қабылдау, сөйлеу, ойлау) сенсомоторлы негізін дамытуға ықпал ету;

**4.** Білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігін өтеу.

Әр педагог білім алушылардың танымдық әрекетін басқара отырып, талдау, жинақтау, салыстыру және жалпылау жасауға, қажетті қорытындылар мен ой-пікірлер білдіруге, білім алушыларды өздерінің тәжірибелік іс-әрекеттері туралы айтып беруіне ықпал етеді. Абстрактілі математикалық ұғымдарды қалыптастыру кезінде мұғалім көрнекі материалдарға сүйену қажет:

а) бастапқы кезеңде шынайы көрнекіліктерді пайдалану;

ә) келесі кезеңдерде иллюстрациялық материалдар ұсыну;

б) әрі қарай шартты көрнекілікті пайдалану: санау таяқшалары, абактар, есепшоттар;

в) соңғы кезеңде сызба түріндегі көрнекіліктерді (сызбалар, суреттер, кестелер) және сандар мен таңбаларды пайдалана отырып математикалық жазбаларды ұсыну.

Математиканы оқытудың арнайы әдістемесі тақырыбы аясында зияты зақымдалған балаларды оқыту мәселесі зерделенді. Зерттеулер барысында арнайы мектеп оқушыларының құрамының біртектес еместігі, математикалық білімді меңгерудің әртүрлі мүмкіндіктері кемістіктің ауырлығы мен дәрежесіне байланысты дифференциалды, жеке тәсілді математика сабақтарында талап ететіні анықталды, математикалық білімді меңгеруде интеллекті бұзылған балалардың мүмкіндіктерін зерделеуге, математика сабақтарында

сараланған тәсілді іске асыруға үлкен көңіл бөлуді ұсынды. Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы мектепте математиканы оқытудың әдістемелік негіздерін талдау келесі-дей қорытынды жасауға мүмкіндік береді: қазіргі уақытта математиканы оқыту әдістемесінде оқушылардың ақыл-ой іс-әрекетінің ерекшеліктерін есепке алу және олардың математикалық білімді меңгеру негізінде математикаға түзете оқытудың тиімді дидактикалық тәсілдерін іздестіруде маңызды қадамдар жасалуда. Осы зерттеулер мен қорытынды негіздеріне сүйене отырып арнайы мектеп-интернат оқушыларын оқытуда жеке және саралап оқыту қағидасы ұсынылды.

**Саралап оқыту дегеніміз не?**

**Саралау («Дифференциация»** латынша айырмашылық) – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру. Оқытудағы **дифференциацияның негізгі мәні** оқушылардың оқуындағы жеке айырмашылықтарды біле отырып және ескерту арқылы олардың әрқайсысы үшін анағұрлым оңтайлы болатын жұмыс түрін анықтау. Оқу үрдісінде оқушыларды дифферен-циациялау сипаты шартты болып табылады. Ол әрбір оқушыға жекелей тәсілмен қарауға мүмкіндік беретін **икемді және өзгермелі** болуы тиіс.

**Оқытуды саралау дегеніміз** – оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес әртүрлі сыныптар, топтар, мектептер үшін әртүрлі оқу ортасын құру және әртүрлі топтарда оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық шаралардың кешені.

**Ал, саралап оқыту дегеніміз:**

1) оқыту мен оқуға қатысты анықталған ортақ қасиетті ескере отырып дайындалған, оқушылар тобына мұғалімнің оқу үрдісін ұйымдастыру нысаны;
2) әрбір оқушының мақсатқа жетуіне оң ықпал етудің тиімді жолы;
3) бір материалды барлық оқушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді және мұғаліммен әрбір оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей отырып, сабақты ұйымдастыруды талап етеді.

**Саралап оқытудың тәсілдері:**

**Тапсырма.** Балаларға (жеке немесе топта) олардың меңгерген білімдеріне негізделген әртүрлі тапсырмалар беріледі. Мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді. Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау оқу тапсырмасының мазмұны бойынша: шығармашылық деңгейі бойынша, қиындық деңгейі бойынша, көлемі бойынша, әрекетті ұйымдастыру бойынша бөлінеді. Мұғалім тапсырманы бәріне бірдей таныстырады, ал орындалу кезеңі төмендегідей болуы мүмкін:

1-топ (IV деңгей) - мұғаліммен бірге;

2-топ (III деңгей) - алдымен мұғаліммен, содан кейін өз бетінше;

3-топ (II-I деңгей) - өз бетінше.

Тапсырмалардың нұсқалары қиындық деңгейі, шығармашылық деңгейімен және көлемімен ерекшеленеді.

1-нұсқа (IV деңгей) - негізгі тапсырма;

2-нұсқа (III деңгей) -көлемі үлкендеу тапсырма;

3-нұсқа (II-I деңгей) - шығармашылық тапсырма. Саралауды қамтамасыз ететін тапсырмаларды құрастырудың төмендегідей түрлерін қолдану ұсынылады:

- ашық түрде орындалатын тапсырмалар;
- қадамдық тапсырма түрінде орындалатын тапсырмалар;
- таңдау түрінде орындалатын тапсырмалар, сондай-ақ оқушының таңдауы бойынша тапсырма жағымды оқу ынтасының қалыптасуына әсер ететінін естен шығармауымыз керек.

**Нәтиже.** Балалар қойылған жалпы мақсатқа сәйкес бірдей тапсырмамен жұмыс істейді, бірақ мұғалім балалардың алдыңғы нәтижелерін ескере отырып, әр баладан әртүрлі нәтиже күтеді. Нәтиже дегеніміз – сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім мазмұнды меңгерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. Оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ойлағандары маңызды. Сабақта мұғалім барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізулеріне әрекет жасайды.

**Жұмыс қарқыны**. Балаларға ортақ тапсырма беріледі, бірақ оларды аяқтауға жұмсалған уақыт олардың дағдыларына қарай анықталады. Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді. Қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады. Негізгі тапсырмаларды түсіндіруге көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

**Қорытынды**. Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да, олардың нәтижелері әртүрлі болады. Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауап бағытында жұмыс істеу-ден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді. Барлық оқу- шыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетінін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

**Қолдау.** Балалардың барлығы бірдей тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреуіне басқаларға қарағанда көбірек немесе азырақ қолдау көрсетіледі. Бұл тәсілді қолдану мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктейді. Мұғалім мәселені шешуде өзінің қарапайым тілде егжей-тегжейлі түсіндіруін қажет ететін оқушылар және тек диалогке түсу арқылы бағытталуды ғана қажет ететін оқушылар тобын анықтауы тиіс. Сонымен қатар, мұғалім қабілеті жоғары оқушыларды қолдау үшін жоғары деңгейлі сұрақтарды қолдана алады. Тілдік қолдау мен ынталандыру да бұл тәсілде ерекше маңызға ие.

**Ресурстар. (дереккөздер)** Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ айтарлықтай дамыған оқу немесе зерттеу дағдыларын қажет ететін әртүрлі ресурстар ұсынылады. Бұл әдісті қолдануды сыныптағы кейбір оқушылар басқаларға қарағанда әлдеқайда күрделі әрі ауқымды ресурстармен жұмыс жасауға бейім болатынын ескерген жөн және осы арқылы тақырыпты әртүрлі қырынан алу үшін түрлі оқу материалдарын пайдалануға мүмкіндік береді дегенді білдіреді. Кейбір оқушылар сабақта негізгі мәтінмен жұмыс жасаумен шектелсе, қабілеті жоғары оқушылар жетілген деңгей сөздіктермен және күрделі идеялармен жұмыс жасауға қабілетті болады. Саралаудың бұл түрі барлығына ортақ оқу нәтижелеріне жету үшін, оқу материалдарын кең көлемде пайдалануға мүмкіндік береді.

Мысалы, үдеріс бойынша оқушыларды төмендегідей қарапайым ақпаратты қабылдау топтарына бөліп алуға болады:

- Визуалды топ (визуалдарды оқулықпен қамтамасыз ету);
- Аудиал топ (аудиалдарға аудио жазбаларды тыңдату);

- Кинестетик (кинестетиктерге тапсырмаларды өздерінің жасап көруіне мүмкіндік беру).

**Топтау.** Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ барлығының табысқа жетуін қамтамасыз ететіндей етіп топтастырылған. Оқытудың болжамды міндетіне қарай топ құруда тиімді көптеген тәсілдер бар: мүдделері ұқсас оқушылар (қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі оқушылар, джигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлі-нетін топтар немесе сарапшы топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ. Топтық жұмысты орындау үшін бір топта қандай оқушылардың болатыны маңызды емес. Осы жағдайда мұғалім өзі қалаған әдіспен оқушыларды шағын топқа біріктіреді. Топтың мүшелері кез-дейсоқ бірігеді. Бұл жағдайда мұғалімге сыныптағы оқушылардың бір-бірімен мейлінше араласқаны маңызды.

Екіншіден, аралас топ. Мұғалім мақсатты түрде шағын топқа әртүрлі деңгейлі оқушыларды біріктіреді. Себебі бұл топтық жұмыс жаңа оқу мақсатына жету үшін қажетті алдыңғы білімдері мен біліктерін қайталап, бір-бірінің есіне түсіру мақсатында ұйымдастырылған.

Үшіншіден, деңгейлі топ. Мұғалім ерекшеліктеріне қарай топтарға біріктіреді. Қызығушылығы бір оқушылар бір топта немесе жоғары деңгейлі, орта және төмен деңгей-лі оқушылар. Оларға арнайы тапсырмалар дайындалады. Бұл топтық жұмысты жоспарлау кезінде мұғалім неліктен оқушыларды дәл осылай біріктіретінін және неліктен тапсырма-ларды беретінін нақты түсінеді.

Төртіншіден, қалаулы топ. Мұғалім оқушыларға өз қалаулары бойынша отыруға мүмкіндік береді. Сыныпта қандай да бір топтық жоба жұмыстарын жасау керек болған кезде бұл әдісті қолдану тиімді.

Бесіншіден, қыз-ұл деп бөлуге болады. Бұл әдіспен оқушыларды біріктіру мұғалімге қыз балалар мен ер балалардың оқудағы ерекшеліктерін терең зерттеуге мүмкіндік туындайды.

**Рөлдер**. Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ олардың әрқайсысы әртүрлі рөл атқарады.

**Үй жұмысы**. Балаларға әртүрлі үй тапсырмалары беріледі, ал жекелеген оқушыларға сыныпта бастаған жұмысты аяқтау үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін.

**Диалог\Сұрақтарды пайдалану**. Мұғалім оқушылардың деңгейіне қарай өзінің қоятын сұрақтарын және оқушылардың берген жауаптарын саралайды. Кез келген білім алушы үшін маңызды ресурс – қағаз емес, электронды құрал емес, адами ресурс. Диалог негізінде саралау барысында мұғалім мен оқушы арасындағы сұхбатқа мән беріледі. Диалог арқылы саралаудың түрлі аспектілері бар.

**Бағалау.** Сыныптағы саралау әдістері сыныптағы жекелеген оқушылардың нені үйренгенін анықтауға және оны бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оқушылардың табысты оқуын қамтамасыз етумен қатар, оқушының жеке даму аймағын анықтау арқылы нені жақсарту қажеттігін түсінуге мүмкіндік беретін икемді үдеріс.

Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай ілгерілей аламыз.

Сабақтың барлық сатыларында саралап оқыту тәсілдерін енгізу қажет. Оқушыларға саралап оқыту әдісін қолдану оқушылардың білім сапасын, олардың біліктілік деңгейі мен қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Тәжірибе көрсеткендей, сенімді түрде алға жылжу оқушыларды шабыттандырып, оларды қарқынды жұмыс істеуге ынталандырады.

Тапсырманың түрлі деңгейде болуы баланың күш-жігеріне деген сенімін нығайтады, оны табысқа жетелеп, танымдық қызығушылығын арттырады.

**Қорытынды бөлім**

**Мұғалім** сынып оқушыларына дифференциалды ықпал етеді (жіктейді), әр баланың мүмкіншілігі есепке алады, сөйтіп барлығын белсенді жұмысқа қатыстырады. Сабақ – мектепте оқыту, тәрбиелеу процесінің негізгі формасы. Сабақ – бұл тұтас, логикалық аяқталған, белгілі бір уақыт шеңберімен шектелген оқыту-тәрбиелеу про-цесінің бөлігі. Онда барлық оқыту-тәрбиелеу процесінің компоненттері өзара байла-ныста болуы қажет: мақсаттары, мазмұны, құралдары, әдістері, ұйымдастырылуы. Математика сабағына қойылатын талаптар:

- математика бойынша оқу бағдарламасына сабақ тақырыбының мақсаттары сәйкес болуы керек;
- сабақтың құрылымы нақты ұйымдастырылған болуы қажет (кезеңдері, олардың мақсаттары, ұзақтығы);
- түсінікті көрнекілікті қолдану;
- берілетін материалдың көлемінің аз болуы және түсінікті болуы;
- теориялық және практикалық материалдар негізінде есептер шығару;
- бағдарламалық материалды игеру сапасын жүйелеп бақылау;
- қайталау;
- емдік-педагогикалық режим талаптарын орындау;
- сабақтың тәжірибелік бағыттылығы;
- сабақтың коррекциялық бағыты;
- мұғалімнің педагогикалық шеберлігі.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Тебенова Қ.С., Ахметова Н.Ш., Заркенова Л.С. Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі – Алматы, «Эверо» баспасы, 2015. – 222 б.
2. Перова М.Н. Методика преподавания математики в специальной (коррекционной) школе VIII вида. – М.; ВЛАДОС, 2001.
3. Заркенова Л.С., Омарова Н.Н. Мүмкіншілігі шектеулі балаларға математиканы оқытудың арнайы әдістемесі. – Оқу-әдістемелік кешен (силлабус). – Қарағанды, ҚарМУ, 2010.
4. Сулейменова Р.А., Жұмағалиева Г.Қ., Кәріпжанова Ш.Ж., Математика оқулығына арналған әдістемелік нұсқаулар (көмекші мектеп,1 сынып). – Алматы, 2002.
5. Сулейменова Р.А., Кәріпжанова Ш.Ж., Жұмағалиева Г.Қ. Математика оқулығына арналған әдістемелік нұсқаулар (көмекші мектеп, 2 сынып). – Алматы, 2002.
6. Елисеева И.Г. Арнайы мектепте математика пәні бойынша педагогикалық бақылауды ұйымдастыру. – Әдістемелік құрал – Алматы, 2010.
7. Елисеева И.Г. Зерде бұзылыстары бар оқушыларды математикаға оқыту үрдісін жоспарлау. 1-5 кезең. – Алматы, 2011.

**Абай атындағы мектеп- лицей**

**Орыс тілі пәні**



**САДЫКОВА ЖАНЕРКЕ НУСХАБАЕВНА**

# Графический органайзер на уроке русского языка в современной школе

Графические органайзеры – это все, что каким-то образом помогает организовать информацию на листе бумаги (или экране компьютера), чтобы улучшить ее запоминание, усвоение, анализ или применение. Или, изъясняясь языком определений, – инструменты визуальной коммуникации, которые используют наглядные средства выражения содержания. Они играют все большую роль в процессе организованного обучения и могут быть с успехом использованы в самообразовании и при формирующем оценивании.

Каждый из нас пользовался простейшим «графическим органайзером», когда делил на две части лист бумаги, перечисляя слева плюсы, а справа минусы того или иного явления. Следующий шаг: разделить тот же лист на четыре части. Можно, конечно, никакой графикой не пользоваться, но когда перечни и цифры располагаются друг рядом с другом, сравнение идет быстрее. Большинство графических органайзеров представляют информацию как убедительную наглядную картину и позволяют уму «увидеть» скрытые закономерности и взаимосвязи.

Самыми эффективными активными методы на уроках русского языка и литературы я считаю графические органайзеры, на которых я сегодня остановлюсь более подробно.Графические органайзеры – это всё, что каким-то образом помогает организовать информацию на листе бумаги (или экране компьютера), чтобы улучшить ее запоминание, усвоение, анализ или применение.

В процессевизуализации информации ученик вдумывается, осмысляет, пропускает информацию через себя, представляя ее в визуально-концептуальном ключе. Учащиеся овладевают способами поиска, подтверждения, систематизации и аргументации информации, нахождения межпредметных связей.

Графическое представление информации способствует развитию умения работать с текстом, т.к. позволяет учиться формулировать главную мысль, выделять ключевые слова, делить текст на структурные части, сворачивать информацию в виде вторичных источников (план, алгоритм, таблица, схема), разворачивать ее («читать» формулы, уравнения), перекодировать извизуальной в словесную и наоборот.

Развивает все навыки: слушание, говорение, чтение, письмо. Польза данного инструмента в образовании была доказана в 2003г. Институтом продвижения исследований в

образовании (США), который опубликовал обзор 29 исследований использования визуальных средств обучения. В большинстве исследований речь шла именно о графических Органайзерах.

Ученые установили, что их применение улучшает показатели учеников в нескольких направлениях.А именно:

- ✓ Улучшается запоминание информации – в том случае, когда она представлена как визуально, так и в текстовой форме.
- ✓ Улучшается понимание прочитанного.
- ✓ Растет успеваемость, в том числе у учеников, имеющих трудности в обучении.
- ✓ Улучшаются навыки критического мышления.
- ✓ Типология графических органайзеров

Авторы учебно-методического пособия «Способы и средства организации самостоятельной учебной деятельности студентов» Б.Ю.Ходиев и Л.В.Голиш классифицируют графические органайзеры по трем критериям.

1. По способам и средствам структурирования информации, установления связей и взаимосвязей между изучаемыми понятиями: Кластер, Ментальные карты, таблица «Инсерт», Категориальная и концептуальная таблицы, Денотатный граф.
2. По способам и средствам анализа, сравнения информации: схема «Т», Диаграмма Венна.
3. По способам и средствам выявления, анализа и решения проблем: схемы «Почему?», «Рыбий скелет», «Цветок лотоса», иерархическая диаграмма «Как?», SWOT-анализ.

К распространённым графическим органайзерам, применение которых доступно и удобно в изучении русского языка и литературы, можно отнести: кластер, диаграмму Венна, «Цветок лотоса», Денотатныйграф,«Фишбоун», схему «Т» и концептуальную таблицу.

**Основные виды визуальных органайзеров**

**Системные органайзеры.** Этот виды включает в себя временные шкалы, схематические алгоритмы, циклические диаграммы. Некоторые из них могут применяться для описания исторической или биографической последовательности событий, действий основных персонажей. К ним относятся органайзеры Лестница, Цепочка событий, Часы, Циклы (в случае цикличности мероприятий). При заполнении структур можно использовать следующие ключевые вопросы: «Что оценивается?», «Каковы граничные точки?», «С чего все началось?», «Что было на следующих этапах?», «Связаны ли события между собой?», «Чем все закончилось?», для циклических органайзеров «Каковы основные узлы цикла?», «Как они взаимодействуют?», «Как происходит возвращение к исходному состоянию?».

**Иерархические или поэтапные органайзеры** помогут упорядочить, рассортировать значения по степени выраженности качества предмета, ранжировать по степеням значимости. В данном приеме самыми распространенными являются: Схема-треугольник, Дерево.

Ключевые вопросы при работе с данными бланками: «Самое важное событие?», «Что будет основой явления?», «Что из этого следует?», «Менее важные детали?».

**Органайзеры сравнения** представлены схемами, показывающие различия и (или) сходства между двумя, тремя, четырьмя явлениями, понятиями, событиями. В эту группу можно отнести Т-диаграмму, диаграмму Венна, Квадранты. В Т-диаграмме можно рассматривать одно явление, но две стороны вопроса: преимущества и недостатки, факты и мнения. Ключевые вопросы: «Что или кто сравниваются?», «Каковы сходства и различия?».

**Графические органайзеры данных** представляют цифровые данные с помощью графика, гистограммы, таблицы.

**Органайзеры причины и следствия** помогают показать явление (событие) и причинно-следственные связи. К ним можно отнести бланки Рыбий скелет, Цепи, Факт и мнение, Проблемы и следствия. Они позволяют ученику определить, понять и запомнить события и последствия. Задание формулируется с помощью вопросов: «Какие факторы вызвали событие Х?», «Есть ли связь между различными факторами?», «Различны ли факторы, вызвавшие событие Х, и факторы, определяющие его существование?».

**Органайзеры «рассуждения».** Обычно представляют собой таблицу с 2-4 пустыми ячейками, которые необходимо заполнить. Наиболее известные приемы организации рассуждения: SWOT-анализ, PEST-анализ, таблица RAFT, ЗХУ (Знаю, Хочу знать, Узнал), «Бортовой журнал», «Колесо идей». Эти органайзеры являются результатом деятельности или рассуждения, но могут использоваться для планирования, проектирования исследования.

**Концептуальные органайзеры** – наиболее «сложный» вид, т.к. для его создания рассматриваемое явление должно быть изучено глубоко и во взаимосвязи с другими объектами. Построение денотатных графов и диаграмм связи через визуализации: Паучья сеть, Ментальная карта, Причинная карта, Ладошка, Концепт-карта требует более глубокого аналитического размышления. Эти органайзеры помогают выявлять логические связи между основной идей и различными факторами влияния, причинность и поэтапность ветвления. Ключевые вопросы: «Какая категория рассматривается?», «Каковы подкатегории, как они взаимосвязаны?», «Каковы характеристики главной мысли?», «Каковы функции описываемого предмета?».

Таким образом, практика доказывает целесообразность использования графических органайзеров. Особенно это актуально при переходе к обновленному содержанию образования, в котором большое значение придается привитию учащимся навыков критического мышления, научно-исследовательских, коммуникативных, способности решать проблемы и творчески применять знания, работать в группе.

**Чтобы правильно выбрать схему для работы с материалом необходимо знать:**

* в материале затрагивается только одна тема или несколько
* насколько сложной является тема
* информация линейная или циклическая
* есть ли различия и сходство, факты «за» и «против»
*содержит ли материал даты, есть ли иерархические уровни [1]

**Графические схемы используются:**

* при изложении нового материала
* для осмысления и закрепления изучаемого материала
* при обобщении и систематизации изученного материала
* на этапе контроля знаний, умений и навыков, присвоенных учеником

**Педагогический опыт**

**Наиболее часто употребляемые графические органайзеры на уроках русского языка**

Рассмотрим несколько приемов, которые мы можем применять на уроках русского языка и литературы.
Одним из практических приемов является использование графических органайзеров. 1. Многим знаком органайзер Фишбоун.




Метод «Фишбоун», дословно переводимый с английского как «Рыбий скелет», также нацелен на развитие творческого мышления и аналитических навыков работы с информацией.

Смысл данного методического приема заключается в установлении причинно-следственных взаимосвязей между объектом исследования и влияющими на него факторами.

Визуально схема «Фишбоун» – это изображение, на котором обозначены основные четыре блока, иллюстрированные в виде головы, хвоста, верхних и нижних косточек. Все части соединены основным звеном – хребтом рыбы.

Так, голова – это вопрос, основная тема, подлежащие изучению. Верхние косточки – это основные понятия темы, или причины, которые привели к возникновению основной темы. Нижние косточки – это факты,которые подтверждают наличие верхних косточек (причин). Заключительное звено – это хвост, который должен ответить на основной вопрос или служить обобщением к обозначенным причинно-следственным данным.

**Следующий метод «Гора истории».**

Выявить композицию произведения позволит органайзер «Гора истории». Развитие действия в произведении мы можем проследить следующим образом:




**Органайзер «Диаграмма Венна» – метод пересечения множеств**

По своей природе диаграммы позволяют более наглядно выявить различные соотношения между понятиями.

**Диаграмма Венна** – один из способов графических органайзеров, который позволяет провести анализ и синтез, благодаря рассмотрению двух и более предметов, понятий или явлений.

Состоит диаграмма из двух или нескольких пересекающихся кругов, представляющих собой группы, объединённые каким-либо общим свойством. Области, где круги пересекаются друг с другом, обозначают, что элементы из этих групп принадлежат одновременно всем данным множествам.

То, что круги в диаграмме Венна могут пересекаться или не совпадать с некоторыми множествамипозволяет быстро увидеть отношения между понятиями.

**Схема «Т» – ищем плюсы и минусы графическим способом.**

Этот способ наглядного предоставления информации активно используется и в повседневной жизни.Объясняется это тем, что наверняка каждый находился в ситуации, когда сложно сделать выбор между двумя или несколькими альтернативами. Психологи советует в таких случаях расчертить лист бумагипополам, где правая его часть должна заполняться плюсами гипотетического приятия того или иного решения, а левая – минусами. Эта методика позволяет сделать правильный выбор на основе взвешенности его альтернатив.

В процессе освоения экономической теории данная схема выступает в качестве универсального графического органайзера для записи двойных (да/нет, за/против) или сравнения двух аспектов однойконцепции. Ее применение удобно в качестве завершающего этапа усвоения информации.

**Органайзер «Денотатный граф» – способ обозначения главного**

Еще один эффективный способ графического отображения информации. Главным образом денотатный граф позволяет выделить из теоретического материала существенные признаки ключевого понятия.

**Основные принципы построения графов:**

1. Выделение ключевого понятия или словосочетания. Его следует записать в верхнем прямоугольнике графа, от которого пойдет дальнейшее смысловое разветвление.
2. В пространстве следующего уровня подбирается точный глагол, связывающий ключевое понятие с его существенными признаками. Глагол должен выражать динамику мысли.
3. Смысл подобранных глаголов конкретизируется в третьем блоке графа путем использования именных частей речи.
4. Необходимо проверять соотношение каждой «веточки» графа с его ключевым словом с целью исключения каких-либо противоречий.

- **<u>Концептуальная таблица</u>**

Представляет собой матрицу, составление которой дает возможность более четкого сравнительного анализа или комплексной оценки процессов и явлений.

Используется для систематизации информации, выявления существенных признаков изучаемых событий, явлений.

**Использованная литература**


1. Леонтьев А.А. Навыки и техники чтения. – М., Баласс., 2004, - 128 с.
2. Руководство для учителя. Образовательная программа курсов повышения квалификации педагогических кадров по предметам «Русский язык» и «Русская литература» в школах с русским языком обучения. –Астана.2016



**САПАР ЖАНСАЯ НАМАЗҚЫЗЫ**

***«Төржан» гимназиясы***

***Бастауыш сынып мұғалімі***

***Шымкент қаласы***

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ПАЙДАСЫ

Ұзақ тарих бойы дала кеңістігінің тұрғындары өскелең ұрпақты тәрбиелеудің бай тәжірибесін жинақтады, бұқараның шығармашылық тәжірибесін, адам мінезқұлқының ережелерін, нормалары мен принциптерін біріктіретін әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді жасады. Әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи, табиғи климаттық жағдайлардың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес көшпелі қазақтар балалар мен жастарды оқыту мен тәрбиелеуде өзіндік талаптарын қалыптастырды. Жастардың ішкі әлеуетінің жасампаздық күшіне белсенділік, күш-қуат, шығармашылық қайнар көзі жатады. Оның мәні – әдет-ғұрып, дәстүр, наным-сенім. Әр халықтың өзіне тән әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тұрмыс-салты болады. Жүздеген жылдар бойы әр халықтың өз мәдениеті өмірге еніп, оқу-тәрбие процесіне өз әсерін тигізбей қоймайды. Біз өскелең ұрпақты салт-дәстүр, озық имандылық рухында тәрбиелеуге, олардың бойына жағымды мінез-құлық қасиеттерін сіңіруге, озық халықтық әдет-ғұрыптарды өміріне енгізуге күш саламыз. Ұлттық ойындар мен ойын жаттығулары адамның рухани дүниесіне бала кезінен енеді. Сондықтан да қазақтың ұлттық ойыны қимыл-қозғалыс ойыны ретінде әр түрлі білім саласы өкілдерінің назарын аударады. Философтар, психологтар, педагогтар өздерінің ғылыми пәні тұрғысынан ойын мен ойын әрекетін зерттеуге ұмтылады: олардың шығу тегін, пайда болуын, тұлғаның жеке және топтық дамуына, мектеп оқушыларының физикалық дамуы мен дене дайындығына әсер ету сипатын анықтау. Қазақтың ұлттық ойындарының халықтың тұрмыс-тіршілігінен, тұрмыс тіршілігінен, салт-дәстүрінен бастау алатын, адамгершілікке, әлеуметтік әділеттілікке баулитын өзіндік ерекшеліктері бар. Музыканың әуезді ырғағына негізделген ұлттық ойындардың басымдығы басты ерекшелік болып табылады. Сондықтан қазақтың ұлттық ойындары өмірде ерекше орын алады, әр ойынның өзіндік мазмұны, ерекшелігі бар. Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеті жақсарады, бұлшықет тығыздығы жоғалады, мидағы қан ағымы қалпына келеді, иммундық жүйе іске қосылады. Ұлттық ойындар кіші жастағы оқушылардың орталық жүйке жүйесіне пайдалы әсер етеді. Жүйелі ойындардың арқасында мектеп оқушылары дене бітімін жақсартады, дене бітімін түзетеді, омыртқалары созылады, дене біркелкі және сымбатты болады. Сондай-ақ, қазақтың ұлттық ойындары мектеп

оқушыларының ойында өзгеретін сигналдарға жауап ретінде жылдам қимылдау қабілетін анықтайтын жүйке процестерінің жүруіне әсер етеді, нәтижесінде қозғалыс реакцияларының пластикалық қасиетіне қол жеткізілетінін атап өткен жөн [1, 147-148 бб.].

Ұлттық ойындарды ұйымдастыру және оқыту кезінде келесі ережелерді сақтау қажет: 1. Балаларды ақыл-ой ойынына дайындау. 2. Ойын кезінде балалардың физикалық жағдайы мен жасына назар аудару. 3. Әр ойынның педагогикалық аспектілерін назардан тыс қалдырмау. 4. Әлеуметтік жеңілдіктермен ойындарды жүзеге асыру. 5. Ойын барысында өзара әрекеттесуді күшейту. 6. Командада жұмыс істеу, қауымдастыққа құрмет пен қызығушылық [2, 77 б.].

Дене шынықтырудың ұлттық құралдарын пайдалану шынайы өмір жағдайларына сәйкестігімен, жалпы қолжетімділігімен, ұйымдастырудың қарапайымдылығымен, студенттерді ұлттық сипаттағы жаттығуларды орындауға қызықтырады, оқу процесін эмоционалды етеді, оқу материалын меңгеру уақытын қысқартады және студенттердің дене тәрбиесінің кешенді бағдарламасының талаптарын жүзеге асыру тиімділігін арттырады. Ойындарды қарастыра отырып, адамзат ойынды мәдениетке еліктеу және жеткізу құралы ретінде ойлап тапқанын атап өткен жөн. Аймақтардағы дене шынықтыру процесінде ұлттық ойындарды пайдалану барынша орынды. Өйткені ойындар әртүрлі әлеуметтік-мәдени нормаларды дамыту мен бекітудің дәстүрлі формасы болып табылады. Тарихи аспектіде дәстүрлі ойындар мен рәсімдерді бөліп көрсетуге болады: спектакльдік ойындар мен спорттық ойындар: бетпе-бет құрал ретіндегі ойындар. Спорттық ойындарды денсаулықты реттеу немесе еркіндік жағдайында мінезқұлық пен қарым-қатынас нормалары өңделетін мәдени құбылыс ретінде қарастырған жөн [3, 72 б., 74 б.]. Спортқа тікелей спорттық ойындар жатады. Олар қозғалмалы ойындардың ерекше сипатына ие. Олар кейбір зерттеулер арқылы дене тәрбиесі мен дене шынықтыру құралы ретінде қарастырылды. Ұлттық спорт ойындары – белгілі бір нысанаға әдетте доппен тигізу немесе құлату үшін әр түрлі техникалық, тактикалық әдістерді, спорттық снарядтарды қолдану негізінде болатын жарыс түрі. Соңғы жылдары біз генетиканың негізгі теориялық мәселелеріне және жалпы дене шынықтыру мен спорттың мәніне жеткілікті көңіл бөлмей келеміз. Авторлардың дүниеде бір ғана орынға ие болуы, әрине, қоршаған ортаны басқа әлеуметтанулық-философиялық ұқсастықтардан ажыратуға ықпал етеді. Тек М.К. Саралаев, Х.Ф. Анарқұловтың еңбегінде дене шынықтыру және спорт институтын талдау барысында шешілетін мәселелерге біртұтас көзқарас берілген. Шынын айту керек, спортты тарихи құбылыс ретінде түсіндіруді алайық. Бірақ спортты тарихи құбылыс, спорт пен еңбек саласындағы заманауи әлеуметтік институт ретінде түсінетін болсақ, бұл дұрыс. Демек, тікелей тепе-теңдік әрекет еңбек әрекеті сияқты оқыту жүйесінде болады. Ойын әдістемесі мен ойынға дайындық демалыс пен дене шынықтыру жүйесінде алмастырылмайды [4, 264 б., 266 б.].

Ұлттық ойындар жалпы этникалық топтың даму тарихы мен көрінісі. Ұлттық спорт түрлері – дәстүрлі халықтық дене шынықтыру жаттығулары, ойындар мен жарыстар – халық арасында өсіп келе жатқан танымалдылықты пайдалана отырып, халықтық дәстүрлерді де, дене шынықтыру мен спорт саласындағы барлық соңғы жетістіктер мен жаңалықтарды да қамтитын қолжетімді және бұқаралық сипатқа ие. Осыған байланысты ол дене тәрбиесі арқылы адам әлеуетін қарқынды дамыту үшін ең құнды материал болып табылады. Сондай-

ақ, қазіргі кездегі олимпиадалық спорт түрлерінің барлығы дерлік тарихи дамып келе жатқан ұлттық спорт түрлерінің негізінде қалыптасып, олардың танымалдылығын қамтамасыз еткенін есте ұстаған жөн. Айта кету керек, көптеген зерттеулер тәрбие, білім беру, әскери және өндірістік дайындықтың әртүрлі халықтар арасында дене жаттығулары жүйесінің қалыптасуымен, дамуымен және қызмет етуімен тығыз байланысын көрсетеді. Яғни, тікелей ұлттық ойындар мен жарыстар арқылы халықтың, ең алдымен, жастардың бойында өмірге қажетті дағдылар мен қасиеттер қалыптасты деп қорытынды жасауға болады. Бұрын әртүрлі ұлт өкілдеріне қиын-қыстау кезеңде аман қалуға осы дағдылар көмектескен болуы мүмкін. Дене жаттығуларының пайда болуы мен қалыптасуы ойынның мақсатына сәйкес жүзеге асады, ойын белсенді әрекетін тәжірибеге көшіру. Сонымен қатар ойындардағы тұтас қозғалыстар құрамдас бөліктерге бөлінеді және жетекші жаттығулардан, жеке элементтерден, сондай-ақ бір бөліктен немесе тұтастай қозғалыс әрекетінен тұрады. Барлық ойындар бір-бірінен ерекшеленеді, бірақ олардың ортақ ерекшеліктері бар, олар мыналарды қамтиды: - ойын тек ойыншының қалауы негізінде жүзеге асырылатын, еркін дамып келе жатқан әрекет; - ойын әрекетінің шығармашылық сипаты; - эмоциялық көңіл көтеру (жақсы бәсекелестік, бәсекелестік сезімі бар, сондықтан бұл кез келген дағдыларды тезірек және дәлірек енгізуге ықпал етеді және т.б.). Қазіргі педагогикада ойындар әдетте пәндік, сюжеттік, қозғалмалы, дидактикалық болып жіктеледі. Түрлі халықтардың ұлттық ойындарында жоғарыда аталған ойын категорияларының барлық бейнелері бар. Пәндік бөлініс ұлттық ойындарға көбірек тән екенін айта кеткен жөн. Кейбір ойындар балық аулау дағдыларын (балық аулау, омарташылық және т.б.) дамытуға бағытталғандықтан, кейбірі өскелең ұрпақтың бойында олардың қауіпсіздігін, туыстарының және басқалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған [5, 478-479 бб.].

Ұлттық ойындарды оқу тәжірибесінде пайдалану оқушылардың қимылқозғалыс қабілеттерін дамыту процесінің мазмұнды және өнімді жағын айтарлықтай арттырады, оқу сабақтарын белсендіруге және оларға қызығушылықты оятуға әсер етеді. Студенттердің дене шынықтыру дайындығына келсек, ұлттық ойындарды пайдалана отырып, дене шынықтыру сабағында Президенттік сынақтардың түрлері мен нормативтерінің орындалуына оңтайлы септігін тигізетінін эксперименттік жолмен алынған мәліметтер дәлелдейді. Сонымен қатар, ұлттық ойындарды пайдалану тек негізгі қозғалыс дағдыларын ғана емес, икемділік, секіру, жылдамдық және үйлестіру қабілеттерін дамытуға ықпал ететіндей таңдамалы болуы керек. Жоғарыда айтылған аспектілерді ескере отырып, студенттер мен мектеп оқушыларының дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды пайдалану бағдарламасын әзірлеуді қолға алу қажет деп есептейміз [6, 119 б.].

Қазақтың ұлттық ойындары жастардың ақыл-ойын дамыту міндеттерін жүзеге асыруға ықпал ететін эмоционалдық-сауықтыру, танымдық-тәрбиелік кешендердің негізін қалаған халық даналығының бір бөлшегі, ұлттық және ойын фольклорының үлгісі ретінде әрекет етеді. Ойындар арқылы ұлттық ойындарға студенттердің қызығушылығын арттыруға болады. Өкінішке орай, балалар мен студенттерге арналған қазақтың ұлттық ойындары туралы зерттеулер жоқ. Жұмыс барысында ұлттық ойындар арқылы дене шынықтыру сабағында халық педагогикасының әдістәсілдерін пайдалануға мүмкіндік туады. Бұл ойындарды дайындық бөлімінде және сабақтардың негізгі бөлігінде, шаршауды басу үшін,

сабақтардың қорытынды бөлімінде қолдануға болады. Бұл ойындар сабақ барысында жинақталған шаршауды, бұлшықет және жүйке кернеуін жоюға, сабақты бастамас бұрын демалуға мүмкіндік береді. Оларды үлкен үзілісте де пайдалануға болады. Қазақтың ұлттық ойындары халықтық педагогика арқылы дене тәрбиесін байытады, адамның дене шынықтыруында өзіндік орны бар. Дене шынықтыру сабақтарында қазақ биінің элементтері бар ұлттық ашық ойындар пайдаланылады, олар бұқаралық мерекелер мен іс-шараларда да көрсетіледі. Жастар арасында мінез-құлық нормаларын (тарихты білмеу, ақыл-ой кемістігі, ішімдік, нашақорлық, т.б.) біле бермейтін жастар бар болғандықтан, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері дене шынықтыру сабақтарында ұлттық педагогикалық әдістер мен халық педагогикасының әдістерін пайдаланады [7, 35- 36 бб.].

Дене шынықтыру жүйесіне дәстүрлі ұлттық ойындарды, спортты, дене жаттығуларын кеңінен енгізу қажет. Ұлттық спорт түрлері мен дене шынықтыру жаттығуларын зерделеу ұмыт болған, бірақ мазмұны жағынан оңды, дене шынықтыру және спорт саласындағы дәстүрлерді қалпына келтіру мен сақтауды қамтамасыз етеді. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен, даралық құндылықтарымен қазіргі қоғамда талап етілмейтін дәстүрлі ұлттық ойындардың маңызды тәрбиелік және дамытушылық әлеуетін атап өткен жөн. Ойын мәдениетінің берілуінің бұзылуы, ұрпақтар арасындағы байланыстың үзілуі байқалады [8, 132 б.].

Ұлттық ойындар балаларды ерте еңбекке баулудың, олардың жан-жақты дене және психикалық дамуын, денесін шыңдап, мінезін қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі болды. Балалардың ойын әрекетінде екі маңызды фактор біріктірілді: бір жағынан, балалар практикалық іс-әрекетке тартылады, физикалық дамиды, екінші жағынан, олар ойыннан моральдық және эстетикалық қанағат алады [9, 118-119 бб.].

Қорыта айтқанда, ұлттық ойындар мен олардың компоненттерін дене тәрбиесінде қолданудың маңызы зор екенін атап өткен жөн. Ұлттық ойындар дене шынықтыру, спорттық жаттығулар, белгілі бір спорттық дағдыларды қалыптастыру, дамыту және жетілдіру сабақтарында қолданылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Имангаликова И.Б. Национальные игры - основа физкультурного воспитания молодёжи // Наука о человеке: гуманитарные исследования. - 2017. - №29. - С. 144- 149.

2. Рахмонова Г.Ш., Чоршамова А.Ф. Значимые стороны национальных игр в процессе воспитания дошкольников // Проблемы педагогики. - 2020. - №1(46). - С. 76-78.

3. Абишев К.С. Национальные игры в системе образования // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. - 2012. - № 7. - С. 72-74.

4. Тиленчиев Ю.Р. Элдик кыймылдуу оюндары, дене-тарбия жана спорт // Наука и новые технологии. - 2012. - № 2. - С. 264-266.

5. Баландюк Р.О., Ермоленко С.А., Клименко С.С., Медведев А.В., Попов А.В. Национальные игры как необходимый элемент сохранения менталитета народности // NovaInfo. - 2017. - Т. 1. - № 63. - С. 477-481.

6. Сотниченко Е.А., Шлак И.Б., Бегалин М.Т. Использование казахских национальных игр в физическом воспитании студентов // «Физическое воспитание и спорт в системе образования: современное состояние и перспективы»: материалы Международной научно-практической конференции. - Омск, 2021. - С. 117-120.

7. Ажибаева С.Д., Иралина М.М., Сулейменова А.В., Айтбаева Ф.Б. Использование народных игр и упражнений в развитии личности студента // Актуальные научные исследования в современном мире. - 2021. - № 12-10 (80). - С. 34-37.

8. Остаев М.С., Шапка И.С. Национальные спортивные игры в системе физического воспитания // «Фундаментальные и прикладные научные исследования: актуальные вопросы, достижения и инновации»: сборник статей XXIV Международной научно-практической конференции. – Пенза, 2019. - С. 129- 132.

9. Ибрагимова Н.Э. Роль национальных игр и физических упражнений в социализации молодежи // Вестник Бишкекского гуманитарного университета. - 2018. - № 3 (45). - С. 118-120.



**САТМАҒАНБЕТ РИТА АЙСАҒАЛИҚЫЗЫ**

**Ә.Боранбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі**

**Қостанай облысы,Аманкелді ауданы**

# ЖАҢА ӘДІС - ТӘСІЛДЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Бүгінгі танда білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білімнің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы үлкен. Өйткені бұл жас ұрпаққа сапалы білім берудің негізі болып табылады. Ғылым мен техниканын жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту заманның басты талабы.

Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту мұғалімнің зейін – зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтык және баска да көптеген ұстаздық қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі - дамытып, оку-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оку-тәбие үрдісіне жаңа педагогикалык технологияларды ендірудін алғашқы шарты: мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының «білім туралы» Заңында «Білім құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жана технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Шет тілді оқытудағы негізгі мақсат шет тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Шет тілі - қазіргі заманның талабына сай, қоғамның экономикалық, ғылыми- әлеуметтік техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары.

XXI ғасыр - озық технологиялар ғасыры. Сондықтан, беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Осы мақсатта еліміздің болашағы үшін

осы мүмкіндікті қалай пайдалану, қоғамды ақпараттандыруды қолға алуда. Мақсатқа жетуде ғылым мен техниканың қазіргі замандағы озық үлгілерін пайдаланып, әлемдік ақпараттык кеңістікте әр түрлі деңгейдегі ақпараттарды қажетіне жарата білу керек. Білім берудің жүйесінің негізі мектеп болғандақтан, мектепте жана технологияларды кеңінен пайдаланудың маңызы ерекше. Сол себепті еліміздің барлык білім беру технологиялармен жабдықталып, мультимедиялық кабинеттер, ашылды.

Оқытудын акпараттық технологиялары дегенімізді тұтас кешендік компьютерлік және баска дальраудеріс коланумен болатын дидактикалык әрекетін таныганымыз жен. Поляк педагогы В. Оконь окыту куралдарын мұғалімнің іс-әрекетін ауыстыру мен білім алушылардың автоматтандыру мүмкіндігінің өсуіне байланысты жіктейді. Осыған сәйкес, окыту құралдары екі топка бөлінеді: жәй және күрделі. Жәй құралдар: сөздіктер, оқулыктар және баска да мәтіндер; карапайым визуалды құралдар: нақтылы заттар, модельдер, суреттер.

Педагогикалык - әдістемелік оқыту барысында оку міндеттерін шешуге бағытталган оку құралдары (электронды оқулықтар, электронды курстар, дәрістер, слайд- дәрістер, мультимедиялық презентациялар және т.б.) кеңінен қолданылады. Бұл технологияларды әсіресе шетел тілін үйренуде пайдасы өте зор. Себебі, тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуеметін қатар үйренеді. Ал оны толықтай меңгеру үшін окулықтың аздық етері Адам көру, есту тіл аркылы қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді.

Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық калыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын калыптастыруға әбден болады. Осы жаңа инновациялық технологиялардын

ішіндегі ACTIVboard интерактивті революциялык жабдык екендігі даусыз. Тақтаны колдану үшін бар болғаны компьютерлік білімін такта жабдықтарды болып, инновациялық құрал колдана білу шеберлігіңіз жетіп жатыр. Ең алдымен интерактивті тақтамен танысып алайык. Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жаткан окыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен зандылықтарды табуға өздерінің кәсіби итеріп, нәтижесінде шеберлігінің қалыптасуына жол ашу керек, Бүгінгі тандағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы педагогикалық зандылыктардан тарайтын технологияларды ғана тиімді деп болады. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері окушыларды Көптеген интерактивті керемет таң қалдырады, шабыттандырады. Көптеген мектептерде интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін білмегендіктен, тек слайд көрнекіліктер көрсетумен ғана шектеліп жүрген мұғалімдер бар. Алайда интерактивті тактаның колдану мүмкіншіліктері өте көп. Мысалы, ActiveBoard электрондык тақтасы: талқылауға ерекше бөліп көрсетуге, нактылауға, материалды қызу косымша акпарат косуға, электрондық маркер аркылы түсін және сызықтың қалыңдығын өзгертуге; сөздер мен сөйлемдердің бір-бірімен байланысын көрсете отырып, тақырыпты

немесе сөйлемді толықтай аударуға; flash-анимациалардыпайдаланып, өлеңдер мәтінін жаттауға, суреттермен слайдтар жасауға; ағылшын тілінде сөйлеушілердің дауысымен жазылған видео - роликтер көруге, сол тілде жазылған мәтінді тыңдауға; тест сұрақтарымен таныстырып, бір топ оқушыны тесттен өткізуге, суреттерді бір фонға койып, суреттерді кимылдатып сөйлесу ситуациясын ұйымдастыруға; сөзжұмбақтар шешуге, әртүрлі ойындар ойнатуға мүмкіндік береді; электрондық оқулықтарды экран бетіне шығарып көрсетуге болады. ActiveBoard тақтасының дайын бағдарламасын колдану маңызды.

Ұстаздардын алдына қойған міндеті оқытудын әдіс- тәсілдерін үнемі жетілдіру. Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін- өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылык кабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға қолайлы жағдай жасауға кажетті обьективтік әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды. Жаңа технологияны қолдану мына кезендер арқылы іске асады:

I кезең: окып үйрену;

II кезең: менгеру;

III кезең: өмірге ендіру:

IV кезең: дамыту;

Окыту үйрету арқылы іске асады. Бұл оқытудың маңызы. Оқыту мен тәрбие егіз үрдіс. Сондыктан да мұғалім инновациялык пайдалануға ықпал ететін технологияны көптеген шартты жағдайларды танып білуі талап етіледі. Жаңа жағдайларда оқытушы дәстүрлі оқу құралдарын ақпараттық технологияларды пайдалануға тиіс. Бүкіләлемдік желі, электрондык білім беру ресурстары өз оқушыларының, сондай-ақ өзінің білімін кеңейтуісі келетін оқытушы - пән мұғалімі үшін жақсы көмекші бола алады.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитынг оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі - ағылшын тілін жана технологиялар аркылы окыту ісі күннен күнге өзекті болып келеді. Тілді акпараттық коммуникативтік технология аркылы окыту тіл үйренушінін өз бетімен тіл үйрену кабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Компьютерлік және акпараттық технологиялар заман талабы.

Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялык электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді колдану, нақтылап айтканда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең колдану.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланганда:

• лексиканы оқып үйретеді;

• сөйлеу ырғағын;
• диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
• хат жазуға үйретеді;
• грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі зорая түсуде.

Окушылардың ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әр түрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймын және мен өз сабақтарымда қолданамын. Және мен өз сабағымда электронды оқулықтарын жиі колданамын. Жана акпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында колданғанда күтілетін нәтижелер:

• үлгерімі төмен окушыларға көмектеседі;
• окушыларың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
• сабакта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
• оқушылардың шығармашылығын арттырады;
• окушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
• грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
• окушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
• пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Шетел тілін оқыту сабақтарында барлық ойын түрлері презентация көмегімен қолдануға болады. Себебі бұл ойындар сабақты сапалы, әрі қызықты етуіне септігін тигізеді.

Лексикалық ойындар сөздерді оқыту барысында қолданады. Компьютер көмегімен ағылшын тілі сабағын ойын арқылы кызыкты кылып өткізуге болады. Мысалы: Сөзжұмбақтар, сөзтізбектер, берілген видео бейнені дыбыстау т.б. Шетел тілі сабағында көру, естумен жүргізілетін жұмыс, окушыны кызыктыра түседі. Жұмыс окушыны бір жағынан ойлануға жетелесе, екінші жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, белсенділікке ынталандырады.

Мысалы:

1. Әр оқушы отырған компьютер экранына сөз беріледі. Берілген сөздердің ішінен солдан оңға қарай оқығанда жаңа сөз шығатын сөздерді теріп жаз: raw, read, saw, mug, e.c.t.
2. Берілген сөздерге сөз қосып мағынасы өзгерген сөз жаз:tea +pot, bus+stop, e.t.c
3. Төмендегі әріптерден сөз құрап жаз, бір әріп бір сөзде екі рет қайталанбауы тиіс:

Мысалы, be, eat, dear, read, saw, beat, team, e.t.c.



**СЫДЫКОВА АЙГЕРІМ СЕРІКҚЫЗЫ**

**Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы**

**Шелек ауылы “Келешек” бөбекжай**

**балабақшасы**

## Ұйымдастырылған іс-әрекет

| | |
|---|---|
| Ортаңғы топ | |
| **Білім беру дағдылары: Танымдық-зерттеушілік дағдылар, әлеуметтік-эмоцияналдық дағдылар** | |
| **Тақырыбы:**«Жемістер мен көкөністер» | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетінің мақсаты:** | Жемістер мен көкөністер түсінік беру. Оларды ажырата білуге үйрету. Ойын, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту. Балалардың жеміс ағаштарын қорғап, оларға қамқор болуына ықпал ету үшін тәрбиелік әңгімелер жүргізу. |
| **Күтілетін нәтиже:** | Дәрумендер тобына қандай жемістер мен көкөністер, азық түліктер жататынын ажырата алады, пайдалы және зиянды тағамдарды біледі; |
| **Қолданылатын әдіс-тәсілдер:** | «Себет» әдісі, ресустар арқылы саралау әдісі, «Алтыбақан», «Кемпірқосақ» әдісі |
| **Ресурстар, дамытушы орта:** | Көрнекі суреттер, себет |

**Жоспарлау**

| **ҰІӘ кезеңдері** | **Жоспарланған іс- әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы | **Шаттық шеңбері**: Жағымды көңіл-күй қалыптастыру<br>«Себет» әдісі (4К: комуникациясы, сыни ойлауы дамиды) (Балалар жылы лебіздерін айта отырып, гүлді бір-біріне береді)<br><br>**Жаңа тақырып:**<br>**Миға шауыл:**<br>Балалар жемістер мен көкөністердің | Себет<br> |

| | | |
|---|---|---|
| | айырмашылығы қандай?<br>Жемістер қайда өседі?<br>Көкөністер қайда өседі?<br>Сонымен, балалар бүгінгі оқу іс әрекетіміздің тақырыбы жемістер мен көкөністер жайлы әңгімелейміз.<br>Жемістер бақшада яғни ағашта, ал көкөністер бақта өседі. Жемістер мен көкөністерді қарайтын адамды бағбан дейміз.<br>Жемістерге: алма, алмұрт, жүзім, шабдалы, өрік, шие.<br>Көкөністерге: картоп, қызылша, пияз, сәбіз, қияр, қызанақ т. б. жатады.<br>Жемістер мен көкөністердің құрамында көптеген дәрумендер бар.<br>Көкөністерді тұқым себу арқылы өсіреміз көктем айында. Күз айында жинап аламыз.<br>Алманы көп жесеңдер түрлі ауруларға қарсы тұруға көмектеседі. Қараңғыда көруді жақсартады, шаштың, тырнақтың өсуіне әсер етеді. Ол жетіспегенде тері құрғап, жарылып, түсі күңгірттенеді.<br>Лимонды кесіп алып, шайға салып, ішіп жүрсе, қан жүрісі реттеледі, қан қысымының көтерілуі бәсеңдейді.<br>Лимонмен шай ішкен адамның жүйкесі бірқалыпты болады.<br>Банан қан мөлшерінің бір қалыпты болуы мен қан қысымының өзгермеуіне ықпал етеді. Сүйек, тырнақ, шаш өсіміне оң әсерін тигізеді.<br>Жемістерден тосап және компот қайнатады.<br>Көкөністерді тағам ретінде салаттар жасаймыз.<br>Ал көкөністердің пайдасы мысалы;<br>Қызанақ ол біріншіден, тағам ретінде өте пайдалы. Екіншіден, қызанақта С дәрумені өте көп. Үшіншіден, жас қызанақ пен томат шырынының шипалық қасиеті жақсы. Асқазан<br>жарасы бар адамдар жас томат шырынын ішуге тиіс. Томат шырыны ағзадағы | <br> |

| | | |
|---|---|---|
| | тастарды даерітеді. Қызанақ бауыр ауыратындар үшін де өте пайдалы.<br>Бақшада өсіп тұрған жемісті сабағынан үзіп алып, жумаған күйде жеудің өзі зиянды. Адамның іш ауруын да, басқа да сырқаттарды туғызатын микробтарды көреміз.<br>Жалпы жемістер мен көкөністер біріншіден дәрумен берсе, екіншіден тағам ретінде, ал үшіншіден дастарханға сән ретінде қоя аламыз.<br>Көкөністер. Сәбіз дің құрамында дәрумендер көп. Көп жесеңдер бойларың өседі.<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Буги-вуги!»** | https://youtu.be/kzVdnP1jftE |
| Негізгі бөлігі | **«Саралау арқылы топқа бөлу» әдісі**<br>(4К:командалық жұмыс,коммуникативті , кретивтілік, сыни ойлау, саралап оқыту)<br>1 топ: жемістер мен көкөністерді ажырату<br><br>2 топ: Пайдалы және зиянды тағамдарды ажырату<br><br>3топ: Алма мен сәбізді мүсіндеу |  |
| Қорытынды бөлімі | **Кері байланыс:**<br>**«Қар кесегі» әдісі**<br>(сұрақ қою арқылы бүгінгі ҰОҚ пысықтаймыз) (бала үні, 4К сыни ойлау, коммуникация)<br><br>**Рефлексия:**<br>«Кемпірқосақ» әдісі (Барлығын білемін,түсіндім-саусақ жоғары, тәрбиешінің көмегі қажет- саусақ төмен)<br>**Мадақтау:**себеттегі алмалар таратылады. |  |

**ТЛЕУБАЕВА АНАРА АМАНТАЕВНА**

## Оқушылардың ойлау қабілетін логикалық есептер шығару арқылы дамыту

Математиканы оқуда ,еңбекке деген оң көзқарас жүзеге асырылатын оқу үрдісіне қалыптаса бастайды.Оқушының оқуға деген дайындығын қалыптастыратын барлық нәрсе осы математиканы оқу барысында қалыптасады.

Математика сабағында өздігінен жұмыс істеудің тәрбиелік мәні бар.Тек өздігінен жұмыс істегенде ғана оқушы өз мүмкіндіктерін біледі.Математиканы оқып еңбектену барысында оқушының рухани өмірінің байлығы : ой өрісі мен сезімдерінің тереңдігі,қиял еркінің күші ашылып,мінезінің негізгі қырлары қалыптасады.

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған.Бастауыш сынып-оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі.Бастауыш сыныпта балалардың ойлары нақты бейнеліден абстрактылы логикалық ойлауға қарай дамиды.

Логикалық ойлауды дамыту туралы сөз етпес бұрын логика туралы қысқаша айтып кету керек.Логика-(грек тілінен алынған logic –сөз ,ой,ойлау,ақыл-ой)ойлаудың заңдылықтары мен түрлері туралы ғылым.

.

Оқушыларды логикалық ойлауға қалай үйретуге болады? Бастауыш сынып оқушыларын логикалық ойлауға үйретуге бола ма? Балаларға жас ерекшелігіне байланысты қандай қиындықтағы тапсырмалар беру керек?

Мұғалімнің басшылығымен балалар түрлі есептер мен тапсырмалар орындай отыра логикалық тәсілдер қолдануды үйренеді.Сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушының ойлау қабілеті дамып,ізденуге ,өз жұмыстарының ойларын ортаға салуға дағдыланады,сөз қорлары молаяды.Олардың басқа пәнге қарағанда математика ойлау,есте сақтауын қажет етеді,қызығушылығы оянып,ой-өрісі дамып,алған білімдерін анықтайды.

Оқушының математикалық ойлауы дамуы үшін түрлі тапсырмаларды орындауы тиіс.

1.Өз бетінше есеп шығарудың сан қилы жолын іздестіру.

2.Пәнге қызығып,оған көңілл қойып,тереңдете оқып үйрену.

3.Сабақ барысында қолданылатын ойындарға ,математикалық сайыстарға ,жарыстарға қатысу.

Осы мәселе тұсындағы өзім жүргізіп жүрген шаралармен таныстырайын.

Есеп шығару көбінесе байқап көру,іздену үрдісімен жүреді.Ойша болжай білу балалардың бойындағы тапқырлық пен аңғарымпаздықты байқатады.Аңғарымпаздық өз білімін пайдалана білудің көрсеткіші.Осы мақсатта дәстүрден тыс қолданылатын әдіс-тәсілдерге математикалық ойындар,ауызша есептер,шығармашылық тапсырмалар қолданылады.»Ойлан тап!» ,»Кім жылдам!»»Тез есепте!»секілді ойындар ойнатуға болады.Бұл ойындарға логикалық ойлаудың деңгейін көтеру мақсатында төмендегідей есептерді сабақ басында немесе соңында беруге болады.

.**Логикалық жаттығулар.**

1.Айжан мен Маржанның әкелерінің аттарын ата.

Айжан мен Маржан –Асқар менМұраттың қыздары.Айжан Асқардың қызынан үш жас кіші болса,бұлардың әр-қайсысының әкелерінің аты кім?

(Айжан-Мұраттың,Маржан-Асқардың қызы)

2.Үш ағайынды.

Арман,Аян,Абзал ағайынды үшеуі әр түрлі сыныпта оқиды.Абзал Арманнан,ал Аян Абзалдан кіші емес.Бұл үйдің үлкені ортаншысы,кішісі кім?
(Ең үлкені Аян,ең кішісі Арман,ортаншысы Абзал)

3.Қай ауылдың балалары?
Әділет,Еркін,Ерлік үшеуі лагерьде кездесті.Бұлардың біреуі-Қосқұдықтан, екіншісі-Үштөбеден, үшіншісі- Көктөбеден.Әділет пен Қосқұдықтан келген Еркін екеуі бір бөлмеге орналасты,екеуі де Үштөбеде болып көрмегендігі белгілі болса,қай бала қайдан келген?
(Еркін-Қосқұдықтан,Әділет-Көктөбеден,Ерлік-Үштөбеден).

**Қызықты әзіл есептер.**
1.Түнгі сағат 10-да жауын жауып тұрса,24 сағаттан кейін күннің жарық болып

тұруы мүмкін бе?
2.Дорбадағы 10 асықты 10 бала бір-бірлеп алды.Сонда бір асық дорбада қалды.
Бұл қалай?
3.7 таяқша арқылы 3 үшбұрышты 2 шаршыны қалай құрастыруға болады?

**Дидактикалық ойындар.**
«Математикалық телефон»
Дидактикалық мақсаты: 20 көлеміндегі сандарды ауызша қосуға және азайтуға жаттықтыру.
Керекті құралдар: Ойыншық телефон,картон қағаздан дайындалған телефон тұтқасы.
Мазмұны: Бұл ойынды мұғалім мен сынып толығымен болып,екі оқушы дара,немесе бір оқушымен сынып болып ойнайды.Күнделікті өз үйлеріндегі телефонмен сөйлескендегі сияқты екі бала бір-біріне математикалық тапсырмалар беріп,жауабын алады.Ойынға қатыспаған балалар олардың жауаптарының дұрыс не бұрыстығын тексеріп отырады.Бір бала сұрақ қояды,ал екінші бала жауап береді.Жауап бере алмаса орнына отырады
да ,ойынды басқа бала жалғастырады.Осылайша тездете отырып,бүкіл сыныптың балаларын толық қамтуға болады.
Тапсырмаларды түрлендіріп,күрделендіріп жалғастырып ойнай беруге болады.

**2**.Оқушылардың ойлау қабілеттерін логикалық есептер арқылы дамыту.

Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың программалық материалдарды меңгеруі берік білімдеріне,сонымен бірге математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуға да байланысты.
Сынып оқушылары бірдей емес.Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын,оған ынтасы зор да бар.Оларды жеңіл бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады.Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығуларды орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар, міндетті емес тапсырмалар беру қажет.
Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында бастауыш сыныптан бастап логикалық есептерді шығару керек.
Ұлы ғалым Д.И.Менделеев мұғалімдердің ғылымының сарқылмас көзін ашудағы еңбектерін жоғары бағалаған.Ғылымда мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады деген.
Оқушылардың білімді меңгеру үрдісі негізінен мына компоненттерден тұрады.
1.Қабылдау.
2.Түсіну.
3.Есте сақтау.

4.Қорыту және жүйелеу.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаев былай деген: Ойлауды өркендету жолдары.Ойлау-жанның өте бір қиын,терең ісі.Жас балаға ойлау тым ауыр.Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде басқыштап іс істеу керек.

Өркендету жолдары мыналар:

1.Баланың жанында ашық суреттердің болуына жағдай жасау керек.Себебі адам суреттер бойынша ойлайды.Сондықтан бала пікір айту үшін суреттен шығарып алсын.

2.Бала заттарды,көріністерді ,ұқсас сандары бойынша топ-топқа бөлу.

3.Бала көрністерінің ,ойларының аралығындағы байламды ,олардың қайсысы қайсысына себеп екенін біліп үйренсін.Бұл арқылы балаға мысалдардан ерекше заң шығарып үйренеді.

Жаңа буын математика оқулықтарында жасыл қоршаудағы стандартты емес тапсырмалар берілген.Бұл материал қазіргі математиканың бастауыш буынының білім мазмұнындағы –төртінші блок-мазмұндық логикалық есептер.Әрбір сабақ қызықты есептермен аяқталып,логикалық есептер баланың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет.

Оқулықтағы шығармашылық жаттығулар оқушылардан тек математикалық білім емес,күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі жағдайға байланысты білім талап етілетін тапсырмалар.Бұлар негізінен оқушылардың байқағыштығын ,ойлауын,қиялын дамытуға негізделген.

**3**.Баланың ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық ойындар.

Ойын-баланың даму құралы,тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып ,адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.А.С.Макаренко былай деп жазды:Бала өмірінде ойынның маңызы зор,ересек адам үшін еңбектің,жұмыстың,қызметтің қандай маңызы болса ,нақ сондай маңызы бар.Бала ойында қандай болса ,өскенде сол жұмыста да көп жағынан сондай болады.Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады.Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады.Мысалы: Сақина салу,Ақсүйек ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Атау ұйқастарын санау арқылы оқушылар сан үйренеді.санға аты ұйқас заттарды танып біледі.Санамақтар сан үйретеді,әрі дүние таныттады.Ойында балалар әр нәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды.Ойын үстінде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге асырады.Ойын шарттарының өзі баладан заттарға айналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді.

Сабақ үстінде жүргізілетін дамытуға арналған логикалық ойындар баланың ойлау белсенділігін қажет етеді.Сондықтан сабақта оқушылардың ойлау қабілетін арттыратын түрлі логикалық тапсырмаларды қолданып ,балалардың пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды көздеймін.

**№19 Раушан бөбекжай бақшасы**
**Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені**

**ТУРЛЫБЕКОВА ГУЛЗАДА УАЙСОВНА**

## Балабақша - бақыт мекені

Балабақша - баланың  өмірге аттаған, алғашқы қадамы. Басқан алғашқы қадамынан,баланың болашағы қаланады.Балабақшада берілген тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан – жақты тәрбиемен дамыту негізін қалайтын орын.

Балабақша – білім мен ортаға биімделудің тірегі, бастамасы десек, ал тәрбиеші – сол балабақшаның жүрегі, яғни олардың қолында баланың тағдыры тұрады. Біздің мамандығымыздың қыры да, сыры да сол – күнсайын көзалдымызда өсіп, дамып келе жатқан жасұрпақпен жұмыс істеу. Өмірге келген әрбір нәресте отбасында ата-анасынан бастап,барлық туған-туыстардың махаббаты мен жылулық шапағатына бөленіп өседі.Әр отбасында тәлім – тәрбие алып 3 жасқа толғанда ата-аналар жүректерінің бір-бөлшегін сеніп,толықтай бір күнге балабақшаға әкеліп тапсырады.Сол орайда ананың орнына ана бола білетін ол-балабақша тәрбиешісі. Әрбір кішкентай ғана бүлдіршінді өмірге енді аяқ басқан сәттен көңілінің кілтін тауып, олардың жеке тұлға болып қалыптасуына үлес қосатын алтын ұя-балабақша. Аса сабырлықты, шыдамдылықты, жылулықты қажететтін үлкен кәсіп иелері жұмыс атқарады. Өйткені, бұл мамандық иелерінің мойнына, ешнәрседен хабары жоқ, мыңдаған тарыдай ғана бүлдіршіндердің бойына білім нәрін сеуіп, тәрбие беріп, таудай азамат етіп шығару міндеті жүктеледі. Баланың да жеке тұлғасы қаланып, тұлғаның «Мені» қаланатын кезеңі де – балабакшада. Ары қарай өмірдің өсу сатысында білім мен тәрбие ұйымдарында қалыптасқан бірізділік жүйе арқылы өз көзқарастарын қалыптастырып,«Мені»-танылып, жеке тұлға ретінде қоршаған ортада өз орындарын тауып ,азамат болып қалыптасады.

Отбасында еркелеп, өз дегенін, қалауын орындатып қоятын ерке балалар да жоқ емес. Бір үйдің кенжесі, біреуі тұла бойы тұңғыштары. Бірақ, балаларға бірдей тәрбие беріп, бірыңғай тәртіпке баулитын орта-тағы да ол- балабақша.

Балабақшадағы оқу қызметтері бес сала бойынша іске асырылып, барлығы ойын түрінде балалар бойына білім нәрін сусындатады. Тілдері дамып ортаға биімделіп, қарым-қатынасқа негізі қалыптасады., Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын,ұзын қысқа үлкен кішісін ажыратуға,жапсыру, мүсіндеу,сурет салу арқылы шығармашылықтары дамытылып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімделулері, қоршаған ортада табиғат құбылыстарымен жақын танысып,ортаға жылдамырақ үйренеді. . Өздері әр түрлі рөлдерді сомдай отырып, салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұстап баланың өсуі жолында да берілетін осы балабақша жұмысының еңбегі ұшан теңіз. Тәрбиеші балаларға білім беру үшін баланың іс-әрекеті ,ойын арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, көздеген мақсатқа жеткізу арқылы білім нәрімен сусындатады. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолындағы педагогикалық ұстанымым -үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр баланың бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.Балабақшаны-бала бағбандарының мекені деп тани отырып, балабақшаны-болашақтың қақпасы деп білуіміз керек.

Болашақтың қақпасы-әрбір бақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамдарында ертеңге деген нық сенім, жүректерінде патриоттық сезімдері жалындаған ұлт- ұрпағын тәрбиелейтін білім мен тәрбие беретін алтын қақпа болуы тиіс. Қазіргі заман талабына сай өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын ұрпақ тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те балабақшаға барған баламен,

балабақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын – адамдармен қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де және басқада жағдайларда да айырмашылық көп.

Ата-ана балаларын балабақшаға берместен бұрын «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?»- деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Сондықтан да балабақша-тек балаға бас көз болып қарайтын, осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, балабақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен қатар балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін –сенімді тұлғалардың мекені деп те баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек.

Балабақшада дұрыс тәлім – тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Соның нәтижесінде елін сүйген азамат болып шығады. Біз, тәрбиешілер, әр түрлі болашақ мамандық иелерін тәрбиелеп жатырмыз десем артық болмас. Болашақ заңгерлерді – әділдікке үйрету, дәрігерлерді – жауапкершілікке баулу, мейірімділікке үйрету, құрылысшыларды – нақтылыққа тәрбиелеу – барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтан да өз бойымызда әділдік те, мейірімділік те, жауапкершілік те болу қажет.

Балабақша – баланың жүйелі түрде білім – тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім – тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, ұстазға байланысты. Баланың болашаққа қадам алып,жан-жақты,қоршаған ортасымен танысып,ең бірінші білім мен тәрбие алатын орны – балабакша. Сондықтан тәрбиешілер бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай, үнемі ізденіс үстінде жүру керек. «Мұғалімнің ең жауапты міндеті – ол адамды қалыптастырады.» М.И.Калинин, міне, біздің міндетіміз айқын.Олай болса заман талабынан қалмай, болашақ жастарымызды тәрбиелейік. Балабақша баланы ең алдымен тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір баланың өз ана тілінде тілі шығып, сол тілде ойлау,сөйлеу қабілетінің дамуы,ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы,патриоттық сезімдерін ояту жолдары болып табылады. . Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім-тәрбие беріп ұлтжандылыққа, патриоттыққа тәрбиелейік. Балабақша бақыттың ең бірінші баспалдағы, баланыңболашағы.

**Туркистан каласы, М. Пошанов атындагы 21 жалпы орта мектеп**

**Орыс тілі мұғалімі**

**ТУРМАНОВА АЙГУЛ АМИРБЕКОВНА**



| | | |
|---|---|---|
| **Раздел:** | **Природные ресурсы Планеты Земля.** | |
| **ФИО педагога:** | **Турманова Айгул Амирбековна** | |
| **Дата:** | **09.10.2023** | |
| **Класс: 9** | **Количество присутствующих:** | **Количество отсутствующих:** |
| **Тема урока** | **Природные ресурсы-забота каждого человека.** | |
| **Цели обучения в соответствии с учебной программой** | 9.3.2.1 определять стилистические особенности текстов научного стиля (аннотация, тезисы); определять принадлежность текста к различным типам на основе характерных признаков;<br>9.4.1.1 создавать тексты научного стиля (аннотация, тезисы) | |
| **Цели урока** | **Уащиеся смогут:**<br>- определять языковые особенности научного стиля<br>- выделять характерные признаки текста.<br>- писать аннотацию. | |
| **Критерии оценивания** | 1 | |
| **Уровни мыслительных навыков** | Применение, навыки высокого порядка | |

**Ход урока**

| Этап урока/ время | Действия педагога | Действия ученика | Оцениван ие | Ресурсы |
|---|---|---|---|---|
| **Начало** | **I. Организационный момент.**<br>**Приветствие.**<br>**Проверка готовности к уроку**<br>Создание коллаборативной среды. | | | Прием |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Учащиеся встают в круг, каждый поднимает шар и произносит свои пожелания: «Я желаю, чтобы Фортуна удачи всегда была на нашей стороне…» и так по цепочке, каждый ученик поднимает шар, затем соединяет их в одно целое.<br>Цель этого приёма-создать благоприятную среду.<br>Объединение в группы по цвету шаров.<br>**II. Актуализация знаний**<br>**Предтекстовой этап.**<br>Работа с инфографикой.<br>Задание 1. Ответьте на вопросы.<br>1. Какую информацию можно извлечь из картины?<br>2. Исходя из этого определите тему сегодняшнего урока.<br><br><br>  <br>  | Ученики встают в круг, каждый поднимает шар и произносит свои пожелания.<br><br>Ученики объединяются в группы<br><br>Работают по иллюстрациям | Взаимооценивание Дескрипторы: выделяет ключевые слова, делают смысловые догадки о возможном | «Шаровое настроение».<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| |  | Выделяют ключевые слова из текста | содержани и т-та | |
| **Середина** | **Изучение нового материала**<br>**Работа с теоретическим материалом**<br>**Задание 2. Используя информацию таблицы№1,2,3 объясните, какая** информация изложена в таблице? С помощью каких языковых средств достигаются точность, логичность и четкость изложения? Определите жанры научного стиля.<br>**Групповая работа. Метод «Ассоциативный куст»**<br>Запишите вокруг термина *«Научная статья»* все возможные ассоциации, обозначая стрелками смысловые связи.<br><br>**Предтекстовой этап**<br>**Индивидуальная работа**<br>1. Прочитайте заголовок «**Природные ресурсы-забота каждого человека»** и определите, о чём будет идти речь в данном тексте.<br>***(Стратегия «Прогнозирование»)***<br><br>**Текстовой этап**<br>1. Прочитайте и озаглавьте текст.<br>2. Определите основную мысль текста.<br>3.<br>4. Дайте развернутые определения 2-3 грамматических терминов, подберите синонимы к словам: *Функционирование, Возобновляемые/невозобновляемые, Органические/неорганические*<br><br>**1.Разноуровневые задания.** Данное задание для ученика со специфическими трудностями в обучении. | **Учащиеся работают по схеме**<br><br>Учащиеся составляют ассоциатив ный куст | КО: Перечис ляет языков ые особенн ости научног о стиля<br>**дескри пторы**<br>2.<br>3.<br><br>Определяет содержани е текста; озаглавлив ает текст<br><br>КО: определ яет характе рные | **Источни к:** [https://natworld.info/nauki-o-prirode/prirodnye-resursy-planety](https://natworld.info/nauki-o-prirode/prirodnye-resursy-planety)<br><br> |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
1. Составь из данных слов предложение: Это, нефть,газ, полезные,уголь,минералы, ископаемые.<br>
Групповая работа<br>
Составьте кластер по теме: «Типы речи»<br>

<br>
1. Какой тип речи преобладает в этом тексте<br>
2. Укажите 1-2 характерных признака типа речи<br>
3. Обоснуйте свой ответ.<br><br>
Разделите данные слова по способам их выражения:<br>
Организм, природные ресурсы, флора, органические, объект, возобновляемость, климат, ресурс, земельные ресурсы, минерал, фауна, полезное ископаемое, агрегат,<br>
<table>
<tr><td>Общенаучная лексика</td><td>Терминологическая лексика</td><td>Устойчивые сл/сочетания научн.ст.</td></tr>
</table>
Послетекстовой этап<br><br>
ИР. Метод «Ознакомительное чтение»<br>
Аннотация - научный жанр представляет собой краткое, обобщенное описание текста книги, статьи. При этом аннотация лишь перечисляет вопросы, освещѐнные в первоисточнике, и не раскрывает самого содержания этих вопросов. Аннотация отвечает на вопрос: «О чѐм говорится в первичном тексте?» Таким образом, аннотация лишь даѐт представление о главной теме и перечне вопросов, затрагиваемых в тексте первоисточника, помогая осуществлять поиск и отбор необходимой информации.
</td>
<td>
Составляют кластер по теме «Типы речи»<br><br>
Учащиеся работают с научными терминами<br><br>
Учащиеся знакомятся с теоретическим материалом, затем составляют аннотацию
</td>
<td>
признак и типа текста научного стиля<br>
Дескрипторы<br>
- Составляют кластер, различают типы речи по характерным признакам, обосновывают свои ответы<br><br>
ГР. Делят слова по способам их выражения, работа по таблице<br><br>
Взаимооценивание
</td>
<td>
– взаимооценивание по стратегии «2 звезды и 1 пожелание»<br><br>
1_2.pdf (samgtu.ru)
</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Парная работа.** 1.Составить аннотацию к тексту **«Природные ресурсы - забота каждого человека»,** используя предыдущую информацию.<br>**2.Дифференцированные задания**<br>Прием «Незаконченных предложении»<br>Даже чашка, хлеб,одежда – все произошло…. | | **КО:** Составляет аннотацию<br><br>**Дескрипторы** | |
| **Конец урока** | **Домашнее задание**.<br>Составить аннотацию по тексту из учебника.<br>**Рефлексия**<br>– Какую цель мы поставили сегодня на уроке?<br>- Достигли мы целей, которые ставили в начале урока?<br>**И.** Самооценивание по итогам урока<br>**Стратегия «Эмоция»**<br>Выберите смайлик, который говорит о том, с каким настроением вы уходите с урока | | | . |

**Использованные материалы:**

**Приложения 1**

**Природные ресурсы - забота каждого человека.**

Всем живым организмам на планете, для нормального существования и функционирования, необходимы определенные природные ресурсы, включающие в себя: воду (морскую и пресную), территорию, почву, горы, леса (растительность), животных (в том числе рыб), ископаемое топливо и минералы.

Необходимо учитывать, что все природные ресурсы мира связаны между собой, например, если вода исчезнет на определенной территории, то это негативно скажется на местной флоре, фауне, почве и даже климате.

Каждый предмет в вашем доме был сделан из сырья, даже чашка, электричество, хлеб, одежда – все произошло от природных ресурсов нашей планеты.

Природные ресурсы могут иметь различные агрегатные состояния: твердое, жидкое или газообразное. Они также делятся на **органические и неорганические**, **возобновляемые и невозобновляемые**, могут обладать **металлическими или неметаллическими** свойствами.

*Возобновляемые* ресурсы, поступающие от живых организмов (растения и животные),

называют органическими, а которые поступают из объектов неживой природы (вода, солнце и ветер), считаются неорганическими.

*Невозобновляемыми* природными ресурсами являются те, которые нельзя легко заменить после их сокращения или исчезновения (пример: ископаемые виды топлива,минералы и горные породы).

**Основные виды природных ресурсов**

**Водные ресурсы**

На Земле есть более, чем 1 386 млн км³ воды. Менее 3% от общего количества составляет пресная вода и более 97% – соленая. Около 2/3 пресной воды (68,7%) находится в ледяных шапках и ледниках, а также более 1/3 хранится под землей в виде грунтовых вод. И только 0,3% от всей пресной воды легко доступны в виде поверхностных вод в озерах, болотах, реках и ручьях.

**Лесные ресурсы**.

Это чрезвычайно важные природные ресурсы, которые используются людьми для удовлетворения жизненных потребностей (питание, убежище и строительные материалы).

**Земельные ресурсы.**

Они включают территории, которые располагаются на суше и могут использоваться для потребностей людей. Общая их площадь составляет около 14,9 млрд га. Земельные ресурсы – неотъемлемая часть планеты, необходимая для существования и функционирования большинства живых организмов.

**Минеральные ресурсы.**

Они относятся к невозобновляемым и включают все полезные ископаемые, предназначенные для дальнейшего использования, их существует более 200 видов.

**Биологические ресурсы**

К ним относятся все живые организмы (животные, растения, грибы, бактерии и т.п.). Этот ресурс является возобновляемым в том случае, если организмы имеют возможность размножаться. Мировая экономика использует около 60 миллиардов тонн природных ресурсов каждый год, чтобы производить товары и услуги, которые мы потребляем. В среднем, на одного человека в Европе расходуется около 36 кг ресурсов в день; в Северной Америке – 90 кг; в Азии – 14 кг и в Африке – 10 кг.

**Приложение 2**



Стили речи (стилевые черты и языковые особенности)

| Стили речи | Цель применения | Сфера применения | Стилевые черты | Языковые особенности | Образцы текста |
|---|---|---|---|---|---|
| Научный | Фиксация и передача научных знаний | Монография, научная статья, словарная статья, учебная литература, доклад, лекция | Четкость, точность, конкретность, доказательность, объективность, логическая последовательность изложения | Отсутствие изобразительно-выразительных средств, наличие терминов, использование абстрактной лексики, преобладание существительных, сложных предложений, употребление причастных и деепричастных оборотов, производных предлогов | Город – это крупное поселение, жители которого заняты главным образом в промышленности и торговле, обычно это административный и культурный центр |






**Маңғыстау облысы Актау қаласы**
**Көру қабілет бұзылған балаларға арналған**
**№1арнайы балабақшасы "КММ**

**ТУРМАНОВА МАДИНА ТИЛЕГЕНОВНА**



**Сквозная тема: « В здоровом теле здоровый дух»**
Образовательная область: «Здоровье+Познание»
Раздел: Основы безопасного поведения
Тема: «Волшебные витамины»
**Цель**: Формировать знания о продуктах питания , витаминах и способах их употребления; закрепление знаний детей об овощах и фруктах, имеют представление, об основных мерах профилактики заболеваний
**Цели ОУД:** Называет овощи, фрукты и продукты, слушает и отвечает на вопросы , объясняет , где есть витамины А С Д (Яблоки, помидоры , капуста, картофель , бананы, тыква морковь, апельсины, сыр, рыба, творог, молоко), группирует картинки и рассказывает об их пользе.
**Навыки:** Выполняет осознанно правила безопасности.
Понимает важность и необходимость закаливающих процедур.
Умеет систематизировать, группировать и решать познавательные задачи в наглядно-действенном и наглядно-образном плане.
Владеет способностями находить сходство и различие.
**Педагог:** Добрый день дорогие ребята! Сегодня мы с вами будем говорить о самом важном для всех нас, о здоровье и, что нужно делать чтобы быть здоровыми. И тема нашего занятии называется «Такие волшебные витамины» А сначала давайте мы поздороваемся друг с другом.
Мотивационно- побудительный.
**Круг приветствия.**
Встанем рядышком по кругу,
Скажем «Здравствуйте» друг другу
Нам здороваться не лень
Всем привет
И добрый день!
**Педагог:** Спасибо, ребята, мы сейчас пожелали друг- другу здоровья. И я тоже желаю вам всем здоровья, чтобы вы были всегда крепкими, здоровыми и ловкими. А сейчас, я вам загадаю загадку, а вы ее постарайтесь отгадать .
В овощах и фруктах есть
И в продуктах тоже
Детям нужно много есть
Есть еще таблетки
Вкусом, как конфетки.
Принимают для здоровья

Их весеннею порою.
Для Сашули и Полины
Что полезно? (Витамины)
**Педагог:** Ребята слово Вита –означает жизнь, поэтому чтобы мы были жили и были здоровыми нам необходимы витамины.
Чтобы мы были крепкими здоровыми и сильными мы должны защитить, закаливать и подкрепить свой организм. А как вы думает, как можно подкрепить свой организм?
**Дети**: Закаливаться, делать гимнастику , заниматься спортом кушать много овощей и фруктов, а также есть только полезную еду
**Педагог:** Конечно же есть фрукты и овощи. Ребята а сейчас я загадаю вам загадки про овощи и фрукты, а вы подумайте и отгадайте.
Как на нашей грядке
Выросли загадки
Сочные да крупные ,
Вот такие круглые.
Летом зеленеют,
К осени краснеют (Помидоры)

Над землей трава,
Под землей бордовая голова (Свекла)
Сочные , душистые , румяные,
волшебные. На деревьях мы растем (Яблоки)
Кафтан на мне зеленый,
А сердце, как кумач.
На вкус, как сахар сладок,
На вид похож на мяч
На куски его порежь, мякоть красную поешь (Арбуз)
За кудрявый хохолок
Лису из норки поволок,
На ощупь -очень гладкая,
На вкус –как сахар сладкая (Морковь)
Сто одежек ,и все без застежек (Капуста)
**Педагог:** Молодцы ребята, отгадали все загадки про овощи и фрукты.
Игра под руководством «**Назови и объясни** »
**Цель:** называют и объясняют овощи и фрукты и чем они полезны и, как можно их употреблять.
**Прием «Карусель» с картинками** ( внутренний круг держит карточки с изображениями ,а внешний круг называет описывает и объясняет продукты ,фрукты и овощи и где растет, чем полезен, затем меняются местами)
Педагог: Молодцы, и сегодня мы отправимся в страну Витаминию, а чтобы туда попасть вы должны выбрать карточку с названием витамина А С Д (Дети выбирают карточку, на которых витамины А С Д и проходят за столы, на которых уже стоят буквы, которые соответствуют витаминам
**Беседа**

**Вопросы тонкие и толстые**
Какое сейчас время года?
Какой бывает погода в это время года?(Переменчивой)
Что нужно делать чтобы не заболеть? (Закаляться, есть витамины, есть овощи и фрукты, кушать полезную еду, мыть часто руки с мылом)
Какую еду мы называем полезной?(вредной?)
Назовите какие вы знаете овощи? Где растут овощи?
Назовите какие вы знаете фрукты? Где растут фрукты?
Какой вкус у яблока, клубники, апельсина? (моркови?)
А что есть в овощах и фруктах?
Почему их нужно кушать?
Что такое витамины?
А почему мы их называем волшебными?
Что готовят из фруктов и овощей? В каком виде их можно употреблять? (Соки, компоты, варенья, маринады, их еще сушат , варят и парят)
Чем они полезны? А где еще есть витамины? Назовите продукты в которых живут витамины? Как называются продукты , где живут витамины? (Полезные)
Витамины делятся на группы А В С они у вас на столе
(На столе стоят нарезки из овощей и фруктов, педагог предлагает попробовать на вкус овощи фрукты, и поделится что они ощутили на вкус. Дети говорят, что они разные - сладкие , кислые, горькие , сочные и т.д
**Педагог**:- Правильно они имеют разные вкусовые качества, сладкие , кислые и горькие , вязкие, но витамины в них одинаково полезны всем .
**Просмотр видеоматериала «Смешарики про Витамины»**
Педагог предлагает открыть мультфильм для просмотра с помощью **QR** кода, у детей на руках планшеты они подносят планшеты к QR-коду и просматривают мультфильм
(Перед просмотром видеоматериала напомнить детям, чтобы внимательно посмотрели, и запомнили про витамины А С Д– на видео выйдут по кругу продукты питания, овощи и фрукты , дети должны запомнить в каких видах продуктов есть витамины с их группы А С Д
Спросить у детей все ли внимательно посмотрели и запомнили.
(Повторный просмотр видеоматериала)
**Постеры работа с карточками** Педагог дает задание детям отобрать из группы картинки с изображениями продуктов , те в которых есть витамины встречающиеся в данном продукте и приклеить на постер
(Первая группа находит картинки с витамином А, 2 группа с витамином-С, 3 группа с витамином-Д и наклеивают
Витамин А-арбуз, помидор, капуста, тыква, морковь,
Витамин С- морковь, яблоки, апельсин, лимон
Витамин Д-молоко, рыба, яйца, сыр, грибы.
Выбираем спикеров команды А С Д, каждый спикер команды объясняет почему они наклеили именно эту картинку на постер
Педагог ставит оценку работам и ответам детей по наклеенным картинкам
**Педагог:** Ребята а что на рисунке вы видите?

**Дети**: Дети занимаются физкультурой.
**Педагог**: Вы много и хорошо поработали и наверное устали давайте немного разомнемся, а в этом нам поможет наш **QR-код.**
Педагог открывает видео с физминуткой с помощью **QR-кода**
**Физминутка**
Мы стоим на огороде,
Удивляемся природе.
Вот салат, а здесь укроп
Тут морковь у нас растет
Поработаем с тобой,
Сорнякам объявим бой-
С корнем будем выдирать
Да пониже приседать
Все полили мы из лейки
И садимся на скамейки
Будем кушать витамины
Будем мы здоровыми!
**Педагог:** Ребята мы знаем , что для нашего растущего организма нужны только полезные продукты. А знаете ли вы полезные продукты, а какие продукты мы называем вредные?
**Дети**: Да. Знаем.
**Педагог:** Ребята , чтобы узнать какие бывают вредные продукты я вам предлагаю взять ваши планшеты и открыть задание с помощью **QR-кода**, задание изображено на картинке **.** Внимательно прослушайте задание и выполните его.
(Дети слушают задание и зачеркивают лишние , вредные продукты)
**Цель:** группирует картинки с продуктами , умеет решать познавательные задачи
**Взаимооценивание и взаимообучение «Мельница»**
**Структурированная игра** «Найди правильно»
**Цель:** Знает о витаминах А С Д , умеет систематизировать и группи ровать .
**Прием «Мерседес»** Расставить правильно картинки с продуктами питания , овощами и фруктами на соответствующую дольку, где изображены витамины А .С .Д)
**Оценивание-** показ педагогом образца «Мерседес»
Общий анализ ОУД и оценивании смайликами по методу БИС.
**Свободная игровая деятельность**
**Цель**: называет овощи, фрукты**,** полезные продукты питания
(Игра с муляжами фруктов и овощей, настольные игра «Спеет- зреет», лото «Овощи - фрукты» «Кухня» , просмотр мультфильма «Смешарики про витамины»)
Анализ занятия –смайликами по БИС технологии (матрица посадочных мест)

**г.Шымкент,Школа -интернат 《Умит》 с нарушением зрения.**
**Преподаватель начальных классов**

**ТУРУМБЕТОВА ГУЛЬНАРА БАЙДАБЕКОВНА**

# СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ-ЖАУАПТЫ ІС

Бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың жеке тұлға ретінде қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін оның қабілеттерін анықтау және дамыту. Өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы, өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін талап етеді. Ал, осы аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін күнделікті сабақ үдерісінің жанды бір бөлігі – сабақтан тыс тәрбие жұмыстарының атқаратын рөлі өте зор.

**Сыныптан тыс жұмыс – сабақтан тыс уақытта, баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға қажетті жағдай жасайтын, оқытушының оқушылармен оқу бағдарламасының шеңберіне кірмейтін және оқу кестесінен тыс мектепте өткізілетін әртүрлі тәрбиелік мағынасы бар іс-шаралар.** Қазірігі кезеңдегі Қазақстанда болып жатқан түбегейлі өзгерістер, елдің жалпы білім беретін мектептеріне де өз ықпалын тигізуде. Әсіресе жас жеткіншектерге ұлттық тәрбие беру, оны оқу-тәрбие процесіне енгізу мәселесі өркенді өрістеуде.

Осы орайда ұзақ жылғы еңбек тәжірибемде сабақтан тыс жұмыстарына ерекше мән-маңыз беріп, бірқатар нақтылы нәтижелерге қол жеткіздім деп айта аламын. Әлбетте, білім мен тәрбие егіз ұғым, оларды ұштастыра отырып жұмыс жүргізу әрбір мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Осы тұрғыда тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес сыныптан тыс іс-шараларды жүйелі түрде атқару шәкірттер бойында адамгершілік, қайырымдалық, жауапкершілік сынды ізгі қасиеттерді қалыптастырады. Түрлі сайыстар мен ашық тәрбие сағаттар, жас жеткіншектерді ұлттық рухта тәрбиелеуге қатысты ата-аналармен болған пікірталас, ұлттық спорт түрлері бойынша өткен қызықты жарыстар, сондай-ақ еліміздің Наурыз мейрамы, Халықтар бірлігі, Конституция, Тәуелсіздік күні сияқты ең басты, айтулы мерекелеріне орай ұйымдастырылған сабақтан тыс іс-шаралар.

Бұл шаралардың барлығына оқушылардың барынша мол қамтылуы ескерілді. Тіпті оқуға олақ, ұяң балалардың да қызығушылығын оятып, сыныптық іс-шараларға қатыстыруға ерекше маңыз берілді. Өткізілген іс-шаралардың дені – шәкірттер бойына ұлттық тәрбиенің негізін сіңіруге арналды.

Бұндай іс-шараларда білім мен тәрбиенің үш тағаны – мектеп, мұғалім, ата-аналардың бірлігі жақсы көрініс тапты. Барша іс-шаралардың көзайым көрермендері, сондай-ақ

жеткіншектердің өрімтал өнерлері мен білім-білік, талап-тілектеріне әділқазылық еткен де осы – ата-аналар мен мектеп басшылығы, тәжірибесі ұшан-теңіз, аузы дуалы, сөзі уәлі ардагер ұстаздар болды.

Қай заманда болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім -тәрбиесі болатыны белгілі. Егемен қазақ мемлекетінің болашақ ұрпақтарының ұлттық сана-сезімін, мінез-құлқын оның сонау ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрлері мен сабақтастыра тәрбиелеу – қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болуы, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, «Білім туралы» заңының қабылдануы өскелең ұрпақ тәлім-тәрбиесіне жаңаша қарап, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың салт-дәстүрлер негізінде тәрбиелеуді мақсат етіп қойды. Осыған орай мен өзімнің сабақтан тыс жұмыстарымда мынандай міндеттерді орындауға ұмтылдым:

- оқушыларды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу;
- теориялық білім, білік дағдыларын олардың қабілеттері мен дара ерекшеліктеріне сай, ой-өрісін, талғамын, дүниетанымын кеңейтіп, дамыта отырып, оқытып тәрбиелеу;
- әр оқушыны дара тұлға ретінде қарастырып, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату;
- ана тілін, дінін, оның тарихын, мәдениетін, өмірін, кәсібін қастерлеп, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларын меңгерту;
- сыныптың тәрбие жүйесін ұлттық мәдениет пен ұлттық педагогика идеяларына негіздеу.

Өскелең ұрпақ туған жері мен халқының перзенті. Ол қайда жүрсе де,өз ұлтының жарқын болашағы, әрі өкілі. Сондықтан ұлттық тәрбиеде отбасы мен мектептің рөлі және алатын орындары ерекше. Өйткені, отбасы мен мектепте жеке тұлғаға халықтың салт-дәстүрлер негізінде ұлттық тәлім-тәрбие беріледі. Ұлттық тәрбиенің нақты қалыптасуындағы ең шешуші орын отбасы болып табылады. Себебі, халқымыз «баланы жастан» деп текке айтпаған. Сондықтан да, алдымызға қойған мақсат пен міндеттерге негізделе отырып, мектепте оқушылар ұлттық дәстүрмен шектеле тәрбиеленуі керек. Яғни, тәрбиенің алғашқы ошағы – отбасы, ал екіншісі – мектеп пен қоршаған орта. Сондықтан да, ұлттық тәрбие жоғарылауы үшін, ата-ана, мектеп ұжымы әрдайым тығыз қатынаста болуы қажет. Өйткені, халықтық салт-дәстүрлер сан алуан болғандықтан, өзіне отбасынана танымал емес дәстүрлерді бала мектепте біліп, олар туралы кең ұғым алатыны анық.

«Білім жүйесінің басты міндеті жеке тұлғаның ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіптік тұрғыда жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген. Ғұлама жазушы М.Әуезовтің «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген ұлағатты сөзінің мән-мағынасына ой салсақ, тәрбие

ұрпақты дүниеге келтіруден басталады, сол тәрбиенің ұлттық бастаулары мен бағдарын жан-жақты пайдаланып, даналықпен дамыта білу керек деген өсиеттің мәні өте зор.

Бастауыш сынып мұғалімі ретінде бұл бай мұраны, сан алуыан салт-дәстүрлерді баланың жас кезеңіне, дара ерекшеліктеріне сай, ұғымына байланысты сыныптан тыс уақытта немесе сабақ барысында сіңіруде педагогикалық тұрғыдан іріктей алдым деп білемін. Соның арқасында бүгінгі күннің жаңару бағыты – жасөспірімдердің дүниетанымының кеңеюі ұлттық мінез-құлықтарының қалыптасуы бағытында біршама табыстарға қол жеткіздік.

«Білім негізі бастауышта» деген сөз тегін айтылмаған, себебі, келешек еліміздің сауатты да салауатты азаматының түрлі қасиеттері осы бастауыш сыныпта қалыптасады. Бастауыш сынып мұғалімі таза, пәк жүректі шәкірт санасында үлкен орынға ие, мәңгі ұмытылмайтын ұстаз болып қалары хақ!

**ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. С.Ахметов. «Бастауыш сыныптарда тәрбие берудің тиімділігін арттыру жолдары», Алматы: «Рауан», 2004.

2. С.Ұзақбаева. «Тамыры терең тәрбие». Алматы: «Білім», 2005.

**УСАРБАЙ САЙДУЛЛА БАХТИЁРҰЛЫ**

**Кенесары Қасымұлы атындағы**

**№82 ЖОББМ**

**Математика пәнінен мұғалім**

# Математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

Математиканың басқа ғылыми пәндермен өзара байланыстарын іске асыру оқушылардың дүниетанымын дұрыс қалыптастыруға, табиғаттың құбылыстары мен процестерінің бірлігін сезінуге ықпал жасайды. Атап айтқанда, олар математикада материалдық әлемнің кеңістік формалары мен сандық қатынастарын бейнелей отырып, математика болмыстың математикалық модельдері туралы ғылым екендігін оқушылардың түсінуіне себептеседі.

«Сан», «фигура», «туынды», «интеграл», «вектор» ұғымдары реалды болмыстың саналуандылығын айқындайды, сондықтан да олар мектептегі басқа пәндердің қолданбалы есептерін шешуде кеңінен қолданылады. Табиғаттың көптеген заңдарын сипаттайтын сизықтық, квадраттық, логарифмдік, көрсеткіштік және т.б. функционалдық тәуелділіктер табиғатта байқалатын заңдылықтардың жалпылауы болып табылады.

Пәнаралық байланыстарды іске асыру барысында табиғат құбылыстарының біртұтастығы мен өзара байланыстарын көрсете отырып, оқушылардың білім мен білігін тереңдетуге қосымша мүмкіндіктер туады.

Мектеп математика оқулықтарында пәнаралық байланыстарды ашуға келтірілген нақты материалдар саны шектеулі, ал қосымша оқу әдебиеттерінен ондай материалды алып, сабақ барысында пайдалана қою - күрделі мәселе. Және де кезкелген дерлік мектеп  пәнінің оқу бағдарламасы пәнаралық байланыстарды қосымша анықтау қажет болады.

Математика сабағында оқу тақырыптарын ашуға, оларды бекітуге, есеп шығартуға, республикамыздың экономикалық жетістіктері мен даму стратегиясын, ұлттық ерекшеліктерін, т.б. сипаттаушы материалдарды іріктеп таңдап алуға, оларды мазмұнына кірістіруге студент-болашақ математика пәнінің мұғалімін даярлау қажет. Себебі, мұндай мазмұндағы оқу-әдістемелік құралдар әзерге жоқ есебі

Пәнаралық байланыстарды іске асыру жолдары да жан-жақты. Атап айтсақ:

1) Математикалық ұғымдарды қалыптастыруда сол ұғымның мазмұнын ашу. Сабақтас пәндерде кездесетін ұғымды, мүмкіндігінше, бірмәнді түрде талқылау. Ал бір терминмен аталатын ұғымдардың мазмұндары әртүрлі болып келсе, онда оны оқушыларға (жас ерекшеліктеріне қарай) жете түсіндіру.

2) Математикалық ұғымдарды қалыптастырудағы басқа пәндердің материалдарымен, мәліметтерін қолдану.

3) Пәнаралық есептер және оларға қойылатын талаптар; математикалық модельдеу, абстракция, абстракциялаудың түрлері; т.б. сұрақтарды қарастыру.

4) Математика пәнін оқыту барысында оқушылардың логикалық ой-қабілетін дамыту.

5) Оқытылған материалдың күнделікті өмірдегі және сабақтас пәндердегі практикалық қолданыстарын көрсету.

Аспан, жер, су, тіпті, бізді айнала қоршаған әлемнің бәрінде де геометриялық объектілер толып жатыр. Былайша айтқанда, адам әрқашан да геометриялық әлемнің қоршауында. Салынған сарай - үйлер, жасалған кемелер, көкке ұшқан ұшақтар, күнде көретін ұсақ-түйек заттар - бәрі де геометриялық бейнелер арқылы танылады.

Планиметриядан стереометриялық ауысу кезеңінде оқушылардың санасында кеңістікті сезіну біртіндеп кеңиді. Кеңістікті сезінудегі айқынсыздық, тиянақсыздық оқушыларды X-XI сыныптардағы геометрия курсын толығымен түсінбеуіне әкеліп соғады.

Стереометрия курсының негізгі мақсаттарының бірі - кеңістіктегі қарапайым геометриялық бейнелердің қалыптасқан көріністерін тереңдету және кеңейту болып табылады. Жаңа күрделі ұғымдар иллюстрациялауды қажет етеді. Мысалы: түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрыш, айқас түзулердің арасындағы бұрыш және оларға ортақ перпендикуляр, берілген екі жақты бұрыштың сызықтық бұрышы, дөңгелек денелер мен көпжақтар және т.б. Нақты мысал ретінде XI сыныпқа арналған геометрия оқулығындағы шардың анықтамасын қарастырайық: «Шар деп берілген нүктеден берілген қашықтықтан артық қашықтықта жататын кеңістіктің барлық нүктелерінен тұратын денені атайды. Бұл нүкте шардың центрі деп, ал берілген арақашықтық шардың радиусы деп аталады. Шардың шекарасы шардың беті немесе сфера деп аталады». [67, 325]. Бұдан оқушыларға беріліп жатқан ұғымдар турасында нақты түсінік алу қиынға соғуы мүмкін. Ал егер анықтаманы бермей тұрып, оқушыларға темірден құйылған шарды, ағаштан

жасалған шарды, допты, т.т. көрсетіп, ол заттардың әртүрлі қасиеттері бар екендігін еске түсірсек, мысалы, темірден жасалған шар - ток өткізеді, суға батады; ағаштан жасалған шар - ток өткізбейді, суға батпайды, т.т Шарлардың жасалған материалдарының тығыздықтары әртүрлі, түрлері де әртүсті, иістері де әртүрлі, т.т. қасиеттері бар. Бұл заттардың бәріне ортақ бір ғана қасиеті бар - олардың формалары. Енді біз тек сол қасиетті ғана - форманы - еске алсақ - «сфера», «шар» ұғымы шығады - деп, шардың анықтамасын қарапайым тілмен келтірсек, онда, біріншіден, оқулықтағы анықтаманы түсіну қиындыққа соқпайды, екіншіден, ұғымның өмірмен байланысын (абстракциядан пайда болғандығын) көрсетіп кетеміз.

Қабылданған аксиомаларға нақты өмірден мысалдар келтіріп, олардың қолданысын, практикаға қайшылықсыз екендігін көрсетіп отыру қажет. Мектеп стереометрия курсының мына теоремасын (ол негізінде Евклид геометриясының аксиомасы болатыны белгілі) алайық: «Берілген түзуде жатпайтын үш нүкте арқылы жазықтық жүргізуге болады және ол тек біреу ғана болады». Шынында да, үш аяқты орындық әрқашан орнықты тұрады. Ал төрт аяқты орындық болу үшін оның барлық аяқтарының ұзындықтары бірдей болуы қажет. Есік (жазықтықтың моделі) екі топсамен бекітілсе кеңістікте шексіз түрлі жағдайларда орналасады, ал егер оны қосымша бір жерінен тіресек (кілтпен, ілгекпен, таспен, т.т.) онда ол есік тек бір ғана жағдайда орналасады. Жоғарыда аталған аксиоманың іс жүсінде орынды болып отырғанын көреміз.

Тәжірибе көрсеткеніндей, 10-11 сыныптарда көрнекі құралдарды қолдану оқушылардың ойлау қабілетінің жас ерекшеліктерін және жеке-дара ерекшеліктерін айрықша еске алып отыруды қажет етеді: кейбір модельдеге тек сілтеме беруге болады, ал басқа ұғымдарды анықтағанда эскиз немесе суретпен шектелуге болады; кейбір модельдерді тек нақты ойлауы басым болып келетін оқушылардың арнайы тобында ғана қолдануға болады. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың параллельдігін немесе перпендикулярлығын, екіжақты және көпжақты бұрыштарды оқытқанда көрнекі модельдердің аса маңыздылығын мектептегі жұмыс практикасы көрсетіп жүр.

Берілген фигураны дұрыс елестету, сызбаны дұрыс орындау үшін оқушылар алдымен кеңістіктегі фигураларды жазықтықта шартты түрде бейнелеудің негізгі талаптарын білулері қажет. Мұндай ережелер оқушылар үшін жазық емес фигураның сызбасын орындаудың бағыттық негізі болып табылады. Жоғары сынып оқушыларын бұл ережелер және әдістер мен геометриялық фигуралардың дербес түрлерін оқыту барысында бірте-бірте таныстыру керек. Бұл кезде параллель проекциялаудың қасиеттеріне және оқушылардың сызба курсында алған білімдері мен біліктеріне сүйеніп отыру қажет.

Негізінде фигураның параллель проекциясы туралы түсінікті қалыптастыру үшін шуақты күні сол фигураның картоннан немесе сымнан жасалған моделінің көлеңкесін қарастыруға болады. Күннің Жерден өте алыс қашықтықта екенін ескере отырып, Күн сәулелерін жуықтап өзара параллель деуге болады.

Кеңістіктегі фигураның кескінінің көрнекілігі сол фигураның проекциялау жазықтығына және проекциялай бағытына қатысты орналасуына тәуелді екені белгілі.

Үшбұрыштың моделінің көлеңкесін бақылай отырып, проекциялау жазықтығына қарағанда түп нұсқаның әртүрлі орналасуы арқылы берілген үшбұрыштың проекциясы кезкелген формадағы үшбұрыш (тіпті кесінді) болуы мүмкін деген ұйғарымға келеміз.

Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың параллельдігін және перпендикулярлығын, екіжақты және көпжақты бұрыштарды оқытқанда картоннан, органикалык шыныдан жасалған көрнекі модельдерді қолдану маңызды.

Жоғары сыныптарда геометрияны оқутыдан бастап көпжақтар ұғымы енгізіледі (параллелепипед, призма, пирамида, дұрыс көпжақтар). Бұл бірінші жағынан, параллельдік пен перпендикулярлықтың қасиеттерін көпжақтар негізінде көрсетуге мүмкіндік береді, екінші жағынан, оқушылардың геометриялық шамаларды, қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Геометриялық денелердің көлемін табуды қарастырғанда, егер дене геометриялық формасых болса, онда көлемін

табу есебі математикалық әдіспен шешілмейді, ал физикада мензурканың көмегімен Архимед заңына сүйеніп шығаруға болады.

10-11 сынып оқушылары есептің шарты бойынша «пирамида берілді» десе үшбұрышты немесе төртбұрышты пирамиданы сызады, себебі пирамиданың бұл екі түрі стандартты сызбаларда жиірек кездеседі. Сондықтан әртүрлі дұрыс және емес, табан қабырғаларының саны әртүрлі болатын көпжақтарды бейнелеуді мұғалім өз практикасына еңгізсе, бұл кеңістіктегі фигура туралы абстрактілі ұғымды дұрыс қалыптастыру ықпал етеді.

Айналамыздағы бізді қоршап тұрған нәрселер геометриялық денелер туралы түсінік береді. Мысалы, кристалдар - көпбұрыштардан тұратын геометриялық денелердің пішінін береді. Ондай беттерді көпжақтар дейді.

Табиғи көпжақтар табиғаттағы геометрияның бір айқын көрінісі. Кристалл - қырлы біртекті қатты дене. Гректің «кристаллос» сөзі «мұз» деген ұғымды білдіреді. Бірақ бұл сөз тек қатқан мұздың кристалдарына ғана тән емес. Барлық тас, тау жыныстарыны көбі кристалдан тұрады. Металл рудалары, осы рудадан балқытып алынған металдың өзі, тұз, қант және айналамыздағы басқа да толып жатқан нәрселердің көбі кристалды заттар. Кристалдардың ішіндегі ең әдемісі - асыл тастар.

Кристалдардың ерекше қасиеті бар, мұның өзі олардың қандай атомдардан тұратындығына байланысты. Кристалдардың ішкі әлемін рентген сәулесі арқылы зерттеуге болады. Сонда, кристалдағы әрбір атом іргелес атомдардың нақты бір санымен байланысты болады және олар сонымен қосы белгілі ретпен орналасады екен. Әрбір кристалл формасы болады.

Кейбір заттардың бір емес, екі, үш, тіпті одан да көп кристалдық форма түзетіні кездеседі. Әрине, олардың бәрі де белгілі бір нақты тәртіппен орналасады. Мәселен, көміртегі осындай. Атомдардың орналасуына қарай, ол не алмасқа - жер бетіндегі ең әдемі, ең мөлдір, ең қатты тасқа, не кәдімгі қарындаштағы қара сұр түсті жұмсақ графитке айналады

Кристалдардың басқа да қасиеттері бар. Кристалдың ұзыны мен көлденеңінен жылу біркелкі өтпейді. Кыздырған кезде ол әр бағытта, әр түрлі ұлғаяды.

Көпжақтардың көптеген формаларын (тау хрусталі, алмаз. гранит, т.б.) кристалдар түрінде табиғат өзі жаратқан (28-сурет).

Табиғи кристалдардың арасында тетраэдрдың, октаэдрдың, кубтың, додекаэдрдың формалары айқындалған.

Кристалдардан көптеген қажетті заттар жасайды. Қазіргі кезде дұрыс көпжақтардың формалары архитектурада, тұрмыстық заттарда да кеңінен қолданылады. Мәселен, жартылай өткізгіш кристалдар радиотехникада қолданылады. Сағат тасы да - кристалл. Кристалдың бұдан басқа да қолданылатын жері өте көп.

**Мысал-1. Параболаның теңдеуі**

Суреттегі көпірді модельдейік.

$$y=-\frac{1}{150}x^2+\frac{21}{5}x.$$




1-сурет.

а) Арқа теңдеуінің сызбасын координат осіне салыңыз.

б) Арқа бір жағынан екіншісіне дейінгі қашықтық қандай?

Шешуі:

a. $a = -\frac{1}{150} \prec 0,$

$$h = -\frac{\frac{21}{5}}{2 \cdot (-\frac{1}{150})} = 315,$$

$$k = f(315) = -\frac{1}{150} \cdot 315^2 + \frac{21}{5} \cdot 315 = 661{,}5 \ \mathrm{V}(315{,}661{,}5)$$

x=0;y=0 (0;0) және (630;0) нүктелері *x*-осімен қиылысады.

b. *x*-осімен қиылысу нүктелерін пайдаланып,көпірдің ұзындығын табуға болады - 630 m.

**Мысал-2. Пифагор теоремасы**

Ұзындығы 5 м болатын баспалдақ үйдің жанынан салынған, баспалдақтың көлеңкесінің ұзындығы жерден баспалдаққа дейінгі ара қашықтықтан 1 м-ге кем. Баспалдақтың проекциясының ұзындығын есептеңіз.







2-сурет.

Шешуі:Айталық, х-жерден баспалдыққа дейінгі ара қашықтық болса, онда проекциясының ұзындығы х-1 м. Суретте көрсетілгендей баспалдақтың

орналасуынан тік бұрышты үшбұрышты көруге болады. Пифагор теоремасын қолдану арқылы есептейміз:

$$x^2 + (x-1)^2 = 5^2$$

$$x^2 + x^2 - 2x + 1 = 25$$

$$2x^2 - 2x - 24 = 0$$

$$x^2 - x - 12 = 0$$

(x+3)(x-4)=0

Теңдеудің түбірі (-3) шешімі бола алмайды, себебі, теріс сан ұзындық өлшемі бола алмайды, ал x=4 – жерден баспалдақтың ұшына дейінгі ара қашықтықты береді. Ал баспалдақ проекциясының ұзындығы 3 м болады.

**Мысал-3. Физика+Бильярд ойыны+Геометрия.**

Ойыншының мақсаты битоктың неғұрлым жиірек керек жерден табылуына ықпал ету . Яғни сіз оның соққыдан кейін қайда домалайтынын қадағалауыңыз керек.

Бір қарағанда соққының аты соққы сіз қай жақтан соғуды таңдайтындай ғана болып көрінесіз. Алайда, кий ұшының ауданы өте кішкентай ал шар едәуір үлкен. Оны дәл ортаны көздеп немесе ойынды қыздыра түсу үшін сәл жылжыған бағытты таңдаумен соғуғу болады. Бильярдшылардың барлығы тоғыз нүктені ерекшелейді шардың қозғалысы соларға тигізуге байланысты.

Міне осы жерде физика іске араласады. Егер шарды тура ортасынан соқса ол қатаң түрде алға қарай қозғалып кедергіге кездесіп тоқтайды. Ал кийдің бір жаққа қарай жылжытқанда шар сол жаққа қарай қосымша айналады .




3-сурет

Егер біз 6 нүктесін соғар болсақ, шар алға қарай домалайды, бірақ көлденең өсінің айналасында кері бағытта айналады .Ол кедергіге кездескен кезде алға итеретін негізгі қозғалыс импульсі жоғалып, қалған қосымша айналу есебінен шар аздап артқа сырғиды .Оңға немесе солға соғу оны сәйкес жағына қарай айналдырады.

Егер битокты төмен қарай 30 градус бұрыштап крса шар үстелден өтіп, ұшады .Осылайша кедергілерден секіріп өтуге болады. Соққы бүйір тұсқа қарай жылжытпай берілгендіктен үстелге оралғаннан кейін шар түзу бойымен домалайды. Мұндай соққыны көбінесе бильярд тәсілдері шыңдалған шеберлер қолданады, бірақ әдеттегі ойындарда да қолданылуы әбден мүмкін.




4-сурет

Бильярд үстелі шексіз емес, сондықтан шарлар бір біріне соғылуымен қатар үстелдің жақтауына да тиіп жатады. Шарлардың бұл жағдайдағы әрекеті жайлы физика не дейді ?

Мектеп қабырғасынан жақсы білетіндей ,түсу бұрышы шағылу бұрышына тең болады .Күн сәулесінің айнаға шағылысы секілді тік ұшқан шар үстел жақтауынан кері серпіледі .Ал шар оңға немесе солға бұрылған болса жақтауға соғылған кезде ол қосымша айналымға ие болып траекториясын бұзады. Оңға

қарай бұрылған шар суретте қызыл траектория жақтауға жақын барады, солға бұрылған шар көк кеңірек бұрышпен домалайды.

**Мысал-1.Дыбысзорайтқыштар**

ЕСЕП

Алаңға 13 дыбыс зорайтқыш орнатылған: бұлар біреуінде, екіншісінде 9 аппарат болатын екі топқа бөлініп орналасқан. Топтардың аралығы 50 м. Екі топтың даусы бірдей күшпен естілу үшін қай жерде тұру керек?




5-сурет

ШЕШУІ

Егер аппараты аз топтан ізделінді нүктеге дейінгі қашықтықты х арқылы белгілесек, онда оның аппараты көп топқа дейінгі қашықтығы 50-х арқылы өрнектеледі (16-сурет). Дыбыс күшінің ара қашықтықтың квадратына пропорционал әлсірейтінін ескере отырып, мына теңдеуді шығарып аламыз:

$$\frac{4}{9}=\frac{x^2}{(50-x)^2}$$

ықшамдаған соң бұл мына түрге келеді:

$$x^2+80x-2000=0,$$

Мұны шешіп, екі түбір табамыз:

$$x_1=20,$$

$$x_2=-100.$$

Оң түбір есептің сұрауына тікелей жауап береді: дауыс бірдей естілетін нүкте төрт дыбысзорайтқыштан тұратын топтан 20 м қашықтықта, сондықтан тоғыз аппараттан тұратын топтан 30 м қашықтықта орналасқан.

Теңдеудің теріс түбірі нені білдіреді? Оның мағынасы бар ма?

Сөзсіз мағынасы бар. Минус таңбасы дауыс бірдей естілетін екінші нүктенің теңдеу құру кезінде оң деп қабылданған бағытқа қарама-қарсы бағытта жататынын білдіреді.

Төрт аппарат орналасқан жерден қажетті бағытта 100 м өлшеп дыбысзорайтқыштардың екі тобынан дауыстың бірдей күшпен естілетін нүктесін табамыз. Бұл нүкте тоғыз аппараттан тұратын топтан 100 м +50 м =150 м қашықтықта жатады.

Сонымен біз дыбыс шығатын көздердің арасын қосатын түзудің бойында жататын, дыбыс бірдей күшпен естілетін екі нүктені іздеп таптық. Бұл түзудің бойында басқа мұндай нүктелер жоқ, бірақ ондай нүктелер ол түзуден тысқары жерлерде бар. Біздің есебіміздің талабын қанағаттандыратын нүктелер жиыны сол табылған екі нүктені диаметрінің екі ұшы ретінде алып жүргізілген шеңбер екенін дәлелдеуге болады. Бұл шеңбер едәуір аймақты (суретте шрихталып көрсетілген) қоршап жатады, мұның , ішінде төрт дыбысзорайтқыштан тұратын топтың дауысынан күштірек естіледі, ал бұл шеңберден тысқары жерде бұған кері құбылыс байқалады.

**Мысал-2.Фотосуретте иррационал санның қолданылуы**

Фотографтарда √2 нөмірін қолдануға себеп бар. R радиосы бар шеңберді қарастырыңыз. Оның аумағы $\pi R^2$. Егер біз аймақты екі есе құрғымыз келсе, радиустың қай санымен көбейтілу керек деп ойлайсыз? Ал жартысы қанша болса - қалай бөлуге болады? Тағы да біз √2 санымен танысамыз.



6-сурет

Бұл суретке қалай қатысты? Қолмен жұмыс режимінде түсіргенде, біз фокусты және экспозицияны реттей аламыз. Соңғысы люстра жылдамдығы мен линзаның диафрагмасы арқылы анықталады - линзалар арқылы жарық ағыны пленка немесе камераның матрицасына реттеуге мүмкіндік беретін айнымалы радиусы тесік. Егер жарық жарқын болса, раманы жарықтандырмау үшін диафрагма тесіктері азаяды. Егер жарық төмен болса - бұл күндіз немесе тіпті түнде - диафрагма ашылуы артады, әйтпесе жақтау тым қараңғы болады. Диафрагманың өлшемдері тұрақты мәнге ие: бір бөлікпен жабылған кезде, тесік аймағы екі есе, радиусы тиісінше √2 рет. Диафрагтық шкала бойынша бөлімшелер диафрагманың санына сәйкес келеді: 2; 2.8; 4; 5.6; 8; 11; 16; 22 және т.б. Үлгі айқын емес, бірақ іс жүзінде бұл √2 (кейбір себептермен математикалық заңдарға сәйкес емес дөңгелектенген) өкілеттіктерінің шамаланған мәні ғана емес:

$(\sqrt{2})^2 = 2$ $\qquad$ $(\sqrt{2})^6 = 8$

$(\sqrt{2})^3 \approx 2,82$ $\qquad$ $(\sqrt{2})^7 \approx 11,28$

$(\sqrt{2})^4 = 4$ $\qquad$ $(\sqrt{2})^8 = 16$

$(\sqrt{2})^5 \approx 5,64$ $\qquad$ $(\sqrt{2})^9 \approx 22,63$

**Атырау облысы Мақат ауданындағы “Болашақ” бөбекжай балабақшасы**

**УТАЛИЕВА АЙДАНА ТЕМІРБЕКҚЫЗЫ**

## Тәрбие басы – отбасы

Халқымыз қашаннан бала тәрбиесіне бесікте жатқаннан аса зор мән берген. Баланың дүниеге келуіен бастап оның адам болып қалыптасқанға дейінгі салт-жорағыларының баарлыңы тұнып тұрған тәрбие. Абай атамыз айтқандай «Келгенде дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнауына кіреді денең» — демекші, әлдилеп айтылған өлеңнің өзі баланың болашақта адам болып, дүние кірпіш болып қаланса екен деген игі тілектермен айтылады. Иә, «Отбасы –шағын мемлекет» дегенде отбасы мүшелері бір-бірімен тату, ынтымақта болғанда ғана береке , бірлік болады. Баланың дүниеге келгеннен бастап ой – өрісінің дамуы мен сана сезімінің толысуына ата-анасының береген тәрбиесі маңызды болмақ.
Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл парасатты , ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу- қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Дана халқымызда мынандай нақыл сөз бар, «Балаңды беске дейін ештеңеден тыйма, бестен он үшке дейін құлындай қина, он үштен әрі сырласындай сыйла» деген екен. Қазақ халқы ежелден тәрбиеге ерекшемән берген. «Бала тәрбиесі-өнер, жеке бір ғылым болуды тілейтін өнер»-деген, Мағжан Жұмабаев. Осы сөзде ерекше мән мағына жатыр емеспе?

Бала тәрбиесінің білімді, өнегелі, саналы, жақсы адам болып қалыптасуына үлесі зор. Бау-бақшаны қарап , баптап өсіретіні секілді. Бала тәрбиесіне де ата-ананың, бала-бақшаның, мектептің алатын орны ерекше. Ата-ана балаға көргенін ,білгенін, өмірден түйгенін айтып, көрсетуінің өзі тәрбиенің басы.

Қызы анадан үйренбей өнерге алмас, Ұлы атадан үйренбей сапар шекпес.- дейді, халық даналығы. Ана қызына, ата ұлына білгенін айтып отырса бұның өзі бала тәрбиесіне үлес қосып, жақсы азамат болып қалыптасуына маңызы зор. Балаға өз тіліңмен мен емес, баланың тілімен сөйле дейді халық даналығы. Міне, ата бабамыз баланы қалай тәрбиелегенін осындай дана сөздерінен көруімізге болады.

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды міндеттердің бірі. Жас жеткіншек, келешек азамат, ал жастарымыз біздің болашағымыз. Кейбір ата- ана біз баламызды материалдық жағынан қамтамыз етсек сол жетеді деп ойлайды. Бүлдіршін кез мінез-құлық, адам бойындағы қасиеттердің қалыптасатын кезі. Бұл уақытта – отбасынан берілген тәрбиенің маңызы зор. Бірақ тәрбие жағы балабақша мен білім ордаларына тапсырып жататынын көріп жүрміз. Бұл дұрыс әрекет деп ойламаймын.

Иә, рас мектеп тәрбиенің түрлі факторларын үйлестіріп, біріктірудің орталығы. Білім ордасы тәрбие мен білімді қатар үйретені де рас.

Тәрбиесіз алған білім , адам заттың қас жауы-деп ата бабаларымыз айтып кеткен. Бірақ, ешқандай орта отбасынан, ата-анадан алған тәрбиені алмастыра алмайды. «Ата дан бала тусайшы, ата жолын қусайшы»- дегенде, атадан балаға мұра болып келе жатқан қасиеттерді үйретіп , қалыптастырудың еш жамандығы жоқ деп ойлаймын. Сан ғасырлық тарихымызды, ұлттық құндылығымызды , дініміз бен ұлттық тәлім-тәрбиеге ерекше мән беріп осы қасиеттер тал бойында бар жасөспірім жеткіншек, ең бірінші отбасының мақтанышы, ата-анасының мерейі. Егер атаның қанымен, ананың сүтімен берілген қасиеттері мол, ата-ана тәрбиесін көрген жастарымыз көп болатын болса, онда болашағымызда жарқын деген сөз. Келешегіміз айқын болсын десек, тәрбиемізді тал бесіктен түзейік.

**ТОО "Ескам" Ясли-сад "Еркемай"**

**ЧЕРКАШИНА НАДЕЖДА ДМИТРИЕВНА**

**Бала өмірінің қауіпсіздігі маңызды**

Балабақша балалар үшін даму ортасы. Әр күні келген сайын бала өзін қауіпсіз сезіну үшін мекеменің әр бұрышы бала үшін ыңғайлы болғаны маңыздырақ. Ата-ана балабақшаға келген кезден бастап барлық жауапкершілік балабақша қызметкерлерінің мойнында. Олар үшін ата-анадан кейінгі заңды тұлға тәрбиеші. Таңғы қабылдау кезінде тәрбиешінің балаға деген қарым-қатынасы, мейіріммен қарап жұбату сөздерін айтудың өзі бала өзін қауіпсіз сезінуіне ықпақ ететін негізгі фактор. Одан кеінгі мәселе әрине баланы қараусыз қалдырмау. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде кең белес алған, ата-ана қорқынышын тудырып, олардың қажетті жағдайда алғашқы көмек көрсете алмауының өзі баланың денсаулық жағдайына әсер етеді. Бұл жағдайда ең бірінші қателік басшылар тарапынан қызметкерлердің өз орнында болмауын қадағаламағандығында. Міндетті адам жұмыс уақытында орнын бос тастауға болмайды. Қателік қас қағым сәтте болуы мүмкін. Ойнап жүрген баланы қазір құлайды деп юолжау өте қиын. Оқыс әрекеттер салдарынан бала үшін ең қиын жағдайға түсуі ата-ананың наразылығын тудырады. Осы орайда Мемлекеттің мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың негізгі құрылған стандарты бойынша заттық дамытушы ортаны дұрыс құра білу маңызды. Балабақша ішінде, топ бөлмесі, жүру залы, көтерілу баспалдағының өзіндік ережесі болады. Балаға күнделікті қай жерде өзін қалай ұстау керегі жөнінде ақпараттандырып отырып қаншама өрескел қателіктердің алдын ала аламыз. Ендеше топ бөлмесін ұйымдастыру кезінде заттардың қазіргі берілген стандарт негізіне сүйеніп бала бойымен бірдей яғни барлық заттар қолжетімділігін тексерген абзал. Бала ойнап жүріп дамиды. Көп отырғызу, ұзак әңгіме барысында қимыл әрекетінің болмауы арқа, бел омыртқа,жауырын бүкірейюге алып келеді. Дені сау, ұлт жанашырын тәрбиелеу үшін өзіміз ұлтқа жанашырлықпен қарап оларға барынша дұрыс дамуы үшін ыңғайлы орта құруымыз керек. Сөрелер мен кереуеттердің бала үшін ешқандай зияны болмайтынына көз жеткізіп ылғи тексеріліп тұру керек. Егер тобыңызда ерекше бала болған жағдайда оны дамыту үшін керісінше ол көзі түсетін ашық зоналарды жауып қойған жақсы. Өйткені ондай балалар адамды көп тыңдағысы келмейді өз дегенін жасап қыңырлық танытады. Ол зейіні тұрақсыз болғандықтан әр нәрсені тұрақты, Ұзақ ұстауы мүмкін. Тірбиеші бала қауіпсіздігі үшін олардың барлық жағдайын жасауғам міндетті. Оның зейінін шоғырландырып жасалаған жұмыста мидың демалысы мен дамуына сеп болады.

Қорыта келе бала даму үшін келген ортаға оны бейімдеп, қауіпсіздігіне жауап беру міндет екенін барлығымыз білуіміз керек.



**«Келешек» бөбекжай- балалар бақшасы**

**мемлекеттік коммуналдық**

**қазыналық кәсіпорны**

**ШАРИПХАН ҚЫМБАТ ШАРИПХАНҚЫЗЫ**

***Білім беру саласы: Шығармашылық дағдыларын,зерттеу, іс-әрекетін дамыту.***

**Ұйымдастырылған іс –әрекет тақырыбы:**«Ғажайып киіз үй»

**Мақсаты:**
Ұлттық тәрбие- ұлттық құндылықтарды бала бойына заманауи бағытында үйлестіруді дамыту. Ойын тапсырмалары арқылы санасын шыңдау, балалардың саусақ,қол маторикасын дамытып, ептілікке баулу.

**Көрнекіліктер:**
Киіз үй,текемет,
сырмақ,асық,қоржын,бау,оюлар,сандар,қамшы,мозайка,слайд,папка,сандық,ұлттық бас киім.

**Ұйымдастыру кезеңі:**
Сәлеметсіздер ме балалар!
Қалдарың қалай?
Көңіл күйлерің қалай?
Балалар-шаттық шеңберін құрайықшы

**Шаттық шеңбері:**
Арайлап таң атты,
Алтын шуақ таратты.
Сәлеметсіздерме апайлар!
Сәлеметсіңдерме достарым!

.Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміз: «Ғажайып киіз-үй»деп аталады.
Киіз үй қазақ халқының бір шегесіз жиналып, бір шегесіз құрылатын, қыста жылы,жазда салқын,көшіп қонуға ыңғайлы тұрмыстық үй.
Осыған орай балалар сендермен бірге заманауи киіз үйіміздің ғажайыбымен танысамыз.
Киіз үйімізді айтар болсақ: кереге,уық,шаңырақ,түндік,киіз,шалма арқан есіктен құралады.
Ал ,балалар 5-ке дейін оң және кері санайықшы. Киіз үйімізде қанша есік бар?
Әр есігімізде әртүрлі тапсырмалар бар. Сол берілген тапсырмаларды орындайықшы.

**Қоржын тігеміз ойыны:**Қоржын ежелден келе жатқан кәде сый.Пішіннен қоржын бөліктерін алдын ала тесілген тесіктерге баулықты өткізу арқылы тігіп қоржынды жасаймыз.

**Қамшы өру ойыны:** Әр қазағымыздың төрінде ілініп тұратын ұлттық құндылық. Қамшыны қамшылау мақсатында пайдаланады.

Қамшыны үш өрім арқылы бір өрім өреміз.

**Текемет, сырмақ** (көлеңкесін табу)

Ұлттық құндылықтарымыздың бірі ою-өрнек қазақ халқының рухани және материалдық қазынасына айналды. Қазақ халқында ою-өрнектің орны ерекше, әрқайсының өзіндік мәні бар.

Бұл жерде қиылған оюларды құрай отырып, текемет, сырмақ жасаймыз.**Қоржындағы асық:**

Асық көнеден келе жатқан ұлттық ойын. Асық арқылы әр түрлі ойындарды ұйымдастыруға болады, сандарарқылы асықтарды алып орналастыру .

**Мозайка**: Бұл жерде ұлттық киімдегі ұл мен қызды құрастыру.

Ең әдемі киім ұлттық киім.Әр ұлт өз киімдерімен еркешеленеді.

**Сергіту сәті:** Музыкалық әуенмен «Бала бала балапан»

**Ойындағы күтілетін нәтиже:**

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында бала бойына сіңіру. Ойын ойнай отырып, саусақ бұлшық еттері дамиды және ой санасы шыңдалады**.**

**Қорыта келгенде:**

Қазақтың қазақ болып қалыптастырудың бір жолы атадан балаға мирас болып келе жатқан құндылығымызды қайта жаңғырту. Киіз үй арқылы балаларды ойната отырып, өскелең ұрпақтың қазақ мәдениетіне ұлттық ерекшелітерімізге деген құрметін арттыру.

**Қызылорда облысы**

**ЖШС «Tamasha school» жеке мектебі**
**Бастауыш сынып мұғалімі**

**ШЫНБЕРГЕН НҰРАЙ МАҚАНБЕТҚЫЗЫ**

| | |
|---|---|
| Бөлім:<br><br>Ортақ тақырып: | Тыңдалым және айтылым<br>Тілдік нормалардың қолданысы<br><br>Дені саудың-жаны сау |
| Педагогтің аты-жөні: | Шынберген Н.М. |
| Күні: | 23.06 |
| Пәні: | Ана тілі |
| Сыныбы: | 1 |
| Сабақтың тақырыбы: | Заттың қимылын білдіретін сөздер |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 1.1.3.1 тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау<br>1.4.2.1* заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану |
| Сабақ мақсаты (бағалау критерийлері) | - тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды;<br><br>- заттың қимыл-әрекетін білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолданады; |
| Ойлау дағдылары | Білу және түсіну, қолдану |

| Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Психологиялық ахуал** «Біз қандаймыз?» | 1-шы партада отырған оқушылар қарсылас партада отырған балаларға «Біз қандаймыз?» сұрағын қояды. 2-шы партадағы оқушылар әдемісің, ақылдысың, тәртіптісің секілді мақтау сөздерін айтады. | Мақтап, мадақтап отыру | Ән |
| **Өткенді пысықтау** | Өткенді пысықтау «Кір жаятын жіп» әдісі Жіпте ілулі тұрған парақтардағы заттың қимылын блдіретін сөздерді оқып береді және сұрақ қояды Отырды, жүгірді, жеді, ішті, оқыды, қарады. | Өткенді пысықтайды | «Білім аралы» әдісі  |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| **Сабақтың ортасы** | **Тақырыпты ашу**<br>- 1 жылда неше мезгіл бар? (Қыс, көктем, жаз, күз)<br>Енді балалар бүгін біздің өтетін тақырыбымыз көктем мезгілі.<br>-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>-Көктем мезгілінде не істейміз?<br>Көктем мезгіліне байланысты «Жазғытұрым» өлеңі берілген екен. | Жыл мезгілдерінде қандай өзгерістер болатынын айтады. | | Көктем мезгілдерінің суреттері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Жаңа тақырып Тізбектеп оқы.** «Жазғытұрым» өлеңін оқу.<br><br>Сөздік жұмыс<br>Көк майса- жасыл шалғынды шөбі мол жер<br>Жазғытұрым — көктем, жазға салым мезгіл. | «Жазғытұрым» өлеңін тізбектеп оқиды. | Дескриптор:<br>-өлеңді тізбектеп оқиды; | Оқулық |
| | **ФС тапсырма Әңгімені толықтыр.**<br>- Сәлем!<br>- ...<br>- Сен қандай жыл мезгілдерін білесің?<br>- ...<br>- Қыс айлары қай айлар?<br>- ...<br><br>- Көктемде күн қандай болады?<br>- ...<br>- Жазда қандай мерекелер бар?<br>- ...<br>- Сау бол! | Әңгімені толықтырады. | Дескриптор:<br>-Әңгімені толықтырады;<br>-Жыл мезгілдері жайлы ақпарат алмасады; | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - ...<br><br>**2-жаттығу. «Айна әдісі»**<br>Қарама-қарсы отырған оқушының қолымен, бет-әлпетімен жасаған қимыл-әрекетін қайтала. Есіңе сақта. Көрсетілген қимылдарды дәптерге жаз.<br>___________________<br><br>(Шапалақтады, жазды, ашуланды, күлді, жылады)<br><br>**Ашық тапсырма**<br>Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып жаз.<br><br>Күн мен түн.........<br>Тиін | Қарама-қарсы отырған оқушының қолымен, бет-әлпетімен жасаған қимыл-әрекетін қайталап, есіне сақтап отырады. Көрсетілген қимылдарды дәптерге жазады.<br><br>Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып жазады. | Дескриптор:<br>-Қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді жазады;<br><br>«Білім аралы әдісі»<br><br><br>Дескриптор:<br>-Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазады; |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жаңғақ......... . Түлкі арыстаннан........ .<br><br>Керекті сөздер: жейді, қорқады, теңеседі.<br><br>**ЕБҚ және ЕҚБ** «Кемпірқосақ» ойыны Кемпірқосақтың жолақтарын парақ бетіне жапсырып. Оған табиғат құбылыстарының атауларын жазады<br><br>Өлеңді көшіріп жаз.<br><br>Ой, балалар, балалар! Жылы-жылы жел соқты, Жылғалардан су ақты. Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті, Жер қарайды, жаз кепті. | Тапсырманы орындайды<br><br>Тапсырманы орындайды | Дескриптор: - Кемпірқосақтың жолақтарын парақ бетіне жапсырады; -Табиғат құбылыстарының атауын жазады;<br><br>Жарайсың!<br><br>Дескриптор: -Өлеңді көшіріп жазады;<br><br>Тамаша! | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **3-жаттығу. «5.15» әдісі** 5 минутта суретке байланысты заттың қимылын білдіретін 15 сөз айт. _______________ <br><br> **Жабық тапсырма** Сәйкестендір. Күн маңырады Шар жанды Жарық үрледі Қой жылынды Гүл жүгірді Алмас шықты | Суретке байланысты заттың қимылын білдіретін сөздерді жазады. <br><br> Сұрақ қою арқылы сәйкестендіреді. | Дескриптор: -Заттың қимылын білдіретін сөздерді жазады; <br><br> «Білім аралы» әдісі  <br><br> Дескриптор: -Сөздерді сәйкестендіреді; |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Сергіту сәті**<br>«Кім нені жақсы көреді?» жаттығу ойыны<br>Балалар нені жақсы көретінін қимылмен көрсетеді. Басқалары соны табады. | Жаттығу жасайды. | «Білім аралы» әдісі<br><br>Жарайсыңдар! | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс**<br>-Бүгінгі сабақта басың арқылы нені меңгердің?<br>-Бүгінгі сабақта қолың арқылы нені жасай алдың?<br>-Бүгінгі сабақта жүрегің арқылы нені сездің? | Кері байланыс жасайды. | |  |

Қосымша

**ФС тапсырма**

Әңгімені толықтыр.

- Сәлем!

- ...

- Сен қандай жыл мезгілдерін білесің?

- ...

- Қыс айлары қай айлар?

- ...

- Көктемде күн қандай болады?

- ...

- Жазда қандай мерекелер бар?

- ...

- Сау бол!

- ...

**2-жаттығу. «Айна әдісі»**

Қарама-қарсы отырған оқушының қолымен, бет-әлпетімен жасаған қимыл-әрекетін қайтала. Есіңе сақта. Көрсетілген қимылдарды дәптерге

жаз. ________________

(Шапалақтады, жазды, ашуланды, күлді, жылады)

**Ашық тапсырма**

Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып жаз.

Күн мен түн........ .

Тиін жаңғақ......... .

Түлкі арыстаннан........ .

Керекті сөздер: жейді, қорқады, теңеседі.

**ЕБҚ және ЕҚБ**

«Кемпірқосақ» ойыны

Кемпірқосақтың жолақтарын парақ бетіне жапсырып. Оған табиғат құбылыстарының атауларын жазады

Өлеңді көшіріп жаз.

Ой, балалар, балалар!

Жылы-жылы жел соқты,

Жылғалардан су ақты.

Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті,

Жер қарайды, жаз кепті.

**3-жаттығу. «5.15» әдісі**

5 минутта суретке байланысты заттың қимылын білдіретін 15 сөз айт.

---

**Жабық тапсырма**

Сәйкестендір.

Күн маңырады

Шар жанды

Жарық үрледі

Қой жылынды

Гүл жүгірді

Алмас шықты



Бастауыш сынып мұғалімі

**ЭЛЬЗИРА ЕРБОЛАТҚЫЗЫ**

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | **Су - тіршілік көзі** | |
| Мұғалімнің аты-жөні | **Эльзира Ерболатқызы** | |
| Күні:20.04.2023ж | Қатысушылар саны: | |
| Сынып: **3«Д»** | **Есептік және реттік сан есім** | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу<br>3.4.2.6 есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтау | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | **Барлық оқушылар:** сөйлемнен сан есімді табады, есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтай алады.<br>**Көптеген оқушылар:** сұрақтарға жауап беріп, сан есімдерді ажырата алады.<br>**Кейбір оқушылар:** сан есім түрлеріне мысалдар жаза алады. | |
| Сабақтың мақсаты | | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурс-тар |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру<br><br>Өткен білімді еске түсіру<br><br>5 мин | **Сәлемдесу**<br>**Ынтымақтастық жағымды атмосферасын** қалыптастыру ізгі тілектерімен өтеді.<br><br>**Өткен тақырыптарға шолу:**<br>**Попкорн әдісімен сұралады**<br>**Оқу материалын жариялау:**<br>- Біз қандай сөз табын оқып жатырмыз? | Жаттығу жасайды.<br><br>Үйге берілген тапсырманы қалай орындағанын түсіндіреді. Тапсырмаға дұрыс жауап берген оқушыға-1балл<br>Толық жауапқа-1балл<br>Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау.<br>Бір-бір мысал келтіреді. | Әр бір дұрыс жауапқа «Бәйге» бағалау |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - **«Серпілген сауалдар»** әдісімен бір-біріңе сан есім туралы сұрақтар қойып, жауап алыңдар.<br>- Сан есімнің түрлеріне бір-бір мысал келтіріңдер.<br>- Олай болса, бүгінгі сабағымызда да сан есімдерді ажыратуға бағытталған тапсырмалар орындаймыз.<br>Сабақ мақсаты жария етіледі.<br><br>**«Таңдау» әдісімен** түстерді таңдатып топқа бөлу.<br>Жұптық жұмыс.Топтарға кім көп біледі?ойыны ойнатылады | Топқа бірігеді.<br><br>Көп сөз жазғанға-1балл | тақтайшасы на аттарын жылжытып отырады | Доп<br><br>Шаршы |
| Жаңа білім 20 мин | **(Ұ, Д) 1- тапсырма «Еркін әңгіме»** әдісімен орындалады. Дәптермен жұмыс болады.<br>**47-жаттығу.**<br>Өлеңді тыңдаңдар.<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Жаңбыр жауғаннан кейін табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Өлең мазмұнын әңгімеге айналдырып жазыңдар.<br><br>**«Ой қозғау»семантикалық карта 48-жаттығу**.Сандарды сөзбен жаз. | Тапсырманы орындайды.<br><br>**Дескриптор:-**Өлеңнің мазмұнын айтады.-Жаңбыр жауғаннан кейін табиғатта болатын өзгерістер туралы әңгімелейді- Өлең мазмұнын әңгімеге айналдырып жазады-1балл.<br><br>Есептік және реттік сан есімдерді ажыратады-1балл Жаттығу орындайды. | | Оқулық, дәптер<br><br>қорапша |

<table>
<tr>
<td>2 мин<br><br>Бекіту<br>13 мин</td>
<td>«Сайлау» әдісі арқылы орындалады<br>Сергіту сәтінде «нейрожаттығулар» жасайды.<br><br>Топтық жұмыс .Ребус шешу<br><br>49-жаттығу.<br>Нешінші? сұрағына жауап беретін сөздерді қатыстырып сөйлемдер құрап жазыңдар.<br><br>(Ұ, Д) 2-тапсырмада дәптермен жұмыс жүзеге асырылады.<br>50-жаттығу.Ұжымдық жұмыс<br>Бос торкөзге тиісті әріптерді қойып, жасырынған сөзді табыңдар. Сол сөз неше әріптен тұрғанын айтыңдар.<br>Ол сан есептікпе реттікпе?<br>
<br>Ж: Кемпірқосақ. 11 әріптен тұрады.<br>Шығармашылық топтық жұмыс.<br>Кейбір оқушыға:<br>- Сан есімдерге мысалдар келтір. Оларды қатыстырып сөйлемдер құрап жаз.<br>Сабақты қорытындылау.Сынау сұрақтары арқылы қорытындылаймын.</td>
<td>
<br>Ребусты дұрыс шешкенге-<br><br>1балл. Нешінші? сұрағына жауап беретін сөздерді қатыстырып сөйлемдер құрап жазады-1балл.<br><br>Дескриптор:<br><br>Бос торкөзге тиісті әріптерді қойып, жасырынған сөзді табады.<br><br>- Кемпірқосақ сөзі 11 әріптен тұрғанын айтады-1балл.</td>
<td></td>
<td><br>Оқулық, дәптер<br></td>
</tr>
</table>

ЖАРҚЫН

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Сөзді көп құраған оқушыларға-1балл.<br><br>Әр бір оқушы жауап береді<br><br>Тапсырманы орындайды. | | <br> |
| Кері байланыс 5 мин | **Кері байланысты «Телефондағы СМС» әдісі** арқылы береді.<br><br>**Оқу тапсырмасы:** 51-жаттығу. | Кері байланыс жасайды. Тапсырманы жазып алады. | ҚБ қойылады |  |

**МАЗМҰНЫ**


| | | |
|---|---|---|
| 1. | АБДИКАДИРОВА МАРЖАН СЫДЫҚҚЫЗЫ | 3 |
| 2. | АБИЛОВА ГУЛЬНАРА ЕРИКОВНА | 4 |
| 3. | АЙНОВА КАМШАТ АМАНТАЙҚЫЗЫ | 8 |
| 4. | АКИЛБЕКОВА РАУАН ТУРЫСБЕКОВНА | 10 |
| 5. | АЛМАТОВА АЙНИСА АМАНГЕЛДИ ҚИЗИ | 15 |
| 6. | АЛТЫНХАНОВА МӘРИЯМГҮЛ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ | 23 |
| 7. | АТАБАЕВА НАҒИМА БӨКЕНБАЙҚЫЗЫ | 26 |
| 8. | АШИМОВА МЕРУЕРТ АСЫЛКАНОВНА | 29 |
| 9. | АШИРОВА ҰЛЖАЛҒАС ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ | 31 |
| 10. | БАЙМУХАНБЕТОВА АЙНАГУЛ КЕНЖЕСОВНА | 33 |
| 11. | БАҚЫТНҰРҚЫЗЫ ӘДЕМІ | 37 |
| 12. | БАЛГУЖИЕВА ГУЛЬГУЛЬ БАЗАРОВНА | 42 |
| 13. | БАСЖАНОВА ЗИНЕШ КЕНЕСОВНА | 46 |
| 14. | БАТЫРХАНОВА ЫРЫСКҮЛ ӘБДІЖАППАРҚЫЗЫ | 50 |
| 15. | БЕКТЕМИСОВА КУРАЛАЙ САТЫБАЛДИЕВНА | 52 |
| 16. | БЕРДИБАЕВА ТАЛШЫН БЕРДИБАЕВНА | 57 |
| 17. | БОРАНКУЛОВА АСЕЛЬ ТУЛЕГЕНОВНА | 61 |
| 18. | МУРЗАГАЛИЕВА ГҮЛМАРА БАГИТЖАНОВНА | 64 |
| 19. | ДОСНАЗАРОВА НҰРСӘУЛЕ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ | 69 |
| 20. | ДҮЙСЕНБЕК ӘЗИЗА СӘРСЕНҒАЛИҚЫЗЫ | 72 |
| 21. | ЕРКІН ЖАНАР БАЛТАБЕКҚЫЗЫ | 76 |
| 22. | ЕСКАЛИЕВА БАҚЫТГҮЛ ЖАНБЫРБАЙКЫЗЫ | 78 |
| 23. | ӘБДІРАХМАН ИНДИРА ӘБІЛХАНҚЫЗЫ | 82 |
| 24. | ӘБІЛХАНОВА САЯ ЖҰМАГЕЛДІҚЫЗЫ | 88 |
| 25. | ӘБІШЕВА ӘЙГЕРІМ МҰРАТҚЫЗЫ | 90 |
| 26. | ЖАКИПОВА ЖАКСЫГУЛЬ БАЗАРХАНОВНА | 94 |
| 27. | ЖАҚСЫЛЫҚ ҚАРЛЫҒАШ БАХЫТҚАЛИҚЫЗЫ | 96 |
| 28. | ЖАНАХМЕТОВА МАХАББАТ РЫСБЕКОВНА | 100 |
| 29. | ЖАПАР ГҮЛНАР | 102 |
| 30. | ЖАППАРОВА ЗАРИНА МӘЛІКҚЫЗЫ | 105 |
| 31. | ЖУМАДИЛОВА АЙНУРА АБУГАЛИЕВНА | 108 |
| 32. | ИБРАГИМОВА КАРИМА УРИНХОДЖАЕВНА | 112 |
| 33. | ИНОЯТОВА АЙГУЛЬ АСАНОВНА | 115 |
| 34. | КАЛИЕВА ЖЕНИСКУЛЬ НУРТУГАНОВНА | 117 |
| 35. | КАМАЛОВА МӨЛДІРЖАН АСЫЛЖАНҚЫЗЫ | 119 |
| 36. | КАРИБАЕВА ҒАЛИЯ АСҚАРҚЫЗЫ | 122 |
| 37. | КАРТАЙГАНОВА САУЛЕШ АХМЕТБЕКОВНА | 126 |
| 38. | КАСАНОВА ЖАДРА БЕЙМБЕТОВНА | 130 |
| 39. | КЕНДИРБАЕВА ИНДИРА САЙЛАУБАЙКЫЗЫ | 134 |
| 40. | КИТМАМБЕТОВА МАРХАБАТ АКИЛБЕКОВНА | 141 |
| 41. | КОЙШЫГУЛОВА АМАНГУЛЬ ЖУМАНБЕКОВН | 143 |
| 42. | КОКТЕНОВА ЭЛЬМИРА АТАКУЛОВНА | 145 |

43. КУАНШАЛИНА ДИНАРА ЕЛУБАЙКЫЗЫ 148
44. КУШМАГАМБЕТОВА ШҰҒЫЛА СЕРІКҚЫЗЫ 150
45. ҚАБИДУЛЛИНА АҚМАРАЛ ЖАЛҒАСБАЙҚЫЗЫ 151
46. ҚАЖЫБАЕВА ЖАДЫРА КЕНЖЕХАНҚЫЗЫ 154
47. ҚОЖАБЕКОВА МАРЖАН МАДИХАНКЫЗЫ 164
48. ҚУАТОВА АЙДАНА БЕРДІХАНҚЫЗЫ 169
49. АЙТБАЕВ МАҚСАТ УНЛАСУНОВИЧ 172
50. МАМБЕТОВА ЖАНСАЯ ЕРМАНҚЫЗЫ 175
51. МАМЫРБЕКОВА МОЛДИР СЕРИКОВНА 177
52. МИЗАМБАЙ ТОЛҒАНАЙ БАЛАТАЙҚЫЗЫ 182
53. МОМИНОВА АЙТКҮЛ ТАТИБАЕВНА 185
54. МУКАШЕВА АСЕМ КАНАТОВНА 189
55. МУХАМЕДЖАНОВА САЛТАНАТ УЗАКБАЕВНА 192
56. НСАМБАЕВА ЗАМЗАГУЛ ТУЛЕГЕНОВНА 196
57. НҰРҒАЛИЕВА ЖАНАР ТАЛҒАТҚЫЗЫ 199
58. ОМАРБЕКОВА ДИНАРА АМАНБАЕВНА 205
59. РАСУЛОВА ГУЛНОЗА ПАЙЗУРАХМАНОВНА 208
60. РАХЫШОВА ЗУЛФИЯ СЕРИКБАЕВНА 213
61. РЕЖЕПОВА ЫРЫСБАЛА МҰРАТЖАНҚЫЗЫ 220
62. РЫСБЕКОВА МАҚПАЛ СЕЙТБЕКҚЫЗЫ 223
63. САГИНГАЛИЕВА ЖАЗИРА АСҚАРҚЫЗЫ 228
64. САДЫКОВА ЖАНЕРКЕ НУСХАБАЕВНА 234
65. САПАР ЖАНСАЯ НАМАЗҚЫЗЫ 239
66. САТМАҒАНБЕТ РИТА АЙСАҒАЛИҚЫЗЫ 244
67. СЫДЫКОВА АЙГЕРІМ СЕРІКҚЫЗЫ 248
68. ТЛЕУБАЕВА АНАРА АМАНТАЕВНА 251
69. ТУРЛЫБЕКОВА ГУЛЗАДА УАЙСОВНА 254
70. ТУРМАНОВА АЙГУЛ АМИРБЕКОВНА 256
71. ТУРМАНОВА МАДИНА ТИЛЕГЕНОВНА 263
72. ТУРУМБЕТОВА ГУЛЬНАРА БАЙДАБЕКОВНА 267
73. УСАРБАЙ САЙДУЛЛА БАХТИЁРҰЛЫ 270
74. УТАЛИЕВА АЙДАНА ТЕМІРБЕКҚЫЗЫ 280
75. ЧЕРКАШИНА НАДЕЖДА ДМИТРИЕВНА 282
76. ШАРИПХАН ҚЫМБАТ ШАРИПХАНҚЫЗЫ 283
77. ШЫНБЕРГЕН НҰРАЙ МАҚАНБЕТҚЫЗЫ 285
78. ЭЛЬЗИРА ЕРБОЛАТҚЫЗЫ 295